текст, и переводчику нет времени на обдумывание перевода. При переводе ораторов политического направления трудность заключается в том, что она «напичкана» ораторскими клише. При переводе переводчик должен обеспечить сохранения меры порядка, иметь глубокое понимание национальных интересов, и не привести при переводе к ухудшению ситуации в стране или регионе. Клише является строительным кирпичиком построения речи оратора. Следующий вид устного перевода: последовательный перевод — он заключается в прослушивании определенной единицы текста и в паузах осуществлять перевод. Мы в данном случае, должны выделить перевод двустороннего перевода — это последовательный перевод беседы или диалога, представляемый в двух направлениях: с иностранного языка (исходного источника) и на язык перевода (переводящий язык). В любом случае, мы должны помнить, что перевод это вид посредничества, который делает возможным общение между людьми говорящими на разных языках. Переводчик создает равноценный коммуникативно — информационный материал и степень эквивалентности должна быть максимально высока, конечно в зависимости от характера переводимого материала. Резюмируя вышесказанное какие навыки, знания и умения необходимы для устного перевода. Первое и главное — это знание языка как иностранного, так и родного. В любом случае, на первом месте стоит знание родного языка, жанровые окраски текста, стили языка, не говоря уже, о синтаксисе, лексическом составе родного языка, иметь представление о синонимичном ряде и иметь представление о языковой системе в целом. У начинающих студентов переводчиков всегда существует вопрос — можно ли научиться переводу, ответ один, научить нельзя, можно научиться самому. Переводчик должен обладать комплексом профессиональных и личностных качеств, необходимых в осуществлении устного перевода. И эти навыки и умения могут быть выработаны, упражнения мы упомянули выше Голос, громкость голоса, дикцию, громкость голоса необходимо отрабатывать и ставить. В противном случае, переводчика не будут слушать, а если и будут то без удовольствия. Ведь человек говоря громче, чувствует себя увереннее. Навыки которыми должен обладать устный переводчик мы можем причислить: автоматическое переключение с языка на язык (это навык может быть, только при наличии совершенных знаний языков с языка оригинала и на языке перевода); сосредоточиться на речь оратора и не обращать внимание на посторонние «шум», «помехи». На практике и бывали случаи, когда отличный перевод представлял человек, который владел иностранным языком на среднем уровне, а человек знающий иностранный язык на отлично, имел огромные сложности при переводе. Требования к устному переводчику: - громкий голос, четкую дикцию; - закончить начатую фразу без запинок, паузы и слова паразиты неприемлемы; переводчик переводит только то, что он хорошо понял, и может передать смысл; все остальное либо опускает либо заменяет; заменять главный смысл ни в коем случае нельзя, замене подлежат сообщения, которые были ранее в речи; перевод должен быть логически связан с предшествующим материалом, даже если спикер говорит сбивчиво; звучать по длине, по длительности речи и оригинал, и перевод должны совпадать; речь переводчика должна быть грамотно оформлена и в грамматическом плане, и в лексическом, то есть нормативно правильно; в переводе использовать только общепринятые фразы и устойчивые словосочетания; сленг, метафоры должны заменяться на общеупотребительные фразы; перевод с русского на английский должно всегда начинаться с подлежащего, из-за аналитического строя английского языка; в устном переводе чаще всего сокращения, имена, цифры опускаются или заменяются. Прецизионная информация всегда представляет трудность для перевода. Прецизионная информация содержит такую информацию как: должности, собственные имена, цифры, даты, индексы, числовые или буквенные показатели, географические названия. Эту информацию мы разделяем на числовую (цифровую) и словесную (буквенную информацию). При переводе прецизионной информации у переводчика должны быть отличные фоновые знания: название зарубежных

организация, географических названий, названия должностей высокопоставленных лиц, в этой информации переводчик должен ориентироваться легко, так как при устном переводе нет времени на размышления и консультации у коллег. Именно при переводе такой информации необходимо использовать переводческую скоропись, ведь каждый день появляются новые организации, цифры показатели меняются и поэтому запомнить всю эту информацию трудно. Словарный состав содержания как всегда занимает одно из ведущих мест. Мы все понимаем, что в настоящий момент в языке много слов заимствованных или вновь созданных, поэтому бумажные словари устарели, и на первом месте электронные, так как они отвечают требованиям сегодняшнего дня. Эти изменения затронули главным образом разговорную лексику, иначе говоря ненормативную лексику. И имеющиеся словари по этой тематике весьма устарели, а можно и сказать, что вышли из пользования, они не содержат тот огромный пласт новых слов, которые появились. Правда в том, что и электронные словари необходимо обновлять и вносит новые слова, неологизмы. Общеизвестно, что при переводе любого текста и при любом виде перевода, необходима огромная концентрация внимания и конечно, переводчик напрямую несет ответственность, за то что он говорит. Передать все нюансы, все детали оригинального текста трудно, а порой и невозможно. Существуют разные виды письменного перевода мы в нашем проекте рассматриваем буквальный перевод; полный перевод; реферативный перевод; адаптивный перевод. Буквальный перевод, иначе его называют «подстрочный», при таком виде перевода оригинал представляется в виде перевода текста слово в слово. В данном случае, переводчик не учитывает смысловые требования и стилистические, жанровые особенности. Такой вид перевод для какого то покажется абсурдным, на самом деле, этот вид перевода осуществляется для специалистов, которые понимают о чем идет речь. Специалист, для которого выполнен это вид перевода знает специфику этого материала и для него этот перевод, материал для дальнейшей черновой обработки. На практике чаще всего применяется другой вид перевода — полный перевод. При этом виде перевода сохраняются грамматическая структура, синтаксис и лексика, также сохраняются, а смысл передается по возможности максимально точно. При переводе технических текстов (инструкций, пояснения к использованию технических оборудования, описание технического оборудования) переводчик использует именно этот вид перевода. При переводе художественной литературы, текстов содержащих информацию о культуре другого народа, переводчик прибегает к адаптивному виду перевода.

Составлением словарей занимается наука — лексикография. Это самостоятельная наука и предмет изучения этой дисциплины словари разных видов и типов. Л.В.Щерба советский языковед академик первым предложил лексикографию, как отдельную науку. Лексикография — это не просто практическая дисциплина, а и теоретическая наука, которая разрабатывает общие принципы теоретические положения составления словарей, изучения слова, грамматический, стилистический и семантический анализ слова, словосочетаний. Теоретическая часть этой науки занималась изучением природы слова, значений слова и употребления слова, вообще этимологию слова. Были разработаны теоретические положения по составлению словарей, так как теория необходима для составления словарей, хороших словарей. Как любая наука, лексикография должна обладать необходимыми системами знаний для исследования ее объективно, именно наличие этих двух факторов необходимо для тщательного и объективного изучения и анализа. Любая наука имеет две стороны изучения первая это объективная и вторая субъективная, последняя содержит приемы и методы ее исследования. Если мы будем относить лексикографию как простую технику составления словарей, то теоретическим исследованием будут заниматься другие науки такие как: этимология, семантика, лексикология и стилистика. Поэтому мы пришли к выводу, что лексикография имеет свои специальные методы, свое место, методы

исследования и занимает определенное место в ряду других дисциплин. И как полагается любой науке, лексикография имеет два направления: научно-практическая и практическая, прикладная. Теоретическая лексикография занимается разработкой общих теоретических проблем и приемы, методы решения этих проблем. Практический аспект лексикографии ставит целью составлением словарей разных типов и видов именно на базовой основе теоретических решений главных проблем. Как при изучении любой дисциплины или науки эти два фактора тесно переплетены, так нельзя заниматься только теорией без практики, и практикой нельзя заниматься без теории. Поэтому далее мы будем говорить именно теоретико-практическим подходом изучения лексикографии. Из вышесказанного можно сделать вывод, что лексикография, в первую очередь, область языкознания, эта наука занимается разработкой основных принципов составления разных словарей разных типов; второй фактор самая практика словарного составления и третье это совокупность словарей данного языка. Следующее разделение основано на лекциях Лари Чайлдса, проведенных в рамках Международной Конференции по Техническим Коммуникациям 1990 года:

- полностью автоматический перевод;
- автоматизированный машинный перевод при участии человека;
- перевод, осуществляемый человеком с использованием компьютера.

#### **Список использованной литературы:**

1. Г. Г. Белоногов, Ю. Г. Зеленков,»Б. А. Кузнецов, А. П. Новоселов, Александрдр А. Хорошилов, Алексей А. Хорошилов. Автоматизация составления и ведения словарей для систем фразеологического машинного перевода текстов с русского языка на английский и с английского на русский. Сб. «Научно-техническая информация», Сер. 2, | 12, ВИНТИ, 1993;
2. Г. Г. Белоногов, Ю. Г. Зеленков,"Б. А. Кузнецов, А. П. Новоселов, Н. А. Пащенко, Александрдр А. Хорошилов, Алексей А. Хорошилов. Интерактивная система русско-английского и англо-русского машинного перевода политематических научно-технических текстов. Сб. "Научно-техническая информация", Серия 2, | 3, ВИНТИ, 1993.
3. М.Шалыпина "Автоматический перевод: эволюция и современные тенденции" (Вопросы языкознания, 1996, №2, с.105-117);
- 4.Сергеев В.Н. Словари – наши друзья и помощники. – М.: Просвещение, 1984.

## **МАРИЯ МОНТЕССОРИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМЫТУ**

**Айтекенова Мерует Турсынбековна, Егдирова Дана Максатовна,  
Жармагамбетова Нұржанат Жайлыбайқызы, Кулшанбаева Гулбану Мусагалиевна,  
Мукашева Гулнур Жумагереевна**

*«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру  
бағдарламасының білім алушылары; Қазақ-Орыс Халықаралық университеті;  
030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Бұл мақалада М.Монтессоридің технологиясын балабақшада қолданудың педагогикалық маңыздылығының теориялық негіздері ашылған.

*Түйінді сөздер:* технология, сөйлеу, дамыту, педагогикалық жүйе

---

## **РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ПЕДАГОГИЧЕСКУЮ СИСТЕМУ МАРИИ МОНТЕССОРИ**

**Айтекенова Мерует Турсынбековна, Егдирова Дана Максатовна,  
Жармагамбетова Нуржанат Жайлыбаевна, Кулшанбаева Гулбану Мусагалиевна,  
Мукашева Гулнур Жумагереевна**

*Обучающиеся образовательной программы «Дошкольное обучение и воспитание»  
Казахско-Русский Международный университет;  
030006, г. Актөбе, ул. Айтеке би, 52*

В данной статье раскрыты теоретические основы педагогической значимости применения технологии М. Монтессори в детском саду.

*Ключевые слова:* технология, речь, развитие, педагогическая система

---

## **SPEECH DEVELOPMENT OF PRESCHOOLERS THROUGH THE PEDAGOGICAL SYSTEM OF MARIA MONTESSORI**

**Aitekenova Mereet Tursynbekovna, Egdirova Dana Maksatovna,  
Zharmagambetova Nurzhanat Zhailybayevna, Kulshanbayeva Gulbanu Musagalievna,  
Mukasheva Gulnur Zhumagereevna**

*Students of the educational program "Preschool education and upbringing";  
Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52;*

This article reveals the theoretical foundations of the pedagogical significance of the use of M. Montessori technology in kindergarten.

*Keywords:* technology, speech, development, pedagogical system

---

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін

қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Бүгінде елдегі жағдайдың өзгеруіне және азаматтық қоғамның қалыптасуына байланысты қазіргі білім беру жүйесінің алдында жеке өзіндік беделі бар, айналасындағы адамдарды құрметтейтін, өзінің және өзгелердің сезімі мен іс-әрекеттерін талдай білетін, өздігінен шешім қабылдауға қабілетті және олардың нәтижелеріне жауап беруден қашпайтын, өзін-өзі дамытуға ынталы, жаңа типтегі ерікті тұлғаларды тәрбиелеу мәселесі тұрғаны белгілі [1]

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, 3-6 жас жеке тұлғаның бостандығын және жауапкершілігін дамыту үшін едәуір маңызды әрі қолайлы кезең деп есептеледі. Себебі, нақ осы кезеңде жеке тұлғаға алғашқы құндылық-мағыналық бағыт-бағдар беріліп, мінез-құлық ережелеріне дағдылану үдерісі басталады.

Олай болса, жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік беретін жолды қалыптастыру қажет.

М.Монтессоридің педагогикалық тұжырымдамасы жеке тұлғаның сыртқы күштерге тәуелділігін барынша азайтып, оның өзін-өзі тану және өзін-өзі реттеу қабілетін дамытуға бағытталған еркін білім беру жүйесіне негізделеді. Аталмыш теория адамның жеке тұлға және субъект ретінде қалыптасуын тұтас қарастырады. «Ғылыми педагогика» сипатындағы М.Монтессори тұжырымдамасы оқытудың гносеологиялық, антропологиялық және онтологиялық аспектілерін ұштастыра отырып, қызметтік тәсілге негізделген жеке тұлғаға бағдарлы оқытуға басымдық береді. Яғни, осы тұжырымдама бойынша «тәрбие жұмыстарының түрлері мен әдіс-тәсілдерін қолдану барысында және нәтижесінде өзінің табиғатына сай келетін, сондай-ақ өзін-өзі дамытуға және бар қабілетін көрсетуіне зор мүмкіндік беретін қызмет түрлерін таңдауға, бағалауға, жоспарлауға және құрастыруға қабілетті Адам пайда болады». Осы контекстегі «қызмет» ұғымын баланың субъектілігін қалыптастыру және дамыту құралы деп түсіну керек. Бұл теория баланың өздігінен білім алу қабілетін дамытатын және оның бар құндылығын аша білетін, сондай-ақ оны жаттанды қалыппен емес, өздігінен ізденуге баулитын еркін даму мектебін құру арқылы «баланың білім беру қызметіндегі рөлін күшейтуді көздейтін жеке тұлғаға бағдарлы білім беру бағытын» қолдайды. Ендеше, еркін тұлғаның өзін-өзі дамытуын және өзіндік қабілеттерін толық пайдалануын қамтамасыз ететін білім беру мазмұны мен әдістемесін жаңарту, бірлескен оқу бағдарламаларын әзірлеу, дамытушы дидактикалық ортаны және білім алушылардың жеке білім беру бағыттарын қалыптастыру, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру түрлері мен нысандарын жақсарту қажет [2].

Психологиялық концепцияларда баланың дамуы деп қоғамдағы өмірге бейімделуі, қорғау механизмдерінің пайда болуы түсіндіріледі. Әлеуметтік ілім теорияларында даму үдерісі адамдардың тұлғааралық өзара әрекет етулерінің белгілі тәсілдерін қалыптастыру болып табылады. Гуманистік психологияны жақтаушылар даму үдерісін ішкі «МЕНнің» қалыптасуы ретінде сипаттайды, ал кеңестік дәуірдегі психологтардың басым бөлігі баланың даму үдерісін ересектер ұйымдастырған қызмет барысында балалардың әлеуметтік-тарихи тәжірибе жинауы деп түсінді. Баланың дамуына себепші болатын көптеген факторлардың арасында олар оқу мен тәрбиеге басты көңіл бөледі. Олар адамның дамуында көптеген факторлар мен жағдайлардың рөлін былайша атап көрсетті: тұқымқуалаушылық, қоршаған ортаның ықпалы, баланың өзінің белсенділігі.

Педагогикада даму үдерісі адам ағзасындағы сапалы және санды өзгерістердің нәтижесі ретінде анықталады. Оның дамуы тұрақты жағдаймен, тоқтаусыз өзгерістермен, бір жағдайдан екіншіге өтумен, қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға өрлеумен байланысты. Даму нәтижесі – адамның биологиялық дамыған және әлеуметтік жан ретінде қалыптасуы. Адамның биологиялық даму - биохимиялық, физиологиялық өзгерістерді

қамтитын физикалық дамуымен айқындалады. Ал әлеуметтік даму - психикалық, рухани, интеллектуалды өсумен айқындалады.

М.Монтессоридің ұсынған балаларды дамытудың жас ерекшелік кезеңі айрықша қызығушылық тудырады. Ол жас ерекшеліктерін бөліп қарауға негізделеді. Өмірдің белгілі кезеңіне тән анатомо-физиологиялық және психикалық қасиеттер жас ерекшеліктері болып саналады. М.Монтессори кезеңі алты жылдан үш кезеңді қамтиды [3].

Бірінші кезеңнің ұзақтығы бала туғаннан 6 жасқа дейінгі кезең. Ақыл- ой қызметінің түрі бұл кезең бойы бірыңғай болып қала береді. Келесі кезең – 6 жастан 10 жасқа дейін сапалы өзгерусіз өсумен ерекшеленеді. Психика тұрғысынан бұл кезең қалыпты және тұрақты. Физикалық дамудағы өзгерістер айқын. Дененің өзгеруі, сүт тістерінің түсуі және азу тістерінің өсуі т.с.с.

Үшінші кезең – он екі жастан он сегіз жасқа дейін - өзінің қарқынды өзгерістерімен біріншіні еске түсіреді. Дененің ер жететін физикалық өзгерістерімен сипатталады.

Әр кезең (алтыжылдық) үш жылға созылған кездерге бөлінген.

Бірінші кезең 0-ден 3 жасқа дейін. «Сана-сезімді сіңіруші» аталмыш кездің дамуының басым жағы болып табылады (М.Монтессори). Бұл кез ересектердің тіпті араласа алмайтын менталдылық түрімен өзгешеленеді. Бұл кезеңдегі балаларға арналған оқу орны жоқ.

Екінші кезең. Бала 3 жастан 6 жасқа дейін «өз-өзінің құрылысшысы» болып табылады. Бұл уақытта оның дамуының қимыл-қозғалысты, сенсорлық, сөйлеу, әлеуметтік сияқты бір қатар сезімтал кезеңдердің біршамасы күшейе түседі. Сондықтан бала-бақшаның сенсорлық, сөйлеу, математикалық материалдармен, күнделікті өмір дағдыларын меңгеруге, табиғатпен танысуға арналған материалдармен арнайы ұйымдастырылған дидактикалық орта және де әлеуметтік тәртіп дағдыларына жаттығуға материал болуы мүмкін көптеген жағдайлар туындайтын өзара әрекет ету барысында балалардың қарым-қатынасы оның дамуы үшін ең лайықты шарттар болып табылады. Мұнда бала табиғатында қаланған даму қажеттіліктерін төмендегідей жүзеге асыра алады:

- қимылдағы қажеттілік;
- сенсорлық сезінудегі қажеттілік;
- жұмысқа деген қажеттілік;
- нақты үйлесімді қимылдарға ұмтылу;
- түрлі функцияларды жетілдіруге ұмтылу;
- қайталауға бейімделу;
- әлеуметтік дамуға ұмтылу;
- тәртіп қажеттілігі;
- еркіндікке және тәуелсіздікке ұмтылу.

Үшінші кезең 6 жастан 9 жасқа дейін – «қоршаған әлемді зерттеуші- бала». Ол айналасында болып жатқан нәрсеге белсенді қызығушылық танытады.

Төртінші кезең 9 жастан 10 жасқа дейін – «ғалым-баланың» жасы.

Баланың дамуы адамның табиғаттағы және мәдениеттегі орны мен рөлін іздестірумен байланысты. Оның санасында әлемнің саналы бейнесі және әлемдегі өз-өзінің және өз орнының бейнесі қалыптасады. Балалардың танымдық әрекеті сенсорлық сезімнің шегінен шығады және жаңа құралдарды игеруге, эксперимент жасауға бағытталған.

Қабылдау – мектепке дейінгі балаларға қарағанда (көзінің көргіштегі, естуі) әжептәуір дамыған. Бірақ әлі де болса қабылдау дами қоймаған. Мысалы, орыс тіліндегі ф, в фонемаларын дұрыс ажырата алмайды. Себебі талдау қызметі қалыптаспаған. Сонымен бірге олардың қабылдауында анализ бен синтездің жеткіліксіздігі жиі байқалады. Бала байқағыш келеді. Бірақта, ол анализ, синтездеудегі білімі жеткіліксіз [5].

Баланың қабылдауы эмоцияға да байланысты, көп нәрсе оны қуанышқа немесе ренжуге бөлейді. ол көбіне өзі қызықтыратын, сезімін туғызатын нәрсеге көп көңіл бөледі.

бұл кезде сезімінің дәл болмауын көруге болады. Мысалы: шымшықты қарға деуі т.б. ұқсас заттарды бір тектес қабылдайды. Кіші сынып оқушылары кеңістікті қабылдауы және уақытты қабылдауы жеткіліксіз дамиды. Баланың қабылдау ерекшеліктерінің қалыптасуында Тәрбиеші негізгі рөл атқарады.

- Сөзді және затты қабылдау арасында айырмашылық. Затты қабылдау – бірінші сигнал жүйесі. Сөзді қабылдау екінші сигнал жүйесі (тыңдау);

- Тәжірибиесі жинақталады (санасы дамиды) [6].

Ойлау. Тұлғаның шындықты жалпылама және жанама бейнелеуге бағытталған танымдық әрекеті. Сонымен қатар өзінің пікіріне не ісіне талдау жасап сын көзбен қарайды. Әркімнің өз пікіріне, не ісіне талдау жасап сын көзбен қарауды рефлексияның қарапайым түрі деп атауға болмайды.

Салыстыру бір нәрсенің өзге нәрседен айырмашылығын немесе екеуінің де ұқсас жақтарын айыру болғандықтан, ой процестерінің ерекше түрі болып саналады. Оқу мазмұнын салыстыруда ой операциясының бірнеше түрлері кездеседі. Сондықтан оны баланың оқуға деген ынтасын арттыру үшін пайдаланамыз.

Заман талабына сай оқу үрдісін ұйымдастыруда баланы өнімді әрекетке бауылу арқылы өз мүмкіндігін сезінуге, ашуға, өз бетінен білімін толықтыруға үйрету, аса қабілетті балалардың танымдық мүмкіндіктеріне сай сұранысын қанағаттандыру аса маңызды. Қазіргі таңда еліміздің барлық тәрбие ошағында білімнің жаңа жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат-жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне енуі. Сондықтан жаңашылдық, яғни инновациялық жүйе негізінде балалардың белсенділігін арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық- шығармашылық қабілетін дамыту, яғни шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін дара тұлғаға терең білім беру. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында білім беру жүйесінің міндеттері ретінде «жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту..., жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту қажет» деп айтылады [7].

М.Монтессори технологиясы негізінде оқу қызметінде баланың өзін- өзі дамытуының педагогикалық шарттарын ескеру арқылы құрылған білім беру үдерісі бала дамуына айтарлықтай позитивті ықпал етеді; жүргізілген зерттеудің нәтижелілігі кешенді мониторингтің мәліметтерін дәлелдейді.

Оқытудың ұсынылған нұсқасы қосымша оқу уақытын талап етпейді, бірақ әрине оқу үдерісіне жазылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаздықбаева М., Ұ.Сердалиева. Мария Монтессоридің педагогикалық еңбектерінің маңызы // Білім беру жүйесінің интеграциялау жағдайында бәсекеге қабілетті маман даярлаудың мәселелері (ғылыми-теориялық конференция) 23 желтоқсан. 2015 ж. -56-58 б.
2. Монтессори М. Помоги мне это сделать самому: ст., советы, рекомендации/ М.Монтессори; сост., вступ. статья М. В. Богуславского, Г. Б. Корнетова.- М.: Карануз, 2000. - 270 с.
3. Монтессори в России: новый взгляд: сб. науч. - практ. ст. / под ред. К.Е.Сумнительного - М.: МЦМ, 1998. - 124 с.
4. Сороков Д. Г. Гуманистическая психология и Мария Монтессори /Д. Г. Сороков // Педагогика Марии Монтессори: курс лекций. - М., 1992. -с.121-130.

5. Монтессори М. Значение среды в воспитании / М. Монтессори; пер. с итал. К.Памфиловой // Частная школа. -1995. - С. 122 - 127.
6. Монтессори М. Подготовка учителя /М. Монтессори; пер с англ. И.Дичковская // Мама: альманах. - Вып. 1. - М., 1994. - С. 35 - 44.
7. Монтессори М. Помогите мне это сделать самому: ст., советы, рекомендации/ М.Монтессори; сост., вступ. статья М. В. Богуславского, Г. Б. Корнетова.- М.: Карануз, 2000. - 270 с.



**«БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ Ы . АЛТЫНСАРИННІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН  
БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ»**

**Айтқалиева А.Қ., Сайынова Д.И., Серемуратова Н.А.**

*5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4 курс  
студенттері*

**Мухамбетова С.К.**

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Мақалада Ыбырай Алтынсарин - XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялыларының көшбасы, тұңғыш халық ағартушысы, қазақ тарихында қоғамдық ой-пікірлердің қалыптасуына үлес қосқан көрнекті қайраткердің шығармаларын бастауыш сынып оқушыларына оқытудың маңызы туралы.

Түйін сөздер: еңбексүйгіштік, шығармашылық, адамгершілік, тәрбие.

---

**ЗНАЧЕНИЕ ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ДЕТСКОЙ  
ЛИТЕРАТУРЫ Ы. АЛТЫНСАРИНА**

**Айтқалиева А.Қ., Сайынова Д.И., Серемуратова Н.А.**

*Студенты 4 курса по специальности 5B010200 – «Педагогика и методика начального  
обучения»*

**Мухамбетова С.К.**

*Кандидат педагогических наук, доцент*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52*

В статье Ибрай Алтынсарин-о значении обучения учащихся начальных классов творчеству лидера казахской интеллигенции, первого народного просветителя, видного деятеля, внесшего вклад в формирование общественного мнения в истории казахского народа, осуществившего во второй половине XIX века на казахской земле образование.

Ключевые слова: трудолюбие, творчество, нравственность, воспитание.

---

**THE IMPORTANCE OF TEACHING CHILDREN'S LITERATURE WORKS IN  
PRIMARY SCHOOL Y. ALTYSARINA**

**Aitkaliyeva A.K., Sayynova D.I., Seremuratova N.A.**

*4th year students majoring in 5B010200 – "Pedagogy and methods of primary education"*

**Muhambetova S.K.**

*Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor*

*Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52;*

The article by Ibrai Altynsarina is about the importance of teaching primary school students the creativity of the leader of the Kazakh intelligentsia, the first national educator, a prominent figure who contributed to the formation of public opinion in the history of the Kazakh people, who carried out education in the second half of the nineteenth century on the Kazakh land.

*Keywords: diligence, creativity, morality, education.*

Қазақ халқының перзенттерінің бірі Ы.Алтынсарин. Қазақ балаларының ұлттық бейнесін жасаған жазушы, көркем сөз шебері. Оның әңгімелері баланың жан сарайын, кәсіби ойлау қабілетін ұлттық рухта сипаттайды. Жастарды еңбексүйгіштікке, іздеп-паздыққа тәрбиелейді.

Бүгінгі таңда Ы.Алтынсариннің шығармалары мектептерде кеңінен оқытылып келеді. Әңгімелері бірін - бірі қайталамайды, әрқайсысының өзіндік тәрбиелік мәні зор шығармалары өмірдің өзекті мәселелерін суреттейді. Шығармашылығын оқыту мектепке алғаш қадам басқан бүлдіршіннің алғашқы соққан қоңырауынан басталады. «Кел балалар оқылық» өлеңін алғаш Ыбырай мектебінен бастау алып, шәкірттерді білім ордасына шақырған күміс қоңырау үшін қазақ ұстаздары бүгінгі таңда да балғын бөбектер жадына жаттатып келеді. Шығармаларында ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу мәселелері қомақты орын алады. Ізгілік, адамгершілік, адамның әдептілі сыпайылық, өнегелік өзара пайымдылығын білдіретін қасиет. Жазушының білім мен тәрбие мақсаттары өмір талабынан туып, қазақ халқының жалпы мұң мұқтаждарымен араласып жатыр. Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұраты балаларға жан жақты кең көлемде білім береді. Әңгімелерінде жеке адамның адамгершілік қалпының қалыптасуына табиғат ықпалын баса көрсетіп, отырған. Мысалы: «Бақша ағаштары» әңгімесінде шырағым істің мәнісі тәрбиелеу мен күтуде дейді. Әкесі баласына, сенің болашақ тағдырың осыларға байланысты. Егер менің ақылымды тыңдамасаң, осы қисық ағаштай болып өсесің дейді. Бұл әңгіме тек балаларға ғана емес, ата-аналарға да арнап айтылған. Терең даналығы мен шығармашылығының өмірмендігі айдай анық көрініп тұр.

Ана тілінің басты рөл атқаратындығын терең түсінген жазушы сауат ашу, хаттану барысында өзінің ана тілінің бай қазынасын жастайынан бойына сіңіріп өсті. Адам өмірі имандылықтан басталатындықтан шығармаларында адамгершілік мәселелерге көп тоқталған. Өйткені адам өзінің бүкіл саналы өмірінде атқарған іс-әрекеті үшін ар алдында жауап береді. Адамды қоршаған орта өсіреді. Алайда, адамды әсіресе дәулетті адамды бұзатын да сол орта. Ол адамның мінез-құлқына керісінше әсер етіп, оны әділетсіздікке, адамгершілік мәселелері шығармаларында басты арқауы болғанын көрсетеді.

Ал «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінде төрт тәрбие түріне тоқтайды. Олар адамгершілік, еңбек, сұлулық, құқықтық тәрбиелері. Осы төрт тәрбие түрлері өзінің шығармаларында ерекше айқындалады. «Таза бұлақ», «Өнер- білім бар жұрттар» шығармалары бүгінгі өнермен мазмұн мағынасы жағынан біте қайнасқан дүниелер. Жазушының тырнақ алды туындысы «Кел балалар оқулық!» атты өлеңінде болашақ ұрпақты білім алуға, білім нәрімен сусындатуға шақырған болатын. Осы өлеңінен болашақ ағартушылық тіл тұнығынан терең нәр алып, сөз қадірін ерте сезінгенін аңғарамыз. Сондықтан жазушы қазақ халқының көзін ашуда көптеген мәнді еңбектер жазды. Сондай-ақ жазушы «Аурудан алған күштірек», «Асыл шөп», «Малды пайдаға жарату» атты әңгімелері қайырымдылық пен бауырмалдылық, сабырлық пен шыдамдылық секілді қасиеттерге тәрбиелеуге арнаған.

Бұлардың ішінде жан жануарлар тіршілігінен алып жазылғандар да аз емес. Мысалы, «Түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға» тағы басқалары. Алайда оның балалар табиғатына жақын, қазақ өмірінен алып жазған шығармаларының өзі аса елеулі. Осы орайда қара сөзбен келсе де айтыс өнерін, еске түсіретін «Жан жануарлардың дауласқаны», «Байұлы», «Сәтемір хан», «Жәнібек батыр», «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары» тәрізді топтамаларында тапқырлық, шешендікке баулуды мақсат етеді. Ыбырай өз әңгімелерінде де шешендік, нақыл, аталы сөздерді жиі қолданып отырады. Айталық, ол «Әке мен бала» әңгімесінде ақыл насихатқа толы: «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың. Азға қанағат ете білмесең, көптен де құр қаларсың» деген жолдарды да ұсынса,

«Қыпшақ Сейітқұлда», «Сейітқұл жұрт ағасы болды, енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай термен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап уайымдайтын», -де, шешендік үлгіде көрсетті.

Ыбырай Алтынсарин ағартушы-педагог болумен қатар, балаларға арнап көлемі шағын, мазмұны мәнді ондаған өлеңдері мен әңгімелерін қалдырған жазушы. Ол өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты тұңғыш оқулығы «Кел, балалар, оқулық» деген өлеңімен ашып, онда жастарды оқуға, талаптыдан талпынуға, білім алуға шақырады. Өмірде сарқылмас мол байлық –білім. Ұлы ұстаздың шағын әңгімелерінде шындық, өмірден алынған қарапайым кейіпкерлер биік адамгершілік қасиеттерімен көрінеді. Мектеп ашып бала оқытқан, кітап жазып балаларды даналыққа тәрбиелеген ұлы ұстаз, ғалым Ыбырай еңбегі өлшеусіз. Даланың тұңғыш қоңырауы болып елді ұйқысынан ояту, білім шуағына ұмтылдыру Ыбырайдай данамыздың қоғам алдындағы ұлы істерін паш етеді.

Қазақ даласындағы білімнің көзін ашқан, Ыбырай Алтынсариннің айтып кеткен нақыл сөздерінде де өнегелі, тәрбиелік мәні, өмірлік мазмұны бар болса керек. Тұңғыш педагогтың пікірі мен тәрбиелік өсиетін ұстаздық, адамгершілік, тіл туралы, еңбек тақырыптарына арнаған келесі нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерінен көре аламыз.

1. «Әр нәрсенің сыртына қызықпа, асылы ішінде.»
2. «Байлық — қанағат пен еңбекте.»
3. «Жақсы ой мен жақсы сөз - жақсы істерге жетелейді.»
4. «Еңбекпен табылған дәм тәтті»
5. «Өнер, білім - бәрі де оқуменен табылған.»

Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды болса да, олардың ішіндегі тәрбие берер терең мағыналы сөздердің болуы, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару ұлы ағартушы Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері бар екенін анықтауға болады. Оларды түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екендігіне көз жеткізеді.

Ы.Алтынсарин өзінің біраз еңбектерін қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктер жазуға арнады. Ол 1870 жылы Ресей географиясы қоғамның Орынбор өлкетану бөлімшесінің тапсыруы бойынша "Орынбор ведомствосы қазақтардың өлген адамы жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі" мен "Орынбор ведомствосы қазақтардың құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері" атты екі еңбегін жазып тапсырды.

Ыбырайдың қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеудегі мақсаты дәстүрлердің озығы мен тозығын ғылыми түрде талдап, өзінің көзқарасын білдіре отырып, мән-мағынасын ашу, озық дәстүрді тәрбиенің құралы ету еді. Сонымен бірге қазақ мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі жөнінде орыс достарына ғылыми мағлұмат беруді көздеді.

Ол кейбір орыс чиновниктері ойлағандай қазақтардың "ұры" және "тағы" "көшпелі, мәдениетсіз, жабайы" халық емес, "өзіндік мәдениеті, өнер мәдениеті, өнері бар халық екенін білдіру үшін қазақтың салт-дәстүрлерін арнайы зерттеп, очерк жазған еді. Қазақ мәдениеті мен оқу-ағарту ісіне қабырғасы қайысып, жаны ашыған Ы.Алтынсарин "Қазақ халқы деген оқу-білімге сусап отырған халық әттең, бұл іске оқыған адамдардың жаны ашымайтыны есіңе түскенде кейде күйінесің. Қазақтарды оқыту жөнінде бастықтарымыз бекіністердің жанынан мектеп салудан гөрі, үйлерінің онсыз да ақ қабырғаларын аяқтай түскенді тәуір көреді"- деп, ел билеуші орыс әкімдеріне қатты реніш білдіреді.

Ыбырай екі бірдей оттың арасында азатпен өмір кешті. Біріншіден, қазақтың қожа, молдалары Ыбырайды "шоқынған", "кәпір" деп ел арасында өсек тартса, сондай-ақ "пікірі жат", "социалист" деп жасырын арызды боратса, ал Приходько сияқты патшаның топас генерал-губернаторы Ыбырайды соттап, ол ашқан мектептерді жаппақ болуы Ыбырайдың жүрек ауруына ұшырап 49-ақ жасында кенеттен қайтыс болуына себепкер болды.

Патша өкіметі қазақ даласын қараңғылықта ұстауға тырысып бақты. Олар оқымаған қараңғы елді басқару оңайырақ болады деп санады. Патша үкіметінің осы отарлау саясатының ішкі мәнін терең түсінген Шоқан, Ыбырай, Абай сияқы қазақтың демократ-ағартушылары халқты қапастан құтқарудың жолы тек өнер-білім деп қарады.

Сол жолда аянбай еңбек етіп, бар өмірін сарп етті.

Ыбырай оқулықтарына енгізілген "Ұят кімде болса, иман сонда болады", "Алтын алма, ақыл ал", "Ісің ақ болса, тәңірің жақ болар", "Талапты ерге нұр жауар", "Қайырымсыз олса ханнан без, өткелсіз болса судан без, асусыз болса таудан без, пайдасыз болса байдан без, панасыз болса сайдан без", "Өнерлі өлмес, өнерсіз-күн көрмес", "Оқу түбі-тоқу" сияқты асыл сөздерден бүгінгі жастардың да ғибрат алатыны сөзсіз. Бүгінде Ыбырайдың ізгілік жөніндегі осы ойларын шәкірттердің жүрегіне ұялатудың, ал ұлт мектептерін Ыбырай дәстүрі негізінде қайта құрудың қажеттігі туып отыр. Осымен байланысты жастарды ұлттық рух негізінде тәрбиелеп білім беретін төл оқулықтар жазу кезінде қазақ тілі мен әдебиетіне, тарихы мен географиясына, ұлттық кәсіпке байланысты қол өнеріне Ыбырай тағылымдарын баса енгізуді ұмытпаған абзал. Кезінде Ы.Алтынсарин ашқан қолөнер мектебін қазіргі нарықтық жағдайға лайықтап, ауыл жастар үшін Ы. Алтынсарин атындағы қолөнер мектебін ашып немесе жоғарғы сыныптар үшін арнаулы кәсіби курстар енгізіп, диплом беруді құптар едік. Онда ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, тоқымашылық, зергерлік, тері өңдеу, киім тігу, жүргізуші-жөндеуші, программист, т.б. мамандар әзірлесек, халық та, ұлы ұстаз рухы да риза болар еді. Ұлттық мектептердің моделін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отырған кезде Ыбырай мұраларын басшылыққа алу, әсіресе ауыл мектебін мәдени -ағарту ісінің орталығына айналдыру, жыл сайын мұғалімдер күні қарсаңында әр мектепте Ыбырай сабақтарын өткізіп отыру, кешегі кеңестік дәуіріндегі Ыбырай Алтынсарин медалінің мәртебесін қайтадан қалпына келтіріп, озат мұғалімдер мен педагог-ғалымдарды осы медальмен марапаттап отыру ісін қолға алса, нұр үстіне нұр болмақ. Қала берді жаңа шыққан жақсы оқулықтарға Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік сыйлық тағайындалса да артық болмас еді.

Қазақтың оқу-ағарту саласының апостолы Ы.Алтынсарин мұраларын жеріне жеткізе зерттеп, оны ұстаздардың ұлы ұстазы деп әркез қастарлеп, қадір тұту бәріміздің абыройлы борышымыз.

Қазақ даласында жаңалықтың жәдігері болған ұлылар қатарында шоқтығы биік тұлға Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен идеялары бүгінгі таңда педагогика саласының ғылыми-зерттеу жұмысының шексіз алаңына айналуда.

Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі қазақ халқының саяси-рухани отарлау шеңберінің қысымшылығы күшейіп тұрған кезеңге тұспа-тұс келді. Патша өкіметінің миссионерлік-ағарту саясаты ғасырлар бойы мұсылман жұртына ағарту қызметін көрсеткен мектеп-медреселер жүйесін тамырымен құртуға әрекет жасады. Әлемдік өркениет пен ғылым ісінің дамуына баға жетпес үлес қосқан ұлы тұлғаларды (әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұн, М.Дулати, Абай) тәрбиелеп шығарған медреселер патша өкіметі тарапынан XIX ғасыр соңында үлкен кедергілерге тап болып, орыс школалары мен мұсылман оқу орындарының ара салмағы үлкен дәрежеде өзгерістерге ұшырады.

Әрине, күнбе-күн күш алып келе жатқан миссионерлік ағарту-оқу ісінің негізгі заңдылықтарын қабылдай отырып, Қазақстанда халық ағарту ісі жаңа жолға түсті. Бұл игілікті жұмыстың көш басында Ы.Алтынсарин тұрды. Қараңғыда қарманған халқын жарыққа жетелеген, қазақтың санасын жайлаған дерттің емін тап басып, көре білген Ыбырай ұстаз қазақ қоғамына жаңалықтың дәнін себуші қарлығаш болды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ Р-сы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. Алматы, 1998
2. Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары. Алматы, 1998
3. Ә.Дербісалин. Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы, 1958
4. XIX-ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1986 Алматы мектеп.
5. Ы.Алтынсарин тағылымы.1991 Алматы Жазушы
6. Ы.Алтынсарин "Өнер, білім бар жұрттар" : Алматы, «Жалын», 1991.
7. Ш.Жұмашаева «Өнегелі тұлға қалыптастыруда Ыбырай тәлімінің құндылығы». «Бастауыш мектеп», №5, 2003.
8. Ш.Жанұзақова. «Ы.Алтынсарин шығармалары-адамгершілік жәнеэне экологиялық тәрбие көзі» «Бастауыш мектеп», №3, 2004.
9. А.Абуханова. «Ы.Алтынсариннің оқыту әдістері мен тәсілдері». «Бастауыш мектеп», №4, 2005.
10. Ш. Әуелбаев, Ә.Наурызбаева, Р.Ізғұттынова, А.Құлажанова «Әліппе» (1-сыныпқа арналған оқулық). Алматы, «Атамұра», 2001.
11. Ш.Әуелбаев, Ә.Наурызбаева, Р.Ізғұттынова, С.Тәжімбетова.Ана тілі (1-сыныпқа арналған оқулық) Алматы, «Атамұра», 2001.
12. С.Рахметова, П.Жаманқұл, Б.Қабатаева. Ана тілі (2-сыныпқа арналған оқулық) Алматы, «Атамұра», 2002.
13. Т.Әбдікәрімова, С.Рахметова, Б.Қабатаева. Ана тілі (3-сыныпқа арналған оқулық) Алматы, «Атамұра», 2003.
14. С.Рахметова,Т.Әбдікәрімова, Б.Қабатаева. Ана тілі (4-сыныпқа арналған оқулық) Алматы, «Атамұра», 2004.
15. Рахметова С.Р "Ана тілін оқыту әдістемесі", 1998.
16. Әбдікәрімова К.Т "Ана тілін оқыту әдістемесі" 3-сынып. «Атамұра», 1999.
17. Рахметова С.Р "Қазақ тілін оқыту әдістемесі" . Алматы, 2005.
18. Қоянбаев Ж.Б, Қоянбаев А.С "Педагогика ": Астана, 2000.
19. М.Жумабаев. «Педагогика», 1990
20. Г.Ахметова. Ы.Алтынсарин шығармаларын оқыту. «Бастауыш мектеп, №3, 2004.
21. .Қ.Қабдолданова. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш». «Бастауыш мектеп», №5, 2003.
22. Т.Әбдікәрімова. «Бастауыш кластарда текспен жұмыс істеудің әдістемесі». Алматы, 1994
23. Рахметова, П.Жаманқұл, Б.Қабатаева. Ана тілі оқыту әдістемесі (2-сынып) Алматы ,1998.
24. Т. Әбдікәрімова, С. Рахметова, Б. Қабатаева. Ана тілі оқыту әдістемесі (3-сынып) Алматы, 1999.
25. С.Рахметова, Т.Әбдікәрімова, Б.Қабатаева. Ана тілі оқыту әдістемесі (4-сынып). Алматы, 2000.

**«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН  
ЕРТЕГІ ЖАНРЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ»**

**Айтқұлова Л.Қ., Кунакова С.М., Мырзалы Ж.А., Мусабаева Г.Н., Нұрбаева А.Қ.**  
*6B01311 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру*

*бағдарламасының 3 курс (3жылдық) студенттері*

**Досмурзаева А.С.**

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Мақалада ертегілер арқылы оқушылардың адамгершілік және эстетикалық тәлім - тәрбиесінің дамуына ықпал жасалады. Баланы мұратқа, жеңіске, жетістікке жету жолында белсенділікке, әрекеттілікке үйретеді. Өмірде кездесетін жайттардың яғни жақсылық пен жамандықтың, мейрімділік пен қатыгездіктің, шындық пен өтіріктің, әділеттілік пен әділетсіздіктің, еңбекқорлық пен жалқаулықтың және т.б ара жігін ажыратып, түсіне білуге, бағалай алуға жол ашады.

*Түйін сөздер:* ертегі, қиял-ғажайып ертегі, халық шығармалары, қызығушылық

---

**«РАЗВИТИЕ ИНТЕРЕСА К ЧТЕНИЮ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ  
ПОСРЕДСТВОМ ЖАНР СКАЗКИ»**

**Айтқұлова Л.Қ., Кунакова С.М., Мырзалы Ж.А., Мусабаева Г.Н., Нұрбаева А.Қ.**  
*Студенты 3 курса (3 год) по ОП 6B01311 – «Педагогика и методика начального обучения»*

**Досмурзаева А.С.**

*Кандидат педагогических наук, старший преподаватель*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52*

Статья способствует развитию нравственного и эстетического воспитания учащихся через сказки. Учит ребенка активности, активности на пути к идеалу, победе, успеху. То, что происходит в жизни, позволяет различать, понимать, ценить добро и зло, добро и жестокость, правду и ложь, справедливость и несправедливость, трудолюбие и лень и т.д.

*Ключевые слова:* сказка, фэнтезийная сказка, народные произведения, интерес

---

**«THE DEVELOPMENT OF INTEREST IN READING PRIMARY SCHOOL STUDENTS  
THROUGH THE GENRE OF FAIRY TALES»**

**Aitkulova L.K., Kunakova S.M., Myrzaly Zh.A., Musabayeva G.N.,  
Nurbaeva A.K.**

*3rd year students (year 3) on EP 6B01311 – "Pedagogy and methodology of primary education"*

**Dosmurzayeva A.S.**

*Candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer*

*Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52*

The article promotes the development of moral and aesthetic education of students through fairy tales. The child is taught to be active and active on the way to ideals, victory, and success. It

allows you to distinguish between good and evil, kindness and cruelty, truth and lies, justice and injustice, hard work and laziness, etc.

*Keywords:* fairy tale, fantasy fairy tale, folk works, curiosity

Оқу мен сөйлеуді дамытудың заманауи әдісі өткенді оқу әдісінің құнды тәжірибесін пайдаланады. Оқу әдістемесінің тарихи негізін оқу дағдысын дамыту мәселесімен айналысатын жетекші психологтардың еңбектері: И.Канттың, Н.Бердяевтің философиялық тұжырымдары, Л.Толстойдың, В.Розоновтың, К.Д.Ушинскийдің философиялық-педагогикалық идеялары құрады. , И.Бунаков, В.А.Сухомлинский.

Оқу әдістемесінің негіздерін К.Д.Ушинский жасаған. Ол өнер туындысын «балаларға өмірдің осы немесе басқа жағын көрсетуге тиіс терезе» ретінде қарастыруды ұсынды және «балалардың шығарманы түсінуі жеткіліксіз, бірақ олар оны сезінуі керек» деп атап өтті. [56] К.Д.Ушинский әдістемесінің бұл ережелері оқудың танымдық мәні мен оның оқырманға эстетикалық әсер етуінің маңыздылығы туралы айтады. К.Д.Ушинский ақыл-ой қабілеттерін дамыту және грамматикалық нормаларды меңгерту жұмыстарын оқу тапсырмаларына да қосқан. Ғылыми-көпшілік мақалаларды оқу мен көркем шығармаларды оқуға басқаша көзқараспен қарауды ұсынып, жұмыс түріне қарай әңгіме жүргізудің қағидаларын әзірлеп, халық ауыз әдебиеті, аңыз-әңгімелер шығармаларымен жұмыс істеудің ерекшеліктеріне қатысты нақты тапсырмалар берді. К.Д.Ушинский оқу сабақтарында табиғат тіршілігін бақылауға үлкен рөл берді және көрнекілікті ана тілін оқытудың басты қағидасы және баланың жалпы білімге деген қызығушылығын тудыратын құрал деп есептей отырып, оқуда көрнекілікті пайдалануды талап етті. әсіресе оқу процесінде. К.Д.Ушинский жасаған жүйе «Түсіндірме оқу» деп аталды. К.Д.Ушинскийдің ізбасарлары оқу техникасында бейнелеу жаттығуларын алмастырып, қайталап айтып беру, оқушыны біліммен байыту, оның тұлғасын дамытуда қызықты сабақтардың жаңа жүйесін енгізу қажеттілігі туралы өз ойларын ортаға салды. Ушинский, жүйе «Түсіндірме оқу» деп аталды. К.Д.Ушинскийдің ізбасарлары оқу техникасында бейнелеу жаттығуларын ауыстырып, қайталап айтып беру, оқушыны біліммен байыту, тұлғалық қасиеттерін дамытуда қызықты сабақтардың жаңа жүйесін енгізу қажеттігі туралы өз ойларын ортаға салды. Ушинский, жүйе «Түсіндірме оқу» деп аталды. К.Д.Ушинскийдің ізбасарлары оқу техникасында бейнелеу жаттығуларын алмастырып, қайталап айтып беру, оқушыны біліммен байыту, оның тұлғасын дамытуда қызықты сабақтардың жаңа жүйесін енгізу қажеттілігі туралы өз ойларын ортаға салды.

XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы әдістемеді мәтінді талдаудың белгілі бір тәсілі жасалды, оқу сабақтарында жүзеге асырылды, ол көркем шығарманың ғылыми-іскерлік мақаламен салыстырудағы өзіндік ерекшелігін ескеруге негізделген. шығарма бойынша кезең-кезеңмен жұмыс жасауды, оқу дағдыларын дамытуды, шығарманы кейіннен жалпылау арқылы бөліктерге бөліп талдауды, сөйлеуді дамыту бойынша жүйелі жұмысты көздеді.[56]

1960-1970 жылдары сыныптағы оқу мазмұнына және оқыту әдістемесіне өзгерістер енгізілді. Көркем шығарманы талдау әдістемесі жетілдірілді: репродукциялық жаттығулар аз, шығармашылық жаттығулар, оқығаны туралы өз пікірін білдіру қабілетін дамыту, жеке шағын бөліктерде емес, тұтас шығармамен жұмыс жасау, оқушыларға тапсырма берілді. шығарманың идеясы мен бейнесін ашуда дербестік, мәтінмен жұмыс жасауда әр түрлі типтегі тапсырмалар. Бұл кезде кіші жастағы оқушылардың мәтінмен жұмыс жасауда қалыптасатын дағдылары анықталды, сонымен қатар 1-3 сыныптардағы оқу дағдыларына қойылатын талаптар нақтырақ айқындалды. Сонымен бірге балалар кітабының зерттеу нысаны ретіндегі идеясы алғаш рет айтылды. Бірақ мұғалімдердің балалардың оқуына бағыт-бағдар беруге қатысты барлық әрекеттері, ұсынылатын жазғы оқу тізімдерімен шектелді. [56]

1980 жылдары үш жылдық мектепте оқытуға арналған оқу бағдарламалары жетілдіріліп, төрт жылдық мектепте оқыту бағдарламалары жасалды. Бағдарламалар мен

оқуға арналған жаңа кітаптардың авторлары – В.Г.Горецкий, Л.Ф.Климанова, Л.К.Пискунова, Л.С.Геллерштейн – балалардың оқуына арналған шығармаларды олардың танымдық құндылығын, көркемдік шеберлігін, тәрбиелік мәнін, жас ерекшеліктеріне сәйкестігін ескере отырып, қатаң іріктеу жүргізді. жас студенттердің ерекшеліктері. Көркем шығарманы талдау тәсілін анықтайтын әдістемелік ережелер әзірленді. Олар мынаған келеді:

1. Шығарма мазмұнын талдау және дұрыс, еркін, саналы, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру біртұтас үдеріске біріктіріледі (мәтіннің мазмұнын түсінуге бағытталған тапсырмалар, сонымен бірге оқу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. ).
2. Шығарманың идеялық-тақырыптық негізін, оның образдарын, оқиға желісін, композициясын және бейнелеу құралдарын нақтылау студенттердің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына барынша қызмет етеді, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу тілін дамытуды қамтамасыз етеді.
3. Оқушылардың өмірлік тәжірибесіне сүйену шығарманың мазмұнын саналы қабылдаудың негізі және оны дұрыс талдаудың қажетті шарты болып табылады.
4. Оқу оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру және қоршаған шындық туралы білімдерін кеңейту құралы ретінде қарастырылады.
5. Шығарманы талдау ойларды, сезімдерді оятуы, экспрессия қажеттілігін оятуы, өмірлік тәжірибесін автор ұсынған фактілермен байланыстыруы керек.

Оқу – күрделі психофизиологиялық процесс. Оның әрекетіне көру, сөйлеу-моторлы, сөйлеу-есту анализаторлары қатысады. Бұл процестің негізінде Б.Г. Ананьев «Анализаторлар арасындағы өзара әрекеттесу мен екі сигналдық жүйенің уақытша байланыстарының ең күрделі механизмдері» жатыр. [1,16]

Оқу оның бастапқы кезеңінде, оқу технологиясының қалыптасу кезеңінде белгілі психолог Д.Б. Эльконин «сөздердің дыбыстық формасын графикалық үлгісіне сәйкес қайта жасау процесі» деп сипаттады. Демек, бала әріпті көріп, әріпті ажыратып, қай әріп екенін анықтауы керек, содан кейін ол келесі әріпті көріп, ажыратып, анықтауы керек. Ал екінші әріпті тану уақыты алдыңғысын ұмыту уақытынан ұзақ болмаса ғана, бала буынды тани алады. Ал бала бұл кезеңдерден ұзақ өтеді.[1,16 ].

Оқу процесі тез қалыптасатын процесс емес. Өкінішке орай, соңғы 50 жылда оқу мен жазуды үйренуге кететін уақыт өте күрт қысқарды, шамамен екі есе қысқарды. Ал егер 1950 жылдардағы праймер мен қазіргі оқулықтарды алсақ, бала оқу басталғаннан бастап 2 айда оқуы керек, ақпараттың қанықтығы, балаға берілетін қарқын керемет өскені анық болады. Ал баланың мүмкіндіктері сол күйінде қалды. Оның қандай функционалдығы бар еді, олар солай қалды. Егер 1950 жылдары мектепке сегіз жастағы балалар келсе, соңғы 20 жылда алты жастағы балалар келеді [1,16].

Оқудың күрделі процесінде үш негізгі тармақты бөлуге болады:

1. Осы сөздерді қабылдау. Оқи білу дегеніміз, ең алдымен, олар белгілейтін сөздерді әріп арқылы болжай білу. Оқу адам әріптерге қарап, осы әріптердің тіркесіміне сәйкес белгілі бір сөзді айта алатын немесе есте сақтай алатын сәттен басталады.

Әріптерді белгілі бір сөздің символы ретінде қабылдаудың бұл процесінде адамның көру қабілеті ғана емес, есте сақтау қабілеті, қиялы, ақыл-ойы да үлкен рөл атқаратынын көрсету қиын емес. Біз сөздерді оқығанда, біз әріпті әріппен қосып қана қоймай, бір немесе бірнеше әріптерді ұстай отырып, біз бүкіл сөзді бірден болжаймыз.

2. Оқылған сөздерге байланысты мазмұнын түсіну. Біз оқыған әрбір сөз санамызда кейбір өзгерістерді тудыруы мүмкін, бұл біздің осы сөзді түсінуімізді анықтайды. Бір жағдайда біздің санамызда белгілі, азды-көпті жарқын бейне пайда болады, екіншісінде - қандай да бір сезім, тілек немесе абстрактілі логикалық процесс, үшіншіде, екеуі де бірге, төртіншіде -



бейне мен сезім жоқ, тек қабылданған сөзді немесе онымен байланысты басқа сөзді қарапайым қайталау.

3. Оқуды бағалау. Кітапты оқып қана қоймай, оның мазмұнына сыни көзқараспен қарау қабілеті байқалады, бұл әрқашан емес, белгілі.

Оқу қажеттілігінен туындайды. Алдымен оқуды меңгерген кіші оқушының оқуды үйрену қажеттілігі туындайды, яғни дыбыстық жүйе мен оқу процесінің өзін - әріптерден сөздердің пайда болуын меңгеру. Бұл оның қызығушылығын тудырады. Бастапқы оқуды (сауаттылықты) меңгерген оқушы оқу мотивін өзгертеді: ол сөздің астарында қандай ой жатқанын түсінуге қызығушылық танытады. Оқу дамыған сайын мотивтер күрделеніп, оқушы қандай да бір нақты фактіні, құбылысты білу үшін оқиды; одан да күрделі қажеттіліктер пайда болады, мысалы, оны бағалау үшін кейіпкер әрекетінің мотивін білу; ғылыми-көпшілік мәтіндегі негізгі ойды табу, т.б [1,16].

Оқу ауызша сөйлеумен тікелей байланысты. Ауызша сөйлеу арқылы оқудың мәнерлілігі пысықталады; оқу кезінде мәтіннің мазмұнын және оқырмандар арасындағы қарым-қатынасты жеткізу үшін сөйлеу мәнерлілігінің құралдары, сонымен қатар сабақтас ауызша сөйлеу қолданылады.

Кіші жастағы оқушылардың мәтіндерді қабылдауы жетілген оқырманның қабылдауына сәйкес келмейді және бірқатар ерекшеліктерге ие. Ол сипатталады:

- фрагменттілік, мәтінді қабылдаудың тұтастығының болмауы;
- абстракциялау және жалпылау қабылдаудың әлсіздігі;
- өмірлік тәжірибеге тәуелділік;
Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын- жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең жырлары , шешендік сөздері бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі - Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл , дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен-өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәмілетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады. Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Сондай-ақ жеке адам өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі керек. Мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу мәселелерін зерттеген: С.Ешімханова, Е.Жұматаева, А.К.Ахметов, Д.С.Құсайынова т. б. ғылыми - педагогикалық, психологиялық, мектептегі іс-тәжірибелерін зерттеп бақылау нәтижесінде мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің бағыттары төмендегідей мәселелерді көздейді: педагогикалық практикадағы мүмкіндіктерді барынша толық қамтып біртұтас түрде оқушының жеке тұлғасына ықпал етудің жүйесін жасау; әртүрлі пәндерді оқытуда және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда тірек болатындай сипатқа ие болу, бұл бағытта жас буынды патриотизмге тәрбиелеудің теориясы мен практикасына қатысты қазақстандық, ұлттық тәжірибелермен қоса шетелдік жаңа идеяларды үнемі ашып іс жүзінде қолдану жолдарына көмектесуі керек. Мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектерінің қорытындылары мен тікелей мектеп практикасындағы мұғалімдердің іс-тәжірибелерінің нәтижелеріне сүйене отырып, біз мектепте патриотизмге тәрбиелеу; оқушылардың нақты іс-әрекеті, мінез-құлқын ұйымдастыру, оған бағыт беруді негізге алу керек деп ұйғардық [12; 350].

Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір оқушыда патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ. Сондықтан оқытушылар өз қызметінде біріншіден терең патриотизм – Отанға, Қазақстанға, өз халқына деген сүйіспеншілік; екіншіден - халықтар достығы идеясын ұстану және насихаттау. Адамгершілікті, өркениетті патриотизм қашан да халықтар достығының идеясымен, тәжірибесімен үндесіп жатуы тиіс. Соның бір айғағы жылда өткізілетін Халықтар достығы фестивалі. Демек патриотизм – қоғамдық сананың бір формасы, ол қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толыға түседі. “Қоғамда Қазақстан - біздің Отанымыз, бұл ұғымға өте көп нәрсе кіреді деген қарапайым ойды қалыптастыру керек” – деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі терең ойдан туындаған пікір екенін әрқайсымыз жақсы түсінуіміз қажет [13; 380].

Ежелгі грек жерінде пайда болған патриот сөзі дүниежүзілік қауымдастықтың даму тарихына және мемлекеттерді саяси жағдайға байланысты сан алуан сипат пен мағынаға ие болып отырған. Ежелгі грек ғұламалары Аристотель, Платон, Цицерон 18-ғасырда француз материалистері, неміс философтары, орыс революционер-демократтары, қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев т.б. еңбектері мен шығармаларын еліне, жеріне деген ұлтжандылық және отансүйгіштік сүйіспеншілік көрініс тапқан. Отансүйгіштік тәрбиенің негізгі мақсаты-жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың патриоттық іс-әрекеттерін саналы түрде меңгеріп алудағы талпынысын айқындайтын саяси моральдық, кәсіптік шынықтыру салаларымен қалыптастыру [14; 109-111].

Қазақ халқының батыры, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы «отаншылдық - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау,

қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз- мемлекет деген ұғымды, оны жеке адам мен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағы мен қарым-қатынасын біріктіреді», - деп атап көрсеткен болатын. Сондай-ақ соңғы жылдардағы педагогикалық зерттеулерде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық тұстарының ескерілмей келгені де байқалады. Міне, осы проблемалардың бәрі отансүйгіштік тәрбие мәселесінің белсенділігін көрсетсе керек [15; 72-73].

Қазіргі егеменді ел жағдайында жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу, олардың елін, жерін сүйетін, ана тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету-бүгінгі мектептің басты мақсаты деуге болады. Жоғарыда отансүйгіштік ұғымына берілген сипаттамалар мен зерттеушілер, ұлы ойшылдардың, қазақ зиялыларының пікірлеріне сүйене отырып, біз өз пайымдауымызды білдірдік. Отансүйгіштік-ол өзінің туған жеріне, тіліне, еліне, мемлекетке деген сүйіспеншілік сезімі, сол мемлекеттің, Отанның гүлденуіне, өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосу, қызмет ету. Ел Президенті Қазақстан халқына жолдауында: - Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз, - деген болатын. Қазақстан түрлі тарихи аласапрандарды басынан өткізіп барып, тәуелсіздікке қолын жеткізген, көп ұлтты республика. Сондықтан оның берік болуы отансүйгіштік тәрбиені дұрыс жолға қоя білуге байланысты болмақ. Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа Конституциясында да республика қызметінің түбегейлі қағидаларының бірі - қазақстандық патриотизм деп атап көрсетілген [16; 28-36].

Қазақстандық патриотизм ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм-Отан-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім мен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау болмақ. Өз елінің өткенін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кірсе керек [17; 7-9].

А.Абижанов-«патриотизмнің» мәні өте күрделі. Бір жағынан, ол ізгілікті саяси үрдіс, яки жеке тұлға хәм қоғамдық сана элементтерінен тұрса, екінші жағынан, Отанды қорғауға, нығайтуға бағытталған сезім болып табылады»-деген. Мұнда автор патриотизм деген ұғымды адамның санасы және сезімімен байланыстырып отыр, демек, болашақ азаматтардың бойына патриоттық сана-сезім орнықтыру қажет. Қазақстандағы мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу тақырыбы көптен бері зерттеліп келеді. Сондай еңбектердің бірі ретінде С.Қ.Нұрмұқашеваның «Қазақстан мектептеріндегі оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің дамуы» еңбегін атауға тұрарлық. Онда, білімнің мазмұнын жаңғырту, оқулықтарға қазақстандық материалдар енгізу; оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңғырту; оқушыларға тарихи ерекшеліктерді іздеп табу оларды оқу-тәрбие ісіне пайдалану секілді іс-әрекеттерін ұйымдастыру секілді ұсыныстар берілген [18; 36-39].

Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір оқушыда патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ. Психологияда адамның жан-дүниесі, сезім әрекеттеріне екінші сигналдық жүйенің ықпалы мол екендігі айтылады. Бұл ретте мектептердің патриотизмге тәрбиелеу жолдарын қарастыра келіп, олардың, жалпы оқушылардың сана - сезіміне ықпал ету, іс-әрекеттерін ұйымдастыру бағыттарында жүргізілгендігін анықтадық. Ұйымдастыру

жұмыстарын осы бағыттар бойынша топтастырсақ, олар былайша бейнеленеді: лекторий, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер, әңгіме кітаптар бойынша оқырман конференцияларын ұйымдастыру, ойын-сауық кештері, мұражайларға материалдар жинау фото қалқаншалар, фотоальбомдар жасау тағы басқа іс-әрекеттерді ұйымдастыруға бағытталған. Тәрбиелік іс-шараның бағыттары «ұлтжандылық, ұлттық патриотизмдік» сананы қалыптастыру болса, ол-ар, намыс, ождан, қарыз, парыз секілді тағы басқа ұғымдар мен түсініктерді нақтылауды; олар туралы оқушы білімдерін жетілдіруді және олардың ауқымын кеңейтіп, тереңдетуді; сөйтіп Отан, мемлекет, ел, ұлт, халық, атамекен секілді киелі ұғымдармен байланысын ашып көрсетуді талап етеді. Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыруда, олардың әрқайсыларының «өзін ұлтының перзентімін» деп сезінуін нысанаға ала отырып, Қазақстандағы дәл бүгінгі жағдайда «ұлтты сақтап, одан әрі өркенін өсірудің кепілі», -деп білген жөн. Мұның өзі «ұлт дегеніміз - ұлттың өзін-өзі билеу идеясы басын құраған адамдардың шынайы жүрек жарды бірлестігі» деген идеядан өрбиді [19; 225].

Патриоттық сезім- келтірілген киелі ұғымдармен байланысты: қуаныш, мақтаныш, күйіну, сүйсіну секілді т.б. эмоция спектілеріне қозғау салу, ояту, дамыту, қалыптастыру мәселелерін шешуді де көздейді. Патриоттық сезім- жоғары сезімдер тобына кіреді деген пікірдеміз. Өйткені ол «қоғамдық мәнді және көңіл күйге байланысты моральдық сезімдерге» қатысты болып келеді, ол сананың жетілуімен тығыз байланысты дамиды. Қоғамдық тәрбиенің ықпалымен патриоттық сезімдер тұрақтанып, оқушының іс-әрекеті, мінез-құлқынан, сөзі мен ісінен көрініс беріп, ұлты, халқы, Отаны үшін қызмет етуге дайын тұрады [20; 26-38].

Философиялық еңбектерді талдау барысында біз «Отан» және «Атамекен» ұғымдарының іс-жүзінде мағыналас екеніне, бірақ Қазақстан Республикасы осы мемлекетте туып, тұрғылықты тұрып жатқан барлық ұлт өкілдеріне Отан болғанымен тек тұрғылықты қазақ халқына ғана Отан және Атамекен болып саналады.

«Отансүйгіштік» ұғымының құрылымын айқындау кезінде біз үшін М.Н.Росенко ұсынған «моральдық таным» деген ұғым жақын болды. М.Н.Росенко бойынша моральдық таным тұлғаның мінез-құлық нормалары мен принциптерінде, нысаналы қондырғыларда, сенімдерінде анықталады. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынастарда реттеушілердің екі деңгейінде қызмет етеді: олар эмоционалды-сезімдік және рационалды-теориялық. Осылардың негізінде моральдық танымнан туындайтындардың бірі ретінде эмоционалды және интеллектуалдық компоненттерді қамтиды. Интеллектуалдық компоненттерді қалыптастыру өз Отанының тарихы, мәдениеті, дәстүрлері және т.б. туралы білімдерді игеруді көздейді. Оқушы патриотизмнің қалыптасуы мен дамуына әсер ететін оқу-тәрбие факторларын айқындау кезіндегі өз зерттеулерімізде біз этномәдени білім берудің мемлекеттік тұжырымдамасында көрсетілген үш бағыт туралы ережеге арқа сүйейміз: институционалды (балабақша, мектеп, гимназия, лицей, колледж, ЖОО-лар және т.б.); институционалды емес (курстар, кітапханалар, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдени ұйымдары, орталықтар, қоғамдық ұйымдар, діни ұйымдар), ресми емес (отбасында оқыту мен тәрбиелеу, достармен, таныстармен, көршілермен араласу және т.б.) [21; 87-92].

Қазақстан мемлекетінің егемен ел болып қалыптасып өркендеп гүлденуі ұлттық біртектілікті сақтаудан басталады. Оның басты құндылықтары-ана тілі, ұлттық рух, діни наным-сенімдермен тығыз байланысты. Бүгінгі күнге дейін сақталып, тәуелсіз мемлекетке ие болу дәрежесіне дейін көтеріліп отырған қазақ халқының тарихына көз жіберсек сонау Күлтөгін, Білкеқаған, Тоныкөктен бастап ерін, елін, жерін, тілін, ділін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы. Күлтөгін жазбасында:

Кедей халықты бай қылдым,  
Аз халықты көп қылдым...

Түркі иелігінен айырылған халықты  
Ата-баба мекеніне орнаттым...- дейді.

Жоңғар сияқты алып империямен алысуға, Ресей патшалығының зеңбірегіне қылышпен қарсы шабуылға шығуына да осы патриатизмнің қуатты күші. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы-сырнаының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары, шешендік сөз, айтыс өлеңдері, ою-өрнектері мен бостандық үшін жері мен елін қорғаған батыр бабаларымыз туралы тарихи дастандарды ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар - ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Олай болса тәуелсіздік туы желбіреген еліміздің болашақ отансүйгіш ұрпағын тәрбиелеуде олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүйушілік секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде осы ұлттық құндылықтарды басшылыққа алсақ, өте ұтымды болар еді [22; 135-139]

Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген құрмет пен қадыр- қасиет тұтуды ұлы дала ойшылдары Қорқыт ата, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари т.б. айтқан болатын.

Қазақ тарихын тұңғыш зерттеуші ғалым Ш. Уалиханов өзінің патриоттық сезімін білдіре келіп, Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай (матрешка сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде бір сандық), мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртым, руластарым, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін,- деген екен. [23; 96-105]

Қазақта ең алғаш қазақ балалары үшін халық мұрасына, салт-дәстүріне, ерлік, адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, оқулық жазған Ы.Алтынсарин болды. Ол көшпелі елдің басына дүनियाуи ғылым-білім, өнер үйретуді армандады.

Абай Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ жастарды ерлік рухта, патриатизімге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін оятуды үнемі мақсат етті. Оның Азаматтың бәрін сүй бауырым-деп деген сөзі ұлы гуманистік идеяның айқын көрінісі еді. [24;10-15]

Қазіргі қоғам адам тағдырына жаңа көзқараспен қарап, соған сәйкес оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуды, халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің негізінде ұлттық сана-сезімді қалыптастыруды, оқушыларың білім сапасын жетілдіруді талап етуде.

Орта мектепте оқытылатын жаратылыстану курстарының мазмұндарын халық педагогикасымен сабақтастырудың мүмкіндіктері мол. Осы мүмкіндіктердің бірі-жаратылыстану пәндерінің сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстарында халық педагогикасы арқылы оқушылардың атамекенге сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Педагогикалық зерттеулерде оқушылардың атамекенге сүйіспеншілігін қалыптастыру мәселесі жеке дара қарастырылмаған, көптеген зерттеулерде оқушыларға адмгершілік (Р.Төлеубекова, Р.Елубаев, А.Қисымова, Ж.Сәдірмекова, А.Аманжолова, С.Әбілдина ), патриоттық (К.Әбілғазиева, А.Жұмаханов, С.Иманбаева,) т.б. тәрбиелерімен үнемі бірге жүріп жатыр. Біздің ойымызша, атамекенге сүйіспеншілікті қалыптастыратын тәрбиемен білім беру мәселесін арнайы зерттеулерде жеке бағыт ретінде бөліп қарастыруға болады, өйткені оның өзіндік мақсаты мен өзіне тән міндеттері бар. Бүгінгі таңда атамекен ұғымына әр ғылым саласындағы ғалымдар әртүрлі анықтамалар беріп жүр. Атамекен сөзі араб этимологиясында мекен – жай, орын деген сөзден туындап, кір жуып, кіндік кескен аймақ, өңір дегенді білдіреді. Атамекен сөзі түркі қауымына ортақ ата сөзімен қосылып, әуелде ата қоныс ұғымында қолданған [25; 366-378]

Атамекенге деген сүйіспеншілік Асан Қайғы бастаған XV-XVIII ғғ. Ақын-жыраулардың сыртқы жаудан қазақ жерін қорғаудағы ерлік және жауынгерлік дәстүрлерінде, қазақ демократ-ағартушыларының ұлттық мұраларымызды өркендету

жолындағы еңбектерінде, қазақ зиялыларының қазақ қоғамын, оқу-ағарту және мәдениет салаларының дамуына қосқан үлестерінде, Ұлы Отан соғысында қазақ жауынгерлерінің Кеңестік Отанды қорғаудағы көзсіз ерліктері мен кешегі Желтоқсан оқиғасында өрімдей қыздарымыз бен жігіттеріміздің еліміздің бостандыққа ұмытылып, азаттық алу жолындағы күрестерінде көрініс тапты. Атамекенге сүйіспеншілікті қалыптастырушы тәрбие адамгершілік тәрбиесімен тығыз байланысты. Өйткені адам бойындағы асыл қасиеттер атамекенге деген сүйіспеншіліктен де туындайды. Оқушылардың атамекенге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда жеке тұлғаның әлуметтік жағынан құнды, жағымды қасиеттерін дамыту ғана емес, сонымен халық педагогикасы арқылы оқушыларға сапалы білім беріліп, біліктері мен дағдыларын орнықтыруға да назар аударылған. Атамекенге сүйіспеншілікті қалыптастыру кең мағынада ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекет, ол оқушыларға халық педагогикасы негізінде сапалы білім беру, оларда іскерлік пен дағдыны дамытуға шығармашылықты арттыруға, жеке тұлғада атамекенді қадірлеу, сүю, көркейту секілді атамекенге деген сүйіспеншіліктің белгілерін, қалыптастыруға, саяси сана мен ойлау қабілетін арттыруға бағытталған. Мысалы география пәнінде оқушылардың атамекенге сүйіспеншілігін қалыптастыратын халық педагогикасымен сабақтастыруда пәнаралық байланыстардың артатыны байқалады. Туған өлке географиясы– тақырыбын өткенде ауылдың, яғни атамекеннің өсімдігі мен жануарларын түсіндіргенде биологиямен, атамекен шежіресін өткенде тарих пәнімен, атамекен жырларын келтіргенде әдебиетпен, тіпті атамекеннің көрікті жерлерінің суреттерін салдырғанда бейнелеу өнері пәндерімен байланыстырамыз. Мысалы, Туған өлке географиясы тақырыптарын өткенде поэзия жанры мен туған өлке материалдары арқылы оқушыларды атамекенді сүю қорғау, қастерлеу және көркейту сияқты борыштарын дамыту көзделді. Оқушылар өздері тұратын жерлердің өсімдік, жануар дүниесімен танысып су, ауа мен топырағына зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Теориялық тұрғыда өз жерлерінің тарихи шежіресіне шолу жасап, мәдениеті мен тарихын қарастырады. Нәтижесінде олардың шығармашылық, іздемпздық, орындауылық қабілеттері дамиды. Осы тақырыпты орта мектепте өткенде оқушыларға көптеген тапсырмалар беріліп, материалдар жинақталды. Ауылдың ландшафтын білу үшін оқушылар таным жорықтар мен топсеруендерге шықты. Бұл ауыл жайында өлең-жырлар жинақталған. [26;12-17]

Сонау төңкеріс жылдарынан бастау алатын «советтік патриотизм» Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткізді. Одан кейінгі жылдары патриотизмге баулу жан-жақты, үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу, коммунистік мораль қалыптастыру аясында жүргізілді. Отаншылдыққа, туған жерін қорғауға баулу мектептің тәрбиелік жұмыстарының аса маңызды бөлігін құрады. Патриотизмнің тарихи элементтері туған жерге, ана тіліне, салт-дәстүріне сүйіспеншілік түрінде, ықылым заманнан қалыптаса бастаған. Таптық қоғамда патриотизм мазмұны да таптық тұрғыда көрініс табады, өйткені әрбір тап Отанға деген көз қарасын өз мүддесі тұрғысынан білдіреді. Патриотизм қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан рухани сезім болып, ауыз әдебиетінен кең орын алған. Орхон-Енесей жазбаларында патриотизмнің қайнар көзі «Мемлекет, Отан, Атамекен, ел-жұрт» - деген сияқты ұғымдар келтірілсе, Қорқыт ата кітабында жауынгерлердің мінез-құлқына сипаттама беріледі. Отанға, елге деген сүйіспеншілік батырлықтың келіп шығу тегі, батырлардың мінез-құлық ерекшеліктері, батырлық кәсіптің маңызы, ер азаматтардың міндеті жайлы Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи, Сайф-Сайран, Әбу-Насыр-әл-Фараби, Махмұд Қашқари т.б. еңбектерінде пікір айтылған. Мектептегі тәрбие жұмысын халықтың педагогика негізінде ұйымдастыру туралы көп жылдардан бері айтылып келеді. Егер осы идея толығымен жүзеге асатын болса, оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу мәселесін ерекше бөліп қараудың қажеті бола қоймас еді. Өкінішке орай сабақтан тыс тәрбие жұмысы бір жүйеге түсе қойған жоқ, әлі де болса стихиялы сипатқа ие. Өсіп келе жатқан жас буындарға патриоттық тәрбие берудің психологиялық тетіктерін Ә.Алдамұратов, С.Әсімбетовалар «Азамат болу, ел қамын ойлау»

атты еңбектерінде көрсеткен. Сонымен бірге Қ.Б.Жарықбаев халықтық педагогика, ұлттық психологияға қатысты еңбектерінде отаншылдыққа тәрбиелеуге мән берді. Жастардың бойында ұлттық патриоттық сана-сезім қалыптастыруға зиянын тигізіп отырған аппарат құралдарын сынай келе «Рухани жұтандық қайдан шығады» атты мақаламен Б.А.Абыраев жастарымыздың кафе, мейрамханаларға әуес болып, жеңіл-желпі ән-күйлерге еліктеуінің рухани жұтандыққа апаратынын баяндайды. [27;10-15 ]

Қазіргі таңда қоғамның сұранысына сай “Қазақстан Республикасының жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасы” дайындалды. Тұжырымдаманың мақсаты – қоғамның әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ұлтаралық қатынас мәдениетін, еліміздің бейбітшілігі мен егемендігін сақтауға, экономикасын дамытуға ықпал ететін тұлғаны қалыптастыруға бағытталды. Патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасында төмендегі міндеттер жүйесі қамтылды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздеріне, Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың тарихына, дәстүрлеріне, мәдениетіне және ұлттық ерекшеліктеріне құрметпен қарау;

- мемлекеттік тілге, әлемдік тілдерге және ұлтаралық тіл болып есептелетін орыс тіліне, Қазақстанды мекендейтін басқа халықтардың тілдеріне құрметпен қарау;

- халықтар арасында сүйіспеншілік пен достықты, дін аралық қатынастар бойынша түсінушілікті қалыптастыруға ықпал ету;

- Қазақстан Республикасының бейбітшілігі мен тұтастығын, Отанның экономикалық байлығын дамытуға, Отанды қорғауға және жалпыадамзаттық тыныштықты сақтауға әрқашан дайын болу;

- жалпыадамзаттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық өркениеттілікті бағалау, құрметтеу (бейбітшілік, тыныштық, қауіпсіздік, еркіндік, ізгілік, тұлғаның еркіндігі мен құқығын қамтамасыз ету);

- мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің жүйесін негіздей отырып, ұлттық және әлемдік білім нәрінен сусындаған ғылыми техникалық прогресс көшіне ілесе алатын патриот тұлғаны қалыптастыру.

- Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде мектептегі әр қызметкерлердің өзіндік атқарар міндеті бар.

- Мектеп оқушыларының бойына патриоттық құндылықтарды қалыптастыруда пән сабақтарына қойылатын негізгі талаптар айқындалды:

- пән сабақтарының мектептегі және сыныптағы жүргізілетін патриоттық тәрбие жүйесімен өзара байланыста жүргізілуі, пән аралық байланыс, өткен тақырыптармен жүйелі сабақтастық, оқушылардың іс-тәжірибесі;

- пән сабақтарының алдына қойылатын мақсатының нақты болуы және педагогикалық тұрғыда негізделуі;

- сабақтың құрылымында патриоттық тәрбиеге арналған мазмұнның қамтылуы, сабақ мазмұнының оқушылардың патриоттық іс-әрекетінің негізі болуы, берілетін білім мен оқушылардың патриоттық іс-әрекеті арасында байланыстың болуы;

- пән сабақтарында оқушылардың патриоттық сезіміне ықпал ететін материалдардың қамтылуы;

- сабақ үстінде оқушылардың танымдық, белсенділік іс-әрекеттеріне ықпал ету, сабақтағы қамтылған материалдар олардың санасына, көңіл-күйіне әсерлі болуын ескеру;

- сабақтың құрылымы, мазмұны, қолданылатын әдістері мен тәсілдерін айқындауда патриоттық бағыттарына баса көңіл аударылуы керек.

Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру оқушы бойындағы сана-сезімді, намысты,

парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қалатын патриот-азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды. Төмендегі сызбадан көруге болады [28; 79-82].

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының орта білімнің тәлім-тәрбие тұжырымдамасын // Егемен Қазақстан, Алтамы, 2003, 26 желтоқсан. [1; 12-13]
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын // Егемен Қазақстан, Алматы 2011 [2; 26-27]
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан, Алматы, 2004 [3; 8-9]
4. 1993Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, Алматы 2004 [4; 32]
5. Д.Кішібеков. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы, 1999, [5; 13-15]
6. А.Қоңыратбаев. Алматы, 1999, [6; 56]
7. С.Қасқабасов. Алматы, 2001, [7; 78]
8. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде . Алматы, [8; 200]
9. Ж.Қалиев.Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Астана,2005 [9; 236]
10. С.Мусин. Педагогика тарихы. А., 1997, [10; 225]
11. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан болашағы қоғамның ұлттық бірлігінде. Алматы. Қазақстан, 1993 жыл [11; 22-35]
12. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. Педагогика, А, 2002, 350 б. [12; 350]
13. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы 2006 жылғы 10 қазан №200 // Қызылжар нұры – 2006 - 24 қараша. [13; 380]
14. М.Құрманбаева. М.Ғабдулин мұрасындағы этнопедагогикалық құндылықтар арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу. Алматы, 2003 [14; 109-111].
15. Патриоттық тәрбие және Б.Момышұлы // Қазақстан мектебі – 2005 - №8 – 72 - 73 бет [15; 72-73]
16. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын // Егемен Қазақстан, Алматы 2011[16;28-36].
17. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу - мұғалімнің басты міндеті // Қазақстан орта мектебі – 2005 - №9 [17; 7-9]
18. Жарықбаев Қ. Б., Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. – Алматы, 1965. [18; 36-39]
19. Т.Сабыров. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары, А, 1978, [19; 225]
20. А.Люблинская . Бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде. А, 1981, [20;26-38]
21. Н.Найзабекова. Патриоттық тәрбие - педагогикалық проблема// Бастауыш мектеп №6 2005 [21; 87-92]
22. Ж.Қалиев. Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Астана,2005 [22; 135-139]
23. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті: «Мектеп». - 1974ж. [23; 96-105]
24. Құнанбаев А. Шығармалары. Екі томдық. «Жазушы».- 1968ж [24; 10-15]

25. Жұмабаев М. Педагогика: «Ана тілі». - 1992ж.[25; 366-378]
26. Д. Исабеков. Сенім салтанаты /Егемен Қазақстан №10-11 қаңтар,2006. [26;12-17].
27. С. Мұса. Жеті жылдық жолдың басы /Егемен Қазақстан, № 11-12 қаңтар, 2006 [27; 10-15]
28. Жолдасбеков М. Асыл арналар.- Алматы: «Жазушы». - 1986ж. [28; 79-82]
29. Патриоттық тәрбие және Б.Момышұлы // Қазақстан мектебі – 2005 - №15 [29; 108]
30. Ю.К.Бабанский. избранные педагогические труды. Москва, 1989, 380 с [30; 46-48]
31. Базарбаев Ж. Нұсқабаев Ж., Даулетова Қ. Инабат. Әдептану оқу құралы. Алматы: «Жазушы». - 1996ж. [31; 28-36]
32. Досмұхамбетұлы Х. Аламан: «Ана тілі». - 1991ж. [32; 78-86]
33. Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану. Атамұра.- 1994 ж [33; 56-59]
34. Уәйісова Г.И., Жұмабаева Ә.Е. Ана тілі жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. 2-басылым, өңделген. Алматы 2009 жыл [34; 6, 39, 41, 47, 54, 55-56, 57, 63, 67, 124-125]
35. Қабатай Б.Т., Рахметова С.Р., Жаманқұл П.Қ.Ана тілі жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. Алматы, Атамұра 2009 жыл [35; 69, 72, 73, 75-79, 97, 210-211]
36. Әбдікарімова Т., Рахметова С., Қабатай Б. Ана тілі жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық.Алматы, атамұра 2010 жыл [36; 79-82, 83-87, 88, 89-90; 91, 91-92, 97-98, 103-104, 131-133, 137-139, 140-143]
37. Әбдікарімова Т., Рахметова С., Базарбекова Р. Ана тілі жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық, 3-басылым Алматы, Атамұра 2011 жыл [37; 208-209, 210-220, 260-261, 264-265]
38. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тілінің тәрбиесі. - Атамұра.- 1994 ж [38; 63-65]
39. Қалиев С. Қазақ халқының салт - дәстүрлері және демократ ағартушылары. Алматы: РБК. - 1993ж [39; 18]
40. Власкин А.Г. Оқушының рухани әлемі. - Ленинград.- 1991ж. [40; 89-95]
41. Жарықбаев Қ.Б., Наурызбаев Ж. Қазақтың ұлттық тәлім - тәрбие атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы. - 1993ж [41; 348-399]
42. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы.- 1993ж [42; 236]
43. Т. Бекайдар. Елін сүйген ұрпақ- ұлт мақтанышы //Қазақстан мектебі №9 2003 [43; 26-38]
44. А.Бейсенбаева,Л.Аукаримова. Отансүйгіштікке тәрбиелеу //Бастауыш мектеп №9 2005 [44; 128-139]
45. Н.Ыбыраймова. Менің Қазақстаным! // Қазақстан мектебі №2 2002 [45; 78]
46. М. Ғабдуллин «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» - Алматы 1999 жыл [46; 63]
47. Ш. Уалиханов «Отанды қорғау» - Алматы 1996 [47; 247-255]
48. М.Аңсабаева. Сөнбес жұлдыздар// Қазақстан мектебі №12 2003 [48; 125]
49. Жарықбаев Қ. Б., Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. – Алматы, 1965 [49; 423-436]
50. Ғ.Абшанкова.Отанын сүйуге тәрбиелеу // Бастауыш мектеп №1 2005 [50; 114-125]



## КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ ӨЗІНДІК ТАБИҒАТЫ

**Амангосова А.Т., Есенғалиқызы Қ., Майлишов Б.Б.**  
*«5B020500-Филология» мамандығының 4-курс студенттері*

**Умбеталина Зоя Бабрашовна**  
*филология ғылымдарының кандидаты, ҚОХУ доценті*  
*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52*

Бұл мақалада психологизмнің көркемдік жүйедегі маңызы, психологиялық талдаудың кейіпкерді даралаудағы әсері, әдебиеттегі психологизмнің өзіндік табиғаты, даму кезеңдері мен бағыттары, көркемдік қызметі қарастырылады.

*Түйінді сөздер:* психологизм, психологиялық талдау, көркемдік тәсіл, көркемдік деталь, стильдік ерекшелік.

---

## ПРИРОДА ПСИХОЛОГИЗМА В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

**Амангосова А.Т., Есенғалиқызы Қ., Майлишов Б.Б.**  
*Студенты 4 курса специальности «5B020500-Филология»*

**Умбеталина Зоя Бабрашовна**  
*кандидат филологических наук, доцент КРМУ*  
*Казахско-Русский Международный университет, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52*

В данной статье рассматриваются значение психологизма в художественной системе, влияние психологического анализа на индивидуализацию персонажа, своеобразие психологизма в литературе, этапы, направления развития и художественная функция.

*Ключевые слова:* психологизм, психологический анализ, художественный прием, художественная деталь, стилевое свойство

---

## THE NATURE OF PSYCHOLOGISM IN FICTION

**Amangosova A.T., Yesengalikyzy K., Maylishov B.B.**  
*4th year students of the specialty "5B020500-Philology"*

**Umbetalina Zoya Babrashovna**  
*candidate of philological sciences, associate professor of KRMU*  
*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52*

This article discusses the importance of psychologism in the artistic system, the influence of psychological analysis on the individualization of the character, the nature of psychologism in literature, stages, directions of development and the artistic function.

*Key words:* psychologism, psychological analysis, artistic technique, internal monologue, stylistic property.

Әдебиеттегі психологизм – кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін толық, терең және жан-жақты ашуға бағытталған көркемдік құралдар мен тәсілдер жүйесі, стильдік бірлік. «Психологиялық роман», «психологиялық эссе», «психологиялық лирика», тіпті «психолог

жазушы» туралы айтқанда, біз оларды осы мағынасы тұрғысында, яғни көркем әдебиеттегі психологизм, психологиялық талдау тұрғысында сөз етеміз.

Әдебиеттегі психологизм стильдік ерекшелік ретінде белгілі бір көркем мазмұнды көрсетуге, бейнелеуге тиіс. Оның осындай мазмұндық негізі идеологиялық-адамгершілік проблематика болып табылады. Бірақ оның пайда болуы үшін тарихи қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның жеткілікті жоғары сатыда дамуы қажет, оның дәуір мәдениетінде өзін дербес адамгершілік және эстетикалық құндылық ретінде саналы түрде түсініп, қабылдауы қажет. Бұл жағдайда күрделі өмірлік жағдайлар адамды өзекті философиялық және этикалық мәселелер туралы терең ойлауға, өзіндік «шындықты» іздеуге, өмірлік жеке ұстанымын дамытуға мәжбүрлейді.

Еуропа әдебиетіндегі психологизм Қайта өрлеу дәуірінің соңына таман қалыптаса бастады, бұл кезеңде феодалдық құрылыстың дағдарысы айқын көрініп, жеке адамның өзіндік санасы алға қарай орасан қадам жасаған болатын. Бұл дәуірдегі кейіпкердің ішкі жан дүниесін бейнелеу Боккачоның новеллаларында, Шекспирдің драмаларында, сондай-ақ лирикалық поэзияда стильдің мәнді де айрықша белгісі ретінде көрінді. Алайда психологизм жетекші стильдік қасиетке, стильдік ерекшелікке сәл кейінірек, Батыс Еуропада өзінің негізгі белгілері бойынша буржуазиялық қоғам қалыптаса бастаған кезде, яғни шамамен XVIII ғасырдың ортасына қарай айналды. Буржуазиялық қоғамның қайшылықтары жеке тұлғаның сана-сезімінде көрініс таба отырып, адамның ішкі әлемінің өте күрделі бейнесін жасайды да, қуатты идеялық-адамгершілік ізденіске түрткі болды. Бұл тарихи кезеңде әдебиеттегі психологизм осы дәуірдің ұлы сентименталисттерінің – Штерннің, Руссоның және Шиллердің шығармаларында өзінің айтарлықтай көркемдік кемеліне жетті.

Психологизмнің дамып, гүлденуі деп XIX ғасырдағы реалистік өнерді айтуымызға болады. Оның дамуына бірнеше себеп болғанын атап айтқан жөн: біріншіден, жеке тұлғаның және оның ішкі жан дүниесінің күрделілігі күрт өсті, екіншіден, бұған реалистік әдістің өзіндік ерекшеліктері әсер етті. Бұл кезеңдегі реалист жазушының басты міндеті қоршаған орта шындығын танып, түсіндіру, құбылыстардың түп-тамырын, белгілі бір моральдық, әлеуметтік және философиялық түсініктердің бастауын іздеуге мәжбүрлеу, адамның мінез-құлық әрекеттерінің жасырын мотивтеріне, яғни оның жан күйзелісінің өте ұсақ элементтеріне дейін тереңдеуді талап ету болды.

Реализм кейіпкер характерінің ішкі дамуын табиғи, заңды және дәйекті процесс ретінде қарастырады, осыдан келіп кейіпкер характерін құрайтын жеке бөлшектерді, яғни оның ойларын, сезімдерін, күйініш-күйзелістерін, уайым-қайғысын, басындағы қасіретін тығыз бірлікте, байланыста бейнелеу қажеттілігі туындайды. Орыс әдебиетіндегі Л.Толстойдың атақты «жан диалектикасы» психологиялық талдаудың бір түрі ретінде дәл осы қажеттілікті қанағаттандырды. Толстой психологиялық өмірдің сан алуан сәттері қалай тоғысатынын, қалай «біріктірілетінін» және бұл «байланыстардың» адамды қандай бұралаң жолмен сенімге, сендіруге, сезімге, әрекетке жетелейтінін көрсетті. Ал Н.Чернышевский болса, алғашқылардың бірі болып психологизм тәсіліне баға отырып, орыс әдебиетінің классигі Лев Толстойдың психологизмін реализмнің басты тәсілі, тұлғаның ішкі әлемін танытудың материалистік әдісі деп көрсеткен және «психологиялық талдау – шығармашылық таланттың қуатын көрсететін қасиеттің ең маңыздысы» - деген тұжырым жасаған [1; 36].

XIX ғасырдағы классикалық реализмнің дәстүрлі психологизмі орыс әдебиетінде жалғасын тауып, табысты дамыды деуге болады. Шығарма кейіпкерін қиын жағдайда қалдыруға ұмтылу, кейіпкер характерінің моральдық мәнін ашу үшін оны сан қилы қиын сынақтан өткізуге ұмтылу – орыс әдебиетіне тән ерекшеліктердің бірі десек болғандай. Бұл М.Горький, М.Шолохов, А.Фадеев, А.Толстой, т.б. орыс әдебиетінің кеңес дәуіріндегі классиктеріне де, қазіргі орыс жазушыларына да тән ерекшелік.

Әлем әдебиетіндегі психологизм қазақ суреткерлеріне де өз ықпалын тигізді. Олар психологиялық көркем туындылардан үлгі ала отырып, қазақ әдебиетінің проза жанрындағы психологизм бағытында өзіндік зор ізденістерімен даралана білді. Көптеген әдебиет зерттеушілерінің пікірі бойынша, қазақ әдебиетіндегі тұңғыш психологиялық роман – Ж.Аймауытовтың "Ақбілек" романы. Сондай-ақ, XX ғасырдың екінші жартысындағы Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, О.Бөкей, А.Сүлейменов, Т.Әбдіков, М.Мағауин, Т.Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, Т.Жармағамбетов, С.Мұратбеков, т.б. қаламгерлердің прозадағы психологизм үлгісінде жазылған шығармалары әдебиетіміздегі жаңа серпіліс, соны жаңалық болды. XX ғасырдың орта шенінен бастап суреткерлер кейіпкердің ішкі жан дүниесін көбірек ашуға ден қоя бастады. Сондағы мақсаттары - шығарманың оқырманға эмоционалды әсерін күшейту. Осы кезеңнен бастап психологизмді берудің түрлі амал-тәсілдерін қолдана отырып, кейіпкердің тұлғалық болмысын, ішкі тынысын ашуға назар аударыла бастады. Бұл ретте жекелеген кейіпкерлердің ғана емес, тұтастай бір қауымның, тіпті ұлттың, елдің психологиялық ерекшеліктерін аша алатындай түс көру, ішкі монолог, бейвербалды ишараттар, заттық әлем т.б. көркемдік деталь, амал-тәсілдері қолдануға басымдық берілді. Ал әдебиеттануда көркем шығарманы терең психологиялық талдау алға шығып, зор маңызға ие болды.

Адамның жан дүниесінің бар сырын, айшықтап көрсете алған тың туындыларды туған әдебиетіміздің көптеген қаламгерлерінің шығармаларынан кездестіре аламыз. Шығарма кейіпкерінің жан дүниесін психологиялық талдау, психологизм тәсілі арқылы мейілінше нанымды етіп берілуі, бір жағынан, шығарманың көркемдік құнын арттырған болса, екінші жағынан, оның ішкі-сыртқы адами болмысы табиғи шынайылықтан ауытқымай әрі ерекше көркем бейнеленіп, жазушының қаламгерлік қас шеберлігін көрсетті және көркем туындының оқырманның биік талғамын қанағаттандыруына айрықша септігін тигізді деуге әбден негіз бар. Кейіпкердің жан әлемінде болып жатқан барша құбылысты бүге-шүтесіз ақтарып көрсету шығарманың өз оқырманын табуына сөзсіз ықпалы етеді. Психологизмді «әдебиеттің көркемдік шыңы» деуіміз де осыдан.

Қазіргі қазақ жазушыларының да әрқайсысының өзіндік психологизмі бар, олардың әрқайсысының кейіпкері туралы өз түсінігі және оған берер өз бағасы бар және осыларды мейілінше шебер көрсететін психологиялық бейнелеу әдістерін олар өздері таңдап алады немесе «ойлап табады». Мәселен, психологиялық тәсілді шебер меңгерген жоғарыда аталған қаламгерлердің бірі – Ә. Кекілбаевтың психологизміне сәл аялдайық. Қаламгердің қай шығармасынан да психологиялық талдауға үздік мысалдар табуға болады. "Аңыздың ақыры" [2] шығармасының өзі-ақ жазушының психологиялық талдаудың түрлі тәсілін терең меңгерген қаламгер екенін дәлелдейді. Романның «Қызыл алма», «Мұнара», «Махаббат» деп аталатын үш тарауының қайсысын алмайық, олардың әрқайсысы психологиялық талдаудың ішкі монолог, сана тасқыны, бейвербалды тәсілдерін шебер қолданып, кейіпкердің әр жан тебіренісін, жүрек лүпілін, алған демін, ішкі қыжылын, қобалжуын ұсақ элементтеріне дейін қаз-қалпында, асқан мұқияттылықпен тәтпіштей отырып, ерекше суреткерлік шеберлікпен көз алдымызға келтіреді, сол психологиялық жағдайға сендіреді, сөйтіп бізді еріксіз осы психологиялық күйді кейіпкермен бірге бастан кешіруге мәжбүр ететіні шындық. Сөзіміздің тұздығы ретінде шығармадан шағын үзінді алайық. «Мұнара» тарауындағы шебер жігіт Жаппардың ешкімге білдіртпеген ішкі жан сырын, ішкі аласапыран сезімін жазушы деп басып, былайша суреттейді: «... Дымы ішінде боп, тыныш тұруға тырысқан ол бәріне де шыдап бақпақшы болды. Бірақ көмейі әлденеге қыж-қыж жыбырлап, тамағы қышып қоя берді. "Қап, қайдағы пәле қайдан тап болды» – деп ойлауы мұң екен, алқымға толып, қылғындырып тұрған пәлекет босанатын жер іздеп абайсыз жөткірініп қалды. Ол аз дегендей тағы жөткірінді... Екі беті ду қызарып кетті...». Сырттай қарағанда бір ғана қарапайым деталь – оның жұтқыншағына қысылтаянда келіп, сыртқа қинала шыққан жөтел – егжей-

тегжейлі баяндалып, психологиялық тәсіл ретінде беріліп, кейіпкердің ішкі дүниесінде болып жатқан түрлі психологиялық процестерді ашып көрсетудің таптырмасы құралы ретінде салмақты қызмет атқарып тұр. Бұл – қаламгердің өзіндік, нағыз суреткерлік тапқырлығы... Әр шығармасында детальға аса мән беретін суреткер Ә.Кекілбаев кейіпкердің жеке тұлға ретіндегі жан диалектикасын, мінез-құлқының психологиялық нәзік иірімдерін, ішкі дүниесінің қалтарыс-бұлтарыстарын бір қарағанда алыстан «мен мұндаламайтын» психологиялық талдау тәсілдерімен сәтті ашуға тырысады. Және ол әрқашан әрбір көркем туындысы арқылы осы мақсаттың үрдісінен шығып та отырады... Көзге бірден байқала бермейтін ұсақ детальді пайдалану арқылы жазушы суреттеп отырған қоғамның күрделі әлеуметтік мәселелерін, жеке тұлғаның әділеттік, адамгершілік, сезім, қайырымдылық сияқты рухани құндылықтарын көрсетеді, сол арқылы оқырманға үлкен философиялық ойды жеткізеді.

Әдебиеттегі, оның ішінде проза жанрындағы психологизм табиғатын жете тануда осы тұрғыдағы отандық ғалымдардың зерттеу еңбектерінің маңызы үлкен. Қазақ әдебиеттануында прозадағы психологизмнің табиғатын егжей-тегжейлі зерттеп, оған тұтас бір ғылыми еңбегін арнаған ғалымдардың бірі Г. Пірәлиева болды. Зерттеуші өзінің «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» атты монографиясында прозалық психологизмнің мынадай басты белгілерін нақты көрсетеді: «Біріншіден, психологиялық прозада оқиға, кейіпкер, кезең, уақыт, тақырып, идея т.б. деген мәселелер алдыңғы сапқа шыға қоймайды. Ол талап та етілмейді. Екіншіден, мұнда ең бастысы – жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке адам санасындағы сапалы өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданады. Үшіншіден, психологиялық прозаның эстетикалық, көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды» [3; 10]. Шынымен де бұрын әдебиетімізде оқиға, сюжет маңызды болып саналмайтын. Көркем шығармада кейіпкерді қоршаған ортаға басымырақ назар аударылатын еді. Оның жан толғанысы, тебіренісі, ішкі уайым-қайғысы, ішкі психологиялық күйзелістері екінші қатарда тұратын.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында көркем шығармаларды психологизм тұрғысынан зерттеуде орны ерекше еңбектер - ф.ғ.д. Бауыржан Майтановтың ғылыми соны ізденістерінің нәтижесі болып табылатын «Көркем әдебиеттегі психологизм», «Мұхтар Әуезов – суреткер», «Қазақ романы және психологиялық талдау» атты ғылыми-теориялық еңбектер. Бұл зерттеулерде ғалым шығармалардағы көркемдік образдарды, кейіпкерлердің характерін, өзіндік ішкі әлемін, күйініш-сүйінішін, жан тебіренісін берудегі ақын-жазушының өзіндік шеберлігіне, көркемдік тәсілдеріне тоқталып, шығармаларды психологиялық талдау тәсілі арқылы теориялық-практикалық жан-жақты қарастырудың тамаша үлгісін көрсетеді. Зерттеуші бүгінгі қазақ әдебиетіндегі психологизмнің біздің қоғамымыздың өмір шындығын айрықша берудегі қызметіне ден қояды. Ш.Құдайбердиевтің «Әділ-Мәрия», Ж. Аймауытовтың «Ақбілек», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», М.Әуезовтің «Абай жолы», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» шығармаларындағы психологизмнің берілу тәсілін осы суреткерлердің жазушылық шеберлігі ретінде ерекше бағалайды.

Кейіпкердің өзіндік болмысын ашудағы психологиялық суреттеулердің рөліне аса мән бере талдау жасаған профессор Б.Майтанов «Мұхтар Әуезов – суреткер» атты зерттеуінде қаламгердің психологиялық суреттеу тәсіліне «эпикалық психологизм, құлашты психологизм, өткір психологизм, қазымыр, сырдаң анайы суреттеу емес, мәдениетті проза талаптарына сай өресі биік, сұлу сырлы, аңғарғыш, әділ де мінезді психологизм» [4, 38] деген пікір білдірген. Енді бір жерде ол көркем шығармадағы психологизмді:

«...психологизм сөз өнерінің тектік белгісі... қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізудің амал-тәсілдердің жиынтығы...», - деп сипаттайды [5; 4].

Әдебиеттегі психологизм мәселесі көтерілген ғылыми зерттеулердің бірінде психологизмді кейде категория, кейде тектік белгі десе, кейбір зерттеушілер көркемдік тәсіл не әдіс, әдеби құбылыс, кейбіреулер әдеби бағыт, мектеп деп те жүргенін аңғардық. Осылардың ешбіреуін де қате деуге келмес, әдебиеттегі психологизм - әдебиеттану ғылымындағы әдеби бағыттарды, бейнелеу әдіс-тәсілдерін топтастыратын тұтас көркемдік жүйе. Неге десеңіз, көркем шығармада жеке тұлғаның ішкі рухани әлемін, жан дүниесінің қыр-сырын, қалтарыс-бұлтарыстарын, әр қыртысы мен иірімін бүге-шүгесін қалдырмай бейнелеу бір ғана жанрдың ауқымына сыймайтын міндет.

Әдеби психологизм мәселесі қарапайым нәрсе емес, оның күрделілігі көркем психологизмнің құбылыс ретіндегі жан-жақтылығымен байланысты.

Қазіргі әдебиеттануда «психологизм» терминімен байланысты негізгі мағыналар жүйесі түзілді. Біріншіден, психологизм – сөз өнерінің тектік белгісі, оның органикалық қасиеті. Кез келген шынайы өнер қалай болғанда да ерікті түрде, не еріксіз түрде болсын бәрібір адам психологиясына қатысты болады. Сондықтан да психологизмнің кез келген өнерге, оның ішінде көркем әдебиетке тікелей қатысы бар.

Екіншіден, психологизм автор психологиясының, кеңірек, жалпылама айтсақ, әлеуметтік психологияның шығармада бейнеленуі және берілуі түрінде көрінуі мүмкін, ал ол суреткердің өз тұлғасы мен ол жасаған кейіпкерлердің образдары арқылы ашылады. Көркем шығарма көркем мәтінді қабылдаған адамның санасына да, сезіміне де әсер етеді. Белгілі бір психологиялық заңдылықтармен байланысты нәрсе болғандықтан да, автор санасы мен оқырман санасының арасындағы диалог күрделі процесс болып табылады. Енді бірде, психологизм көркем стильдің эстетикалық принципін ұйымдастырушы, оның нақты бір шығармадағы немесе жазушының жалпы шығармашылық мәнеріндегі өзгеден басымдылығын көрсетуші, жеке тұлғаның ішкі өмірін бейнелеудің және оның жан дүниесін ашудың жолдары мен формаларының арнайы және мақсатты түрде жасалған әзірлемесі ретінде ұғынылады.

Біз тақырыпты зерттеу барысында «психологизм» терминінің әмбебап мағынасы да, «тар», «арнаулы» мағынасы да бар екеніне көз жеткіздік. Алайда біз бұл терминнің әртүрлі түсінігін қолдай алмаймыз: оның әмбебап, барлық әдебиетке тән мағынасы мен өнер туындыларының бір бөлігін ғана сипаттайтын «тар» немесе арнайы мағынасын беретін ұғымдарды бір-біріне араластырмау қажет деген пікірдеміз.

Біздің зерттеуіміздің аясында дәл осы «тар» түсінік өзекті болып табылады, оған сәйкес әдебиеттегі психологизм – образ құрудың, қандай да болмасын өмірлік характерді бейнелеп көрсетудің, түсіндірудің тәсілі, ол шығарманың өзіндік стильдік ерекшелігін танытады, автордың шығармашылық мәнерінің даралық сипатын көрсетеді, осылайша ол көркемдік форма элементтерінің ерекше жүйесі болып табылады және ондағы барлық көркемдік-бейнелеуіш құралдар бір мақсатқа – кейіпкердің ішкі әлемін ашуға қызмет етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Чернышевский Н. Полные собрания ОГИЗ., - М., 1939.
2. Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры. <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1538134>
3. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербальді ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 бет.
4. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов – суреткер. – Алматы: Әл-Фараби, 1996. –124 бет.
5. Майтанов Б. «Қаһарманның рухани әлемі». – Алматы: Жазушы, 1987. – 401 б.

## **Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚБІЛЕК» РОМАНЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІІРІМДЕР**

**Амангосова А.Т., Есенғалиқызы Қ., Майлишов Б.Б., Жұмабай А.С.**  
*«5B020500-Филология: қазақ филологиясы» мамандығының 4 курс студенттері*

**Умбеталина З.Б.**

*филология ғылымдарының кандидаты, ҚОХУ доценті*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі-52*

Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы – кейіпкердің ішкі жан дүниесін психологиялық тұрғыдан талдаудың озық үлгісі. Романда кейіпкер идеал ретінде суреттелмейді, суретші өзінің ішкі жан дүниесін өзінің бар табиғи болмысымен, өзіндік ерекшелігімен, яғни өмірдегідей бар кемшілігімен ашады. Жазушы көбінесе ішкі монолог арқылы кейіпкерлердің жалпы мінезін, рухани дүниесін ашып, олардың жан-дүниесін терең жаңғыртады, сол арқылы күрделі психологиялық портреттер жасайды.

*Түйінді сөздер:* психологизм, психологиялық талдау, көркемдік құралдар, ішкі монолог, көркем бейнелеу принципі.

---

## **ОСОБЕННОСТИ ПСИХОЛОГИЗМА РОМАНА «АКБИЛЕК» Ж.АЙМАУТОВА**

**Амангосова А.Т., Есенғалиқызы Қ., Майлишов Б.Б., Жұмабай А.С.**

*Студенты 4 курса специальности «5B020500-Филология»*

**Умбеталина З.Б.**

*кандидат филологических наук, доцент КРМУ*

*Казахский-Русский Международный университет, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52*

Роман «Ақбілек» Ж. Аймаутова является лучшим образцом психологического анализа внутреннего мира героя. В романе главный герой не изображается как идеал, художник раскрывает его внутренний мир со всей его естественной сущностью, своеобразием, то есть со всеми недостатками, как в реальной жизни. Писатель часто использует внутренний монолог для раскрытия общего характера, духовного мира героев, глубокого воспроизведения их душевного состояния, тем самым создает сложные психологические портреты.

*Ключевые слова:* психологизм, психологический анализ, художественный прием, внутренний монолог, принцип художественного изображения.

---

## **FEATURES OF PSYCHOLOGISM OF THE NOVEL «AKBILEK» ZH.AYMAUTOVA**

**Amangosova A.T., Yesengalikyzy K., Maylishov B.B., Zhumabay A.S.**

*4th year students of the specialty "5B020500-Philology"*

**Umbetalina Z.B.**

*candidate of philological sciences, associate professor of KRIU*

*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52*

The novel "Akbilek" by Zh. Aymautov is the best example of the psychological analysis of

the hero's inner world. In the novel, the protagonist is not portrayed as an ideal, the artist reveals his inner world with all its natural essence, originality, that is, with all the shortcomings, as in real life. The writer often uses an internal monologue to reveal the general character, the spiritual world of the characters, to deeply reproduce their state of mind, thereby creating complex psychological portraits.

*Key words:* psychologism, psychological analysis, artistic technique, internal monologue, principle of artistic representation.

Әдебиеттегі психологиялық талдау, әдебиеттегі психологизм – қазақ қаламгерлерінің кейіпкердің ішкі дүниесін бейнелеуге көбірек назар аудара бастағанына байланысты ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап әдебиеттанудың өзекті мәселелерінің бірі ретінде зерттеу нысаны болып келе жатқан ғылыми маңызы зор әрі күрделі тақырып. Өйткені көркем әдебиеттегі психологизм – жеке тұлғаның қоршаған ортаны, дүниені өзіндік тануының, оның іс-әрекетіндегі көріністерін жазушылық шеберлікпен, психологиялық талдаудың түрлі амал-тәсілдері арқылы сенімді, шынайы суреттеу арқылы кейіпкер бейнесін ашу. Көркем әдебиеттегі психологизмнің ғылыми анықтаманы Б. Майтанов былайша тұжырымдайды: «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығармашылық феномен- психологизм» [1;3]. Ғалымның айтуынша, «Психологизм – көркемдік әлемнің жұлын-жүйесі», психология жеке ғылым саласы ретінде әдебиеттен кейінірек пайда болды, ал психологизм оның көркем әдебиетте тұрақты қатысатын бір элементі іспетті. Дәл осы мағынасында қарастырылып отырған психологизм әдебиетке көркемдік тәсіл ретінде ХVIII ғасырдан бастап кеңінен қолданылып, ене бастады.

Әдебиеттегі басты тұлға адам екені белгілі, сондықтан көркем шығармадағы кейіпкердің жан дүниесінің нәзік иірімдерін суреттеп беруде қаламгер қолданар басты тәсіл - психологизмнің қаламгердің шығармашылығында да, оның өзіндік қолтаңбасын танудағы басты стильдік ерекшелік ретінде де атқарар маңызы айрықша. Мәселен, зерттеуші Қ.Әбдікова Ж.Аймауытов шығармашылығын әдебиеттегі тұлға мәселесінің психологиялық талдау тәсілі арқылы жүзеге асатынына негіздей отырып, талдау жасайды. А.Иезуитов те: «Біріншіден, психологизм – сөз өнерінің тектік белгісі, ажырамас қасиеті, көркемдік кепілі» [2;50], - деген пікірі арқылы шығармадағы тұлға мәселесіндегі психологизмнің маңызын ерекшелейді. Шығарма авторы шығарма кейіпкері ретіндегі адамның тұлғалық даралануын көрсету үшін, яғни оның ішкі ойын, жан әлемін, түйсігінде болып жатқан сан алуан психологиялық процестерді, кейіпкердің дәл қазір басынан кешіріп жатқан ішкі сезім қайшылықтарын, қасірет-қайғысын, толғаныс-тебіренісін және оны жан дүниесіндегі дағдарысын шынайы бейнелеуге тырысады және осыларды суреттеп көрсетуді негізгі міндет санайды және осы міндетті жүзеге асыруда психологиялық талдаудың түрлі тәсілдерін негізгі көркемдік бейнелеу құралдары етіп пайдаланады.

Л.Толстой, Р.Стендап, Ф.Достоевскийдің шығармаларында тұлға таныту «сана ағымы», «жан диалектикасы» сияқты психологиялық талдаудың әдіс-тәсілі арқылы берілгені ғылыми зерттеулерде жиі айтылып жүр. Көркем әдебиеттегі психологизмнің табиғатын танып, оған алғаш баға бергендердің бірі Н.Чернышевскийдің «психологиялық талдау-шығармашылық таланттың қуатын көрсететін қасиеттің ең маңыздысы» [2;36] - деген пікірі де әдебиеттегі психологизмнің маңызына дәлел бола алады. Жалпы, психологиялық талдау – шығарманың сюжеттік желісіне, композициялық құрылымына, тұлғаны даралап сомдау амал-тәсіліне әсерін тигізер бірден-бір әдіс ретінде өміршендігін сақтай береді.

Ж. Аймауытовтың шығармалары – қазақ әдебиетіндегі психологизм әдісіне тамаша үлгісі болар шығармалар деуімізге болады. Әсіресе, «Ақбілек» романы – Ж.Аймауытовтың әдебиеттегі өзіндік психологизмін танытқан, суреткердің өзіндік қолтаңбасын, стилін

көрсеткен әрі кейіпкердің жан әлемінің қыр-сырын ашу мақсатында психологиялық талдау жасаудың үздік үлгісін көрсеткен туындысы.

Әйел тендігі – романының басты тақырыбы және бұл тақырып сол тарихи кезеңдегі демократияшыл жазушыларға ортақ болды. Суреткер романдағы басты тұлға Ақбілекті күнәсіз пенде етіп бейнелемейді, оның шынайы болмысын, өзіне біткен мінез-құлық табиғатын, кем-кетігімен бірге қаз қалпында береді. Анасын о дүниеге аттандырған ақ офицерден көрген зорлығын ешкімге тіс жармай, бар қайғы-қасіретін ішіне бүккен Ақбілектің жан әлемін астан-кестен қылған ішкі қопарылысты, күйзелісті, бірінен кейін бірі келіп жатқан ой қайшылықтарын, тән, жан азабын Ж.Аймауытовтың шебер беруіне психологиялық тұрғыдан терең талдауды қолдануы зор ықпал еткен.

Ары ақ офицерге тапталып, жігері құм болып, қорғансыздың күйін кешкен қыздың қайшылыққа толы тағдыры мен жан дүниесінің дағдарысы ішкі монолог арқылы шебер берілген. Ары төгілуі, күнәсіз күнәлы боп, жүкті болуы, сүйген адамынан айырылуы, әкесі мен өгей шешесінің қырғиқабақтығы – осының бәрі Ақбілекті, жан азабына салады, өзімен ішкі арпалысқа, психологиялық дағдарысқа түсіреді. Кейіпкердің қиын тағдыры жазушыны ішкі монолог, толғаныс т.б. секілді әдеби тәсілдерге жүгіндіреді. Суреткер кейіпкердің басынан кешкен осындай ауыр өмір шындығын қою, қатпарлы, шым-шытырық ой арпалысы, бірін-бірі тоқтаусыз алмастырып жатқан көзқарастар керегарлығы арқылы бейнелейді де, Ақбілектің психологиялық образын шеберлікпен ашады. «Сана ағымы» арқылы берілген үздіксіз күмәнді ойлар кейде автор сөзі арқылы, кейде кейіпкер сөзі арқылы, ал енді бірде автор сөзі арқылы берілген кейіпкер сөзі арқылы баяндалады. Мәселен: «...Алды-арты тұйық, қараңғылық, не болары белгісіз... Сонда да Ақбілек тірі, Ақбілек сұлу... Ол елден асты: қазақ тұрсын, атағын орыс естіп, іздеп келіп, алып қашты... Орыс біткен бұған бола қырқысты. Кім біледі, тірі болса, үмітсіз шайтан... Өз еркімен келіп отырған жоқ...» [6; 164]. Бұл кейіпкер ойының автордың атынан баяндалуы іспетті. Осы үзіндіден байқағанымыз, сөз арасындағы іркілістердің де стильдік, функционалдық, көркемдік қызметі орасан, психологиялық күйзелісті беруде қуаты күшті. Бір ой екінші ойды қуалап, ілесе келген келесі ой оны жоққа шығарып, дамылсыз ауысқан ой толқыныстары кейіпкердің санасын сан-саққа жүгіртіп, басына келген әр ойын аяқсыз қалдырады... осылай жан күйзелісін туғызады. Бұл психологиялық күйдің көп нүктеден көрінетін кідіріс, мүдірістермен берілуі, әлбетте, суреткерлік шеберлік. «Төре» болса қайтсін? Мұның іздегені орыстың төресі ме еді? Киім тамақ әпереді дейді. Соған зар болып, осылардан сұрауға келіп отырғаны-ау! Шаруаны қатын істемейді дейді. Енді кім істемекші?» деп келетін келесі бір үзіндіде ішкі монолог ортақ төл сөзбен беріліп тұр. Мұнда баяндаушының сөзі кейіпкер сөзімен жымдасып кеткендей.

Ж. Аймауытов бұл романда ішкі монологты бастан аяқ шебер қолданады, осылайша оқырманын да кейіпкердің ішкі сезімдерін тұтас бастан өткеріп, шынайы сезінуіне мәжбүр етеді. Романда кейіпкерлердің ар азабы ішкі монолог арқылы беріледі. Роман авторы ішкі монологты кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі трагедияны, ішкі болмыс-бітімі мен ішкі ойын талдау құралы ретінде пайдаланып, оны кейіпкердің образын іштей ашуда, психологиялық сезім-күйлерін жан-жақты толықтай талдап көрсетуде өзіндік формалық ізденіс ретінде қазақ қаламгерлерінің арасында алғашқылардың бірі болып қолданған.

Ж. Аймауытовтың талданып отырған шығармасынан авторлық ішкі монологты да, персонаждық ішкі монологты да жиі кездестіруге болады. Жоғарыда айтылғандай, романда ішкі монологтың бұл формалары кейде ауысып келуі мүмкін, авторлық ішкі монолог, яғни баяндаушының ішкі монологі кейіпкердің ауызына салынып, соның сөзі ретінде берілуі мүмкін немесе керісінше, персонаждың ішкі ойын автор арқылы тыңдағандай әсерде боласыз, енді бірде олар бірігіп кеткендей де болады. Шығармадан үзінді алайық: «...Әкесі



мен екеуінің арасын қара мысық кесіп өткендей, бір өткел түскенің Ақбілектің жүрегі сезеді. Әкесінің қабағы қашан жадырар екен, қашан жылы қарар екен, қашан тіл қатар екен?... деп сарылып, сарғайып күтеді: әкесінің көзі түсер ме екен деп көзінің қырымен жаңсыз аңдып отырады. Бір қарасада қайғысы жеңілетіндей, бақытты болатындай көреді. Сонда да әкесі көз салмайды. Енді Ақбілекке шешесінің өлімінен де мынау жаман батты. «Жан дегенде жалғыз әкем мені жек көрсе, енді кімге сыямын?» - деп қайғырды. Міне, Ақбілекті ендігі ауыр күрсіндіретін жаңа қайғы осы еді» [6;253]. Келтірілген үзінді персонаждың ішкі монологындағы аласапыран болған сезімінің автор сөзі тұрғысынан берілуіне мысал бола алады. Кейіпкердің ішкі ойының автор сөзіне көшіріліп берілуіне романдағы мына үзіндіні дәлел үшін алайық: « Алды-арты тұйық, қараңғылық, не болары белгісіз...Сонда да Ақбілек тірі, Ақбілек сұлу... Ол елден асты: қазақ тұрсын, атағына орыс естіп, іздеп келіп, алып қашты... Орыс біткен бұған бола қырқысты. Кім біледі, тірі болса, үмітсіз сайтан... Өз еркімен келіп отырған жоқ... Қара күшке, тағдырға не шара? Жамандығынан мұндай болған жоқ. Ақбілекті кім жазғыра алады? Малына, жанына ие болып отырған қай қазақ бар? Азар болса, жазықсыз құрбан болып жатқан көп қорғансыздың, көп сорлылығының бірі шығар...» [6;164].

Персонаждың ішкі психологиялық күйзелістері, ой толғаныстары, сан қияға кеткен түрлі ішкі сезімдері, оның басынан кешіріп жатқан түрлі эмоционалдық жай-күйін біз оның сөзбен берілген ішкі монологымен бірге бірнеше рет тез-тез ауысқан бет-жүзіндегі қимыл-өзгерістерден, ым-ишараттардан да, санада бол түрлі қозғалыстардан да байқап отырамыз. Мәселен, Ақбілектің ағаларымен бірге ауылына келе жатқандағы ішкі монологы сана ағымы арқылы мейлінше тебіреніспен беріліп, оқырманын бей-жай қалдырмайды: «Осы арам деміммен, арам ауызыммен әкемнің иманды жүзіне қалай жақындармын, қайтып оны да арамдармын? Құдайдан қорықпай, оны құтты қандам мешіттей үйіне қалай кіремін? «Кәпір» сүйген, аймалаған, аяғымен жайнамаз салатын жерін қалай денем шімірікпей басармын? Мені көргенде, «пәленшенің орыс бүлдіріп... кеткен қызы деп, кім көрінген ішінен ойлап тұрады-ау! Әлде біреуі әкеммен, не өзімнен егіскен күн айтып та салады-ау!» [6;201]. Психологиялық күйзеліске түскен Ақбілек өз ойымен арпалысып келеді, ол қазір ешкімді, ешнәрсені сезбейді, ішкі дүниесінің ойран-топыры шыққан, бірін-бірі қулаған үздіксіз ойдан жан дүниесі астан-кестесін. Сұрақ көп, жауап жоқ. Күмән көп, қорқыныш көп... Қаламгер кейіпкердің осы психологиялық мүшкіл халін «сана ағымы» арқылы ерекше көрсетеді.

Ендігі бір ескерер жәйт, романдағы кейіпкерлердің өзін-өзі іштей әшкерелеуі, өз ісін саралап-таразылауынан өзге автордың араласып отыратыны жиі кездеседі. Мәселен, Мұқаштың қаны бұзық адам екендігін автор мына бір соны сурет арқылы да аша түседі: "...Баласын иіскейін деп оқталды да, ойына бірдене түсіп кеткендей тоқтай қалды. Күнәға батпаған, періштедей сәбиге жаман қолын, арам демін, арам ернін тигізуге батылы бармады. Молдадан да, ұйықтап жатқан нәрестеден де, нәресте емес, өзінен ұялғаны күштірек тәрізденеді. Аңдаусызда аяқ астынан әлде бір ит арс еткендей-ақ, Мұқаштың тұла бойы шымыр ете түсті" [6; 167]. Суреткер пәк нәресте мен қылмысты әке бейнесін осылай салыстыра отырып, кейіпкердің ішкі әлемін әшкерелей шенейді.

Романда Ж.Аймауытов психологизмінің тағы бір сипаты көрініс береді: қаламгер Ақбілектің жан азабын бейвербалды ишараттар арқылы да өте нәзік әрі дәл көрсетеді, олардың кейіпкердің жан дүниесін түсінуде атқарар функционалдық қызметі айрықша екенін роман авторы өте-мөте жақсы түсінген. Басынан өткен сұмдықтарды артқа тастап, ақтардан, қасқырдан аман қалған, әйтседе алдында тұрған одан да зор қорқыныштан арыла алмай, өз ойымен арпалысып келе жатқан Ақбілектің қиын халі шығармада былай берілген: «...Оның келе жатқан ауылы, әкесі. Әкесін көреді, құшақтай көріседі, апасына құран оқытады, әкесін апасындай болып күтеді. Бірақ, өзін-өзі қалай жұбатса да, жүрегінің басында түйіртпектеліп бір зілді нәрсе жатыр, ол түйіртпек нәрсе арқандаған аттай, қуаныштың

кұлашын жаздырмайды, бер жағы бұған да шүкіршілік еткісі келсе де, ар жағы құрсаған күндей жадырамайды, езу ғана жымығандай болады. Бет-ауызы, көзі күлмейді, ілгіштеніп жібермейді» [6; 191].

Қорыта айтқанда, Ж. Аймауытов – өзі жасаған кейіпкерлерінің ішкі болмысына терең үңіліп, оның жан сезімдерінің қалтарыс-бұлтарыстарын, небір нәзік иірімдерін жіті сезіне білген психолог-қаламгер. Ол кейіпкер бейнесін жасауда басты құрал ретінде көбінесе психологиялық толғаныстарды қолданды. Қаламгердің «Ақбілек» романы – соның бір дәлелі. Бұл шығарма – адам психологиясының сан түрлі құбылыстарын, өкінішін, қайғы-қасіретін, психологиялық дағдарысынан, адам баласына ғана тән жан сезімінің небір алапат толқындарын психологиялық талдаудың түрлі әдіс-тәсілдері, ішкі монолог, «сана ағымы», «жан диалектикасы» арқылы көрсете алған қазақ прозасындағы алғашқы психологиялық роман, Ж.Аймауытовтың көркем әдебиеттегі психологизмінің өзіндік сипатын, жазушылық шеберлігі мен стиль ерекшелігін таныта алған туындысы.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. - 376 б.
2. Веселовский А.Н. Психологический параллелизм и его формы в отражениях поэтического стиля. В кн.: Историческая поэтика. – Москва: Высшая школа, 1989. - 90 б.
3. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 278 б.
- Исмакова А. Казахстанская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. - Алматы, 1998. – 280 б.
5. Пірәлиева Г. Изденіс өрнектері: Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбаттар. – Алматы, 2001. – 77 б.
6. Аймауытұлы Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 164 б.
7. Пірәлиева Г. Ішкі монолог. – Алматы, 1994. 16-17 б.

## ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІДЕГІ МЕДИАМӘТІН ЖӘНЕ АУДАРМА

**Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызы**

*Педагогика ғылымдарының магистрі, ағылшын тілінің оқытушысы*

**Аскарова Салтанат Аскарровна, Кокаева Нургуль Каримжановна, Талғат Қарашаш**

**Талғатқызы, Бисекенова Гүлнара Берікқызы**

*6B02312 - «Аударма ісі» оқу бағдарламасының 3- курс студенттері*

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі

Жобаның мазмұны қазақ баспасөзіндегі медиамәтін көрінісін лингвомәдени тұрғыдан жан- жақты қарастыра отырып, ағылшын тіліндегі аудармасын салғастыра зерттеу арқылы оларға тән сәйкестіктер мен ерекшеліктерді анықтау, олардың аудармада берілу тәсілдерін талдау, түпнұсқа мен аудармадағы тілдік бірліктің сәйкестігін саралау болып табылады

---

## МЕДИАТЕКСТ И ПЕРЕВОД В ЛИНГВОКУЛЬТУРНОМ АСПЕКТЕ

**Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызы**

*Магистр педагогических наук, преподаватель английского языка*

**Аскарова Салтанат Аскарровна, Кокаева Нургуль Каримжановна, Талғат Қарашаш**

**Талғатқызы, Бисекенова Гүлнара Берікқызы**

*Студенты 3 курса образовательной программы 6B02312 - «Переводческое дело»  
Казахско- Русский Международный университет: 030006, г.Актөбе, ул.Айтеке би, 52*

Содержание проекта заключается в выявлении характерных для них совпадений и особенностей, анализе способов их передачи в переводе, дифференциации соответствия оригинала и языковой единицы в переводе посредством сопоставительного изучения английского перевода, всестороннего лингвокультурологического подхода к отражению медиатекста в казахских сми.

---

## MEDIATEXT AND TRANSLATION IN THE LINGUOCULTURAL ASPECT

**Agymedullayeva Nazerke Bolekbaykyzy**

*Master of Science in Education, teacher of English language*

**Askarova Saltanat Askarovna, Kokaeva Nurgul Karimzhanovna, Talgat Karashash**

**Talgatovna, Bisekenova Gulnara Berikovna**

*3 rd year students of 6B02312 - «Translation studies» educational program  
Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

The content of the project is to identify their characteristic coincidences and features, analyze the ways of their transmission in translation, differentiate the correspondence of the original and the language unit in translation through a comparative study of the English translation, a comprehensive linguoculturological approach to the reflection of the media context in the Kazakh media.

Еліміз егемендік алған соңғы он бес жыл көлемінде қоғам өмірінің барлық саласында қалыптасқан стереотиптер бұзылып, көптеген өзгерістер орын алғаны мәлім. Осындай өзгерістер жаңалық жаршысы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдарында ерекше көрініс тапты. Мұның өзі жалпы ақпараттық кеңістікте көптеген тың ізденістер мен шығармашылық тәсілдердің алуан түрде қалыптасуына жол ашты. Бұған жарты ғасырдан астам үстемдік еткен Кеңестік цензураның алынып тасталуы, тәуелсіздікпен қатар қол жеткізілген шығармашылық еркіндік, нарық жағдайындағы баспасөз қызметіндегі жаңаша үрдіс, БАҚ түрлерінің көбеюіне байланысты ақпараттық кеңістіктегі бәсекенің күшеюі бір себеп болса, бұқаралық сананың жаңа деңгейге көтерілуі, бұрынғы ұсынылған нәрсені оқып бас шұлғуға мәжбүр болған тізгіндеулі күйден өткен аудиторияның БАҚ-қа қойылатын талабының арта түсуі, жалпы оқырман, тыңдарман, көрерменнің қабылдаушы ретіндегі талғамының да өсуі екінші себеп болды.

Қоғам өмірінің айнасы болып табылатын БАҚ ондағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы барлық қордаланған проблемаларды жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бір ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке таныстырып жеткізетін де әмбебап құрал болғандықтан журналистер қауымын ғаламның ақпараттық бейнесін жасаушылар деп тануға негіз бар. Осы топтың жинау, талдау, саралау, іріктеу сияқты сатылардан өткізіп барып көпшілікке ұсынатын түпкі өнімін медиамәтін деп атауға болады. Жалпы БАҚ-тың ақпаратты жеткізу формасына қарай үш түрге бөлінетіні белгілі: телевизия, радио және мерзімді баспасөз. БАҚ тілі нысанаға алынғанда лингвистика ғылымындағы негізгі ұғым мәтінге бұқаралық коммуникацияда жаңа мағыналық реңктер үстеледі. Сөйтіп БАҚ арқылы таралатын аудиалды және визуалды түрде қабылданатын хабарламалардың бәрі біріге келіп вербалды және медиалық белгілердің жиынтығы ретінде медиамәтін ұғымын құрайды.

Аса ауқымды ақпараттық кеңістікті қамтитын медиамәтін бүгінде социумның когнитивтік санасын құрайтын діни, саяси, әлеуметтік, мәдени, тарихи т.б. факторлардың барлығын тілдік санада айшықтай отырып, бұқаралық санаға ықпал етуші қуатты құралға айналды. Бұл жерде медиамәтінді бұқаралық сананы реттеп, қажетті идеологиялық бағытқа бейімдеп отыратын саяси тетік деуге де болады. Қазіргі кезде бүкіл адамзат электронды БАҚ-тың әсер ету объектісіне айналып отырғаны мәлім. БАҚ түрлерінің қай-қайсысында да қолданылатын әмбебап құрал ретінде медиамәтін әлеуметтік-реттеуші қызметін атқарады. Академик Р.Сыздық қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің даму барысында көркем әдебиет стилінің жетекші орын алатынын айта келіп былай дейді: “Сөз жоқ, бұл күнде тіл тәжірибесінде публицистиканың, көпшілік информация құралдары – баспасөздің, радио мен телевидениенің де рөлі күшейе түскенің мойындау қажет” [1,81]. Медиамәтін – әлеуметтік-сөзжұмсамдық құбылыс, жоғары деңгейдегі коммуникативтік бірлік, ол социум өмірінің барлық саласындағы ақпаратты қамтитын ауқымды дүние [2,175]. Сонымен жұмысымызда медиамәтінге қатысты мынадай тұжырымдар жасалды:

- Медиамәтін – БАҚ арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық-коммуникативтік процестің маңызды элементі;
- Медиамәтін қарым-қатынастың өзге түрлерінің жүзеге асырылуы үшін қолданылатын сөзжұмсамдық әрекет формасы;
- Медиамәтін коммуникацияның аяқталған, тиянақты және тұтас бірлігі;
- Медиамәтін ақиқат болмыстың қандай да бір үзігінің репрезентациясы болып табылатын күрделі, құрастырылмалы моделі;
- Медиамәтін – оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді интерпретациялаушы көп құралдың ішіндегі аса әлеуеттісі;
- Медиамәтін – мәтіндік интерпретациялаушы механизмдер әрекетінің

жемісі;

- Медиамәтінде – әсер етудің прагматикалық стратегиялары жүзеге асырылады;
- Медиамәтін – әлеуметтік регуляцияда қолданылатын қуатты құрал;
- Медиамәтін – ғаламның медиа бейнесін қалыптастырушы негізгі фактор болып табылады.

Жалпы лингвомәдени жиынтық (комплект) әлемдік ақпараттық кеңістіктің маңызды құрастырушысы болып табылады, оның мәнін түсіну және бағалау өте қиынға соғады, өйткені кез келген ақпараттық сөз қолданыстары белгілі бір тіл мен мәдениеттің нақты көрінісі болып табылады. Әлемдік медиакөріністегі кез келген тіл мен мәдениеттің таралу аймағын (ареалы) түсіну арқылы лингвомәдени кеңістіктің пікірі мен ұстанымы шын мәніндегі аймақтық, мемлекеттік шекара мен ақпараттық саладағы әсер мен ықпалдың шын мәнінде бір-біріне сәйкес келмейтіндігін білуге мүмкіндік тудырады. Демек, ағылшын-америкалық лингвомәдени кеңістігінің аталған елдердің аумағынан алысқа шығып кеткенін байқаймыз, себебі ол ағылшын тілді медиахабардың және Интернеттің орасан зор аумақты қамтуына байланысты болып отыр. Сонымен, тілдік процестің қозғалысындағы БАҚ-тың ролі тек қана өзгерістерге ғана байланысты емес, жалпы лингвомәдени жағдайлардың сапалық туындауына да байланысты болады. Қазіргі бұқаралық медианың тілдік процестердің туындауына ықпалын бағалай отырып, талдаудың үш түрлі деңгейіне тоқталуға тура келеді. Олар мыналар:

1. Геолингвистикалық деңгей;
2. Интерлингвистикалық деңгей;
3. Интралингвистикалық деңгей [3, 46 б.].

Геолингвистикалық деңгей әлемдегі және аймақтардағы жалпы лингвомәдени жағдайлардың және оның дамуына бұқаралық ақпарат құралдарының қалай ықпал жасайтындығына талдау жасауды шамалайды. Бұл жерде төмендегідей маңызды сандық және аймақтық жетістіктерге назар аударылады, тіл саласының ықпалының шегі қандай: бір тілде және басқа тілдердегі сөйлеушілердің сандық өзгерісі, әлемдегі ақпараттық кеңістіктен белгілі бір тілдің өзіндік ролі басқа тілдердің ролінің азаюы т.б.

Интерлингвистикалық деңгейде немесе тілаларлық деңгейде зерттеушілер тілдердің өзара ықпалдасуы мен өзара әсер етуі мәселелерін қарастырады, кірме лексиканың тәсілдерімен механизмдері зерттеледі, сондай-ақ шет тілдердің ықпалына ұшыраған тілдер мен сөз қолданудың саласы мен функционалды стильдерді зерттейді.

Интралингвистикалық деңгей немесе ішкі тілдік деңгей бір лингвомәдени аймақтың аясындағы тілдік процестердің медиакелісіміне басты назар аударады. Оған мыналар жатады: нақты стильдік шекараның бұзылу мақсаты, медиасөйлеудің базалық корпусында ауызекі сөйлеу стилі нормаларының таралуы (жаңалықтар, ақпараттық талдау, шолу), қате тілдік қолданыстардың таратылымы (екпіннің қате қойылуы, грамматикалық қателер, қате құрастырылым т.б.), бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдік нормалардың қолданысының төмендеуі және нормаға жатпайтын лексиканың қолданылуы т.б.

Даусыз ағылшын тілінің басым бағыт алуы қазіргі кездегі әлем геолингвистикалық келбетінде бірден-бір негізгі нышан болып отыр, бұл бұқаралық ақпарат құралдарында да көрініс беруде.

Ағылшын медиамәтіндерінің бүтіндей көлемі бірқатар экономикалық, саяси, әлеуметтік салаларда қарқындап өсуі басқа әлем тілдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде де мәтін көлемін арттыруға ықпал етуде, бұл тілдік процестің ағымында болатын құбылыс, сондай-ақ мұндай тілдік процестер сөз қолданысының сапалық жағына да, тілдік нормасының қозғалысына да, тілдер мен мәдениеттердің өзара ықпалдасуына да өз әсерін тигізуде.

Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарына ағылшын-американдық бұқаралық медианың тигізіп отырған ықпалын олардың формат деңгейі мен мазмұнынан, сондай-ақ тілінің деңгейінен де байқауға болады. Ағылшын тілді үлгілердің теледидар және радиоөнімдеріне кең тарауы (олардың қатарында лицензияланған, сондай-ақ лицензияланбаған пираттық өнімдер де байқалады), форматы мен мазмұнының көшірілуі, ағылшын тілдік кірме элементтердің орасан зор толқыны, коммуникативтік-ақпараттық еліктеу стилі – қазіргі қазақ медиамәтіндеріне тән белгілер болып келеді.

Ресейдің ақпарат хабарларын белгілі батыс бағдарламаларының үлгісімен жүргізуі олардың ағылшын тілді медиақұбылысының форматтарынан да, мазмұнынан да, ақпарат құралдарының тілінен де анық байқалатындығының ашық үлгісі. Ал Қазақстан ақпарат құралдары ағылшын-американдық медиақұбылыстарды Ресей ақпарат құралдары арқылы сатылап қабылдап отырғаны байқалады.

Орыс ақпарат құралдары арқылы келген англо-американдық белгілі теле және радиобағдарлар Қазақстанда жаңа заман талабына сай нәтижелі бейімделуде: мұндай ағылшын тілді бұқаралық медиаформаттарының қатарына: «Шоу-бизнес» (reality show), «Таңшолпан» (Доброе утро), «Біздің көршілер» (Наши соседи), «Алаң» сияқты хабарларды жатқызуға болады және олардың қатары күннен-күнге артуда. Тілдік деңгейде англо-американ бұқаралық медианың әсерімен ағылшын тілінен енген орасан зор ағылшын кірме лексикасы енді. Бизнес, менеджмент, маркетинг, брокер, диллер, спонсор, спикер, спичайттер, трейдер, киллер, диджей, драйв, рейв, шоумен, промоушн, пати, файл, электорат және басқа ағылшын кірме сөздері қазіргі қазақ тілінің құрамды бөлігі ретінде сөздік қорға еніп, қалыптаса бастады. Көзқарастар жүйесі бойынша бағамдасаң, қызмет саласындағы ұлттық мәдениеттің кез-келген аясында кірме лексиканың енуі байқалады. Мысалы, британ баспасөз беттерінің өзінде де француз тілінен енген сөздерді жиі кездестіруге болады, олар қолданыстық өмірдегі заттарды білдіру үшін қолданылады, сондай-ақ сән үлгілерін, гастрономия заттарын атау үшін мол қолданылатыны байқалады. Мысалы: haute couture, clientele (клиент), vin de table(табло) т.б. өз кезегінде, ағылшын тілінен енген кірме сөздер бизнес, саясат, спорт компьютерлік технология, кең тараған музыка (саз), жастар мәдениетіне байланысты сөздер саласында мол қолданылатынын бағамдаймыз. Белсенді түрде шетелдік арналар арқылы тілдік қарым-қатынасқа түсетін БАҚ-тарда сондай-ақ белгілі бір ақпараттық-сараптау стильдерін қолдану және тарату үрдісі пайда болып келеді. Ақпараттық-тарату стилі ұғымы бұқаралық ақпарат құралдарымен тікелей байланысты және оқырмандармен белгілі және ерекше тонмен сөйлеу тәсілі арқылы іске асырылады, сондай-ақ, тыңдармандармен де, көрермендермен де әрбір бұқаралық ақпарат құралдарының өзіне тән сөйлеу, сөйлесу тәсілдері болады, бұл – әрбір газетке, журналға радиобағдар тарату мен телебағдарламаларға тән болып келеді. Әрбір БАҚ субъектісі өз аудиториясымен белгілі бір тонмен «сөйлеседі», олармен қарым-қатынасқа түсу үшін, мәтіндік коммуникация жасау үшін берік медиастилистикалық және шешендік (риторикалық) құралдар қолданады. Мысалы, сапалы газет баспасөзінде (пресса) қарым-қатынас жасаудың бір түрлі стилі тән болса, кең тараған баспасөз құралдарында басқа стиль түрлері қолданылады. Мысалы, британ жаңалық тарату құралдарының стилі Ресей тележаңалықтары стилінен ерекшеленетіні сияқты қазақстандық каналдардың да жаңалық тарату ерекшеліктері бар т.б. Сазды үйлесім мен үндестікке қарай бұқаралық медианың әртүрлі субъектісінің саздылығы (тональность) көптеген экстралингвистикалық (сыртқы тілдік факторлар) факторларға байланысты түрленеді, атап айтқанда, ол саяси, тарихи, мәдени, идеологиялық, әлеуметтік салаларға қарай түрленіп отырады.

Медиасөздің ішкі корпусындағы дәл де нақты стильдік шектеуді жоюдың ұстанымын көптеген зерттеушілер, оның ішінде Ресей, шет елдердегі зерттеушілер қарастырып келеді. Мүмкін бұл бағыт төтенше жылжымалылықтың және медиакурстың өзінде жанрлық

технологиялық динамикалық қозғалыстың тууына, пайда болуына себепші болатын шығар. Медиамәтіндердің негізгі типтері, оның ішінде жаңалықтар, ақпараттық талдаулар (comment and analysis), публицистика (features) және жарнама жанрлары бір-бірімен үнемі кеңістікте және уақытша жақын болып өзара әсер ететіндіктен (публицистика мен ақпараттық талдау бағдарламалары жарнамамен бөлінеді, ал жаңалықтар шолуға жақын болады), бір-біріне ықпал жасайтын табиғи жағдай деуге болады. Кей кейде мұндай ықпалдасулар мен бір-біріне әсер ету процесі «Инфотеймент» (infotainment) немесе «инфомерция» (infomercial) сияқты жанрлық-стилистикалық жағына жаңа гибрид жанрдың пайда болуына себепші болады. Адамдарды шаттандыруға (развлекательный) арналған немес жарнамалық құрамдар (компоненттер) барынша үлкен аудиторияны қамтуға тырысатын бұқаралық коммуникацияға жатады [4, 85 б.].

Мамандар соңғы кезде БАҚ-та ауызекі тіл мен жазба тілдің барынша жақындаса бастағанын байқауда, себебі бұған бұқаралық ақпарат құралдарының дискурстық тәжірибесіндегі функционалды-технологиялық ерекшелігі себепші болып отырған сияқты. Өйткені медиамәтіндерді жасау мен тарату барысында жүгіртпелі қатарды оқу, алғашқы ауызша мәтінді жазбашаға аудару (мысалы сұхбат), жедел және даярланған мәтіннің интеграциясы (тілара қатынасы), ауызекі тіл мен кітаби-жазба тілдің араласып кетуі сияқты арнайы техникалар қолданылады. Аталған үрдістер тек қана Қазақстан лингвомәдени аймағына (ареалына) ғана тән құбылыс емес. БАҚ-тағы аталған тілдік процестердің ағылшын зерттеушілер басқа да Еуропа тілдеріне тән екендігін анықтап отыр, мысалы, ағылшын, француз, алман (неміс), испан, итальян тілдерінде де осындай үрдістер байқалуды. Демек, тілдің даму қозғалысында (динамикасында) бұқаралық медианың атқаратын ролі орасан зор [5, 111 б.].

Тілді қолданудың негізгі саласына айналу барысында бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі тіл жағдайының көптеген құрылымы мен сипатын айқындайды. Осы процестердің әсері академиялық ғылымдарда да айтылуда, дәлірек айтқанда, "БАҚ тілі" ұғымының орнығуы мен бекітілуіне де аталған зерттеулер қатысты болып келеді.

Ақпарат дәуірі деген атауға ие болған бүгінгі күні БАҚ – бұқаралық коммуникацияны жүзеге асырушы негізгі тетік ретінде танылып, мойындалып отыр. Ғалам бейнесінің (яки ақиқат болмыстың) бір үзінгін репрезентациялай отырып, оның бұқаралық санадағы ақпараттық бейнесін қалыптастыратын медиамәтін социумға әсер етудің прагматикалық стратегияларын жүзеге асырушы, күрделі құрылым болып табылады. Аса маңызды әлеуметтік реттеуші ролін атқаратын медиамәтіндерде социум ішіндегі, сондай-ақ алыс-жақын шетелдердегі саяси оқиғалар мен әлеуметтік-экономикалық ахуал түрліше интерпретацияланады.

Лингвистикалық және бейлингвистикалық құралдардан тұратын жазбаша формадағы медиамәтін тіл дамуының белгілі бір кезеңіндегі жаңалықтар мен ерекшеліктерді айшықтай отырып, сол арқылы бүгінгі тілдік субъектінің компетенттілігін де көрсететін құнды материал ретінде үлкен маңызға ие болады. Сондықтан мерзімді баспасөз материалдары негізінде жүргізілетін прагмалингвистикалық талдау Адам факторының төңірегіне шоғырланатын алуан сипатты (саяси, әлеуметтік, экономикалық, тарихи, мәдени т.б.) мәселелерге аксиологиялық тұрғыдан баға беруге мүмкіндік туғызады. Нәтижесінде медиамәтін БАҚ-тағы прагматикалық әлеуеті аса күшті құрал ретінде танылады. Сондықтан да қазіргі медиа-мәтіннің авторы жаңалыққа ұмтылғыш, өз азаматтық позициясын айқын көрсететін, қоршаған ортаны өз ыңғайына қарай бейімдей алатын жасампаз, бейстандарттылықты таңдайтын еркін шығармашылық субъекті болып табылады.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Бүгінгі көркем проза тілі және әдеби норма (сәйкестік пен алшақтықтар). – Алматы, Жазушы, 1986.
2. Рогозина И.В. Медиа-текст как средство социальной регуляции. –Барнаул, 2001.
3. Билинский И. Язык газеты. Избранные работы. – Москва, 1996.
4. Доброслонская Т.Г. Вопросы изучения медиатекстов. - Москва, 2005.
5. Володская М.Н. Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования. - Москва, 2004.
6. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. - Алматы, 2007.



## ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Мухамбетова С.К**

*Ғылыми жетекшісі: Филология ғылымдарының кандидаты, доцент ҚОХУ  
Ахаева Ж.Б., Кабакова С. А., Казтаева А.Е., Лакашова А. С., Наурызқызы Н.  
«5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша»  
мамандығының 4 курс студенттері*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі-52*

Мақалада ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері әдістемелік-педагогикалық тұрғыдан талданады.

*Түйінді сөздер:* Педагогика, әдістеме, мектепке дейінгі оқыту, таным белсенділігі

---

## ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА

**Мухамбетова С.К**

*Научный руководитель: кандидат педагогических наук, доцент КРМУ  
Ахаева Ж.Б., Кабакова С. А., Казтаева А.Е., Лакашова А. С., Наурызқызы Н.  
Студенты 4 курса специальности «5B010100 - Дошкольное образование и воспитание»  
Казахский-Русский Международный университет, 030006, г. Актөбе, ул. Айтеке би-52*

В статье анализируются психолого-педагогические аспекты развития познавательной активности детей раннего возраста с методологической и педагогической точки зрения.

*Ключевые слова:* Педагогика, методика, дошкольное образование, познавательная деятельность

---

## PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF COGNITIVE ACTIVITY IN YOUNG CHILDREN

**Mukhambetova S.K.**

*Supervisor: Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of KRMU  
Akhaeva Zh.B., Kabakova S.A., Kaztaeva A.E., Lakashova A.S., Nauryzkyzy N.  
4th year students of the specialty "5B010100 - Preschool education and upbringing"  
Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi-52*

The article analyzes the psychological and pedagogical aspects of the development of cognitive activity in young children from a methodological and pedagogical point of view.

*Key words:* Pedagogy, methodology, preschool education, cognitive activity

Баланы ерте жастан дамыту мәселесі ежелгі грек философтарының еңбектерінен бастау алып күні бүгінге дейін шетелдік және отандық психология, педагогика ғылымында, соның ішінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласында өзекті зерттеу мәселесіне айналып отыр. Өйткені адамның тұлғалық дамуының бастауы, соның ішінде танымдық іс-әрекеттерінің негіздері туғаннан үш жасқа дейінгі аралықта қалыптасады. Бұл ойымызға

ұсынылып отырған параграфта талдау жасалатын ұлы ойшылдардың, ғалымдардың баланың физиологиялық, психикалық дамуына қатысты айтқан ойтұжырымдары негіз болады. Платон, Аристотель балалық шақтың ерте кезеңіне басым назар аудармағанымен, қоғамда бала тәрбиелеуде осы кезеңді босқа жоғалтқан уақыт деп санайды, олар осы ойларын ерте жастағы балаларды қоғамда тәрбиелеудің жүйесі жоқ екенімен дәлелдейді. Ерте жастағы баланың денесі мен психикасының даму қарқыны жоғары, дегенмен оның барлық ағза мүшелері мен жүйке жүйелерінің құрылысы дамып аяқталған жоқ, сондықтан олардың іс-әрекеті де жетілмеген. Мысалы, жүйке жүйелерінің күші әлсіз, байсалдылығы мен ширақтығы жеткіліксіз, ішкі тежелу үрдістері де жеткілікті қалыптаспаған. Бұл баланың мінез-құлқында көрініс табады. Ол тез шаршап қалады, оның көңіл-күйі тұрақсыз, бұл қыңырлық пен жанжалға себеп болады. Белсенді сергектік ерте жаста бірте-бірте ұзарады. Бұл баланың жүйке жүйесі жетілмегендіктен тез қарқынды даму жағдайында оның шаршап қалуына жол бермейді. Жасы кіші бала тезірек дамиды, жиі әрі көп ұйықтайды. Балалардың жақсы әрі байсалды көңіл-күйі олардың дер кезінде және толыққанды дамуының бірден бір шарты. Балалардың өмірін дұрыс ұйымдастыру, қызықты әсерлер, балалар мен үлкендердің біріккен іс-әрекеті олардың көңіл-күйіне демеу болады. Ерте жаста балалардың даму қарқыны бірдей емес. Бұл салмағы, бойы, отыру мен жүрудегі алғашқы талпыныстары, тістерінің шығуы сияқты дене бітімінің көрсеткіштеріне қатысты. Бұл саладағы медициналық көрсеткіштер әрдайым өзгеріп тұрады. Аталмыш ауытқулар психикалық дамуда да байқалады. Осылайша бір жас тобындағы балалардың бірдей жағдайда тәрбиеленіп жатса да, даму көрсеткіштері жоғары да, төмен де болуы мүмкін. Балалардың дүниеге келген сәтінен бастап бойларында жүйке жүйесінің әр түрлі тұрпаттамалық ерекшеліктері немесе, басқаша айтқанда, темперамент түрлері байқалады, сондықтан бала тәрбиесіне даралық тұрғыдан келген жөн. Кейбір балалар тез елігеді, кейбіреуі баяу, ал енді біреулерінің жүйке үрдістерінің әлсіздігі әр түрлі әсерлерге деген аса сезімталдығымен ұштасады. Көптеген авторлардың зерттеулерін қорытындылай келе, жаңа туған балалардың мінезіндегі алты түрлі басты айырмашылықтарды көрсетуге болады: әртүрлі ынталандыруларға реакциялар диапазоны; жалпы белсенділігінің дәрежесі, қозуы, ұйқы кезіндегі мазасыздануы, барлық жаңалықтарға үйренуі, қолдан алуға ұмтылуы. Мінез-құлқтың бұл белгілері темпераментпен түсіндіріледі. Бұл ерекшеліктер топтамасы ерте жастағы баланың ақыл-ой дамуының тұтастығы мен әрі қарай дамуы үшін негіз ретінде маңыздылығын растайды. Осы кезеңнің сипаттамаларын егжей-тегжейлі қарастыру баланың әлеуетті қабілеттерін барынша толық ашатын болады; оның дамуы мен білімінің жеке траекториясын дұрыс және тиімді түрде қалыптастырады. Ерте дамытудың тамыры – бала өмірінің бірінші жылындағы дене қимылының белсенділігі. Туғанынан бір жасқа дейінгі өмірінде қимылдауға ынталандыру тәсілдеріне үйрету керек. Екінші баланың ой-өрісін кеңейту, тілін дамыту, ал үшінші дәл осы кезде баланы тіпті бәріне: оқуға, жазуға, есепке, шеттілдеріне, шығармашылыққа, музыкаға, гимнастикаға т.б. үйретуге болады екен. Баланың қимылдау белсенділігі оның миының, ойының дамуынан талап етіледі. Бала неғұрлым ертерек еңбектеуді, жүруді, жүгіруді үйренсе, ол ерте оқуды, санауды, ойлауды үйренеді. Соңғы он жылда ғалымдар адам миының жұмыс істеуі туралы көп нәрсе білді. Баланың психикасына ерте әсер ету негізінен балалардың қажеттіліктерін қабылдауды түбегейлі өзгертетіні туралы тұжырым жасалды. А.И.Брусилловский, Т.Н.Овчинникова және басқалар жүргізген зерттеудің нәтижесінде үш маңызды жаңалық ашылды. Біріншіден, ақыл-ой қабілеттерінің дамуы тұқым қуалаушылықтың (генетикалық тұрғыдан анықталған қабілеттердің) және қоршаған ортаның өзара әрекеттестігі арқылы жүреді. Зерттеулер көрсеткендей, гендерде интеллектуалдық қабілеттерін дамытудың күрделі бағдарламасы бар, бірақ ол қалай іске асырылатыны тәрбиелеу (қамқорлық, мадақтау, ынталандыру және оқыту) сияқты сыртқы күш-жігерге байланысты болады. Екіншіден, адамның миы өмірдің

алғашқы жылдарында тиісті оқытудан және кез-келген тәжірибеден зор пайда үйренеді. Жақындардың жылы қарымқатынасы мен қамқорлығы баланың биологиялық өмірін сақтап қана қоймай, туындайтын қиындықтарды жеңуге көмектеседі, сондай-ақ адам өміріндегі соңғы стресс пен жарақаттарды сәтті еңсеруге дайындайды. Қамқорлықтың жетіспеушілігі, күтімсіздік, ерте жастағы зорлық-зомбылық болашақта баланың эмоционалдық жағдайына әсер етуі мүмкін. Үшіншіден, алғашқы жылдарда мүмкіндіктер мен тәуекелдер барынша көп болғандықтан, білім алу процесі адамның бүкіл өмірінде жүріп отырады. Ақыл-ой қабілеттерін дамыту біркелкі болмайды. Адамның өмірлік циклдарын зерттеу барысында, адамның миы оқудың жекелеген түрлеріне өте сезімтал болатын кезеңдер бар екендігі анықталды. Кейбір дағдарыс кезеңдері шығармашылық қабілеттердің қарқынды дамуымен аяқталады. Мысалы, балалар үш жастан он жасқа дейін музыкамен ғана айналысумен әуестенеді. Шет тілін үйренудің ең қолайлы кезеңі туғаннан он жасқа дейін созылады. Ақыл-ой қабілеттерін дамыту спиральды толқындар ұқсайды. Осылайша, әр жас кезеңінде танымдық белсенділіктің мінез-құлық көріністерінің өзіндік формалары болады және оларды қалыптастырудың ерекше шарттары талап етіледі. Оның көзі нәрестенің жаңа эмоцияларды, әсерлерді алудан туған тілегі болып табылады. Физиологтардың, невропатологтардың, перинатологтардың, неонатологтардың зерттеулері дәм сезімі туа біткен сәттен бастап он төртінші аптадан, ал тыңдау жиырмасыншы аптадан басталатынын көрсетті (Әрине, осы тұста жүктілік кезеңінде де анасы арқылы барлық сезімталдық ағзалар дамитындығын жоққа шығаруға болмайды). Осылайша, өмірдің алғашқы аптасынан бастап бала қоршаған ортадан шыққан әртүрлі әсерлердің (есту, көру, сезу және т.б.) әсерін сезінеді. Жоғарыда айтылғандардың бәрі ерте жастағы баланың жаңа білімге деген қажеттілігінің бар екендігін айқын көрсетеді, Л.И.Божович өз зерттеулерінде осы мәселелерге көңіл бөле отырып, оны «жаңа әсерлерге деген мұқтаждықтың негізінде туындайтын базалық қажеттілік» деп атады. Алайда ересек адамның көмегіңсіз қоршаған ортаның өзі баланың танымдық белсенділігінің қалыпты дамуын қамтамасыз ете алмайды. Бастапқыда ересек адам бала білімінің ең маңызды «тақырыбы», оның әсерленуінің ең бай көзі: бала мұқият қарайды, дауысты тыңдайды, интонация жасайды, жылуды сезеді, иіс сезеді. Танымдық белсенділіктің мәнін түсіну үшін оны екі тәсілге бөлуге болады. Бірінші тәсіл танымдық белсенділікті іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде қарастыруға негізделген. Танымдық белсенділік іс туындаған сәттегі жеке қозғалысты қалыптастыру, іске асыру, дамыту және өзгерту қызметін қамтамасыз ету ретінде түсіндіріледі. Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін зерттеу жалпы теориялық маңызға ие, өйткені бұл проблема бағдарлық қызметтің жоғарғы түрінің негізгі көзін анықтаумен және «бізге қоршаған ортаға жоғары, шексіз бағдар беретін ғылымды қалыптастыратын» адамның танымдық белсенділігінің бейнесімен байланысты (Павлова Л.П.). Әр отбасы ата тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, атқарған еңбегін құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалы қоғамдық еңбек барысында адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл-кеңес беріп, ата кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген. Туыстық, отбасылық қатынастарды бала кезінен қалыптастырған. Танымдық белсенділік – қандай да бір жаңалықты білу құштарлығы – баланың өмірге табысты бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды шарттар. Ерте жастағы балалық кезінде, әсіресе, үш жаста бұл барынша анық байқалады. Сондай-ақ баланың әлемді тануды шешудегі ересектер алдындағы міндеттер де тоқталмайды. Бір жастағы баланың танымдық белсенділігіндегі басты объектісі анасы болады. Ерте жаста негізгі іс-әрекет құралдық-амалдық қызмет болғанда, өзара қарым-қатынас үдерісінде, ересектермен біріккен іс-әрекетте танымдық белсенділік заттық әлемді үйренуге бағытталады.

Танымдық даму ерте жастағы балаларды жалпы дамытудың маңызды өлшемі болып есептеледі. Танымдық даму арқылы психикалық үдерістердің прогрессивті сапасы мен

сандық өзгерістерін дәстүрлі түрде түсінеді. Ерте жастан тану танымдық белсенділік өз бетінше қалыптасатын сезімталдылықты білдірмейді, ол шарттары мен құралдарын анықтауға байланысты балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға ықпал ететін, осы процестің тиімді өтуіне бағытталған арнайы ұйымдастырылған жұмысты талап етеді. Бұл жерде сөз баланың білімі туралы емес, оның танымдық дамуы туралы екенін айта кету керек. Біз ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың компоненттерін үшке бөліп анықтадық: қажетсіну-күштар болу, байқап-білу, үйреніп-жасау. Қажетсіну-күштар болу компоненті балалардың танымдық қажеттіліктерін: қызығушылығын, күштар болуын, таңдамалы танымдық іс-әрекетін көрсетеді. Ерте жастағы баланың танымдық қызығушылығына байланысты біз олардың жаңа нәрселерді үйренуді, түсініксіз заттарды анықтауды, шындықтың құбылыстарын, олардың мән-мағынасына тануды, олардың арасындағы байланыстарды және қарым-қатынастарды табуды қалайтынын байқаймыз. Танымдық белсенділік – адамның ең маңызды сапалары: қоршаған әлемді тек биологиялық және әлеуметтік бағдар мақсатында ғана емес, адамның әлемге елеулі қатынасы негізінде оның алуан түрлілігіне ену мақсатындағы, санасында маңызды аспектілері, себеп-салдарлық байланысы, заңдылықтары, қарама-қайшылықтары көрініс табатын жалпы белсенділік құбылысының маңызды саласы. Ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін қазақ халқы шығармашылығы құралдарымен дамытуды тиімді жүзеге асыру үшін модель жасау қажеттілігі туындайды. Танымдық белсенділікті дамытуға әсер ететін факторлардың қатарына қазақ халық шығармашылығы құралдары арқылы баланың сенсорлық тәжірибесін кеңейту, сыртқы ортаны ұйымдастыру, ересектер ортасымен байланыс жасау; ересек ортада балаға үлгі-өнеге болуы, жеке қабілеттерге бағдар беру жатады. Ерте жастағы балалардың интеллектуалды шығармашылығы үшін жеке дамуын және алғышарттарды қалыптастыру – бұл басқарылатын үдеріс. Сондықтан, осы педагогикалық үдерісті басқару үшін біз үш кезеңді бөліп аламыз: мақсаттық, мазмұндық-іс-әрекеттік, аналитикалықтүзетушілік.

1. Бірінші - мақсаттық кезеңі. Бұл кезеңнің негізгі мазмұны ерте жастағы балалардың танымдық алғышарттарын дамытуды талдау болды. Осы мақсатта біз өлшемдер мен әдістерді анықтадық, ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің алғышарттарын қалыптастырдық. Мақсатты белгілеу эксперименталды жұмыстың мақсатын, оның міндеттері мен сатыларын қалыптастыруды, түсінуді; педагогикалық үдерістің қатысушыларын ұйымдастыру мен үйлестіруді жетілдіру мақсатында педагогикалық әсерді жоспарлауды қамтиды.

2. Екінші басқарудың мазмұндық-іс-әрекеттік кезеңі мыналарды қамтиды: балаларды ерте дамыту орталығы жағдайында педагогтар мен балалардың, атааналардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастыру бағдарламасының мазмұнын енгізу; педагогикалық үдерісті басқару; «Сәби танымы» бағдарламасын меңгеру барысында педагогикалық үдеріске қатысушылар арасындағы түзету және өзара түзету; балалар мен ата-аналардың шығармашылық іс-әрекетінде белсенді жұмыс жасау – бұл үлгінің мазмұнын жүзеге асыру.

3. Үшінші кезең – танымдық алғышарттарды қалыптастыруда ерте жастағы балалардың шығармашылығын, педагогикалық үдерістің нәтижелерін 83 диагностикалауға және талдауға, нәтижелерді мақсатқа сәйкестендіруге және ерте даму студиясының жағдайында балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастырудың педагогикалық моделін тиімді іске асыру мақсатында қажетті түзету шараларын анықтауға арналған. Осылайша, барлық үш кезең ерте жастағы балаларда танымдық белсенділікке қажетті алғышарттар жасауға бағытталған жабық циклді құрайды. Келесі функционалды блок. Онда мынандай функцияларды бөліп қараймыз: дамытушы; коммуникативті; әлеуметтік-мәдени; тәрбиелеу; оқыту; шығармашылық-қайта өңдеу

функциясы. Дамытушы функция ойынның іс-әрекетінің шартты нормативтік деректермен (белгілі бір жастағы) ара-қатынасын қамтамасыз етеді. Ол ауытқуларды анықтауға және позитивті өзгерістерді енгізу үшін педагогикалық шаралардың жоспарын құруға көмектеседі, жеке құрылымға және баланың іс-әрекеттеріне толықтырулар енгізеді. Бұл функция психикалық процестер мен жеке қасиеттердің қалыптасуына және дамуына ықпал етеді. Бұдан басқа, педагогтардың, балалардың және ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігі барысында тірбиелеуден өзін-өзі тәрбиелеуге көшу, өз еркімен жұмыс істеу және оң қасиеттерді қалыптастыруды жолға қояды. Коммуникативті функция. Балаларды ерте дамыту орталығында жағдайында педагогтар, балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастыруда педагогтар мен балалар арасындағы, балалардың өз арасындағы өзара байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Балаларды ерте дамыту орталығында оқу барысындағы толыққанды қарым-қатынас балалардың дағдыларын дамытуға және өзара әлеуметтік әрекеттесуге көмектеседі. Олар рөлдік ойындарды ойнау, өзінің мінез-құлқын әріптестерінің мінез-құлқына бейімдеу, қайырымдылық таныту, мінез-құлықтағы альтруисттік үрдістерге, агрессиялық элементтерді, әділетсіздікті, өркөкіректі айыптау қабілетіне ие болады. Қарым-қатынас кезінде туыстарына, жақындарына, өнер туындыларының қаһармандықтарына (эмоциялық көңіл-күйге жауап беру, эмпатияны көрсету, құмарта білу және жайлылық білдіру мүмкіндігі) жанашырлық сезімі дамиды. Әлеуметтік-мәдени функция. Педагогтар, балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігі барысында баланың өзін-өзі көрсету қажеттілігін қанағаттандыру ғана емес, әлеуметтік тәжірибе де байытылды. Тәрбиелеу функция. Педагогтар, балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастыру адамның белгілі бір қасиеттерін, ерекшеліктерін және қарым-қатынастарын қалыптастыруға ықпал етеді. Педагогтар, балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық іс-әрекетінің оқыту функциясы білімді, дағдыларды, танымдық және тәжірибелік іс-әрекетті дамытуға ықпал етеді. Бірлескен шығармашылық әрекеттер жасау барысында бала әлемді толық және терең таниды, мысалы, балада өзінің тікелей тәжірибесінде кездеспеген таныс емес құбылыстар туралы түсінік пайда болады, оны бала ата-аналарымен қарым-қатынас кезінде игереді. Шығармашылық-қайта өңдеу функция белгілі бір жайлылықты, қолайлы атмосфераны, рухани қуанышты, көңіл көтеруді құрумен байланысты, жағымды эмоцияларды ынталандыруға, жағымсыз ойлар мен көңілсіз ойлардан алшақтауға, бұл қызметке қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық әдебиетте үдерістің тиімділігі үшін өлшемдерді анықтағанда, тәсілдерді белгілеу, белгілі бір сатылардың дәйектілігі, даму кезеңдері жиі пайдаланылады. Біздің зерттеуімізде құштарлық белсенділік, талпынысты белсенділік, саналы белсенділік деңгейлерге бөлінеді. Бұл деңгейлерді сандық және сапалық көрсеткіштермен сипаттауға болады. Бұл жағдайда өлшемдер кез-келген педагогикалық құбылыстың қалыптасуын, дамуын төменгі деңгейден барынша жоғары, барынша күрделірек кезеңге өтуді қарастырылады. Біз модельде ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы өлшемдері мен тиісті көрсеткіштерін ұсындық. Қажеттілік-құштар болу өлшемі: Қазақ халық шығармашылығына тұрақты қызығушылық. Көрсеткіштері: Қазақ халық шығармашылығы құралдарына қызыға қарауы, ұнатуы, қабылдауы. Деңгейі: құштарлық белсенділік Байқап-білу өлшемі: Қазақ халық шығармашылығын танып-білуге эмоционалдық жағымды қатынасы. Көрсеткіштері: Қазақ халық шығармашылығы түрлерін білуге ұмтылысы, сөздік қорының кеңеюі, ойындарға қатысуы, ауыз әдебиеті түрлерін, би қимылдарын қайталауға қызығушылығы, музыканы тыңдауға зейін қоюы, туындайтын кедергілерді еңсеруге деген нақты ұмтылыс. Деңгейі: талпынысты белсенділік. Үйреніп-жасау өлшемі: Қазақ халық шығармашылығы түрлерін білуге, үйренуге, жасауға ерік-жігерінің болуы, оны іс-әрекетте көрсетуі. Көрсеткіштері: Ауыз әдебиеті үлгілерін жатқа айтуы, өздігінен қайталауы, құрақ

кию, кесте жапсыру әрекеттерін өздігінен орындауы, білуге деген қажеттілігінің артуы, қиялдау, түсініп-ұғыну, ойлау әрекеттерін көрсете алуы. Денгейі: саналы белсенділік. Сонымен бірізді әрекеттер қатарын көбейту (сюжеттік ойынның басталуы); тапсырманы қабылдау, сөйлеу нұсқаулығын түсіну, ересек адаммен ынтымақтастық (ойнау) тілегі; іс жүзінде әрекеттердің орындалуына назар аудару қабілеті. Бұрын баланың тәжірибесінде кездескен қысқа көлемді әңгімелердің оқиғасын (еш заттың көмегіңсіз) түсіну, өз сөздерінде көпсөзді сөйлемдерді қолдану (үш сөзден көп). Қарапайым сюжеттік конструкцияларды орындау, олардың мақсатын түсіндіру мүмкіндігі. Ересек адамдардың нұсқауларына сәйкес қарапайым қимылдарды орындау. Эмоционалды жағдайды түсіну және атау; эмоционалды күйлердің графикалық бейнесін қабылдау. Нәтижені біз жеке тұлғалық дамыту және ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту алғышарттарын дамыту ретінде анықтадық. Біздің зерттеу жұмысымыз көрсеткендей, балаларды ерте дамыту орталығында балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық белсенділігін ұйымдастырудың құрылымдық және функционалды моделі ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарға сай болғанда ғана табысты іске 85 асуы мүмкін. Белсенді психологиялық ықпал ету қабілеті – жеке қасиеттер мен қалыптасқан жағдайға байланысты адамдарға әсер ету құралдарының алуан алуандағы.

Ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың ұйымдастырушылық педагогикалық шарттары тұрғысынан дамытушылық, мәдени-танымдық білім беру ортасын құру; баланың жеке білім беру траекториясын жүзеге асыру; ана мен баланың шығармашылық өзара әрекеттестігі мен өзара байланысы; педагог-бала-ата-ананың шығармашылық өзара әрекеттестігі мен өзара байланысы. Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың моделін аталған педагогикалық шарттар негізінде тәжірибеде жүзеге асыру барысында «Сәби танымы» кешенді (педагогтарға, балаларға, ата-аналарға арналған бағытты қамтитын) бағдарламасының мазмұны жасалды. Және оның аталған дамуды іске асырудағы тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді. Ол туралы келесі екінші тарауда баяндалады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012 ж.).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2016, наурыз 1. - №205.
3. Қазақстан Республикасында ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздері «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. - Астана, 2014.
4. Бала құқықтары туралы конвенция. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы. – 2019, 20 қараша.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласы – Астана, 2017, сәуір - 12.
6. Платон // Собр. соч. в 4 т. - М.: Мысль, 2020.- Т.1.
7. Аристотель // Соч: В 4 т. – М.: Мысль, 2016.– Т. 1.– 550 с.

## КІШІ ОҚУШЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

**Ахметова М. Р.**

*Психология мамандығының 4 курс студенті*

**Давлеткалиева Е. С.**

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көшесі, 52*

Мақалада кіші оқушының ойлау қабілетін дамыту және психологиялық процесс ретінде ойлау тақырыбы берілген. Бастауыш сынып оқушыларында ойлаудың әртүрлі формаларын дамыту ерекшеліктері, сонымен қатар әдістемелік тәсілдер, психодиагностика ерекшеліктері және бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамытуға арналған жаттығулар көрсетілген.

*Түйінді сөздер:* ойлау, даму, кіші оқушы, психологиялық процесс, әдістеме.

---

## РАЗВИТИЕ МЫШЛЕНИЯ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА

**Ахметова М.Р.**

*Студентка 4 курса специальности Психология*

**Давлеткалиева Е.С.**

*Кандидат педагогических наук, доцент*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актобе, ул. Айтеке би, 52*

В статье представлена тема развития мышления младшего школьника и мышление как психологический процесс. Указаны особенности развития различных форм мышления у младших школьников, а также методические подходы, особенности психодиагностики и упражнения на развитие мышления младших школьников.

*Ключевые слова:* мышление, развитие, младший школьник, психологический процесс, методика.

---

## THE DEVELOPMENT OF THINKING OF A YOUNGER STUDENT

**Akhmetova M.R.**

*4th year student of the specialty Psychology*

**Davletkalieva E.S.**

*Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor*

*Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52;*

The article presents the topic of the development of thinking of a junior schoolboy and thinking as a psychological process. The features of the development of various forms of thinking in younger schoolchildren, as well as methodological approaches, features of psychodiagnostics and exercises for the development of thinking of younger schoolchildren are indicated.

*Keywords:* thinking, development, junior high school student, psychological process, methodology

Мышление - это опосредованное и обобщённое отражение действительности, вид умственной деятельности, заключающейся в познании сущности вещей и явлений, закономерных связей и отношений между ними. Предметы и явления действительности обладают такими свойствами и отношениями, которые можно познать при помощи ощущений и восприятий (цвета, звуки, формы, размещение и перемещение тел в видимом пространстве), и такими свойствами и отношениями, которые можно познать лишь посредством мышления. Первая особенность мышления - его опосредованный характер. То, что человек не может познать прямо, непосредственно, он познаёт косвенно, опосредованно: одни свойства через другие, неизвестное - через известное. Мышление всегда опирается на данные чувственного опыта - ощущения, восприятия, представления - и на ранее приобретённые теоретические знания. Косвенное познание и есть познание опосредованное. Вторая особенность мышления - его обобщённость. Обобщение как познание общего и существенного в объектах действительности возможно потому, что все свойства этих объектов связаны друг с другом. Обобщения люди выражают посредством речи, языка. Словесное обозначение относится не только к отдельному объекту, но также и к целой группе сходных объектов. Обобщённость также присуща и образам (представлениям и даже восприятиям). Но там она всегда ограничена наглядностью. Слово же позволяет обобщать безгранично. Мышление - высшая ступень познания человеком действительности. Чувственной основой мышления являются ощущения, восприятия и представления. Через органы чувств - эти единственные каналы связи организма с окружающим миром - поступает в мозг информация. Содержание информации перерабатывается мозгом. Наиболее сложной (логической) формой переработки информации является деятельность мышления. Решая мыслительные задачи, которые перед человеком ставит жизнь, он размышляет, делает выводы и тем самым познаёт сущность вещей и явлений, открывает законы их связи, а затем на этой основе преобразует мир. Мышление не только теснейшим образом связано с ощущениями и восприятиями, но оно формируется на основе их. Мышление выступает главным образом как решение задач, вопросов, проблем. Решение задач всегда должно дать человеку что-то новое, новые знания. Поиски решений иногда бывают очень трудными, поэтому мыслительная деятельность, как правило, - деятельность активная, требующая сосредоточенного внимания, терпения. Мышление - функция мозга, результат его аналитико-синтетической деятельности. Оно обеспечивается работой обеих сигнальных систем при ведущей роли второй сигнальной системы. При решении мыслительных задач в коре мозга происходит процесс преобразования систем временных нервных связей. Если задача решается с помощью логических рассуждений, то человек использует логическое мышление. Его используют далеко не во всех случаях. Например расставить мебель в комнате. В этом случае гораздо полезнее зрительно представить себе разные варианты. Такое мышление называют образным. Образное мышление - это решение задач с использованием наглядных представлений.

Существуют и другие виды мышления, соответствующие другим типам задач. Сталкиваясь с новой незнакомой задачей, способ решения которой заранее неизвестен,



человек использует творческое мышление. Обычно в нем переплетаются логические и образные элементы, причем очень значительная роль принадлежит интуиции. В некоторых случаях приходится прибегать к наглядно-действенному мышлению. Его специфика в том, что оно в качестве необходимого элемента включает практические пробы. Про людей, у которых хорошо развит этот вид мышления, говорят, что у них «золотые руки». То, что могу, не требуется, то, что требуется, не могу. Определённым трудностям умственной работы «все возрасты покорны». Специфика мышления школьника состоит в том, что у ребёнка недостаточно развиты способности к определенным формам мышления, прежде всего - к логическому мышлению, а его образное мышление, при всём потенциальном богатстве, недостаточно упорядоченно и остаётся «вещью в себе». Мышление младшего школьника отличается от мышления дошкольника, во-первых, более высокими темпами его развития в эти годы; во-вторых, существенными структурными и качественными преобразованиями, происходящими в самих интеллектуальных процессах. В младшем школьном возрасте под влиянием учения как ведущей деятельности активно развиваются все три вида мышления: наглядно-действенное, наглядно-образное и словесно-логическое. Особенно значительные изменения происходят в развитии последнего вида мышления, которое в начале данного периода жизни ребенка еще относительно слабо развито, а к его концу, т.е. к началу подросткового возраста, становится главным и по своим качествам уже мало, чем отличается от аналогичного вида мышления взрослых людей. В этой связи практическая психодиагностика мышления детей младшего школьного возраста должна быть направлена, с одной стороны, на оценку всех видов мышления у ребенка, а с другой стороны, на особую оценку словесно-логического мышления. Различные игры, конструирование, лепка, рисование, чтение, общение и т.д., то есть все то, чем занимается ребенок до школы, развивают у него такие мыслительные операции, как обобщение, сравнение, абстрагирование, классификация, установление причинно-следственных связей, понимание взаимозависимостей, способность рассуждать.

Приведем примеры игр, упражнений, которые можно использовать педагогам и родителям без специальной технической подготовки в процессе общения, занятий с детьми.

Кто и что любит?

Подбираются картинки с изображениями животных и пищи для этих животных. Перед ребенком раскладывают картинки с животными и отдельно картинки с изображением пищи, предлагают всех "накормить".

Классификация

Ребенку дают набор картинок с изображением различных предметов. Взрослый просит рассмотреть их и разложить на группы, т.е. подходящие с подходящими.

Найди лишнюю картинку: развитие мыслительных процессов обобщения, отвлечения, выделения существенных признаков.

Подберите серию картинок, среди которых три картинки можно объединить в группу по какому-либо общему признаку, а четвертая - лишняя. Предложите ребенку найти лишнюю картинку. Спросите, почему он так думает. Чем похожи картинки, которые он оставил.

### Список использованной литературы:

1. Мухина В.С. Психология детства и отрочества - М.: Институт практической психологии, 2014. - 488с.
2. Обухова Л.Ф. Детская возрастная психология - М: Академия, 2011.-406с.
3. Обухова Л.Ф. "Детская психология: теория, факты, проблемы, - М: Тривола, 1995г. – 155 с.

4. Фридман Л. М. Задачи на развитие мышления. -М.: Просвещение, 1963. – 111 с.
5. Шардаков В. С. Мышление школьников.- М.: Просвещение, 1963. – 204 с.

## **«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» САБАҚТАРЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ДАМЫТУ**

**Ахметова Айнур Нурдаулетовна, Жансары Аида Болатбекқызы,  
Сахиев Саламат Бисенбиұлы**

*«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының білім алушылары;  
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Бұл мақалада «Өзін-өзі тану» курсының оқу барысында оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері сипатталған.

*Түйінді сөздер: Өзін-өзі тану, адамгершілік, тәрбие, сабақ*

---

## **РАЗВИТИЕ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ ПОДРОСТКОВ НА УРОКАХ " САМОПОЗНАНИЕ**

**Ахметова Айнур Нурдаулетовна, Жансары Аида Болатбековна,  
Сахиев Саламат Бисенбиевич**

*Обучающиеся специальности «Социальная педагогика и самопознание»;  
030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52;*

В данной статье описаны научно-педагогические основы формирования духовно-нравственных ценностей учащихся при изучении курса "самопознание".

*Ключевые слова: самопознание, нравственность, воспитание, урок*

---

## **DEVELOPMENT OF SPIRITUAL AND MORAL QUALITIES OF TEENAGERS IN THE LESSONS OF " SELF-KNOWLEDGE**

**Akhmetova Ainur Nurdauletova, Zhansary Aida Bolatbekovna,  
Sakhiev Salamat Bisenbievich**

*Students of the specialty "Social pedagogy and self-knowledge";  
Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52;*

This article describes the scientific and pedagogical foundations of the formation of spiritual and moral values of students when studying the course "self-knowledge".

*Keywords: self-knowledge, morality, education, lesson*

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпақты рухани-адамгершілік тәрбиелеу болып табылады. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамның қалыптасуы оның туған сәтінен басталуы керек.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарының бірін: білім берудің гуманистік және дамытушылық сипатын, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының басымдығын, жеке адамның еркін дамуын белгілейді. Білім берудің негізгі құндылықтары-тұлға, рухани-адамгершілік категориялар және адамгершілік принциптері: бірлік, теңдік, өзара іс-қимыл, толеранттылық. Білім алушы тұлға мен қоғамды қалыптастыратын мәдениетті түсініп,

бағалай алуы үшін ол адамдармен саналы ынтымақтастықты толық түсіне білуі керек. Бұл принципті жүзеге асыру мораль тұжырымдамасына негізделген мақсатты, ұйымдасқан, өзара байланысты қызметті және мұғалім мен оқушы арасындағы өзара ынтымақтастық процесін талап етеді [1].

Қазіргі білім берудің негізгі бағыты-оның дүниетаным негіздеріне бағдарлануы, адамның құндылықтарына оралуы. Педагогика мен практиканың жеке тұлғаға бағытталуы, оның дамуы және гуманистік дәстүрдің жандануы өмірлік мақсат ретінде танылады. Атаулы мақсатқа жету үшін педагогика әдіснамасы болып табылатын білім берудің гуманистік философиясы қайта жанданды. Осы талапқа сәйкес педагогика әдістемесі-бұл білім философиясының адамгершілігін анықтайтын педагогикалық білім мен өзгеретін шындық туралы теориялық ережелердің жиынтығы [2].

Оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі қазіргі мектептің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл табиғи нәрсе, өйткені біздің қоғамымызда моральдық принциптердің рөлі артып, моральдық фактордың ықпал ету аясы кеңеюде. Ұлттық мәдениет тарихын жаңғырту, халықтың рухани мұрасы мен дәстүрлерін қастерлеу әлемдік өркениеттер арасында оның Тәуелсіздігінің көрсеткіші болып табылады. Бұл өркениетті өзгерткен адам оны дәріптейді және дамытады.

Құндылық мәселесінің негізгі өзегі-тұлға. Адам үшін ең маңызды құндылық-өмірдің мәнін түсіну, өмірдің мәнін, өмірдің рухани мазмұнын іздеу. Адам өмірінің мәні маңызды іс-әрекеттермен, мақсаттармен, мұраттармен, күш-жігермен және өмір жолдарымен өлшенеді. Адамның мақсаты адамгершілік қасиеттер арқылы және рухани қасиеттер арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан біздің қоғамды ізгілендіру жағдайындағы маңызды мәселе-тұлғаны құндылық ретінде бағалау. Құндылық-бұл адами қасиеттердің өлшемі, оның жақсылыққа деген ұмтылысы, басқа адамға жанашырлық, басқаларға адалдық, өмірді жақсартуға деген ұмтылыс, өмір сүруге деген ұмтылыс, әр адамның өмірдегі орны және рухани-адамгершілік қасиеттері.

XXI ғасырда құндылық ұғымы адамның жер бетіндегі әмбебап тұтастығы идеясына айналып отыр. Адамдар өз өмірлеріне риза болу үшін жалпы қажеттіліктердің саны аз, сондықтан адам өзін толыққанды адам ретінде сезінбейді. Ол шынайы адам деңгейінде сезіну үшін, толық қанағаттану көңіл-күйі үшін биологиялық қажеттіліктерден асатын әлемде өмір сүргісі келеді. Руханияттың қайнар көзі осында. Адамзаттың рухани дамуының жоғары үлгілерін тудырған дәуірлер әрқашан олардың ең бай кезеңдерімен сәйкес келе бермейді. Сондықтан дағдарыс кезеңінде, кейде шиеленісумен бірге, өмір сүру проблемалары ең қиын болған кезде, рухани қажеттіліктерді күту керек деп қарастыратын көзқарастар түбегейлі жалған. Кез-келген тығырықтан да, оның ішінде күнкөріс деңгейіндегі мәселелерден де, ол ең алдымен, рухани энергиядан, рухани құндылықтардан айрылмау арқылы ғана алып шыға алады.

Адами құндылықтардың өзегін құрайтын және зерттейтін сала аксиология деп аталады. Аксиология («аксио» – грекше «құндылық», «логос» - ілім, ғылым) құндылық ұғымының алғашқы анықтамасын Коген, Лотце есімді философтар берген. Аксиологияның ғылыми дамуына үлес қосқан философтар Кант, Кассирер, Гегель, Ницше және басқалар, мысалы, философ Э.Кассирер «құндылық» адамның ішкі әлемінен тыс мәңгілік идеалды әлем екенін түсіндіреді. "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Құндылық» сөзі «бағалылық, қымбаттылық, жоғарылылық» дегенді білдіреді. Қазақ Кеңес Энциклопедиясында: «Құндылық – бұл объектінің оң немесе теріс жақтарын білдіретін философиялық және әлеуметтік ұғым. «Құндылық» объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екенін анықтайды. Құндылық екі компоненттен тұрады: саналық және пәндік [3].

Пәндік құндылықтарға заттардың табиғи қажеттілігі, еңбек өнімдерінің құны, қоғамдық игілік, ғасырлар бойғы мұра, ғылыми шындықтың теориялық маңыздылығы мен

практикалық қолданылуы, адамдардың іс-әрекеттеріндегі ізгілік пен зұлымдықтың көрінісі, табиғи және әлеуметтік объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылық-бұл әлеуметтік ой, бағалау, мақсат, оған жету жолдары және әртүрлі нормалар. Пәндік құндылық-бағалау объектісі. Субъективті құндылық-бұл олардың өлшемі мен әдісі. Екі тілді аударма сөздікте «құндылық» – құнды зат, құндылық, ғылымда құндылық – қазына, байлық деп көрсетіледі. Бұл ұғымды қалыптастыру адам өмірінің өзегін құрайтын құбылысқа негізделген.

«Өзін-өзі тану» пәні баланы өзінің қадір-қасиетін білуге, өзін-өзі құрметтеуге, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және айналадағы өмірлік жағдайларда өзінің бағдарының болуына, дербес шешімдер қабылдауға және өзінің сөздері мен іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейді (Сейтақов).

Оқушының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жолын өзін-өзі тану және өзін-өзі түсіну процестерінен ажырату мүмкін емес. Өзін-өзі тану тұжырымдамасының психологиялық тұрғыдан алғанда, «адам жаны өзін тек өз іс-әрекетінде ғана біле алады, оның өзі туралы білімі, сондай-ақ табиғаттың сыртқы құбылыстары білік секілді, бақылаулардан қалыптасады», - деп түсіндіреді [4].

«Өзін - өзі тану» - бұл адамның жеке ерекшеліктерін өз қызметінің субъектісі ретінде біртіндеп түсіну процесі. Бұл процестің нәтижесі – «Мен» бейнесінің әртүрлі аспектілерін қалыптастыру.

Қазіргі әлемде адамның әмбебап табиғаты, рухани бай тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Өскелең ұрпақты адамгершілік және рухани бастауларға, адамгершілікке, жалпыадамзаттық құндылықтарға, адамгершілік принциптеріне, әділеттілікке және өзара көмекке тәрбиелеу үшін өмірлік идеалға жүгіну қажет.

Ю.Н.Кулюткиннің пікірінше, өзін-өзі қабылдау-қол жеткізілген жетістіктерді бағалау, жеке өсу бағыттарын жоспарлау және оларды жүзеге асыру жолындағы іс-әрекеттер.

Білім беру жүйесін әлеуметтік қажеттіліктерге сәйкес өзгертуге деген ұмтылыс «Өзін-өзі тану» инновациялық бағдарламасын құруға түрткі болды, онда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға толы тұлғаны қалыптастыру бірінші орынға шығады.

«Өзін-өзі тану» курсының әдіснамалық негізі: адамгершілік және рухани тәрбие үрдісіне философиялық көзқарастар, тұлғаны дамытудың психологиялық негіздері, дәстүрлі, халықтық және заманауи педагогика.

Өзін-өзі тану бойынша сабақтар 10-15 адамнан тұратын топтарда арнайы конспектілермен, бейнетрансляциялармен, көрнекі және дидактикалық материалдармен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

Өзін-өзі тану бойынша сабақтарды өткізу әдістері мен формаларының кең спектрі оларды тек арнайы сыныптарда ғана емес, сонымен қатар концерт залдарында, сыртқы мектеп алаңдарында, мұражайларда, көркем галереяларда, театрларда және т.б. өткізуді қарастырады.

Оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру тәсілдерін анықтау өзекті мәселе екенін ескере отырып, бұл зерттеу оны шешудің педагогикалық тәсілдерінің бірін ұсынады: оқу процесінде педагогикалық жағдайлар кешенін құру арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру [5].

Оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық тәсілдері талданады, оқушыларда осы құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық шарттары жүзеге асырылады. Негізгі тұжырымдары келесідей:

Біріншіден, рухани-адамгершілік құндылықтар адамның рухани-адамгершілік болмысының бірлігімен анықталатын негізгі жалпыадамзаттық құндылықтардың сапалы жиынтығымен сипатталады. Олар адам өміріне жоғары және нәзік мағына береді, рухани-адамгершілік құндылықтар туралы білімге негізделген, әлемге, адамдарға және өздеріне

ерекше сезімталдықты білдіреді, рухани-адамгершілік құндылықтарда көрінеді. Рухани-адамгершілік құндылықтар құрылымында: тұлға өзінің әлеуетті және белсенді өміріндегі өзіндік құндылық ретінде; өмір – бұл жеке тұлғаның қалыптасуының үздіксіз процесі; белсенділік – бұл адам өмірінің негізгі белсенді сипаттамасы.

Екіншіден, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтары біртіндеп қалыптасты: даму кезеңінен басымдық кезеңіне, тұлға ретінде өзін-өзі жүзеге асыру кезеңіне көшу. Ассимиляция кезеңі – оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарды қабылдау және олардың мағынасын түсіну кезеңі. Басымдық кезеңі осы құндылықтарды жеке тұлға ретінде бағалаумен және оның өмірдегі қажетті құндылығын танумен сипатталады. Өзін-өзі тану кезеңі оқушылардың өмір сүру процесінде рухани-адамгершілік құндылықтарын нақты анықтаумен сипатталады.

Үшіншіден, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы негізгі педагогикалық жағдай ретінде оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарының мазмұны мен мағынасын игеруді қамтамасыз ететін курс бағдарламасын әзірлеу және іске асыру; оқушылардың рухани-адамгершілік артықшылығын қамтамасыз ететін мектептің мәдени-бос уақыт кеңістігін құру; оқушыларды волонтерлік қызметке тарту олардың рухани-адамгершілік құндылықтарға сәйкес өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Біз қазіргі заманғы жұмыс істейтін мамандар ұрпақтарының білім беру процесі мен білім беру кеңістігін қалыптастыру жолдарын іздеу бағыты болашақ зерттеулерде басымдыққа ие болады деп санаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қаплиева А.К. Мектеп оқушыларына рухани – ізгілік тәрбие беру. – Ақтөбе, 2000. – 56 б.
2. Нұрғалиева Д.А. тәрбие процесінде 5-9 сынып оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру: пед.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс... – Алматы, 2005. – 138 б.
3. Изғұттынова Р.О. Адами қарым-қатынас жасау – адамгершілік белгісі// Өзін-өзі тану//№ 6, 2010
4. А.С.Сейтақов. Қазақ ағартушыларының рухани-адамгершілік білім беру саласындағы рөлі мен маңызы//Өзін-өзі тану журналы № 2, 2010
5. А.Қ. Қаплиева. Рухани-адамгершілік құндылықтардың білім беру жүйесіндегі маңызы//№ 10, 2010

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖҰМБАҚТАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Байжанова Гулнур, Жаумитова Гулзира Хайыровна,  
Шамекей Алия Куанышкалиевна, Спанов Абылай Қайырбекұлы**

*«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру*

*бағдарламасының білім алушылары*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының танымын дамытуда жұмбақтарды пайдалану ерекшеліктері көрсетілген.

*Түйінді сөздер: жұмбақ, фольклор, ауыз әдебиеті*

---

## МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ ЗАГАДКАМ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

**Байжанова Гулнур, Жаумитова Гулзира Хайыровна, Шамекей Алия Куанышкалиевна,  
Спанов Абылай Каирбекович**

*Обучающиеся образовательной программы «Педагогика и методика начального обучения»*

*Казахско-Русский международный университет; 030006, г. Актөбе, ул. Айтеке би, 52;*

В данной статье показаны особенности использования загадок в развитии познания младших школьников.

*Ключевые слова: загадка, фольклор, устная литература*

---

## METHODS OF TEACHING RIDDLES IN ELEMENTARY GRADES

**Bayzhanova Gulnur, Zhaumitova Gulzira Khayrovna, Shomekey Aliya Kuanyskhalievna,  
Spanov Abylai Kairbekovich**

*Students educational program "Pedagogy and Methods of Primary Education";*

*Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52;*

This article shows the features of the use of riddles in the development of cognition of younger schoolchildren.

*Keywords: riddle, folklore, oral literature*

Көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқының өткен өміріне көз салғанда, оның рухани дүниесінде ауыз әдебиетінің – фольклордың орны айырықша болғаны айқын аңғарылады. Жазу-сызуы, оқу мектебі, театры кенделуе қоғамда ұлттың рухани сұранысының алуан қырлы, сан түрлі мұқтажын фольклор арқалаған. Фольклордың тағы бір өзгеше қасиеті - халықтың дағдылы тұрмыс-салтымен, ғұмыр-тіршілігімен тонның ішкі бауындай ажырамайтын бірлікте болуы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәтінен бастап дүниеден көшкенге дейінгі аралықтағы халықтың сан сала әдет-ғұрпында, салт-дәстүрінде өлең-жырдың, өрнекті сөздің араласпайтын тұстары кемде-кем. Фольклордың қоғамдағы ықпалы пәрменді, атқарар уәзипалары қаншалықты тармақты болса, оның түрлері мен жанрлары да соншалықты мол.

Халық мұраларының үлкен бір бұтағы – жұмбақтар. Жұмбақтар телегей-теңіз фольклорлық дүниеліктер арасында ауқымды орны бар, халық болмысымен ежелден біте

қайнасып келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазіргі уақытта да тарих сахнасынан сыпырылып қалмай, жаңа даму кезеңін бастан өткеріп отырған бағалы жауһарлар санатына жатады.

Қазақ фольклорының жекелеген жанрлары турасында бұрынырақта жүргізілген зерттеулерді былай қойғанда, тек XX ғасырдың соңғы ширегінде ғана қыруар жұмыстар атқарылды.

Эпос, дастан, айтыс, халық өлеңдері, арбау өлеңдері, халық прозасы, күй аңызы хақында Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Р.Бердібай, Ш.Ыбыраев, О.Нұрмағамбетова, С.Садырбаев, Н.Төреқұлов, М.Жармұхамедов, Б.Әбілқасымов, А.Сейдімбек, Б.Әзібаева сынды ғалым-зерттеушілердің арнаулы зерттеулерінің жазылуы соны растайды. Дегенмен ұлттық фольклорлық көмбелерімізді ақыл-тақыл тексеріп болдық деуге әлі ертерек.

Фольклордың қанша қарастырылып, зерттелгенімен кезінде назарға ілінбеген, еленбеген, түпкілікті шешілмеген тың, соны мәселелері жетерлік. Бір кезде сөз болғанымен жаңа методология тұрғысынан, ғылымның соңғы жетістіктері биігінен уақыт өте келе қайта оралып, тағы зерттелуді тілейтін мәселелерінің де туындап отыруы заңдылық. Ғылымның бір орында тұрып қалмай, үнемі қозғалыста толысып, жетіле түсуі теориялық деңгейінің тереңдеуімен кіндіктес.

Жұмбақтың ауыз әдебиетінде, жалпы ұлтымыздың рухани өмірінде алатын орны мен маңызын айқындау осы еңбектің көтерер жүгі. Бұрын-соңды жұмбақ жайлы жазылған пікірлерге шолу жасап, саралай отырып қастерлі мұрамыздың жиналу, басылу тәжірибесін қорытындылап таразылайтын кез жетті деп санаймыз.

М. Әуезов 40-жылдардың өзінде-ақ: «Жалпы, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы - дәні тәрізді. Бұл жақтарын тексеріп, тану да ғылыми міндет» - деп, оның көркемдік құнарлығына, бейнелігіне үңілудің қажеттігін айтқанымен, күні бүгінге дейін бұл мәселе қозғаусыз қалды. Жұмбақ бізді тек ұшқырлығымен ғана емес, әр түрлі құбылыстарды берудегі икемділік пен дәлдік, сезімге әсерлігімен, оралымдығымен сүйсінтеді. Сол себепті жанрдың бейнелеу тәсілдері мен көркемдік құралдарына тоқталып, нақты талдаулар жасау арқылы эстетикалық тегеурінін көрсетпекпіз [1].

Жұмбақтағы халық өмірінің бейнеленуін, яки оның шындықпен астасқан тұсын, поэтикалық құрылымын, басқа жанрлармен қарым-қатынасын айқындау қажеттілік болып табылады. Әрбір жанрдың даралық белгісі, өзіндік қасиеті стильдік айшықтарынан айқын бой көрсетеді. Сондықтан жұмбақтың жанрлық ерекшелігін бажайламақ болсақ, оның поэтикалық, стильдік сипаты мен өлеңдік-ырғақтық түзілімін, бейнелеу кестелерін айналып өте алмаймыз. Күні бүгінге дейін жұмбақ тек сөз өнері тұрғысынан ғана зерттеу өзегі болып, оның қазақтың ескі наным-сенімімен, тұрмыс-салтымен тығыз ұштасқан қырлары толық ашылмай келді.

С.Қасқабасовтың: «Әр фольклорлық жанр мен шығарманың мақсаты мен қызметін түсінбесек, біз оны дұрыс танып, зерттей алмаймыз. Кез келген жанрдың, шығарманың белгілі бір нысанасы болады. Айтушы да, тындаушы да ол жанрға, шығармаға өзінше тиісті міндет артады», – деген теориялық байламы жұмбаққа да қатысты. Басқа фольклор жанрлары тәрізді жұмбақ та көп қызметке ие. Оның ең басты қызметі - тәрбиелік, танымдық. Жұмбақ қоршаған ортаны, табиғаттың сырларын, заттардың беймәлім жақтарын тереңдеп бойлап білуге арналған. Жұмбақтың ат салысуымен адам өзінің айналасындағы дүниені жақын танып біледі, заттар мен құбылыстардың сан қабат күрделі қарым-қатынасы мен жақындастығын айқындауға, олардың өзара ұқсас және бөлек белгілерін ажыратуға төселеді. Г.Л.Пермяков жұмбақтың, әсіресе, жазу-сызуы кенжелеу дамыған қоғамда педагогикалық-тәрбиелік қызметінің басым болғандығын көрсетеді. Ғалым дәл керсеткендей, кітап мәдениеті мен ғылымы бел алмаған қауым арасында табиғат, қоғам хақындағы түсініктерді



жұртшылыққа жеткізуде жалпы фольклордың өзіндік салмағы болды. Әрбір жанрдың пайда болуы қажеттіліктен туындаған, қоғамдық өмірдің мұқтаж талап-тілектеріне орай өрістеп отырған, қоғамдық сұранымға ие болмаған рухани құбылыс дамуын тоқтатқан. Жұмбақтың тәрбиелік уытты қызметі бүгінгі таңда да солғын тарта қойған жоқ. Десек те бұрын жұмбақ айтысуға жас-кәрі түгел қатысып белсенділік байқатса, қазір балаларға ғана бағышталған түрге айналған. Жұмбақ жасөспірімдердің дүниетаным көкжиегін кеңейтіп, ойын ұшқырлап, тұспалды сөздің мәнін ұғынуға септігін тигізіп, тапқырлығын шыңдайды [2].

Еліміздегі білім беру саласының алдындағы негізгі басты міндет – оқыту және тәрбие жұмысын әлі де жетілдіру, жандандыра түсу. Анығында, бұл талап қай уақытта болмасын, күн тәртібінен түскен емес. Ал аталмыш мәселені шешуде педагогика ғылымының алдына қойып отырған мақсатының бірі – өскелең ұрпаққа халықтық педагогика негізінде білім беру және тәрбиелеу. Сол арқылы жаңа білімді игертіп, рухани азық беріп, ұлт болашағы ойландыратын азамат тәрбиелеу.

Қазақ халқының ұлттық-мәдени қайта өркендеуі жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттың рухани қайта өркендеу негіздерін қалыптастыратын халық дәстүрлерінде тәрбиелеудің заңды, объективті қажеттігі арта түседі. Мұндай жағдай жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен – ауыз әдебиетімен, оның жекелеген түрлерімен тереңірек таныстыру қажеттігін тудырады.

Аталған мақсаттардың жүзеге асуы еліміздің оқу-ағарту жүйесінің үлесінде екендігі белгілі. Білім негізі бастауыш мектепте қаланады. Ал бастауыш білім баспалдағындағы балалардың білімді, білікті азамат болуында ауыз әдебиетінің бай саласы – жұмбақтардың, мақал-мәтелдердің, тұрмыс-салт жырларның, халық ертегілерінің алатын орны ерекше.

Аталмыш ауыз әдебиетінің үлгілері – баланың ой-санасы мен мінез-құлқын қалыптастыратын тарихи мектептің – халық шығармашылығының маңызды құралы. Тәрбиенің алуан түрі бар аталмыш ауыз әдебиеті жанрлары – өскелең ұрпақ бойына дене шынықтыру, ақыл-ой, эстетикалық, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік тәрбиелерін дарытады.

Оқу мен тәрбие – егіз. Бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын табиғаты танылып тұрған үрдіс. Оның негізі бастауыш мектепте қаланады. Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы, қуатты жүрегі. Ал бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жұмысының құрамды бөлігі – балаларға ауыз әдебиетінің ең қызықты да көркем салаларынан толыққанды мағлұмат беру.

Ұрпақ – болашақ, яғни ол – адамзаттың болашағы. Бүгінгі бала – ертеңгі келешектің кепілі екендігін естен шығармауымыз керек. Сондықтан да халықтың ауыз әдебиеті құрамындағы балалар әдебиетімен, анығырақ айтсақ, ертеңгі күні ел тізгінін ұстайтын азамат – жас ұрпақты рухани құндылығы жоғары ауыз әдебиеті үлгілерімен өсіргеніміз абзал.

Жас ұрпақтың сегіз қырлы, бір сырлы азамат болып өсуі жолында атсалысатын бірден-бір мекеме – мектеп. Жас баланың санасы жазылмаған таза таспадай. Олай болса, төменгі мектеп жасын үлгілі, тәрбиелі, өз тілін, әдебиетін, ұлтының дәстүрін жетік меңгерген талапты, ертеңгі күні ұлт болашағын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеу – білім саласы қызметкерлерінің міндеті. Білім саласының қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жас ұрпаққа білім беру ісінде жаңаша іскерлік пен жаңа технологияны ендіру міндеттерін шешуді талап етуде. Аталған міндеттердің орындалуы бастауыш сынып оқушысының пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыруда маңызды роль атқарады [3].

Адамзат баласы табиғаттың сыр-сипатын, жұмбағын, қоғам өміріндегі түрлі болмыстың мәні мен мақсатын, шындығы мен қайшылығын ой-сана қуатымен, ғылыми-диалектикалық әдіспен зерттеп білсе, енді бірде көркем сөз өнері, соның ішінде өмір құбылыстарын образдық ой арқылы жеткізетін халықтың коллективтік творчествосы – фольклор шығармаларынан танып біледі. Жазу-сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ

халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүние танудағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз. Бұдан әрине, ауыз әдебиетін көп адам бірлесіп отырып шығарған деген ұғым тумайды. Ауыз әдебиетінің қандай үлгілерін болса да әуел баста жеке адамдар шығарған. Бірақ ерте кезде, жазу өнері болмағандықтан, ауыз әдебиетін шығарушылардың аттары хатқа түспеген, сақталмаған. Халық олардың шығармаларын ғана есіне сақтап және ауызша айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, сөйтіп, жеке авторлар шығарған әдеби туынды кейіннен өңделіп, сұрыпталған, оған коллектив болып творчестволық өзгерістер енгізіп отырған. Бертін келе ондай шығармалар көпшіліктің еңбегіне, яғни халықтың ауызша шығарған әдебиетіне айналып кеткен [4].

Жұмбақ айту – әр халықтың әріден келе жатқан дәстүрінің бірі. М.Әуезов жоғарыда аталған еңбегінде, қазақтың ертедегі әдет-ғұрып салтына жұмбақтың ерекше орын алғандығын айта келіп, былай деген: «Кейде бүкіл бір ертеке жұмбақтан туады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болған» бұл тарихи шындыққа негізделген пікір.

Қазақтың көптеген ертегілеріне мазмұн болған да немесе сондағы көп әңгімелердің түйінін шешетін де жұмбақ болғанын білеміз. Бұған «Қарттың ұлына айтқан өсиеті», «Қарт пен тапқыр жігіт», «Аяз бидің ертегілері» дәлел. Сондай-ақ, ерте заманда күйеу таңдаған қыздар: «Жұмбағымды шешкен жігітке ғана тием», - деп, жұмбақты өнер салыстыру, жігіттің ақыл-ойын сынау ретінде қолданған. Бертін келе жұмбақ ақындар айтысынан орын алған. Айтысқа түскен ақындар бір-бірінің ақындық өнерін байқаумен қатар, білім көлемдерін де сынасқан; ол үшін бір-біріне жұмбақ берісіп, өнер салыстырған. Ал енді кейбір елдерде жұмбақ үлкен әңгімелі жырлар тууына себеркер болған. Мәселен, ескі грек жұртының Эдип патша жайындағы трагедиялы әңгімесі жұмбақтан басталып, көп жағдайларды суреттеген. Міне, мұның ауыз әдебиетінде жұмбақтардың мәні зор болғандығын көрсетеді.

Жұмбақ – оқушы балалар мен жастарға білім берерлік, тәрбиелік мәні бар құралдың бірі.

Жұмбақ жайындағы бұл зерттеуіміз нәтижесінде мынадай түйіндер жасауға болады. Жұмбақ қоғамда бірнеше қызмет атқарған, заман ағымына сәйкес қоғамдық қызметіне өзгерістер еніп отырған. Қазақтың көшпелі қоғамында эстетикалық-сауықтық жүкті арқалаған. Қазіргі уақытта жасөспірімдердің сүйіспеншілігіне бөленіп, тәлімгерлік міндетті көтеруде.

Жұмбақтың бұрынғы қоғамдағы мәнділігі сондай, оны айтып-жасырысуға ертеректе тек бір адам емес, топ, ұжым болып араласқан. Ойын ғұрыптық бағыт алған, төреші тағайындалған, диалог арқылы жеңілгендер сын садағына ілініп, әжуаға ұшыраған. Халқымыздағы жар таңдап, күйеуге шықпақшы болған қыздардың болашақ ерін жұмбақ арқылы сынау әдеті де жайдан-жай шықпаған, ол - бағзы жоралғылардың жаңғырығы.

Жұмбақ еркін көсіліп жайылуды сүймейді, көп сөзділікке бой ұрмай, ықшам, жинақы пішіледі. Ол бір затты не құбылысты нысана ете отырып, оны астарлап, бүкпелеп бейнелеуді, осы тұспал бейнені тыңдаушыға табуды артады. Жұмбақ өзі тұспалдаған заттың барлық қасиетін толық қамтып, тұтас кескіндей алмайды. Мәтінде байламның барлық қасиеттері толық суреттелмей, бір ғана белгісі айтылуы мүмкін. Сондықтан жұмбақ шешуін табудың ауыр-жеңілдігі нысана суретінің қаншалықты толық, дәл салынуында. Жұмбақты жасыру да, шешу де адам миындағы күрделі ойлау жүйесіне негізделеді [5].

Жұмбақ жанрына тән басты ерекшелік - көлемі жағынан шағын, құрылымы жағынан жұп-жұмыр нақышталуы. Оның ырғақтық-ұйқастық құрылымы сан алуан өрнектеледі. Әуезділікке, саздылыққа жол ашады. Жұмбаққа ойнақылық дарытатын тұтас буындардың, тармақтардың, жол ішіндегі алғашқы не соңғы сөздердің қайталануы. Өлең түрінде келетін жұмбақ үлгілерімен қатар образбен өрілген сөйлем не сөз тіркесі түріндегі жұмбақтар да қыруар.

Жұмбақ байламының бөлек, оқшау тұратын, оның өзіне ғана тән, өзгелерде қайталанбас қасиетін тайға таңба басқандай етіп ұсыну ауыстыруға тәуелді. Ауыстыру тұспал бейнені көркем образ түрінде жеткізу мүддесіне бағындырылады. Сондықтан ауыстыру жұмбақтың ауқымды, жетекші тәсілі ретінде талданып, оның бейнелігі, ұтымдылығы, тосындығы егжей-тегжейлі сарапталғанда ғана жанрлық табиғаты ашылмақ. Жұмбақ тұспал дап-дайын, ап-айқын күйінде көрінбей, емеурінмен елес береді. Ауыстыру арқылы байламның сыңар бейнесі сомдалады, оның бейнесі басқа құбылысқа көшіріледі. Ауыстыруға түсер салмақ – тұспал заттың ішкі, не сыртқы қасиетін тыңдарман құлағына жеткізу, көзіне елестету [6].

Жұмбақтың ең басты поэтикалық құралы - ауыстыру. Ауыстыруға ұйтқы сөздер табиғат құбылыстары, қоғамдық қатынастар, аңдар мен құстар дүниесіне қатысты лексиканы, туыстық атауларды т.б. қамтиды. Жұмбақтың тұрақты қолданылып, формулаға айналған ауыстырулары сабына төмендегілер кіреді: кемпір, қыз, құдық, дария, сандық, айдаһар т.б. және дүние, жапанда сөзімен басталатын жұмбақтар да баршылық.

Жұмбақ заттың өзін айтпай, оның түр-түсін, сыртқы белгілерін, жұмбақ болып отырған затқа ұқсас жақтарын сипаттайды, ал заттың өз атын жасырын ұстайды. Сондықтан да ойға алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттайды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табуды жұмбақ дейміз.

Жұмбақ фольклордың басқа жанрлармен байланысты болып келеді, Атап айтқанда жұмбақ ертеректе, айтыста кездеседі. Жұмбақтап, тұспалдап сөйлеу би-шешендердің сөздерінде ұшырасса ол мақал-мәтелдерге де жақын. Ал кейбір ертегілерде жұмбақ кейіпкердің тапқырлық-ақылдылығын сынау ретінде қолданылады. Жұмбақпен айтысу дәстүрі күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Жұмбақ табиғатын танып білудің ұрпақ тәрбиесі үшін де, педагогика үшін де мәні зор. Себебі ұлттық фольклорлық мұрамыздың аталған саласы қазіргі таңда мектеп оқулықтары мен хрестоматияларға, түрлі кітаптарға енген. Алдағы уақытта да келер ұрпақтың қажетіне жарайтын көмек құрал болып қала бермек. Демек, жұмбақ тәрізді халқымыз ерекше қадірлеген қазыналарын зерттеу ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан ділгірлік мәселе деп білеміз.

Қорытындылай айтар болсақ, жұмбақ ұлттық фольклорымыздың қанаттанып дамыған, үлкен орны бар саласы болып есептелінеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбжанов М.М. Қазақ халқының жұмбақтары. Алматы, 1966.
2. Керім Ш. Қазақ фольклорындағы жұмбақ жанры. Док. дисс. Алматы, 2000.
3. Саттаров Қ. Жұмбақтың айтылу тарихынан // «Қазақ тілі мен әдебиет мәселелері», Қазақ ССР Жоғарғы және Орта Арнаулы білім министрлігі, IX шығуы. Алматы, 1972.
4. Әуезов М. Жұмбақтар (жинақ). Алматы, 1940.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ел аузынан жиналған әдебиет үлгілері. Алматы, 1992.
6. Ақыш Б.Ө. Балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесінің жасалуы. Канд. дисс. автореф. – Алматы, 2006.

## М.БУЛГАКОВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ БОСТАНДЫҚ ПЕН БОСТАНДЫҚСЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

**Балтагарина Ангелина Анатольевна**

*5B020500 «Филология» білім беру бағдарламасының білім алушысы;  
Қазақ – Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

*Бұл мақалада "Бостандық" ұғымының түсіндірмесі әрдайым ғылымның әртүрлі бағыттарындағы ғалымдардың: философтардың, психологтардың, элеуметтанушылардың және т.б. ойлары мен зерттеулері үшін азық-түлік болып табылады, шығармашылық қызметпен айналысатын адамдар да осы мәселенің ашылуына өз үлестерін қосты: мүсіншілер, суретшілер, композиторлар, жазушылар мен ақындар.*

*Түйінді сөздер:* Бостандық, зерттеуші, әдебиет, философия, сана, психологизм, қиял.

---

## ПРОБЛЕМА СВОБОДЫ И НЕСВОБОДЫ В РОМАНАХ М. БУЛГАКОВА

**Балтагарина Ангелина Анатольевна**

*Обучающаяся образовательной программы 5B020500 «Филология»  
Казахско – Русский Международный университет; 030006, Ақтөбе, Әйтеке би, 52*

В данной статье отражены толкование понятия «свобода» всегда было пищей для размышлений и исследований ученых различных направлений науки: философов, психологов, социологов и др. Свой вклад в раскрытие этой проблемы внесли также люди, занимающиеся творческой деятельностью: скульпторы, художники, композиторы, писатели и поэты.

*Ключевые слова:* свобода, исследователь, литература, философия, сознание, психологизм, фантазия.

---

## FEATURES OF THE AESTHETICS OF RUSSIAN POSTMODERNISM

**Baltagarina Angelina Anatolyevna**

*Students of the educational program 5B020500 "Philology" Kazakh – Russian International  
University; 030006, Aktobe , Aiteke bi, 52*

This article reflects the interpretation of the concept of "freedom" has always been food for thought and research by scientists of various fields of science: philosophers, psychologists, sociologists, etc. People engaged in creative activity also contributed to the disclosure of this problem: sculptors, artists, composers, writers and poets.

*Keywords:* freedom, researcher, literature, philosophy, consciousness, psychologism, fantasy.

Начиная писать роман в 1928 году «Мастер и Маргарита» М.А.Булгаков долго не мог дать ему достойное название. К тому же дописав, его до XIX главы уничтожил, и только вначале 30-х годов возобновил. Работа над произведением шла очень медленно, писатель очень часто делал большие перерывы. И только в конце 30-х годов, после возвращения к написанию, Михаил Афанасьевич Булгаков, наконец-то написал главный лист с названием

«Мастер и Маргарита». Автор не успел внести все задуманные изменения в свое произведение. К публикации книга вышла, после кончины автора.

В произведении были показаны и счастливые моменты и строгие замыслы фантазии писателя. Множество сцен описаны одновременно затягивают в сюжет произведения. Мастер, писавший роман о Христе, сам был далек от этой религиозной тематики. Но его больше затрагивала другая проблема, он не мог до конца выразить свои мысли на листок бумаги. Мастер пишет книгу о Понтии Пилате, несмотря на то, что в те времена было отрицание существования Бога. В романе описана постоянная борьба добра и зла, затронуты важные аспекты человеческой жизни, что делает роман бессмертным, Булгаков дал своему роману вечную жизнь.

Объектом исследования в данной работе является текст романа М. А. Булгакова «Мастер и Маргарита», фрагменты ранних рукописей романа в работе Л. Яновской «Треугольник Воланда. К истории романа «Мастер и Маргарита».

Целью работы является раскрытие художественного воплощения проблемы свободы и несвободы в романах М. А. Булгакова (на примере «Мастера и Маргариты»)

В ходе исследования предполагается решить следующие задачи:

- определить философскую трактовку понятия «свобода», анализируя работы по данной теме немецких философов А. Шопенгауэра, Ф. Шеллинга, а так же русского философа Н. Бердяева;
- соотнести проблему свободы-несвободы с биографией писателей;
- определить, с помощью каких художественных средств и приёмов в произведениях раскрывается проблема свободы-несвободы. Используются такие методы исследования, как метод сопоставительного и текстологического анализа.

Научная новизна: в связи с тем, что проблема художественного воплощения категорий свободы-несвободы в романах М. Булгакова по сути в научных исследованиях не поднималась, в данной дипломной работе эта проблема подана концентрированно, причём с акцентом на выявление художественных приёмов, используемых М. Булгаковым.

На заре нашей цивилизации, с того момента, когда человек, встав на две конечности вместо четырёх, выделился в особый род живых существ, получив имя Homo sapiens, неотъемлемой частью его жизни, пусть даже на уровне подсознания, встал вопрос о свободе. С развитием общества этот вопрос перерастает в проблему, так как каждое общественное устройство, каждый человек воспринимает свободу по-своему, индивидуально.

Толкование понятия «свобода» всегда было пищей для размышлений и исследований ученых различных направлений науки: философов, психологов, социологов и др. Свой вклад в раскрытие этой проблемы внесли также люди, занимающиеся творческой деятельностью: скульпторы, художники, композиторы, писатели и поэты.

Проблема свободы и несвободы была актуальна во все времена, у всех народов. Всё это явилось одним из факторов, определившим мой выбор темы данной работы.

Другим, не менее важным фактором оказалось то, что творчество такого талантливого писателя, как М. А. Булгакова, по сегодняшний день не изучено в полной мере. Особенно это касается последнего произведения писателя – романа «Мастер и Маргарита».

На наш взгляд, это происходит из-за того, что, судя по архивным материалам (письмам писателя, дневникам, ранним рукописям) роман не был окончен. Что же касается темы свободы и несвободы в произведении, то с уверенностью можно сказать, что эта проблема почти не рассматривается в исследовательских работах. Косвенно тема свободы раскрыта в работах А. З. Вулиса и И. Виноградова и др. Если А. Вулис раскрывает проблему свободы через само понятие, то у Виноградова эта проблема решается с помощью понятий «свет», «тьма» и «покой».

В исследовании проблемы свободы и несвободы в романе интересна работа Л. Яновской «Треугольник Воланда. К истории создания романа «Мастер и Маргарита», где данная проблема исследуется путём текстологического анализа всех шести рукописей произведения. Для более полного раскрытия темы мы использовали работы немецких философов: А. Шопенгауэра, Ф. Шеллинга, а также русских: Н. Бердяева и В. Свинцова.

В этом есть определённая новизна в раскрытии проблемы художественного воплощения проблемы свободы и несвободы в романах Булгакова.

Проблема сущности и границ человеческой свободы и несвободы – одна из вечных тем в бесконечном философском диалоге различных эпох и культурных традиций. Эта проблема понимания свободы является не столько теоретическим, сколько глубоко жизненным вопросом, который затрагивает судьбы общества в целом и каждого отдельно взятого человека.

«Свобода требует плюрального понимания и вместе с тем путей поиска синтеза её многообразных определений во имя достижения единства и связности человеческих действий» [9; 10].

Свобода не есть вседозволенность, как очень часто её трактовали. В идеальном и сверхсправедливом обществе люди не могут считаться подлинно свободными, если посвящают свою жизнь тому, во что не верят и к чему не питают внутренней склонности. Превращённая форма свободы является рабством внешних обстоятельств, причём личность обедняется, идеалы профанируются, полностью разрушается личностно-экзистенциальное измерение свободы. Примечательны слова русского философа А. В. Иванова по этому поводу: «Раб, не осознающий своё рабство, хотя бы потенциально может стать свободным человеком. Раб, осознающий своё рабство и конформистски подстраивающийся под него, есть раб вдвойне, так как нет ничего противоречащего свободе, чем мыслить иначе, чем действовать, и действовать иначе, чем мыслить» [9; 13].

История свободного человека – это история не его биологического созревания, социального становления под воздействием внешних факторов, а процесс индивидуального устройства жизни, преобразование самого себя в соответствии с индивидуальными жизненными ориентирами.

Проблема человеческой свободы рассматривалась многими философами разных времен и народов, начиная с Древней Греции, Китая и заканчивая учеными наших дней. В раскрытии этого вопроса большой вклад внесли философы немецкой классической школы: А. Шопенгауэр, Гегель, И. Кант, Ф. Шеллинг и др.

Артур Шопенгауэр подразделяет понятие «свобода» на три подвиды, три составных части ее общего понятия: свобода физическая, интеллектуальная и моральная.

Первый подвид – свобода физическая «...есть отсутствие всякого рода материальных препятствий» [25; 46].

Интеллектуальная свобода, по мнению ученого, относится к произвольной и непроизвольной мыслительной способности. Понятие моральной свободы, «связанное с понятием свободы физической, с той стороны, которая проясняет нам его гораздо более позднее происхождение» [25; 47].

Артур Шопенгауэр соединяет понятия «свобода», «воля», «возможность», «хотение» и приходит к выводу, что «Я свободен, если могу делать то, что я хочу, причём слова «что я хочу» уже решают вопрос о свободе» [25; 48]. При этом важным звеном в цепочке понятий «свобода», «свободная воля», «возможность», «хотение» является понятие «необходимость». Ведь свобода не устанавливается только «хотением». Первоначально появляется «необходимость» чего-либо, а затем уже оно воплощается в «желание» или «хотение» и т.д.

А. Шопенгауэр считает, что абсолютная свобода может существовать только при наличии трёх её составных частей, которые взаимосвязаны и взаимодополняемы, при этом

«...понятие «свобода» при ближайшем рассмотрении отрицательно. Мы мыслим под ним лишь отсутствие всяких преград и помех; эти последние, напротив, выражая силу, должны представлять собою нечто положительное» [25; 48].

Ф. Шеллинг, рассуждая о человеческом счастье, считает неотъемлемым его условием – наличие свободы. Цепочка понятий «счастье» – «свобода» составляют в рассуждениях Ф. Шеллинга единое целое. Это предельно ясно, ведь человек, следовательно, и общество в целом, не может считать себя счастливым при отсутствии свободы. Счастье, по мнению ученого, это состояние пассивности. Состояние пассивности в контексте проблемы свободы немецкий философ объясняет следующим образом: «Чем мы счастливее, тем мы пассивнее по отношению к объективному миру. Чем свободнее мы становимся, чем более мы приближаемся к разумности, тем меньше мы нуждаемся в счастье... Высшее, до чего могут подняться наши идеи, очевидно, существо, которое... наслаждается одним собственным бытием; существо, в котором прекращается всякая пассивность, действует абсолютно свободно только соответственно своему бытию...» [24; 71].

Ф. Шеллинг вполне справедливо утверждает, что «...там, где есть абсолютная свобода, есть и абсолютное блаженство и наоборот» [24; 73].

Иными словами немецкий философ считает оба эти понятия составными частями единого целого.

Среди русских философов, проявивших интерес к проблеме свободы и несвободы, мы выделяем Н. Бердяева. Интерес к феномену свободы у Н. Бердяева связан с философией экзистенциализма. Дело прежде всего в степени близости к насущным человеческим нуждам. Николай Бердяев считал неотъемлемой частью свободы наличие дисциплины, «самообуздания», «самоограничения». Свобода, по мнению философа, невозможна без подчинения себя той истине, которая и делает человека свободным.

Кроме философов, проблеме свободы и несвободы посвятили свои лучшие произведения русские писатели и поэты XIX - начала XX века, среди которых мы бы выделили: А.С. Пушкина (стихотворения «К Чаадаеву», «Из Пиндемонти» и др., а также поэмы «Цыганы», «Медный всадник»), М.Ю. Лермонтова (поэма «Мцыри»), Н.В.Гоголя (цикл «Петербургские повести»), Ф. Достоевского («Братья Карамазовы», «Преступление и наказание»),

И даже в этом случае мы прибегли к использованию словообразовательной трансформации, но это в свою очередь привело к использованию синтаксического преобразования. Среди того количества трансформаций или преобразований переводчику возникает необходимость использовать немотивированные трансформации. Что это за такой тип трансформации и как мы можем его описать. Данный тип трансформации относится к разряду переводческих ошибок. В практике переводчик используя данный тип трансформация искажает самое ценное что есть в тексте — он искажает смысл переводимого текста. Как мы уже указывали профессиональная деятельность устного и письменного переводчика сильно отличается, так вот таким типом трансформации чаще всего пользуется устный переводчик. Все это происходит по той причине, что устный переводчик ограничен во времени, работает в жестких временных рамках нет времени подумать, найти, анализировать, все надо делать сейчас и как можно быстрее. Зачастую говорят, что устный переводчик может всегда переспросить говорящего или попросить повторить, и даже в этом случае нельзя говорить о равноценности устного и письменного перевода. Среди переводчиков профессионалов и начинающих, бытует мнение, если переспросить это будет указанием на ваш профессионализм. Два совершенно разных вида перевода и требования к каждого сильно разнятся и отличаются. И устный переводчик должен создать текст переводящего языка из той информации, которой он владеет, может быть вероятность, что не понял до конца смысла высказывания, и это все ведет к немотивированным трансформациям. Как мы уже упоминали, переводческие трансформации или преобразования в переводческой практике встречаются редко в чистом виде, чаще всего они сочетаются друг с другом, например грамматическая трансформация может идти одновременно с лексической, и замена сопровождается перестановкой. И все факторы приводят к такому понятию, что процесс перевод не простой и не односложный процесс, а наоборот сложный процесс. Для синтаксиса информационных материалов на английском языке характерно книжное направление с употреблением сложных, особенно сложноподчиненных предложений, причастных и деепричастных оборотов. Также именно для русского языка характерно использование пассивных конструкций (открыта новая здравница, отправлено поздравление и пр.), а также обобщенно-личных форм глаголов информационной семантики (информируют, сообщают, передают). Особо следует указать на тот факт, что при переводе переводчик заменяет те грамматические понятия, которые отсутствуют в русском языке, например, герундий заменяем на существительное, артикль вообще в большинстве случаев мы опускаем, изменение единственного числа на множественное и наоборот. Но при переводе данной тематики не только грамматические трансформации происходят, но также имеет место лексические трансформации или изменения текста, например, замена того понятия, которое характерно для англоязычных текстов, а для русскоязычного текста он не характерен. Такими отличиями изобилует именно газетно-информационный текст. В газетах и журналах идет огромное количество использования имен собственных и географических названий, а также мер длины, веса и другие измерительных данных. Реалии, присущие только для английского языка вызывают трудность при переводе, особенно систем машинного перевода, машина то есть, компьютер не понимает всех культурных и национальных характеристик данного изложения информации. И конечно только человек-переводчик, может справиться с таким заданием, но для выполнения или осуществления данного вида перевода, переводчик должен

иметь отличные фоновые знания. Приведем пример выдержку из газеты: «We can't know what is going to fill machine 396 RZ,» he said. «I don't mind why France needs machine 396 RZ»

Русскому читателю не понятно что же такое 396 RZ, поэтому при переводе переводчик должен разъяснить эту реалию. 396 RZ это наш аппарат, применяемый в медицине, и это вносит разъяснения для русского получателя. Поэтому перевод будет звучать:

«Я даже не знаю, как можно справиться с этими аппаратом для обследования заболеваний? Я просто не понимаю, зачем они нужны Франции?» - сказал он.

Такого рода добавочная или разъяснительная информация просто необходима для передачи, таких понятий, как названия учреждений, фирм, печатных органов. Так как реалия каждого языка и каждого народа уникальны и повторы просто невозможно. И для того, чтобы выйти из этой ситуации с достоинством, переводчику необходимо прибегать к пояснениям.

### Список использованной литературы:

1. Левицкая Т. Р., Фитерман А. М. Теория и практика перевода с английского языка на русский. М.: Издательство литературы на иностранных языках, 2003
2. Васильева А. Н. Курс лекций по стилистике русского языка. М. «Русский язык». 2016 .
3. Кухаренко В. А. Интерпретация текста. – Л.: Просвещение, 2009.
4. Гальперин И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 2001.
5. Комисаров В. Н., Слово о переводе.- М.:Высшая школа 2003.
6. Паршин А. Теория и практика перевода.- М.: Русский язык, 2000.
7. Арнольд И. В. Стилистика. Современный английский язык. Учебник для вузов. –4-е изд., испр. и доп. – М.: Флинта: Наука, 2002.
8. Комисаров В.Н., Лингвистика перевода.-М.: 2000.
9. Разинкина Н. М. Функциональная стилистика английского языка. – М.: Высшая школа, 2009.
10. Бархударов Л.С. Язык и перевод.- М.: Высшая школа, 2015
11. Комисаров В. Н., Рецкер Я. И., Тархов В. И. Пособие по переводу с английского языка на русский. – М.: Высшая школа, 2005.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

**Бұлқайрова Г.Ж., Әділшинова А.Н., Иманғалиева А.Ж., Мәуметова А.Ш.,  
Тойгулыева Ш.А.**

*6B01211 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының  
3 курс (3 жылдық) студенттері*

**Досмурзаева А.С.**

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Мақалада егемендікке қолы жеткен қазақ қоғамының бүгінгі әлеуметтік объективтік сұранысы - мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу арқылы елдің келешегін әзірлеу ең негізгі мәселенің біріне айналды. Оны жүзеге асыру - қазақ халық педагогикасының бір саласы - ұлттық ойындар негізінде деп білсек, оның тиімді әдістерін белгілеп, жөн-жосығын айқындау қажеттігін туғызып отыр. Мектепке дейінгі тәрбие жөніндегі жазылған еңбектер мен ғылыми зерттеу жұмыстарының бәрінде де адамгершілікке тәрбиелеу жолдары жалпы айтылғанымен, мектеп жасына дейінгі тарда тәрбиелеу жолдары нақты сөз болған емес. Осы бір кеңістіктің орнын толтыру ниетімен бұл тақырыпты арнайы қолға алдық.

*Түйінді сөздер:* тәрбие, ұлттық тәрбие, адамгершілік, ойын

---

## ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПОСРЕДСТВОМ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР

**Бұлқайрова Г.Ж., Әділшинова А.Н., Иманғалиева А.Ж., Мәуметова А.Ш.,  
Тойгулыева Ш.А.**

*Студенты 3 курса (3 года) по ОП 6B01211 – «Дошкольное обучение и воспитание»*

**Досмурзаева А.С.**

*Кандидат педагогических наук, старший преподаватель*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, Ақтөбе, ул. Әйтеке би, 52;*

В статье подчеркивается, что одним из основных вопросов стала разработка будущего страны посредством нравственного воспитания дошкольников - сегодняшнего социального объективного запроса казахского общества, достигшего суверенитета. Его реализация - одна из областей казахской народной педагогики-основана на национальных играх, что обуславливает необходимость определения эффективных методов их реализации. Несмотря на то, что во всех написанных работах и научно-исследовательских работах по дошкольному воспитанию в целом были озвучены пути нравственного воспитания, в дошкольном возрасте не было конкретных слов о путях воспитания. Мы специально взяли за эту тему с намерением компенсировать это пространство.

*Ключевые слова:* воспитание, национальное воспитание, нравственность, игра

---

## MORAL EDUCATION OF PRESCHOOL CHILDREN THROUGH NATIONAL GAMES

**Bulkayrova G.Zh., Adilshinova A.N., Imangalieva A.Zh., Maumetova A.Sh., Toigulyeva Sh.A.**



*3rd year students (3 years) on the educational program 6B01211 – "Preschool education and upbringing"*

**Dosmurzayeva A.S.**

*Candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer*

*Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52*

One of the main problems of the article is the development of the country's future through the moral education of preschool children - today's social objective demand of Kazakh society, which has reached sovereignty. Its implementation is based on one of the branches of Kazakh folk pedagogy - National Games, which create the need to identify and determine its effective methods. Despite the fact that all the written works and research works on preschool education mention the ways of moral education in general, the ways of preschool education are not specific. In order to fill this space, we have taken up this topic specifically.

*Key words:* Education, National Education, morality, game

Ұлттық ойынның дамуы мен пайда болуына арналған ғылыми зерттеу жұмыстары әр саладан баршылық. Зерттеу мәселесімен педагогтар, философтар, психологтар, тарихшылар, этнографтар, өнер қайраткерлері т.б. шұғылданды. Ал бала ойынына тән сипаттарды ескере отырып тамаша образдар жасаған ұлы жазушылар мен өнер қайраткерлері адамзат дамуының барлық кезеңдерінде болды. Ойынның пайда болуы, дамуы жөнінде бұлардың бәрінің ой-пікірлерінің тоғысар арнасы-ойын іс-әрекеттің алғашқы қадамы, өмір шындығының көрнісі, бейнелік сәулесі. Іс-әрекет ойыннан басталады. Бала ойнағанда өзі көріп, біліп, байқаған өмір құбылыстарына, ересек адамдардың іс-қимылына еліктеу тұрғысында бейнелер жасайды. Шартты түрде ойынға мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында іске, әрекетке кірісіп және өзінің қиялына дес беруі - ерекше көңіл аударарлық мәселе екендігі әр саладан, әр деңгейде талданған байырғы тақырып.

Балалық кездегі ойынды тәрбие мәселесінен бөлуге болмайды. Екеуі бірлікте қаралады. Ал тәрбие туралы айтылған даналық ойларға зейін қойсақ, алдымен бүкіл әлемнің ұстазы атанған ұлы бабамыз Әл-Фарабидің пікірлеріне жүгінеміз.

Алып ойдың кеніші - Әбу Насыр Мухаммед ибн Мухаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ Әл-Фараби (870-950ж) дүние жүзілік ғылыммен, даналық болжамдарымен ықпал еткен ұлы ғалым! "Ақылдың мәні туралы", "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы", "Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері", "Бақытқа жету жайында" т.б. еңбектерінің тағылымы мол. Әділдік, инабатылық, мейірім, жомарттық-адамгершілік көрсеткіші екендігі әр саладан баяндалған. Тәрбие мәселесінде адамгершілікті бірінші орынға қойды.

Адамды бақытқа жеткізетін даналық жол-қайырымдылық, имандылық, адамгершілік екендігін әр жақты дәлелдеді. Ал оған жетудің кілті тәлім-тәрбие, адамның өзін-өзі тежей білуі екендігін айтып: "... адамгершілікке негізделген татулық, жарасымдылық, келісе білушілік бақытқа жеткізеді. Бұл - қайырымдылық", -деп көрсетті ұлы бабамыз. Болашаққа үміт сеніммен қарау мен соған ұмтылу ешкімді жәбірлемей, ар-намысына тимей қарым-қатынас жасау - әділет жолы. Бұл қасиеттер тәрбие арқылы адам бойына сіңетіндігіне сеніп, оған машықтанып, жаттығуды қолдады.

Адамда болуға тиісті ізгілік пен қайырымдылықтың өнегелі үлгісін данышпан бабамыз былай тізді:

Тәні таза, дене бітімі мінсіз, өмірге бейім, икемділік;

Тиісті мәселенің жәй-жапсарын ақиқат шындыққа сәйкес жете түсініп, ұғына білушілік;

Түсінгенін, көргенін, естігенін, аңғарғанын жадында сақтап ұмытпаушылық;

Байқағанын сол заматта ұғынатын алғырлық, ишаратты тез аңғаратын ақыл иесі

болушылық;

Ой-түсінігін тапқырлықпен дәл де айқын жеткізе алатын тілмарлық;

Өнер-білімге құштарлық, оқудан және үйренуден жалықпайтын еңбекқорлық;

Ішіп-жеуге қанағатшыл, сауық құмарлық пен ләззатшылдыққа жирене қарайтын тазалық пен пәктік;

Шындықты сүйіп, өтірік пен суайттықты, жалғандықты жеккөрушілік;

Жаны асқақ, ар-намысын ардақтап қорғай білушілік;

Игі іске ынтазарлық және пасықтыққа аяқ баспаушылық;

Дүние қоңыздыққа жирене караушылық;

Әділетті сүю, озбырлық пен опасыздықты жек көріп, зардап шегушілерге кол ұшын бере білушілік;

Қыңыр, нойыс мінезділерге қарыспай-ақ тойтарыс беріп, жасқануды білмейтін батылдылық пен ержүректілік.

Бұл игі қасиеттерді бойға дарыту-бала дүниеге келген кезден бастап жүйелі түрде жүргізілуін ұлы ұстаз кайырымды қала басшысына тән мінез-құлықтар арқылы меңзей отырып, адамгершілік әдептің ізгі сипаттарын белгілеп берген болатын. Тәрбие арқылы жүзеге асуға тиісті асқақ арманға толы бабамыздың педагогикалық толғанысы осыдан он бір ғасыр бұрын айтылғанымен де, күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймаған, қайта уақыт озған сайын жаңарып жасара беретін пайымдаулар. Егемендікке қолы жаңа ғана жеткен еліміздің болашақ иегерлерінің бойына ұлы ұстаз нұсқаған адамгершілік әдістерінің мейірім шапағаттарын балбөбектердің сәбилік шағынан бастап дарытуға ниеттенсек, басшылыққа алсақ ісіміз табысты болары хақ. Әрине, дана ойшыл бабаларымыз ұсынған тәлім-тәрбиелік пайымдауларын бала ойыны арқылы жүргізілсін деп айтпағанымен де, сәбилік шақтағы тәлім, үйрету, тиісті әдет дағдарларын меңгертіп машықтандырудың тиімді жолы ойын екені баршаға аян. Қазақ халқының көне тарихындағы аты әлемге мәшһүр болған ойшылдарының тәрбие жөніндегі даналық ойларын шола қарағанда ХІ ғасырдың ұлы мұрасы Жүсіп Баласағұнның "Құтты Білік" ("Құдадғу білік") еңбегінің орны ерекше. Өзі өмір сүрген уақыт деңгейінен Жүсіп Баласағұн "Құтты білікте" (1069 жылы жазылған) адамгершілік қасиеттерін сипаттап, өнегелі тәлімдерді келер ұрпаққа бағыштаған. Бұл дастан 72 тараудан тұратын 6600 тармақ болса, онда- Әділет, Бақыт, Ақыл, Қанағат деп аталатын бейнелік есімдер арқылы аталып отырған төрт қасиет суреттелген. Дастандағы кейіпкерлер кеңесінде өмір сүрудің ережелері, мінез-құлық, ақыл-ой, адамгершілік әдептерінің озық үлгілері, дидактикалық таным-түсініктер суреттелген. Ізгілікке жетелейтін ғибраттар айтылған:

Тәрбиеші ал ізгілікті, көшелі,

Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі...

Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер. Бастауы көне ғасырда жатқан адамгершілік танымда тәрбиенің ізгілік жолы отбасынан басталатындығын Жүсіп Баласағұн дөп басып, дәл суреттеген:

Ақ сүтпенен бірге енеді жақсылық,

Айнымайды еш, алғанша ажал, қапсырып...

Іште біткен қылық, парыз мойнына

Бірге кетер қара жердің қойнына

Халықтық тәрбие адамгершілік, адалдық, қайырымдылық өнегелері отбасынан бастап өркендетіп, салт-дәстүрге орай бойға дарытатындығына ден қойған. Адамзаттың тарихи даму барысында елді мекендердің күрт өсуі, қалалардың кенеюі, қоғамдық өзгерістерге қарай отбасылық тәрбиемен қатар, әсіресе, біздің заманымызға тән ұжымдық тәрбиеге негізделген балабақшада жүргізілген тәрбие саласы өркендеді.

Бұл-өзіне үйлесімді тәрбие ісін керек ете бастады. Демек, тәрбие ана сүтімен дарыса,

адамның бүкіл өміріне жалғаса келетін құбылыс екендігін және отбасылық өнеге қандай болса, келешекте оның нәтижесі де сондай болатындығын нақты нұсқаған ол:

Егінжай бір бұл дүние көлемі,  
Немене ексең, соның ертең өнеді.  
Сенікі -шындық, менікі-ойын,  
Бой ұсындым шынға, ойынды қойдым.  
Жіберме зая күніңді өтер,

Өткен күн келмес, өтер де кетер. Ұлы гуманистік тәлімдік ақыл-кеңес - баланы неғұрлым жас кезінен бастап үйретсе, соғұрлым бойға тиянақты дарып, машықтық дағды бүкіл тірлігіне жалғаса кетеді. Ол үшін қарым-қатынасындағы мінезділіктілікті бойға сіңіріп және оғаы үйрету керек екендігі жөнінде берер ақылы мынау:

Егер ашу- өкпең келсе, кызуланба сабыр қыл,  
Сабырлы кісінің сүйеніші алда,  
Өкпелесең ашуланба, налыма,  
Сабыр соңы-салқын сая жаныңа

Халықтың дәстүрлі сипатына үйлесімді мінез-құлыққа тәрбиелеу-әрбір тұлғаның жарасымды тіршілік етіп, өміріне көрік беретіндігін нұсқайды.

Кісі көңілі нәзік шиша, шарайна  
Мүқият бол, шағып алма, абайла.  
Ашуда-сақ, сабырлы бол сасқанда....  
Жылы сөзбен күле сөйле, жадырап  
Бақыт қонып күтың тасыр жамырап...

Жомарт, сақи бол, қырсығып есірмей Ұлы бабамыз құрмет тұтқан мінез-құлық жөніндегі толғаныстарын және халқымыздың дәстүрлік ғұрыпы мен танымына орай айтқан әр саладағы тәлімдік болжамдарын, дидактикалық пайымдауларын өмірге жарасымды қолдана білсек, бүгінгі ұрпаққа ешбір жаттығы жоқ, өмірін көріктендірерлік ғибраттар.

Ғасырлар қойнауында жатқан жазбаша жеткен мұраларымыз жөнінде сөз еткенде XII ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Иссауиді (1094-1167ж) айта аламыз. Оның үстіне бүкіл әлем халқы 1500 жылдық мерей тойын тойлады. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет кесенесі-дүние жүзіндегі тандаулы мәдени ескерткіштердің бірі. Қожа Ахметтің "Диуани Хикмет" ("Даналық кітабы") әдебиеттің алтын қорына қосылатын туынды болуымен бірге, тәлім-тәрбиелік пайымдауларының да мәні зор. Сопылық жолға берік бекіген бабамыз ұстанған тәрбиелік қағидасы-құдай жолына берілуге негізделген әділеттілікті тұтыну. Ойшыл ұстаздың тәрбие жөнінде берер ақылы-ешкімге қиянат жасама, зәбір көрсетпе, дүниеқұмарлық пен баққұмарлыққа салынба, жоқ-жітік пен кем-кетіктерге шын ниетіңмен жәрдемдес, пейілің таза болсын. Тәрбие арқылы бойға сіңірілетін өмір сұрудің басты ережесі-қанағат пен рақымшылдық, тағдырға тағзым етіп, басқа түскенге көне білу, үлкеннің сөзін, білікті ғұламаны және ұстаз ақылын екі етпей ұғыну қағидалары. Бұлардың бәрі білім мен тәрбие арқылы бекітіндігіне сеніммен қарады, оны жұртшылыққа өнеге етті: Ақ дәптерге даналық сөзді жаздым...

Несібіңе берілген қанағат қыл...  
Әуелде ақыл-ойдан кенде болдым,

Біртіндеп білім алып жөнге келдім. Тақуалықты пір тұтқан ғұламаның "Даналық кітабы" сәуегейлік ойға толы. Адамның тәлім-тәрбиелік таным-түсінік көкжиегін кеңейтерлік ойларын діни нанымдарымен дәйектеп, тағлым алуға шақырады.

Тартынып көп қылықтан пенде болдым-

Алланың ақ жолына түстім міне Ақынның айтары адамның басында кездесетін кемшілік пен қатесі назарға ілінсе, оны ақыл көзімен көріп, көңіл қаламымен түзеу-алла алдындағы пенделік парыз. Алла тағаланың рақымшылығы мол екендігін "Өзі қайран, көңілі

ойран, көзі жасты" пәнда шын ниеттеніп әділет жолына ұмтылып, тәубаға келсе, мейірімі мол құдай тағаланың шапағаты мол екендігін түсіндіріп, адамгершілікке шақырады. Тақуа ақын Иассауи Мұхамед пайғамбар жасына келген соң, пайғамбарды аза тұту белгісі ретінде қалған өмірін қылуette (жер асты үйде) өткізсе, мұның өзі мұрат тұтқан танымына берік берілгендіктің тағылымы деп таныған абзал. Хиқмет-тәлімдік өнегесі мол, алла тағаланың ақ жолына берілуді насихаттайтын айтулы еңбек, педагогика тарихында арнаулы зерттеуді тілеп тұрған туынды.

Қазақстандағы ғылымның әр саласы бойынша айтылған қадау-қадау ізденістер мен жеке пікірлер болмаса, түбегейлі зерттеулер жазылмағандықтан, халқымыздың ертедегі дана ойшылдарының педагогикалық тағылымдары жұртшылыққа толық жетпей отыр, оны жүзеге асыру - болашақтың ісі.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің маңызы және оның жеке тұлғаның рухани дамуына тигізер әсері туралы ой-пікірлердің қалыптасуына Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев сынды халқымыздың ойшылдары, ағартушылары мен өнер қайраткерлерінің қосқан үлесі зор болды.

Ы.Алтынсарин халық педагогикасының адамгершілікті, үлкенді сыйлауға, өнеге үйретуге уағыздаған негізгі қағидаларын жақсы біліп, оны басқа халықтардың озат ой-пікірлерімен толықтырып дамытты. Ол елін надандыққа қамап отырған феодалдық-патриархалдық, кертартпа отаршылдық саясатты сынай отырып, туған халқының келешегіне зор сеніммен қарайды.

Шоқан Уәлиханов "Жоңғар очеріктерінде" әр түрлі қимыл-әрекетті ойындар мен асық ойындары тайпалық одақтарда ересектер арасында дамып кейін келе жас өспірімдердің үлесіне қалғандығын талдайды. Себебі үлкендерден көргенін бала өздері үшін үлгі санап, өнеге ретінде күн ұзаққа ермек етіп, үйде де, далада да ойнайды. Бала өмірі ойынға байланысты. Ойынсыз олар өсіп, өркендей алмайды-бұл қай заманның болса да шындығы, өмірдің заңдылығы.

Тәрбие мақсатының айналасындағы айтыс көне (антик) заманынан басталады. Көне данышпан ойшылдар тәрбиенің негізгі мақсаты- рақымшылық, адамгершілікті тәрбиелеу екеніне келісті. Ал рақымшылық, адамгершіліктің не екенін түсіндіруге келгенде, олардың ойы әр түрлі болып келеді.

Платон адал, сезім және жігер сияқты қасиеттерді алдымен дамыту қажет деп есептесе, Аристотель ерлік пен шыдамдылыққа, әділдік пен ұстамдылыққа, ақылдылық пен рухани жан тазалығына көңіл бөлген.

Я.А.Коменский тәрбиенің күшіне шексіз сенген. "Ана мектебі" шығармасының эпиграфы ретінде Цицеронның мына бір сөзін алған: "Бүкіл мемлекет негізі - жастарды дұрыс тәрбиелеуде". Я.А.Коменскийдің пікірінше, тәрбие жұмысы үш мақсатқа бағытталуы қажет: өзін-өзі тану, қоршаған ортаны білу (ойын, ақыл тәрбиесі), өзін ұстай білуі (рухани тәрбие), құдайға бағышталу (діни тәрбие).

Ағылшын философы және педагогы Дж.Локк тәрбиенің ең басты мақсаты- ер жігіттікті қалыптастыру- "өз ісін ақылды да жан-жақты жүргізе алатын" адамды тәрбиелеу деп санаған. Сонымен қатар Бұндай адам белсенді, іскер болып, ұшқыр ойлы, білімді болып келуі қажет деп есептеген.

Француз материалисі К.Гельвеций тәрбие негізіне "біртұтас мақсат" қажеттігін айтқан. "Тәрбиешінің мақсаты- азаматтардың жүрегін адамгершілікке, ақылдарын шындыққа, ақыры соңында сезімтал да дұрыс пікірлі азаматтар тәрбиелеп, өз пікірлері қоғамның мүддесімен пікірлес патриоттар шығару".

Ж.Ж. Руссо тәрбие мақсатын жалпы адамгершілік құнына негіздеу пікірін тұрақты ұстаған. Тәрбие адамға не үшін қажет? Алдыменен, адам жер бетіне әлсіз, дәрменсіз болып туылады. Тәрбиенің мақсаты - адам қалыптастыру. "Өмір сұру - міне, мен үйреткім келетін

кәсіп. Менің қолымнан шыққан соң - осымен келісемін-ол сот емес, солдат емес, молда емес: ол алдыменен адам болады: қажет болған жағдайда ол адам бола алады, тағдыр оны қалай тәлкегіне салса да ол қашан да өз орнын таба алады".

Швейцар демократ педагогы И.Песталоций тәрбие мақсаты -адамның бойындағы табиғаттан туылған қасиетті жетілдіру, үнемі ұштау, осының нәтижесінде "адамның күш қуатын, талабын жан-жақты дамыту". Прусс педагогы әрі философы Э.Канттың тәрбие жүйесіне сіңірген еңбегі үлкен. Тәрбиеге Кант зор үміт артып және тәрбие мақсаты балаларды ертеңгі күнге дайындау деп көрсеткен: "Балалар бүгінгі күн үшін тәрбиеленбеулері қажет, келешек үшін, адамзаттың жақсы болашағы үшін, яғни адамзаттың болашақ ойы, орны үшін тәрбие алулары қажет". Канттың жолын қуушы неміс педагогы Ф.Рейн бұл мақсатты дәлелдей түседі: "Тәрбие баладан нағыз жақсы адамды қалыптастыруы қажет, адам зейінін қоюға тұратын нәрсеге еліктейтін, өз халқы үшін пайдалы қызмет атқаратын, адал, діни адамды тәрбиелеуі қажет". Неміс педагогы И.Гербарт тәрбие мақсаты- адамды жан-жақты қалыптастыруда, үйлесімді тәрбие беруде деп санаған. Тәрбиенің үлгісі- ол жақсы адам. Бұл мақсатты мәңгілік және бұлжымастай көрген Гербарт қоғамда қалыптасқан тәртіпті сақтап, құрметтеп , қарым-қатынас жасай алатын адам тәрбиелеу керек деп көрген. Орыс социал-демократтары дүние жүзіне тәрбиенің мақсаттарын өз көзқарастарынан, өз тұрғыларынан ұсынған.

В.Г. Белинский XIX ғасырдың 40 жылдары царизм мен крепостнойлық езгімен күресшіні тәрбиелеу жөнінде жазды. А.И. Герцен тәрбие мақсаты - қоғамдық зұлымдықпен күресе білетін еркін, іскер, адамгершілігі мол, жан-жақты дамыған адам тәрбиелеуде деп көрсеткен. Чернышевский болса тәрбие мақсаты-қоғамға, адал, таза, өз мүддесін қоғам мүддесімен біріктіре алатын адамды тәрбиелеу деп санаған. Ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинский: "Біз батыл айта аламыз, рухани тәрбие тәрбиелеудің басты мақсатын құрайды, ой-өрісін дамытып, басты білімге толтырудан да басты мақсат деп санаймыз", - деген. Революцияға дейінгі А.Тихомировтың "Педагогика, дидактика, әдіс курсы" тәрбие мақсатын былайша анықтайды: "Ақылды да мейірімді адам - міне, талассыз да мызғымайтын тәрбие мақсаты, құдай сөзі де халық пікірі де осылай түсіндіреді". Осындай пікірді тағы бір орыс педагогы М.Демков айтады: "Адам өмірінде зор орынды дін мен өнегелі дүние алады". Адамның өнегелі тәрбиесіне көбінесе осылар әсерін тигізеді. Осы ерекшеліктерді нығайту өнегелі-діни тәрбиенің мақсатын құрайды. Халықтық негіз - революцияға дейінгі орыс тәрбие жүйесінің маңызды талабы. 1913 жылы шыққан "Педагогика" оқулығында анық айтылған: "Жас ұрпақты қоғам үшін тәрбиелеу қажет". "Өз ісімен қоғамға абырой болатын, оның күшін жоғарылататын, сапасын жақсартатын ерікті де пайдалы қоғам мүшелерін қалыптастыру" - кандай да болмасын тәрбиенің, ең жәй әскери тәрбиеден күрделі мәдени тәрбиеге дейінгі мақсаты осы.

Адамгершілік тәрбиесінің жалпы міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен сана нышандарын, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады. Адамгершілік сезім, адамгершілік түсініктерді меңгерудің негізінде туып, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тәртібінен көрініс табады.

Баланың алғашқы адамгершілік түсініктерін аңғарып, мінез-құлқы мен тәртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі шақ - ең жауапты кезең. Балалар үй ішіндегі жақындарымен қарым-қатынасында, оқу-тәрбие ісінде, тікелей өмір тәжірибесінде ненің жақсы, ненің жаман екенін байқайды, жақсы мен жаманға үлкендер тарапынан берілген бағаны меңгереді.

Психология ғылымы да баланың айналадағы болмысты дұрыс түсінуі мектеп жасына дейін қалыптасатынын, олар өз айналасындағы адамдардың көзқарасы мен талпынысынан, мұраттарынан жастайынан-ақ үлгі алатынын

дәлелдеді. Бірақ бұл өзгерістердің бәрі де өзінен-өзі немесе жүйкенің туа біткен заңдылық күші арқылы емес, әдейі мақсат көздеп ұйымдастырылған оқу-тәрбие үстінде іске асады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің нақты міндеттері: 1) балалардың үй-ішіне, жақындарына, құрбыдостарына, жалпы адамдарға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу; 2) адамгершілік ережелеріне сай балалардың мінез-құлқын, ұйымдасқан тәртібін, мәдениеттілігін, жақсы әдеті мен дағдысын қалыптастыру; 3) балалардың адамгершілік түсініктері мен қасиеттерін тәрбиелеу.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың Отанға, адамдарға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу жатады. Ол үшін алдымен балалардың ата-анасына, үйіне, туған жеріне, оның табиғатына, өз аулына, қаласына, туған-туысқандарына, дос-құрбыларына, балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу қажет.

Елге сүйіспеншілікті тәрбиелеудің пәрменді құралы — халықтың тілі, мәдениеті мен көркемөнері. Ана тілі — халықтың тарихы, шежіресі, халықтың ең зор ақылшысы, ұстазы деп бағалаған К.Д.Ушинский. Бала әдеби шығармаларды: өлең, ертегі, ән, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал мен мәтел, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің байлығы мен әсемдігін меңгерумен қатар оны сүюді үйренеді.

Балаларды халықтың қолөнерімен, қазіргі композиторлардың сан түрлі азаматтық тақырыптарға арналған әндерімен таныстыру балалардың қуанышын, көңілді сезімін дамытып, ұшқыштарға, ғарышкерлерге, теңізшілерге, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейді.

Адамгершілік тәрбиенің мазмұнына балаларды интернационалдық рухта тәрбиелеу де жатады, өйткені ол адамгершілік тәрбиесінің негіздерінің бірін құрайды. Балабақшада көптеген ұлттың балалары бар, олардың бәрі бірдей тәрбиеленіп, бірдей қамқорлыққа бөленеді. Осының өзі-ақ - балалардың бір-біріне жолдастық, достық сезімін тәрбиелеудің ең қолайлы жағдайы.

Тәрбиеші суреттерді, көркем әдеби шығармаларды, әр ұлттың балалар әдебиетін пайдалана отырып, Қазақстанды мекендейтін сан ұлттың өмірі, тұрмысы, еңбегі, өнері жөнінде әңгімелейді, соның негізінде ұлттарға, халықтарға, жалпы адамзатқа деген сүйіспеншілік сезімін дамытуға мүмкіндіктер туады. Балалар арасында дұрыс қарым-қатынасты тәрбиелеу, тату балалар ұжымын құру - балабақша педагогінің негізгі міндеттерінің бірі. Балалар ұжымын тәрбиелеуде тәрбиеші адамгершілік принципіне сүйенеді.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу де жатады, әсіресе олардың үлкендері сыйлау сезімін тәрбиелеу сәбилік шақтан басталады. Үлкенді сыйлау — асқаралы да асыл сезім. Үлкендердің беделін мойындау, тыңдау, көңіл бөлу, құрметтеу, қамқорлық жасау сияқты балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру, бұл сезімнің көрініс табуы — жақсы тәрбиенің белгісі.

Тәрбиеші өмірдегі барлық материалдық және рухани байлық үлкен адамдардың еңбегімен жасалғанын, оны өздері күнделікті өмірде пайдаланып жүргендерін нақты мысалдар келтіріп түсіндіреді. Үлкендердің білімі, еңбегі біздің шаттық өмірімізді қамтамасыз етіп отырғанын, әсіресе өзін қоршаған адамдардың: тәрбиешінің, дәрігердің, күтушінің, аспазшының, даяршылардың еңбегін айтып, оларды бағалауды және үлкендерді қалай құрметтеу, сыйлау керектігін үйретеді. Кейде балалар үлкендерді сыйлау керек екенін біле тұрса да, оны орындамайды, себебі бала білімін, тәртібін, іс-әрекетін байланыстыра алмайды, өзін жақсы алып жүргісі келеді, бірақ оны қалай орындауды білмейді, ал кейде баланың қызығушылығы сана тұрақтылығын басып кетеді, кейде бала сөзі мен ісін бірлікте алып жүре алмайды. Әрине, баланың білімі бірден оның мінез-құлқы мен тәртібіне айналмайды, оған ұзақ уақыт дағдылану, үйрену керек, тәрбиеші осыларды шыдамдылықпен қалыптастырады.

Баланы шыншыл да адал етіп тәрбиелеу — адамгершілік тәрбиесінің мәнді белгісі.

Балалар кейде білместігінен мәліметтерді дұрыс бере алмай шатастырады. Мысалы, бір қыз әжесінің үйіне қысты күні барып қайтқан соң: "Мен әжемнің үйінде алма тердім", - деген. Бұл өтірік емес, ол алманы әжесінің үйіне күзде барғанда терген болатын.

Кейде ересектер тобындағы балалар өзі және жақындары туралы жалған айтады. Олардың батырлық іс істегені, батылдық көрсеткені жайлы мақтанады. Бұл өтірік айту ниетінен емес, батырлық пен батылдыққа талпынушылықтан, соған құштарлықтан туады.

Кейде баланың ойы шындықтан қиялға ағып өтіп, жалған айтып та қояды, бірақ оның алдайын деген ойы болмаған. Бұндай жағдайда үлкендер баланың қиялын бұзбай, көңіліне қаяу салмай, жолдастарының алдында абыройын түсірмей, оның қиялын ашып беруі керек. Әдетте, балалар өтірікті қорыққандықтан немесе жазаланудан қашқандықтан айтады. Сондықтан тәрбиеші баланың өтірік айтқанына көзі жеткен соң, оның не себептен айтқанын анықтап, олай істеуге болмайтынын түсіндіруі керек. Баланың бұл әдеттерін дер кезінде қойдырмаса, ол кейін өтірік айтуды әдетке айналдырып кетеді.

Ертегі, әңгімелерден, белгілі адамдардың өмірінен үзінділер оқып, шыншыл адамды халықтың құрметтейтінін, жақсы көретінін, одан үлгі алатынын, өтірікшілерді жек көретінін, сыйламайтынын айту арқылы шыншылдықтың жақсы қасиет екеніне көздерін жеткізгені жөн.

Адамгершілік тәрбиесіне қарапайымдылықта тәрбиелеу де жатады. Балаларды жөнсіз көп мақтау, артық бағалау зиянды ықпал етеді. Бұл кейде балалардың мақтаншак, өркөкірек, жалқау болуына әкеп тірейді, әсіресе қабілетті балалардың іс-әрекетін әділ мадақай отырып, оларға талап пен тапсырманы күшейте түскен жөн.

Қарапайымдылыққа тәрбиелеудің негізі - баланың адамгершілік қасиетін дұрыс, әділ бағалау.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың мінез-құлқын тәрбиелеу жатады. Мінез-құлық дегеніміз - адамдардың өзін қоршаған ортаға, қоғамға, басқа адамдарға деген қарым-қатынасынан көрініс табатын тұрақты психикалық ерекшелігінің жиынтығы.

Балалардың мінез-құлқы мен тәртібін тәрбиелеу үшін бағдарламалық тәрбие міндеттеріне, олардың күші мен мүмкіндігіне сәйкестендірілген қолайлы жағдай тудыруға назар аудару қажет. Балабақшадағы заттарды пайдалану мен оларды күтіп ұстаудың, сақтаудың берік тәртібі, өзін қоршаған ортаның ұйымдастырылған өмір ағымы, айналадағы заттардың реттілігі болуы керек.

Балабақшадағы ұйымшылдық, реттілік, тәртіптілік оларды жақсы дағдыларға тез қалыптастырады. Себебі, балалардың тәртібіне педагогикалық әсер ету ғана емес, өзін қоршаған ортаның жинақылығы, балабақшадағы жұмыстың дұрыс жолға қойылуы да тиімді әсер етеді. Егер балабақшада қатаң, бірізді, жүйелі талаптар айқын қойылса (нені істеу, нені істемеу керектігі, қай жерде өзінді қалай ұстау керектігі, т.б. талаптар белгілі болса), бала тарапынан тәртіпті орындамаушылық, тыңдамаушылық деген болмайды. Баланың тәртібіне белгілі талаптар қою олардың орындалуын бақылаумен үштасады. Бақылаудың әлсіреуі балаға тәртіп бұздырады. Талап пен бақылау тәрбиешінің берген бағасы арқылы бекітіледі, ол балалардың іс-әрекетінің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін тануға, тәртіп ережелерін игеруге мүмкіндік жасайды.

Балалардың тіршілігін, іс-әрекетін ұйымдастыруда күн тәртібі қатаң сақталуының үлкен тәрбиелік маңызы бар. Балалардың күнделікті іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру, жүйелі педагогикалық ықпал ету, талаптар қою, оның орындалуын бақылау, теріс қылықтарын тежеу, тыйым салу — адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды шарты. Осыларды орындау барысында балалардың тәртіптілігі әдетке айналады, бара-бара әрбір балаға қойылатын талап олардың өз талабы ретінде көрінеді.

Балаларға мінез-құлық, тәртіп, қоғамдық құбылыс, адамдардың еңбегі, еңбекке

қатынасы, бір-бірімен өзара қарым-қатынасы, адалдық, шыншылдық, батылдық, ерлік сияқты адамгершілік қасиеттер, балалардың өзін-өзі алып жүру ережелері жайында айтып отыру қажет. Бұл білімдердің қайнар көзі - өмірдің өзі, ал оларды меңгертудің жолы — ойын, еңбек, оқу-тәрбие үстінде таныстыру. Тәрбиеші адамгершілік ережелері, адамның жеке басына қойылатын талаптар туралы мағлұмат береді.

Балалардың мінез-құлқының, тәртібінің, білімділігінің негізі — балалардың өз істері мен үлкендерден қойылатын негізгі талаптардың дұрыстығы. Балаларда өзін бақылаудан гөрі асқаларды бақылау әдеті бұрын туады. Кейін бірте-бірте ғана өз тәртібіне саналы қарайтын болады.

Тәрбиешінің міндеті — балаға адамгершілік жайында білім берумен қатар, оны дұрыс тәртіпке, іс-әрекетке, басқа балалардың тәртібіндегі, өз басындағы кемшіліктерді саналы сезінуге үйрету.

Балабақшада жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі шарты — көпшілікпен өзара қарым-қатынасты қалыптастыру. Көпшілікпен қарым-қатынас жеке адамның мүддесін көптің мүддесіне бағындыруға, бірге өмір сүруге және еңбек етуге тәрбиелейді. Көпшілік өзара қарым-қатынастың алғашқы бастауы балалардың бірлескен іс-қимылында көрініс тауып, мақсат бірлігінде, мақсатқа жету үшін жұмыла күш жұмсауда іске асады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшелігін ескере отырып, төмендегі әдістер белгіленді: 1) тәрбиеші мен ата-ананың үлгісі, күнделікті өмірден үлгі-мысалдар келтіру; 2) балаларға жақсы мінез-құлық пен адамгершілік ережелерін үйрету, соған сай балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру; 3) сендіру, түсіндіру; 4) мадақтау, кінәлау, айыптау, жазалау; 5) бағалау.

### Пайдаланған әдебиетер тізімі

- 1 «Қазақстан-2030» стратегиясы, 1997.
- 2 Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік міндетті білім беру стандартының жобасы. - Астана, 2006.
- 3 Қазақстан Республикасындағы этностық-мәдени білім беру тұжырымдамасы. - Алматы, 1996.
- 4 Александренков Э.Г. Этническое самосознание или этническая идентичность // Этнографическое обозрение. - 1996. - № 3. - С. 13-23.
- 5 Абильдин Ж.М. О логическом учении аль-Фараби. – Алматы: Наука, 1982, - 199 с.
- 6 Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М., 1983. – 412 с.
- 7 Козлов В.И. Проблема этнического сознания и ее место в теории этноса // Советская этнография. – 1974. - №2. – С. 32-38.
- 8 Кушербаев К.Е. Этнополитика Казахстана: состояние и перспективы. –Алматы: Институт развития Казахстана, 1996. – 227 с.
- 9 Нысанбаев А.Н., Тайжанов А.Т. Этнокультурные традиции в духовном наследии М.О.Ауэзова. – Алматы, 1997. – 176 с.
- 10 Поршнев Б.Ф. Принципы социально-этнической психологии. – М., 1966. – 126 с.
- 11 Снежкова И.А. К проблеме изучения этнического самосознания у детей и юношества // Советская этнография. – 1982 - №1. – С. 81-85.
- 12 Сулова Э.К. Воспитание у детей этики межнационального общения. – М., 1994.



## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫҢ ОЙЫН ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Дүйсенбаева Г.А., Зинуллина Д.З., Түзелбайқызы А., Жубатқанова Г.Д.  
5B010100 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 4 курс  
студенттері

Адильшинова З.У.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы  
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52

Мақалада баланың ойыннан толық мәнді дамуы тек тәрбиешінің мақсатты, бағдарлы іс-әрекеті қалыптастырылғанда көрініс алатыны көрсетілген. Сюжеттік-рөлдік ойында ол балаларға толық сюжеттің мазмұны мен мәндеріндегі өзара әдістер негізінде көрінеді; дидактикалық ойындарда тәртіпті көрсетіп, әрекеттің соңғы нәтижесін жылжымалы ойын жүргізуді ұйымдастыруда ойынның мәнін символын қызметін ашуға, қарсыластарының жетістіктерін бағалауға көмектесетінін. Тәрбиеші сонымен қатар, балалардың өзіндік ойындарын басқарып, оларды дұрыс бағытқа ойынның арнайы дайындалған кезеңдері арқылы нәтижеге қол жеткізетіндігі көрсетіледі.

*Түйінді сөздер:* ойындар, қимыл ойын, үстел үсті ойындары, дидактикалық ойындар

---

## СОЗДАНИЕ УСЛОВИЙ И ПОДДЕРЖКА ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РЕБЕНКА ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Дүйсенбаева Г.А., Зинуллина Д.З., Түзелбайқызы А., Жубатқанова Г.Д.  
Студенты 4 курса по специальности 5B010100 – «Дошкольное обучение и воспитание»

Адильшинова З.У.

Кандидат педагогических наук, старший преподаватель  
Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В статье представлена, что полноценное развитие ребенка от игры может проявляться только при формировании целенаправленной, направленной деятельности воспитателя. В сюжетно-ролевой игре она проявляется у детей на основе взаимодвижущих приемов в содержании и значениях полного сюжета; в дидактических играх показывает дисциплину, помогает раскрыть суть игры в организации подвижной игры конечного результата деятельности, оценить успехи своих оппонентов. Воспитателю также представлена, что дети управляют своими собственными играми и направляют их в нужное русло, добиваясь результата через специально подготовленные этапы игры.

*Ключевые слова:* игры, подвижные игры, настольные игры, дидактические игры

---

## CREATING CONDITIONS AND SUPPORTING THE PLAY ACTIVITY OF A PRESCHOOL CHILD

Duysenbayeva G.A., Zinullina D.Z., Tuzelbaykyzy A., Zhubatkanova G.D.  
4th year students in the specialty 5B010100 – "Preschool education and upbringing"  
Adelshinova Z.U.

*Candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer  
Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.*

The article presents that the full development of the child from the game can manifest itself only in the formation of a purposeful, directed activity of the educator. In the story-role-playing game, it manifests itself in children on the basis of interactive techniques in the content and meanings of the full plot; in didactic games, it shows discipline, helps to reveal the essence of the game in the organization of the mobile game of the final result of activity, assess the success of their opponents. The educator is also presented that children manage their own games and direct them in the right direction, achieving results through specially prepared stages of the game.

*Key words:* games, outdoor games, board games, didactic games

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамуын сауатты саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы білім беру жүйесінің үлесіне тиетінін ескерсек, білім негізі мектепке дейінгі мекемеден бастауыштан басталғандықтан жас жеткіншектердің білімді, білікті болуына ойынның алатын орны ерекше. Ойын арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалық дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар оқушылардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, зейін-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зиянын, ойлауын дамытады. Өмір тәжірибесін бір жүйеге келтіруге үйретіп жүйке жүесін демалдырады. Міне, сондықтан да ойын оқу әрекетінде жетекші рөл атқарады.

**Ойындар.** Балалардың ойындары әр түрлі болып келеді. Сөз сөйлеудің дамуы, тәрбиешінің білім қоры, педагогтарға оларда әртүрлі ойындарға деген іскерлікті қалыптастыруға: сюжетті-рөлдік, дидактикалық, қозғалмалы мүмкіндік береді. Балалар мінездегі ерекшеліктерді ажырата бастайды және өзінің іс-әрекетінде рйындардағы әдістерді, құралдарды пайдаланады.

Баланың ойыннан толық мәнді дамуы тек тәрбиешінің мақсатты, бағдарлы іс-әрекеті қалыптастырылғанда көрініс алады. Осылайша, сюжеттік-рөлдік ойында ол балаларға толық сюжеттің мазмұны мен мәндеріндегі өзара әдістер негізінде көрінеді; дидактикалық ойындарда тәртіпті көрсетіп, әрекеттің соңғы нәтижесін жылжымалы ойын жүргізуді ұйымдастыруда ойынның мәнін символын қызметін ашуға, қарсыластарының жетістіктерін бағалауға көмектеседі. Тәрбиеші сонымен қатар, балалардың өзіндік ойындарын басқарып, оларды дұрыс бағытқа ойынның арнайы дайындалған кезеңдері арқылы нәтижеге қол жеткізеді.

Әрбір топта дидактикалық тұрғыдан жабдықталған қуыршақ, оның күнделікті тұтуына керекті барлық заттардың комплектілері болуы керек. Стол үсті ойындарға лоо, домино, тақырыптық ойындар, пазылдар, леголар, қимыл белсенділігін, ептілікті талап ететін ойындар, мозайка типтес ойындар жатады. Ересек топтағы балалар үшін қағазға басылған стол үстінде ойналатын ойындар қызықты болады. Оларда табиғат құбылыстары, транспорттың алуан түрлері (кім не міндеі, немен жүреді, немен жүзеді, немен ұшады?) бейнеленген, ертегілердің кейіпкерлері қызмет көрсетеді.

Қимыл ойындар-балаға дене тәрбиесін беру құарды. Балалардың жүгіпу, секріу, лақтыру сияқты қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке-психикалық дамуына, жеке басының, денсаулығының қалыптасуын да үлкен әсер етеді. Қимыл ойында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады. Олар ойынның барысын жүйелігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез- құлқын анықтайды.

Қимыл ойындары ұлттық ойындар желісінде ұйымдастыруға болады. Мысалы, «Соқыр теке», «Арқан тарту», «Төс қағыспақ», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «тақия тастамақ» т.б. ойындар. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі. Сол сияқты ойындар да жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, тіпті бала жай демалып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді. Қазіргі таңда бағдарламасының технологиясымен жұмыс істеп жатқан кезде, оның аты айтып тұрғандай-ақ сабақтар ойын орталықтары арқылы өтеді. Мұнда балалар тек ойын орталықтарымен шектеліп қалады деген сөз емес, ертеңгілік жиында не болмаса сабақ соңында ойын түрлері міндетті түрде қолданылады. Тіпті балалардың қызығушылығына қарай олар сабақтан кейін де сол орталықта ойынын жалғастыра береді. Күні бойы балалар жабдықталған ойын орталықтарында ойын алаңы ретінде ойнай алады. Өмірдегі түсінігі еліктеуі, бақылауы осы ойын үстінде көрініс табады.

Баланы ана тілінде сөйлеуге, айналасын бақылап, тани түсуге жүргізілетін жұмыстардың негізгі бір түрі-дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойындар мектеп жасына дейігі кезеңде баланың тілін дамытуда өте маңызды рөл атқарады. Балаға программалық материалды меңгеру, үйренген білім-дағдыларын бекіту жұмыстары осы дидактикалық ойындар арқылы іске асады. Осы сәбилерді қажетті білім-дағдыларына үйрету: түрлі тәрбие жұмыстарын жүргізу; олардың сөздік қорын молайтып, есту, көру, сөйлеу мөлшерін дамытып, жаттықтыру қиындыққа соғатыны сөзсіз.

Сондықтан балабақшаның тәрбиешілеріне арналған программалық жоспарды басшылыққа ала отырып, балалардың бақылап көргендерін тиянақтап, естеріне берік қалдыру, сөздік қарларын дамыту үшін төмендегідей дидактикалық ойындар ұсынылған: «Жасырылған затты тап», «Ғажайып қапшық», «Ойыншықты тап» (Оның түрін, көлемін, формасын атап айт-домалақ, көк, кішкене, т.б.). «Қолыңмен байқап көр, атын айт»(Бала дорбаға салынған заттарды қолымен танып, алады). «Көріп атын айт», «Жаңа қуыршақты қабылдау», «Қуыршаққа бөлме жасау», «Қуыршақты киіндіру», «Қуыршақты жуындыру» ойындары.

Нақтылы заттар не суреттер арқылы жүргізілетін ойындар: «Танып көр, есіңе сақта». (Үстелге бірнеше ойыншықтар қойылады. Шақырылған бала ойыншықтарды қарап көреді. Сонан соң теріс қарап тұрады да, сол ойыншықтардың атын атайды. Соңынан тәрбиеші ойыншықты өзгертіп қояды да, басқа балаларды шақыртып айтқызады).

Ойын әрекетінің бала психикасының дамуында шешуші қызмет атқаратындығы жайлы қазақ ғалымдары да Ж. Аймауытов, Т. Тәжібаев, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, Ш. Құдайбердіұлы т.б. өз еңбектерінде осы мәселенің мән- жайын кең ауқымда даралап қарастырып, оған ғылыми тұрғыдан баға берген еді. Мәселен, Т. Тәжібаев баланың ойын әрекетін психологиялық тұрғыдан қарастырып, оның- тәлім- тәрбиелік, білімдік маңызын ұлттық тағылым беру аспектісімен ұштастыра отырып, зерттейді. Ол баланың психикалық даму және оның әр түрлі жан қуаттарының қалыптасу заңдылықтарын зерттеудің тәсілдеріне, мұндағы биологиялық және тарихи әлеуметтік факторлардың ролі жайлы мәселелерді талдай келе бұларды жүргізген қазақ балалабақшаларындағы тілектерге орайластыра отырып, бала психикасының даму ұстанымдарын олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізу қажеттігіне тоқталады. Әдетте, ойын баланың қимыл- қозғалыс дағдылары мен тіршілікте бейімделу жағдайларын дамытатын болса, атап айтқанда ол баланың әрбір заттарды ұстап-тұтынуы нәтижесінде білімдік, тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға бейімдеп отыратын фактор болып саналады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Никитин Б.П. Ступеньки творчества или Развивающие игры. – 3-е изд.,

доп.- М.: Провещение, 1989

2. Учитель Статьи. Документы. Педагогич. поиск. Воспоминания. Страницы литературы/Ред.- сост. Д.Л.Брудный – М.: Политиздат, 1991.

3. Коменский Я.А. Великая дидактика. Избр. Пед соч. в 2-х т. – М.: Педагогика, 1982. т 1-570 с.

4. Песталлоцци И.Г. Избранные педагогические сочинения в 2-х т – М.: Перосвещение, 1981. Т 1-334 с.

5. Сухомлинский В.А. Коллективтің құдіретті күші, Алматы, 1979.

6. Выготский Л.С. Педагогическая психология, Москва, 1991.

7. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность.–М Изд. Полит.литер. 1977. 304 с.

8. Эльконин Л.Б. Избранные психологические труды, Москва, 1989.

**«ДҮНИЕТАНУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ»**

**Еркасова А.С., Бришаева А.К., Нұрлан Н.Н., Телегенова Р.А.**  
*6B01311 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының 3 курс (3жылдық) студенттері*

**Досмурзаева А.С.**  
*Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы  
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Мақалада дүниені тану сабақтарында оқушылардың танымдық және ақыл-ой белсенділігін арттыру мақсатында өткен және қазіргі дидактиктердің, психологтардың және мұғалімдердің іс-тәжірибесі, оқытудағы көрнекілік принципін маңызы айқындалып, жалпыланған.

*Түйін сөздер:* дүние тану, көрнекілік принцип, әдіс-тәсіл

---

**«ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ  
УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ПОЗНАНИЯ МИРА»**

**Еркасова А.С., Бришаева А.К., Нұрлан Н.Н., Телегенова Р.А.**  
*Студенты 3 курса (3 год) по ОП 6B01311 – «Педагогика и методика начального обучения»*  
**Досмурзаева А.С.**

*Кандидат педагогических наук, старший преподаватель  
Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;*

В статье раскрывается и обобщается опыт предыдущих и современных дидактиков, психологов и педагогов с целью повышения познавательной и умственной активности учащихся на уроках познания мира, значение принципа наглядности в обучении.

*Ключевые слова:* познание мира, принцип наглядности, метод

---

**«WAYS TO FORM STUDENTS' COMMUNICATIVE COMPETENCE IN WORLDVIEW  
LESSONS»**

**Erkasova A.S., Brishayeva A.K., Nurlan N.N., Telegenova R.A.**  
*3rd year students (year 3) on EP 6B01311 – "Pedagogy and methodology of primary education"*  
**Dosmurzayeva A.S.**

*Candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer  
Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52*

The article defines and summarizes the experience of past and present didactics, psychologists and teachers, the importance of the principle of visibility in teaching in order to increase the cognitive and mental activity of students in the lessons of knowledge of the world.

*Key words:* knowledge of the world, visual principle, methodology.

Кіші мектеп жасындағы балаларды оқытуда көрнекілік принципін маңыздылығын мұғалімдер, теоретиктер, практиктер үнемі айтып отырады. Ол дидактиканың маңызды қағидаларының бірі – оқытудың көрнекі әдісінде көрініс тапты.

Көрнекі оқыту әдістері – бастауыш мектеп жасындағы баланың оқу процесінде оқу материалын меңгеруі көрнекі құралдар мен техникалық оқыту құралдарын пайдалануға тікелей байланысты болатын әдістер. Кіші мектеп оқушыларының бойында бейнелі бейнелерді қалыптастыру, олардың арасындағы абстрактілі байланыстар мен тәуелділіктер туралы түсініктерді қалыптастыру үшін көрнекі оқыту құралдарын пайдалану дидактиканың маңызды ережелерінің бірі болып табылады. Сондықтан бастауыш сынып сабақтарында көрнекі (демонстрациялық) және техникалық (мультимедиялық) оқу құралдарын пайдаланудың маңызы өте зор.

Білім беруде көрнекілік принципін қолдану тарихы ұзақ. Біздің дәуірімізге дейін бірнеше ғасырлар бұрын Қытай, Ежелгі Египет, Греция, Рим және басқа елдердің мектептерінде оған жүгінген. Оқыту принципі ретінде визуализация идеясы ең алдымен Аристотель есімімен байланысты.

Оқытудың көрнекілік принципін теориялық негіздемесін педагогикалық тәжірибеде бірінші болып Я.А. Коменский (1592-1670). 18 ғасырда ол көрнекілік принципін «кез келген білім беру табысының негізі» деп негіздеді. Ол көрнекілікті оқудың алтын ережесі деп санады. Көрінуді негіздеу үшін ол атақты эмпирикалық сөйлемді бірнеше рет келтірді: «Бұрын сезімде берілмейтін нәрсе санада болуы мүмкін емес». [2]

Көптеген мыңдаған жылдар бұрын Я.А. Коменский, оқу пайда болды, баланы көрнекі құралдарға (көрнекіліктерге) сүйенбей оқытқанда, ол мұғалімнің айтқанын өмірде елестете алмайды деп ойлау қате болар еді. Халық педагогикасының жетістіктерін пайдалана отырып, бұл ұлы чех педагогы Я.А. Коменский балаға кітап материалын оқуды жеңілдететін құрал тапты.

Сурет пен кескіндеме – оқушының кітаптан оқытылатын заттарды, оқиғаларды, құбылыстарды еркін елестетуінің құралы. Коменский бірінші болып визуализацияны дидактиканың негізгі мәселесі деңгейіне көтеріп, визуализацияның белгілі бір теориясын жасады. Адамзат қоғамы дамуының алғашқы кезеңдерінде оқыту үлкендердің еңбегімен тікелей байланысты болған кезде балалар өздеріне үйреткенді түсінуде, елестетуде көп қиындық көрмеген.

Бұл ересек пен баланың практикалық және танымдық іс-әрекетінің сипаты бойынша оқыту әдістерінің адекватты болуына байланысты болды. Кітап пен жазу пайда болған кезден бастап оқу процесі күрделене түсті және қиын болды, нәтижесінде баланың өзінің жеке тәжірибесі мен кітаптарда көрініс тапқан әлеуметтік тәжірибе арасында қайшылық пайда болды. Баланың тәжірибесі шектеулі болғандықтан, балалар кітаптарда не айтылғанын әрқашан түсіне алмайды. Кітапты түсіну үшін бала оның мазмұнын өзі білетін құбылыстармен, заттармен және оқиғалармен байланыстыруы керек. Бұл әрқашан мүмкін бола бермейді, сондықтан балалар қысылу, яғни механикалық есте сақтау жолын алады.

Я.А.Коменскийдің түсінігінде оқу материалын меңгерудің маңызды және шешуші факторына көрнекілік айналады, өйткені ол білімнің қайнар көзі болып табылатын сезімдік танымды білдіреді. Бұдан ол мынадай қорытынды жасайды: көрнекілік неғұрлым көп болса, соғұрлым сенсорлық білімге сүйенеді, демек, ақыл-ой да соғұрлым жақсы дамиды [2].

Көрнекілік ұғымы, оның мәні мен міндеттері Я.А. Я.Коменский былай деп анықтама берген: 1. «Оқушыларға заттар туралы шынайы және берік білім беру қажет болса, онда оларға жеке бақылау, сезімдік дәлелдер арқылы барлығын үйрету керек»;

2. «Мектеп оқушының өзі көре алатын, еститін, ұстайтын, иіскеп, дәмін сезетін және көре алатын, еститін және т.б. барлығын өз еркіне қалдыруы керек, осылайша олар адам табиғатын шексіз елестеулер мен түсініксіздіктерден сақтайды». ; .

«Заттар туралы білу керек, оны заттардың өзі арқылы үйрету керек, яғни. мүмкіндігінше ойлауға, ұстауға, естуге және т.б. заттардың өзі немесе оларды алмастыратын бейнелер»;

Көрнекі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі Коменский пайдалануды қарастырды: -нақты объектілер және оларды тікелей бақылау;

-бұл мүмкін болмағанда – объектілердің үлгілері мен көшірмелерін пайдалану;

- затты немесе құбылысты бейнелейтін суретті пайдалану. [2]

Көрнекілік принципі швейцариялық педагог Г.Песталоццидің (1746-1827) еңбектерінде айтарлықтай байытылды. Ол қоршаған әлем туралы ретсіз ақпараттың өзі бізді сезім мүшелерімен қамтамасыз ететінін және бақылаулардағы бұл бұзылысты жоюға, объектілерді шектеуге (және жақын және біртектілерді қайта қосуға), т.б. оқушыларда белгілі бір ұғымдарды қалыптастырады.

Педагогтар семинариясының профессоры, жаратылыстану тарихы бойынша алғашқы отандық оқулықтың авторы В.Ф. Зуев (1754 - 1794) материалды механикалық есте сақтау емес, оны саналы түрде меңгеру идеясын білдірді. Ол үшін объективтілік пен көрнекілік негізінде оқытуды және табиғаттың табиғи объектілерін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда кестелерді, суреттерді және басқа құралдарды пайдалануды ұсынды. [1]

Бастауыш білім беру саласының үздігі педагог-әдіскер Қ.Д. Ушинский (1824-1870) тәрбиенің көрнекілігінің терең психологиялық-педагогикалық негіздемесін берді. Білім берудің визуализациясын дамытуда елеулі қадам Қ.Д.-ның ғылыми кітаптары болды. Ушинскийдің айтуынша, ол визуализацияны балаларды табиғатпен тікелей таныстыру ғана емес, сонымен қатар сабақта оқу құралдарын қолдану: картиналар, глобустар, карталар, коллекциялар, макеттер және т.б. заттың немесе құбылыстың бейнесін еске түсіреді. Оның ойынша, көрнекі құралдар баланың психикалық белсенділігін арттырып, сезімдік бейнесін қалыптастыру құралдарының бірі болып табылады. Олай болса, көрнекі құралдың өзі емес, көрнекі құрал негізінде қалыптасатын және оқытуда ең бастысы болып табылатын сезімдік бейне. Қ.Д.

МЕН ШЕ. Герд (1841 - 1888) - әдіскер натуралист. Оның басты талабы – жаратылыстану пәнінің әрбір сабағында көрнекі оқытуды әр түрлі формада жүзеге асыру. Герд көрнекі оқыту балалардың танымының нақты процесіне сәйкес келуі керек деп атап көрсетті. Сезім мүшелерінің көмегімен бала сезімдер мен «әсерлерді» алады, яғни. репрезентациялар мен ұғымдарға өту. [тоғыз]

Бастауыш сынып мұғалімі В.П. Вахтеров (1853 - 1924) мектептегі білім берудің әдістемелік және теориялық негіздерін дамытуды жалғастырды К.Д. Ушинский. Вахтеров вербальды оқытуды сынап, балалармен табиғатты зерттегенде педагогтар эксперименттерге, бақылауларға, табиғат объектілерін демонстрациялауға көңіл бөлуі керек деп талап етті. Өз жұмысында

«Оқытудың пәндік әдістемесі» (1907), ол көрнекі оқытуды жүргізуге қойылатын талаптарын ашып, мұғалімге қойды.

Жаратылыстану әдіскері Л.С.Севрук (1867-1918) төменгі сыныптарда оқушылардың табиғат түсінігін біртұтас тұтастық ретінде дамытуды қамтамасыз ететіндей бастауыш жаратылыстану курсы беруді қажет деп есептеді. Ол оқытудың қолжетімділігіне, жүйелі көрнекілігіне көп көңіл бөлді. Көрнекілігі арқылы ол тек демонстрациялық құралдарды ғана емес, сонымен қатар мектеп оқушыларының өздерінің әртүрлі эксперименттер мен бақылауларды жүргізуін түсінді.

20 ғасыр ұстаздары мен әдіскерлері жаратылыстану тарихында әртүрлі көрнекі құралдарды қолдану мен қолдану саласын зерттеп, дамытуды жалғастырды.

Бастауыш сыныптарда жаратылыстану әдіскері Қ.А. Валерьянова (1885-1970) көрнекілік принципінің орасан зор рөлі мен маңыздылығына тоқталып, мұғалімдермен

жұмыс істеуге көп уақыт бөлді. Ол 1-4 сыныптар үшін «Табиғат пен адамның еңбек әрекетін бақылау күнделігін» жасады, сонымен қатар диафильмдер, диапозитивтер сериясын қамтитын көрнекі құралдар мен әдістемелік ұсыныстар топтамасын жасады.

«Бастауыш мектепте жаратылыстану әдістемесі» (1956) авторы М.Н. Скаткин көрнекі құрал балалардың санасында заттар, табиғат құбылыстары туралы түсініктердің айқындылығын қалыптастыруға көмектесетінін айтты. Ол сезім мүшелері арқылы тікелей қабылдауға болмайтын объективті құбылыстарды зерттеуде көрнекі құралдар әсіресе қажет деп есептеді.

Қазіргі уақытта білім берудегі көріну мәселесімен И.П. Конобеевский, Н.М. Шахмаев, Г.Ф. Суворова, Л.П. Прессман және басқалар.

В.Я. Стоюнин кез келген оқу пәнін оқытудың маңыздылығы мұғалімнің жеке басына ғана емес, оның еркін иемденетін оқу құралдарына байланысты екенін атап өтті, өйткені оларсыз ол білімге қойылатын көптеген педагогикалық талаптарды қанағаттандыра алмайды. Н.М. Шахмаев визуализацияның негізгі мәнін оның сәйкес тұжырымдамаларды жасауға көмектесетінінде көрді. Сондықтан төменгі сыныптарда оқытуда көрнекілік принципінің маңызы орасан зор. [4]

Баланың мұғалімнен алған білімі, т.б. қалыптасқан ұғымдар, есте қалған ережелер және басқа ақпараттар жартылай ұмытылады. Ұмыту – табиғи процесс, өмір заңдылығы. Уақыт – білім күшінің көрсеткіші. Білімнің күші адамның қабылданатын материалдан ең маңыздысын, маңыздысын таңдап, сақтай білуінде, білімнің икемділігінде, ұтқырлығында, т.б. жаңа есептерді шешу үшін бұрын алған білімдерін өз бетінше қолдана білу.

ОЛАР. Сеченов берік білім жадта ұзақ сақталады және оны кез келген уақытта қайта жаңғыртуға болады деп есептеді. Мұғалім сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді, әдіс-тәсілдерді, оқу құралдарын ойланып пайдалана отырып, ұмыту үрдісін тоқтата алады.

Педагогикалық тәжірибеде білімнің беріктігіне жетудің бір жолы – оқытуда көрнекіліктердің әртүрлі түрлерін кеңінен қолдану. Мектеп оқушыларының ақыл-ой тәжірибесін байыту мақсатында мұғалім сабақта әртүрлі табиғи объектілерді және олардың бейнелерін пайдаланады: макеттер, муляждар, суреттер, т.б. Көрнекі материалдар ретінде әртүрлі диаграммалар, сызбалар, карталар және т.б.

Барлық көрнекі құралдар балаларға мұғалім сабақта айтатын заттар, заттар, құбылыстар туралы нақтырақ түсінік береді. Материал ең түсінікті, түсінікті болып шығады, демек, ол мұғалімнің ауызша әңгімесіне қарағанда берік есте қалады.

Оқу материалын меңгерудегі қиындықтардың, оқушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендігінің бір себебі – көрнекі құралдардың аздығы, кейде олардың мүлдем болмауы. Сонымен, А.Е. Добровольский былай деп жазады: «Оқушылар табиғат тарихы сабақтарын жақсы көреді, бірақ бұл сабақтар әртүрлі эксперименттермен, бақылаулармен қаныққан жағдайда ғана және оларды орнату үшін құрал-жабдықтар қажет. Материалдық-техникалық база көрнекі көріністердің қалыптасуын қамтамасыз етеді, объектілерді сенсорлық қабылдауды ғылыми түсініктерді қалыптастырумен ұштастыруға мүмкіндік береді. Кез келген сабақта балалар бірдеңені көруі, кейде оны алуы, сол немесе басқа материалмен жұмыс істеуі керек.

Оқыту әдістерін таңдау көбінесе оқыту құралдарына байланысты. Бірақ сабақтың құрылысы оқу құралдарына байланысты емес, мұғалім сабаққа дайындық кезінде ұғымдарды қалыптастырудың қандай жолдарын белгілейтінін есте ұстаған жөн. Көрнекілікті, зертханалық құрал-жабдықтарды әдістемелік тұрғыдан дұрыс пайдалану оқушылардың білімге құштарлығын дамытады.

Білім берудің материалдық базасы білімді меңгеру процесінде зерттеу әдістерін кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. [3]



Оқытуға қажетті оқу құралдарын таңдау пропедевтикалық білімді қалыптастырудың өте маңызды бөлігі болып табылады. Мұғалім оқушылардың жаратылыстану білімінің сапасын арттыру мақсатында қолданылатын көрнекі құралдар кешенін жоспарлауды үйренуі керек.

Көрінудің принципін заманауи түсіндірмесі келесі ережелерге ие:

1. Көрнекілік – оқушының сезімдік танымын ұйымдастыру. Оқушының сенсорлық біліміне, оның идеясы мен жеке тәжірибесіне сүйену – білім берудің табысты болуының бір шарты.

2. Оқу-тәрбие үрдісінде сенсорлық танымды ұйымдастырудың бір қыры көрнекі құралдарды пайдалану болып табылады.

Заттардың, құбылыстардың бейнелерін картиналардағы, сызбалардағы, схемалардағы бейнелер түрінде, сызба түрінде, тұлып пен макет түрінде, фото және бейнематериалдардың көмегімен және т.б. Осы иллюстрациялардың арқасында студенттер шынайы дүниені елестете алады, бұл білім туралы хабардарлығын және оқу процесіне қызығушылығын арттырады.

Арнайы психологиялық-педагогикалық зерттеулер мен мектеп жұмысының тәжірибесі оқу-тәрбие процесінің тиімділігі адамның барлық сезім мүшелерінің қатысу дәрежесіне тікелей байланысты екенін көрсетеді. Оқу материалын сенсорлық қабылдау неғұрлым әртүрлі болса, соғұрлым ол тезірек және берік қабылданады.

Бұл заңдылық көрнекіліктің дидактикалық принципінде көрсетілген, оны қолдауда мұғалімдер мен әдіскерлер Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский, В.В. Половцов, Б.Е. Райков, Л.В. Занков, С.Г. Шаповаленко елеулі үлес қосты. Я.А. Коменский дидактиканың алтын ережесін: «Оқытуға барлық сезім мүшелерін тарту керек» деген тұжырым жасағанын, ал И.Г. Песталоцци қалыптасқан ұғымдарды дамытуда визуализацияны қолданудың маңыздылығын көрсетті және дәлелдеді. К.Д. Ушинский оқушылардың сөйлеуін дамыту үшін көрнекі сезімдердің маңыздылығын ашса, В.В. Половцов оқыту әдістерін таңдаудағы көрнекілік рөлін негіздеді. Л.В. Занков студенттердің дамуын күшейту үшін сөздер мен визуализацияның мүмкін комбинациясы нұсқаларын көрсетті, ал С.Г. Шаповаленко оқу құралдарын оқу процесіндегі рөлін ескере отырып бөлуді ұсынды.

С.Г. жетекшілігімен. Шаповаленко, В.Г. Болтянский мен Л.П. Профессор Л.В. жетекшілігімен Мектеп техникасы ғылыми-зерттеу институтының баспасөз қызметкері. Занков көрнекі құралдарды қолданудың жалпы ережелерін анықтауға мүмкіндік беретін, оның құралдарының мұғалімнің сөздерімен үйлесуі бойынша дидактикалық зерттеулер жүргізді:

1. Сабаққа көрнекі материалдың сол немесе басқа түрін таңдау үшін оның дидактикалық мүмкіндіктеріне қарай қолданылу орнын қарастыру қажет.

2. Көрнекілік пен мұғалімнің сөзін біріктіру формаларын таңдау оқу міндеттеріне байланысты. Көрнекі құралдар фактілер, тікелей бақылауға келмейтін құбылыстар арасында байланыс орнатуға тірек бола алады, ал мұғалімнің сөзі бақылауды ынталандырады және балаларды жасалған бақылауларды түсінуге және түсіндіруге бағыттайды.

Басқа жағдайларда білімнің қайнар көзі көрнекі құрал болса, мұғалім сөзі оқушылардың қабылдауына бағыт-бағдар беру қызметін атқарады.

Оқытылатын материалды жалпылау, қайталау кезінде мұғалімнің сөзі фактілер, құбылыстар, олардың байланыстары туралы білім көзі қызметін атқарады. Визуализация ауызша хабарламаны растау, суреттеу, нақтылау қызметін атқарады немесе тікелей қабылдауға қол жетімсіз құбылыстар мен қатынастар туралы ақпаратты қамтитын хабарламаның бастапқы нүктесі болып табылады. Көрнекі құралдар студенттердің өзіндік

жұмысына негіз бола алады, содан кейін мұғалім тек тапсырманы анықтайды және оқушылардың іс-әрекетіне бағыт береді.

«Дүниетану» пәнін оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде көрнекі құралдар қолданылады: жаңа материалды түсіндіру, білімді бекіту, іскерлік пен дағдыны дамыту, үй тапсырмасын орындау және оқу материалын меңгеруін тексеру. [2; бірге. 19-22]

Бүгінгі таңда көрнекі оқытудың маңыздылығы жалпыға белгілі. Мәселе көрнекілік принципінің тәжірибеде қалай жүзеге асуда. Ал жаратылыстану-тарихи білімін қалыптастыруда оқушылардың табиғаттағы бақылауларына тікелей маңызды рөл жүктелгенімен, белгілі бір жағдайларда мұндай бақылаулардың мүмкін еместігін әртүрлі көрнекі оқыту құралдарымен толтыру қажет.

Қазіргі дидактикада визуализация ұғымы қабылдаудың әртүрлі түрлерін білдіреді. Көрнекі құралдардың бірде-бір түрі екіншісінен абсолютті артықшылықтарға ие емес. «Дүниетану» пәнін оқығанда табиғат объектілері мен бейнелері немесе табиғатқа жақын бейнелер бірінші дәрежелі мәнге ие болады. Сабақты көп көрнекі құралдармен шатастыруға жол бермеу үшін көрнекі құралдарды мақсатты түрде пайдалану маңызды. Педагогикалық тәжірибеде оқытудың көрнекі құралдарын қолдану мұғалімнің сөзімен ұштастырылады. Сөздерді біріктіру тәсілдері мен бейнелеу құралдары өзінің барлық алуан түрлілігімен бірнеше негізгі формаларды құрайды. Олардың бірін былайша сипаттауға болады: мұғалімнің сөздері оқушылар жүргізетін бақылауға бағыт береді, ал объектінің сыртқы түрі, оның құрылымы және жүріп жатқан процестері туралы білімді кіші оқушылар бақыланатын заттардан алады.

Біріктірудің жоғарыда сипатталғаннан күрт айырмашылығы бар тағы бір түрі – оқушылар мұғалімнің сөздік хабарламаларынан алатын заттар мен процестер туралы ақпарат, ал көрнекі құралдар сөздік хабарламаларды нақтылау немесе бекіту үшін қызмет етеді. Бұл жағдайда бір тақырыпқа арналған сабақта мұғалімнің өзі бақыланатын объектінің немесе объектінің қасиеттерін айтып, көрсетеді. Біріктірудің бірінші түрі білімді меңгеру үшін ғана емес, сонымен қатар кіші жастағы оқушылардың бақылау дағдыларын дамыту үшін ең тиімді болып табылады. Комбинацияның басқа түрін пайдалану аз уақытты қажет етеді, оған объектілерді салыстырмалы түрде «дөрекі» талдау жүргізілгенде жүгінуге болады.

Бастауыш сынып мұғалімінің сөз бен көрнекі құралдардың тіркесу формаларын, олардың нұсқаларын, салыстырмалы тиімділігін білуі көрнекі оқыту құралдарын дидактикалық тапсырмаға, оқу материалының ерекшеліктеріне және басқа да нақты жағдайларға сәйкес шығармашылықпен қолдануға мүмкіндік береді. [7; бірге. 77]

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың барлығынан сабақта көрнекі оқыту құралдарын пайдаланудың маңыздылығы мыналарға мүмкіндік береді:

1. сабақтың тиімділігін арттыру;
2. оқу процесін қызықты және көрнекі ету;
3. оқушылардың танымдық қабілетін дамытады;
4. студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырады.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Аквилева Г.Н., Клепина З.А. «Дүниетану» пәнін оқыту әдістемесі. – М.: Академия, 2014. – 288 б.
2. Аквилева Г.Н., Клепина З.А. Бастауыш мектепте жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі бойынша практикум. – М.: Академия, 2008. – 144 б.
3. Артемов В.А. Оқытудағы көрнекілік психологиясы. – М.: Ағарту, 2013. – 345 б.

4. Асмолов А.Г. Бастауыш мектепте әмбебап оқу іс-әрекетін қалай жобалау керек. Әрекеттен ойға. – М.: Ағарту, 2011. – 152 б.
5. Баранов С.П. Кіші мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі: студенттерге арналған оқулық, жоғарырақ оқулық мекемелер. – М.: Академия, 2015. – 463 б.
6. Веретенникова Л.К. Кіші мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамыту. Оқу құралы. сағат 2-де - М.: Альфа, 2008. -
7. Выготский Л.С. Жоғары психикалық функцияларды дамыту. – М.: РСФСР АПН, 1960. – 484 б.
8. Григорьева Е.В. Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі. - М.: Владос, 2008. - 254 б.
9. Герд А.Я. Таңдамалы педагогикалық еңбектер. – М.: РСФСР АПН, 1953. – 206 б.
10. Громова Л.А. Білім беру стандарттарын енгізу кезіндегі кіші мектеп оқушыларының жобалық қызметі. Құралдар жинағы. М.: Проспект, 2013. - 148 б.
11. Гуненкова Е.В. Сыныпта компьютер не үшін керек? // Бастауыш мектеп плюс дейін және кейін. - 2007. - № 7. - С. 37 - 39.
12. Евдокимов, В.И. Мектепте көрнекілікті қолдану мәселесіне. Санкт-Петербург: Питер, 2012. - 212 б.
13. Землянская Е.Н. Бастауыш мектеп оқушыларын оқытудың теориясы мен әдістемесі: Академиялық бакалавриатқа арналған оқулық және практикум. М.: Юрайт, 2015. - 507 б.
14. Землянская Е.Н. Бастауыш жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламасындағы мектеп оқушыларының тәрбиелік жобалары // Болашақ мектебі. - 2014 ж., № 1. - С. 6 - 14.
15. Землянская Е.Н. Мектеп оқушыларына арналған білім беру жобаларының әлеуетін дамыту // Бастауыш білім. М.: «INFRA-M ғылыми баспа орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. - 2014. - No 4. - С. 15 - 23.
16. Зуев В.Ф. Педагогикалық еңбектер. – М.: Педагогика, 1956 – 148 б.
17. Ковалева Г.С. Бастауыш жалпы білім берудің жоспарлы нәтижелері / Ред. Г.С. Ковалева, О.Б. Логинова. – М.: Білім, 2010. – 121 б.
18. Қоджаспирова Г.М. Оқытудың техникалық құралдары және оларды қолдану әдістері. Прок. студенттерге арналған жәрдемақы. жоғарырақ пед. оқулық мекемелер. – М.: Академия, 2002. – 256 б.

## БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

**Мухамбетова С.К.**

*Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент ҚОХУ*

**Ерсайын А.А., Жылқыбай Ә.Қ., Аманжолова А.Ш., Кайрова А.А., Кальменова А.**  
*«6В01311 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының  
3 курс студенттері*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі-52*

Мақалада бастауыш мектеп оқушыларына адамгершілік тәрбие берудің маңызы және психологиялық-педагогикалық аспектілері әдістемелік-педагогикалық тұрғыдан талданады.

*Түйінді сөздер:* Педагогика, әдістеме, бастауыш мектеп оқушылары, тәрбие беру, адамгершілік.

---

## ЗНАЧЕНИЕ ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

**Мухамбетова С.К.**

*Научный руководитель: кандидат педагогических наук, доцент КРМУ*

**Ерсайын А.А., Жылқыбай Ә.Қ., Аманжолова А.Ш., Кайрова А.А., Кальменова А.**  
*Студенты 3 курса образовательной программы «6В01311 Педагогика и методика  
начального обучения»*

*Казахский-Русский Международный университет, 030006, г. Актөбе, ул. Айтеке би-52*

В статье анализируются значение и психолого-педагогические аспекты нравственного воспитания учащихся начальных классов с методологической и педагогической точки зрения.

*Ключевые слова:* Педагогика, методика, младшие школьники, воспитание, нравственность.

---

## THE VALUE OF THE MORAL EDUCATION OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

**Mukhambetova S.K.**

*Supervisor: Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of KRMU*

**Ersayyn A.A., Zhylykybay A.K., Amanzholova A.Sh., Kairova A.A., Kalmenova A.**  
*3rd year students of the educational program "6B01311 Pedagogy and methods of primary  
education"*

The article analyzes the significance and psychological and pedagogical aspects of the moral education of primary school students from a methodological and pedagogical point of view.

*Key words:* Pedagogy, methodology, junior schoolchildren, education, morality.

Тәрбие - өсіп келе жатқан ұрпақты өмірге даярлаудың барлық жағын қамтитын, қоғамның талап-тілегіне тәуелді күрделі процесс. Оның өзіне тән заңдылығы, қағидасы, ұйымдастыру формалары мен әдістері бар. Тәрбие заңдылығы деп отырғанымыз

педагогикалық құбылыстар мен процестердің объективті байланысы. Мысалы, тәрбиенің қоғамдық ортаның объективті, субъективті факторларына тәуелді болуы, жеке адам дамуы мен тәрбиенің баланыстығы, тәрбиеленушілердің іс-әрекетін қоғамға пайдалы етіп ұйымдастыру [1.12].

Өмірде баланың тәрбиелеудің мазмұнын белгілеу жетекші орын алады. Соңғы кезде білім мазмұнының тұжырымдамасында тәлім-тәрбие мазмұнының негізгі алты жағы: ақыл-ой тәрбиесі, имандылық тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, тілдік қатынас тәрбиесі, дене тәрбиесі көрсетілген. Аталған тәрбие түрлерінің мақсаты дүниенің шындығын өз мәнінде танитын, эстетикалық сезімі, талғамы жоғары, іс-әрекетке жарамды, өзгелермен қарым-қатынас жасауға бейім, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық жасайтын жастарды тәрбиелеу. Қазіргі кезде баланың бойында ұлттық намыс қайырымдылық сезімін қалыптастыру айрықша орын алады. Өйткені әрбір адам ана тілінде өз халқының тәлім-тәрбиесін алуы арқылы өзге ұлттың өкілі алдында өзінің дамығандығын көрсете алады. Бұл тәрбие саласындағы өзін-өзі дәріптеу емес, терезесі тең ұлт ретінде өзінің әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін өзгелерге таныту. Оның ықпалынан болған қасиеттерін мақтаныш ету.

Тәрбие процесінің қажетті буыны - өзін-өзі тәрбиелеу. Ол адамның өз мінез-құлқына баға беруінен, өз ісіне бақылау жасап, алға мақсат қоюынан көрінеді. Өзін-өзі тәрбиелеу ісі арнайы ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарын жүргізгенде тиімді нәтиже береді.

Тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу тек өзін дамытуға ғана емес, сондай-ақ оны түзетуге де бағытталған. Тәрбие қоғам белгілеген және халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүр негізінде мұғалімнің, оқытушының, тәрбиешінің оқу сабақтары мен сыныптан, мектептен тыс жұмыстары кезінде арнайы мақсат көздеп, баланы қалыптастыруға ықпал ететін күрделі процесс.

Оқыту-мұғалімнің мақсатқа сай оқушыларды біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландыруға және өз бетінше еңбек ету ізденісіне үйретуге бағытталған іс-әрекеті. Оқушының білуге, тануға, үйренуге және бейімділігі мен қабілетін, іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған іс-әрекетін оқу деп атайды. Ал мұғаліммен оқушының мақсатқа сай, тәлім-тәрбие мәселелерін шешуге бағытталған іс-әрекетін оқыту процесі деп атайды. Оқыту процесінде білім беру, тәрбиелеу, дамыту ісі шешіледі, яғни оқыту процесінде алдымен оқушыға оқу пәндеріне сай білім беріліп, іскерлік пен дағдыға үйретіледі. Екіншіден, берілген білім оқушының ой-өрісінің, қабілеті мен бейімділігінің дамуына әсер етсе, үшіншіден оқушыда көзқарас, сенім, мұрат, тәртіптілік, жүйелі еңбек ету, мінез-құлық қалыптастырады.

Жалпы жеке тұлғаның бойындағы адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы байланысты арналған ғылыми зерттеу еңбектерді зерделеу барысында бастауыш сынып оқушыларының мәдени-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы, олардың психологиялық дамуына байланысты арналған еңбектер сараланып, жүйеленгеніні байқауға болады.

Мәселен, С. Төраниязова “Бастауыш мектеп оқушыларының сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмысы арқылы дамытудың педагогикалық негіздері” атты ғылыми – зерттеу жұмысында оқушыны дамытуда білім мен тәрбие негізгі орын алатынын атап көрсете келе, дамудың бес жағдайын нақтылайды [2.49].

Психикалық дамуға – оқушының мінез-құлқының, ерік-жігерінің қабілеттігінің дамуы;

Дененің дамуға – дене бітімінің өз жасына сай болуы,

Рухани дамуға – оқушының ішкі жан дүниесінің сырттан әсер ететін күшпен өзара бірлігі;

Жалпы дамуға – оқушының жан-жақты үйлесімді дамуы; деп қорытындылай келе, сыныптан тыс уақытта бастауыш сынып оқушыларын дамытудың ғылыми теориялық негізін

айқындай отырып, бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстардың тиімділігін арттыруға, үйірме жұмыстарымен мектептегі қоғамдық ұйымдардың құрылымын айқындай отырып, тәжірибелік - эксперименттік жұмыстардың тиімділігін нақтылайды.

Көп ұлтты Қазақстан жағдайында аралас мектептегі адамгершілік тәрбие мәселесі В.А. Кимнің еңбегінде негіз болады. Әрбір этникалық топтың бір ұжымда тәрбиелену барысында олардың ұлттық ерекшеліктеріне, салт –дәстүріне, әдет-ғұрыптарына аса мән бере отырып, адами құндылық қасиеттерін қалыптастыруда әр ұлт өкілдерінің ықпалын жан-жақты ашып көрсетеді.

Қоғам дамуының жаңа кезеңінде адамгершілік тәрбиесі – адамзат қоғамын үнемі толғандырып келе жатқан күрделі мәселенің бірі. Жаңа әлеуметтік мәдени жағдайда жеке тұлғаның адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына байланысты, біріншіден, бүкіл адамзат қоғамының даму тарихында адамгершілік тәрбиесінің өзекті болғанын, екіншіден, философиялық, тарихи, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттер мен зерттеулерге таңдау жасай келе, адамгершілік адамның тұлғаның құрылымында ең алдымен өзін танып білуі, олар мен адамгершілік қарым-қатынасы адамгершілік тәрбиенің бір қыры, үшіншіден, қазіргі жаңа әлеуметтік мәдени орта жағдайында адамның адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы өзі өмір сүріп отырған қоғамның және әлеуметтік ортаның, оның жанды саласы – мектептің алатын орнының маңызы зор екеніне тоқталады. Адамгершілік тәрбиесі бірнеше міндеттерді шешуге көмектеседі.

- Өмір талабына сай қоғамның моральдық нормасын орындауға лайықты шәкірттерді тәрбиелеу;

- Оқушының бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;

- Оқушының санасына және мінезіне ұстаздың ықпал жасауы;

- Отанға, халқымызға, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін күшейту.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін тәрбие шаралары балалардың жас ерекшеліктеріне, жеке бас ерекшеліктеріне, қызығушылығына лайықты жасалады.

Адамгершілік тәрбиесі оқу-тәрбие үрдісінің барлық саналарына, яғни оқыту, білім беру барысында және еңбек үрдісінде жүзеге асырылады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік нормаларын құр жаттап алу жеткіліксіз, оны терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру және толғануды мінез-құлыққа бекіту керек [3.6].

Жеке адамның адамгершілік жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста балалардың бастапқы адамгершілік сезімдері мен ұғымдары, мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастармен қарым-қатынастарда көзге түседі, мінез-құлықтың, сезім мен сананың жаңа түрлері одан әрі дамытылады.

Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу ең алдымен оқыту үрдісі барысында жүзеге асады. Үлкенді сөйлеудің, ата-аналарды құрметтеуге, еңбектенуге, ізеттілік сақтауға үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл-күйін түсінуге дағдыланады. Олар мектепте оқу -әрекетіне өзінің қатынасын, жанұяда, қоғамдық орында өзін-өзі ұстауды біледі. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының дербес және қоғамдық мінез-құлқы және адамгершілік қарым-қатынасы байқалады.

Мектеп оқушыларына тәрбие беру тек жеке пәндер арқылы ғана емес, сыныптан тыс тәрбие сабақтарында, үйірме жұмыстарында адамгершілік тәрбиеге баулуға болады. Ондай жұмыстар түріне сынып жетекшінің этикалық жарыстар, пікір сайыстар жатады.

Жасөспірімдерді адамгершілікке тәрбиелеуде өмірде кездесетін көптеген жағымсыз жәйттерден сақтандыру мәселесі ескеруіне тиіс. Мұндай мәселелерде әсіресе жанұяның рөлі ерекше. Себебі тәрбие жанұядан басталады.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс жасау мәселесі негізгі орын алуға тиіс.

Адамгершілік тәрбиесінің басқа тәрбие салаларына қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Ол қоршаған ортаға, қоғамдық қарым-қатынасқа, рухани байлыққа байланысты.

“Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруде тиімді ықпал жасайды”, - дей отырып, “егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады”, - деген болатын В.А. Сухомлинский.

А.Бейсенбаева “Қазіргі кезде адамгершілік қасиеттер азайған, тұрақсыздық жағдай қалыптасқан қоғамда өсіп келе жатқан жасөспірімдердің бойына жоғары азаматтық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда ғаламдастары, интеграция және гуманизация сияқты алдын-ала анықталған тенденцияларды ескеру қажет”, - деп көрсетеді.

Адамгершілік тәрбиесі – үзіліссіз жүргізілетін үрдіс, ол адамның өмірге келген күннен бастап өмір бойы жалғаса береді. Оның мазмұны оқушының жеке бас қасиеттерінің кең шеңберлерінде қамтиды. Сондықтан оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда оқушылардың жеке бас ерекшеліктерін ескеру негізі орын алмақ.

Қандай халық болса да оның ұлттық үрдісі, өзіндік әуені ілікті қасиеті, ұлттық болуы арқылы болшақ ұрпағының төл келбетін қалыптастырады. Сондықтан сан ғасырлар бойы халықтың өзінен бірге жасасып ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып өмір сынынан ерекшеленіп өткен бүгінгі өмірге жеткен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді педагогикалық әдебиеттерге сүйенген дұрыс.

Біздердің қазіргі “Халық педагогикасы” деп жүргеніміз, сол ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жиып - терген тәсілдері мен тәрбиелерінің жиынтығы. Олай болса, бұл күллі адамзат мәдениетінің тарихының анасы тәріздес, аса үлкен құбылыс. Сөйтіп дүние жүзіндегі халықтардың тәлімі мен тәрбиесінің бастауын сонау топан су заманынан бастау керек. Сонан бері адамзат баласы басынан талай қилы замандарды кешті. Бертін келе толып жатқан халықтар пайдасы болып, әрқайсысы өзінің тарихы мен мәдениетін жасады. Сол рухани қазыналарға жататын фольклордың ішінде, бүкіл халықтық педагогиканың негіздері айтылады. Ендеше, қазақ халқының жүзден аса батырлар жырында, қаншама ғашықтық дастандарында, небір ғажайып ертегілер мен аңыздарында, тіпті мақал-мәтелдерінде тұнып тұрған адамшылыққа жеткізер тәлім екені анық. Тек мұны жүйелі түрге келтіріп, пәрменді әдістермен ұрпақ тәрбиесіне пайдалануымыз керек [3.7].

Қазіргі тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлер шақ туды. Әрине, бала тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып қойған емес. Бірақ, бүгінгідей қоғамның аласапыран шағында исі адам баласын адамгершілік тәрбиеге баулу өте-мөте маңызды мәселе болмақ. Осыған орай, бүгінгі мектеп оқушыларына адамгершілік тәрбие беру мақсатында “Атамекен” бағдарламасы қабылданған “Бағдарламада”, “Салт”, “Асыл мұра”, “Бабалар өсиеті”, “Достық”, “Ата-ана” секілді тәрбиелік мәніне орай топтастырылған бөлімдер бар. Олардың қайсысы болмасын бала бойында асыл да, ізгі қасиеттердің қалыптасуына үлкен септігін тигізері даусыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Алматы. 2012 ж.
2. ”Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасы”. 1-4 сынып. Алматы. 2019 ж.
3. ”Ана тілі оқыту әдістемесі”. 1-4 сынып. Алматы. ”Атамұра”. С.Рахметова. Р. Қабатаева.Т. Әбдікәрімова., 2018 ж.
4. Едигенова А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Автореферат Алматы 2014 ж.

5. С. Төренизова “Бастауыш мектеп оқушыларының сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмысы арқылы дамытудың педагогикалық негіздері ”Рауан” баспасы. 2016 ж.
6. С. Тілешова. ”Әдебиет оқулығына әдістемелік нұсқау”. Алматы. 2013ж.
7. К. Бектаева. Ж. Елеубаева.Бастауыш сыныптарда ”Ана тілі” сабақтарын өткізуге арналған әдістемелік нұсқау. Алматы, 2019 ж



## СӘБИЛЕР ТОБЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУЫ

**Әкбарова М.Қ., Әбдірова О.А., Махамбетова А.А., Әбілдіева Б.Н.**

*6B01211 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының*

*3 курс (3 жылдық) студенттері*

**Мухамбетова С.К.**

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Мақалада ерте сәбилік шақта балалардың сөздік қорын дидактикалық ойын арқылы дамыту, баланы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу сияқты осы бағытта балабақша тәрбиеленушілерімен жұмыс жүргізудің тиімді жолдарын анықтау зерттеудің мәселесін құрайды. Осы айтылған тұжырымның барлығы студенттің дипломдық еңбегінің көкейкестілігін дәлелдейді.

*Түйінді сөздер:* Ерте сәбилік шақ, дидактикалық ойын, тіл дамыту, белсенді сөйлеу, сөздік қор

---

## РАЗВИТИЕ СЛОВАРНОГО ЗАПАСА ДЕТЕЙ ЧЕРЕЗ ДИДАКТИЧЕСКУЮ ИГРУ В ГРУППЕ ДЕТЕЙ

**Әкбарова М.Қ., Әбдірова О.А., Махамбетова А.А., Әбілдіева Б.Н.**

*Студенты 3 курса (3 года) по ОП 6B01211 – «Дошкольное обучение и воспитание»*

**Мухамбетова С.К.**

*Кандидат педагогических наук, доцент*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, Ақтөбе, ул. Әйтеке би, 52*

В статье рассматривается проблема выявления эффективных путей работы с воспитанниками детского сада в этом направлении, таких как развитие словарного запаса детей в раннем детском возрасте посредством дидактической игры, воспитание трудолюбия у ребенка.

Ключевые слова: раннее детство, дидактическая игра, развитие речи, активная речь, словарный запас.

---

## CREATING CONDITIONS AND SUPPORTING THE PLAY ACTIVITY OF A PRESCHOOL CHILD

**Akbarova M.K., Abdirova O.A., Makhambetova A.A., Abildieva B.N.**

*3rd year students (3 years) on the educational program 6B01211 – "Preschool education and upbringing"*

**Mukhambetova S.K.**

*Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor*

*Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52*

*In the article the problem of the study is to identify effective ways of working with kindergarten students in this direction, such as developing the vocabulary of children in early*

childhood through didactic play, educating a child with hard work.

*Key words:* Early Childhood, didactic game, language development, active speech, vocabulary

Халыққа білім беру жүйесін қайта құру мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұнын жаңартуды, балаларды мектепте оқуға дайындауды, денсаулық, адамгершілік, эстетикалық тәрбие сапасын арттыруды көздейді. Әрине, бұл талаптар тәрбиелеу жұмысындағы сабақтастық, бірізділік принципін сақтау арқылы жүзеге асырылады.

Осыған орай балабақшада тәрбиелеп, оқытудың басты құралы – бағдарлама жаңартылып, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына елеулі өзгерістер енгізіліп отыр. Жаңа бағдарламада мектепке дейінгі кезеңде баланың ой өрісін, дүниетанымын кеңейту, өмірге қажетті білім-дағдыларды меңгерту, ой еңбегіне баулып, өздігінен әрекет жасауға, еңбек ете білуге үйрету өзекті мақсат етіп алынған. Ақыл-ойды жетілдірудің негізі болып табылатын баланың тілін, сөз қорын молайту, еркін, дұрыс сөйлей білуге үйрету де негізгі нысана болуы керек.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтің «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өз елінің өкілдері болады» деп көрсетілгендей-ақ, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш білімге тән. Жас мемлекетіміздің болашағы — бүгінгі ұрпақ. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілетін, нақты мүмкіншілігін анықтап, ана тілінде еркін, сауатты, жүйелі сөйлеулерін дамыту, соған негіздеп оқыту — бүгінгі күннің өзекті мәселесі [5].

Бүгінгі дүниенің күн санап тез өсуі білім беруге деген талапты күшейте түсуде. Жаңа идеялар, білім беруге жаңаша көзқарас, кәсіби біліктілік біздің бұрынғыдан да жаңа жоғары сатыға көтерілгеніміздің белгісі. Міне, мұның бәріне қол жеткізуде әр тәрбиешінің шығармашылығы, жұмыс істеуі ерекше болып саналады.

Қазақстан Республикасында қоғамдық тәрбие беретін тұңғыш балалар алаңы Верныйда (Алматы) 1917 жылы 1 мамыр күні ашылған. Жүзге тарта қабылданған, бұл балабақшаны ұйымдастырушылар О.Д. Мухия, Е.А.Минский, А.А. Хариналар аса күрделі қиындықтарды жеңе отырып, балаларды киім, тамақ, ойыншықтарымен қамтамасыз етіп, алғашқы кезде еңбек-ақысыз жұмыс істеп, нағыз педагогтік үлгілі істер атқарады. 1919 жылы Торғай губерниясында 37 балалар алаңы ашылып, онда мыңға жуық тұрғылықты халық балалары тәрбиеленді. Осы 1919 жылы Орынбор қаласында мектеп жасына дейінгі Сәрсенов атындағы балалар үйі ашылды, онда республиканың бар аймағынан 47 бала жиналды. Кейін, бірақ, 1926 жылы бұл балалар үйі таратылды.

1920 жылы Ақмолада М.В. Покровскийдің басшылығымен 3 балалар алаңы және қазақ балаларына арналған бірінші балабақша ашылған, онда 35 бала тәрбиеленеді. 1921 жылы Семей қаласында 5 балалар алаңы ашылып, оның біреуі қазақ тілінде еді. Осындай игі істер республикада дами бастап, 1920-1923 жоғары қазақ балалар алаңы мен балабақша саны 90-ға жетсе, 1930-37 жылдар аралығында 7502 баланы қамтыған 239 маусымдық балабақша, оған қоса 1231 бала тәрбиелеген 37 тұрақты қазақ балабақшалар болған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында да 21 қазақ балабақшасы жұмыс жасаған. Соғыстан кейін 1945-1957 жылдар аралығында олардың саны 89-ға жетті, оның елуі Шымкент облысында еді. Сөйтіп мектепке дейінгі мекемелер саны біртіндеп өсіп отырды. Мысалы, 1978 жылы 535 ясли мен балабақшада 26/22 бала ана тілінде тәрбиеленсе, 1986 жылы 990 қазақ балабақшасында 65 мыңнан аса бала қамтылды.

Еліміз егемендік алып, Тәуелсіз мемлекет болуына байланысты республикада ана

тілінде жұмыс істейтін балабақшалар саны қаулап өсе бастады.

Мысалы, 1990 ж.-1997 ж. қазақ балабақшасында 136949 бала тәрбиеленді. Нарық заманының қысымы, өкіншке орай, ең алдымен осы мектепке дейінгі тәрбие саласына түсіп 1998 жылы 395 қазақ балабақшасы қалып, мұнда 3000-дай бала тәрбиеленді. 1990-98 жылдар аралығында 1272 қазақ балабақшасы жабылып қалды. Оның тұрғын үйі мен құрал-жабдығы талан-таражға түсті.

Қазіргі таңда бұл мәселе қолға алынып, бала тәрбиелеу үшін мектепке дейінгі тәрбиенің маңызды міндеттері шешімін табуда.

«Балабақшасындағы тәрбиелеу бағдарламасын» орындауды ең алдымен педагог (тәрбиеші) жүзеге асырады. Ол – мектепке дейінгі мекемеде басты тұлға.

Тәрбиеші өзінің күрделігімен әсемдігі жағынан қайталанбайтынын, ештеңемен салыстыруға болмайтын жеке адамның қалыптасу процесін басқарады. Тәрбиешінің балабақшадағы жұмысы – тәрбие, білім беру, яғни басты міндетті шешу жан-жақты дамыған жеке адамды тәрбиелеу, сабақтарда балалардың ана тілі, математиканың бастауыш негізін дамытуы және тағы басқа үшін қажетті әр түрлі оның түсінуіне оңай білімділікті, іскерлік пен дағдыларды, қалыптастыру қамтиды.

Адамның жеке басын қалыптастырушы деген талаптарды қанағаттандыру үшін балалар бақшасының тәрбиешісі қандай болуы керек:

- баланы сүйі тиіс;
- үлкен шыдамдылық пен жан сезімінің жомарттылығы қажет;
- өз отанының патриоты;
- шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс;
- ғылым озық тәжірибесінің жетістігін үнемі пайдалануы тиіс;
- балалар мен ата-ана алдында беделді;
- сегіз қырлы бір сырлы болуы керек.

Швецарияның аса көрнекті педагог-демократы Генрих Песталоции (1746-1827) басты да таңдаулы тәрбиеші және оның анасы деп білген.

Н.К. Крупская тәрбиеші еңбегінің қоғамдық маңызын үнемі атап көрсетіп, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерін кеңестік мемлекеттің мүддесімен таныстыруға, өзінің еңбек үлесін қосуға шақырып отырды. Тәрбиешінің балаларды тәрбиесінің сапасы үшін Отан мен қоғам алдындағы өз жауапкершілігін сезінуіне, педагогтың міндеттерді шешуге творчестволық пен қарауына, өзінің шеберлігін ұдайы жетілдіріп, жұмыстас жолдастарның өсуіне шын ықыласымен көмектесуі қажет екенін атап көрсетті.

А.С.Макаренко былай деп жазды: «Тәрбиеші шеберлігі талантты керек ететін, ерекше бір өнер емес, ол дәрігерді шеберлікке қалай үйрету керек болса, музыкантты қалай үйрету керек болса, солай үйретуді керек ететін мамандық».

Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин да балаларды оқыту және тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармаларының маңызды орын алатынын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай-қай тілде болса да еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес», — дейді [3, 4].

Белгілі философтар Ж.Баласағұн, В.П.Рожин, М. Қашқари, Ә. Нысанбаев, Д.Кішібеков, Т.Әбжанова, тағы басқалары қоршаған орта, адамның рухани дамуы ана тілі негізінде жүргізілетінін қарастырады. Философ В. Рожин: «Тіл дегеніміз – адам сапасының тікелей шындығы десек, тіл арқылы адам ойы материялық сезіммен қабылданатын формаға түседі, осының арқасында адамдардың ойлары хабарланып, бір адамнан екінші адамға жеткізе алады. Тіл адам баласының бүкіл материалдық және рухани мәдениетінің дамуымен бірге жетіліп отырады», – деп көрсетеді.

Баланың мектепке дейінгі кезі – оның жеке қасиеттерінің қалыптасып, аналар да ерте бастан көңіл бөлгені жөн. Баланың жағымды мінез-құлық әрекеттері 3-4 жасқа дейін-ақ

қалыптасып, тұрақтала бастайды. Сондай-ақ оның физиологиялық, психологиялық жақтары да жедел дамып жетіледі. Осыған орай түрлі қимыл-әрекеті күрделене түседі. Күнделікті өмірде өзіне қажетті заттарды білуге деген баланың ынтасы артады. дамитын кезеңі, сондықтан да бала өз ана тілінде сөйлеуі қажет.

Ата-аналар балаларын әртүрлі іске үйрету арқылы олардың өз бетінше іс тындыруын да қалыс қалдырмайды. Бұл болашақ шәкірттердің оқуға зерек, ой еңбегіне белсенді болуға, өз ісін жақсы ұйымдастыра білуге тәрбиелеу үшін қажет.

Мектеп жасына дейінгі баланың тағы бір ерекшелігі оларда еліктеу, қиялдау басым болады. Сол себепті айналадағы құбылыстар мен ересектердің іс-әрекеті беріп отырулары қажет.

Кейде баламен көшеге, арнайы серуенге шыққанда кезіккен нәрселерді түсіндіріп айтып беру, үйге келген соң сол көрген-білгенін есінде сақтауға үйрету пайдалы. Бұлай ету баламен ата-ана арасындағы мейрбандықты нығайтады. Бала қорықпай еркін сөйлейтін болады. Байқаусызда бір теріс әрекет жасай қалса, жасырмай айтуға әдеттенеді.

Жалпы сезім мүшелерінің, ақыл-ойдың, сөздің дамуы бір-бірімен тығыз байланысты екендігін психологтар әлдеқашан дәлелденген.

Баланың сөз қорының молайып жетілуі, оның физиологиялық дамуына (есту, сөйлеу мүшелерінің) байланысты психологиялық процестері де (ой қызметі, сезім, қабылдау, зейін, қиял, еліктеу т.б.) жақтарының дамуына әсер етеді.

1,5-2 жастағы бала таныс адамдармен тіл арқылы қарым-қатынас жасайды. Естіген-білген сөзді сол күйінде қайталап айтуға талаптанады. Өз ойын сөзбен білдірудің алғашқы қадамы басталады. Өйткені, күнделікті ойын, тамақтану, киіну-шешіну, қимыл-әрекеттері кезінде ол да қажетті жайттарды сөзбен ұғындыруға мәжбүр болады.

Баланың тілін дамыту әдістері: баламен әңгімелесу; күнделікті өмірге қажетті заттарды, айналадағы дүниені бақылату; кейбір заттың өзін немесе суретін көрсетіп сөйлесу; көрген-білген туралы әңгімелеп беруге үйретіп отыру; сөздік тапсырмалар орындату; әңгімелесуден соң балаға сол оқиғаға байланысты әдеби шығармалар оқып беріп тыңдату; түсінгені бойынша оқиғаны суреттеп, мүсіндеп көрсетуге жаттықтыру.

Баланың тілін дамыту, сөйлесе білуге үйрету негізінен үш түрлі тәсіл арқылы іске асырылады: 1. Затты бақылатып көрсету; 2. Балалардың түсінігін байқау, сұрақ қойып жауап алу; 3. Сол бақылаған оқиғалар туралы дербес жаттығулар орындатып, көрген-білгенін тереңдете тиянақтап отыру. Мысалы, балаға үй жануарларын бақылатсаңыз қозылы қой, бұзаулы сиыр немесе балалы мысық. Осылардың әрекеті, адамға келтірер пайдасы, бір-бірінен айырмашылығы (қозы, қой, сиыр), ұқсас жақтары туралы бала салыстыра айтуға тиісті. Соңынан мақал-мәтел айтып, жұмбақ шештіру, сөз мәнісін сұрап, түсініп айтуға үйрету. Сол жануарларды суреттен танып көрсету, мүсіндеу, жануарлар айтысы т.б. ойындар ойнату тәріздес жұмыс жүргізу.

Осы жатағы балалардың байқалатын ерекшелік – оның сөйлеу тілінің, заттану процесінің баяу дамитындығы. Әдетте 20-30 заттың түр-түсін танитын бала сол заттың он-он бесін ғана сөзбен айтады. Көпшілік затты ыммен, түрлі қимыл арқылы көрсетеді. Мысалы, 2 жас 7 ай шамасындағы Айнұрға түрлі суреттерді көрсетіп сөйлскенде тіс щеткасын – ол тісін көрсетіп саусағымен тісін ысады. Қайшыны «ол қағазды алып былай етеді» деп, екі саусағымен қағазды қиып көрсетеді, ұршық туралы да әжем жіпті битедің деп, жауап береді.

Кейде бала белгілі заттың атына байланысты сөздің жеке буының айтады немесе жақын мағынадағы сөзбен еліктеу дыбыстарымен білдіреді. Мысалы; Ақамаралға (2 жас 9 ай) бірнеше ойыншық және сурет беріп ойната отырып, сөйлескенде: «міне төмпик» - конфет, «мынау тын» - шыны, «ол мәу» - мысық, «ол қон», «әне дө-ө-дет» деген сөздермен жауап берді.

Баланың бұл ерекшелігі оның сөйлеу, таныған заттың атына байланысты сөздік

ұғымды толық түсініп айтуға төселмегендігінен деуге болады.

Сондықтан, ата-аналар баланың лағашқы сөзіне көңіл бөліп, ыдыс-аяқ, киім-кешек, ойыншық аттарына байланысты сөздерді толық атап айтып, баланның қате айтқан сөзін түзетіп, қайт айтқызып, оның сөйлеу тілінің дұрыс дамуына бағыт беріп отырулары керек.

Бұл жұмыстар баланы ойнату, киіндіру, тамақ беру кезінде сөздік қатынас жасау арқылы іске асады. Балалардың сөздік қорының дамуын жүйелі бақылап, оны дұрыс сөйлеуге үйретуде кейбір ата-аналар үшін күнделік жүргізген пайдалы.

Мысалы, Данара деген баланың әкесі баласы бір жастан аса бастаған кезінен күнделікті жүргізген. «Менің күнделік жасауыма баланың алғашқы сөздері ерекше әсер етті» дейді ол. Сол күнделіктен үзінді келтірейік.

Бүгін 10-маусым. Данараға бір жас он ай. Ол өте ширақ. Тынымсыз. Ойыншыл. Өздігінен киінуге құмар. Біздің тапсырмамызды орындауға ынталы. Қажет заттарын нұсқап көрсетеді. Әсіресе, өлең айтып беруді ұнатады. Радиодан ән айтылса, өзінше қосылып әндетеді.

20-маусым. Шомылдыру кезінде «шәп-шәп» деген сөзді айтты. Онысы «шомыламын» дегені. Ол сөзді дұрыс үйрету үшін «Данара шомылады» деген сөзді үнемі қайталап жүрдік. Кейін осы сөзді дұрыс айта бастады, Біз қатты қуандық.

6-шілде. Біз тамақ ішіп отырғанда Данара «нәм – нәм» деп, үстелдегі тағамға қолын созды. Бұл біз үшін үлкен жаңалық. Бұдан былай оған тамақ берерде Данара, сүт іш, нан жейсінбе, міне алма деген сөздерді, яғни тамақ аттарын анық айтып беретін болдық, - дейді.

Дегенмен, кейбір ата-аналар баланың сөзін түзеп, оны дұрыс сөйлеуге үйретуді ескермейтіні де анықталады. Керісінше «нәм-нәм», «шәп-шәп» деген бала сөзін сол қалпында қайталап айту жиі кездеседі.

Мысалы, Еркін сөз ішінде «ш», «т» дыбысын ауыстырып қолданады. Бұл жөнінде шешесімен сөйлескенде: «Біз оған көңіл бөлмеппіз, біз үшін оның сөзі қызық, сондықтан өзіміз де солай сөйлесе береміз – дейді.

Сол сияқты Динанаңы мамасы да «Біздің Дина Алматы дегенді суреттен Алмақ деп көрсетеді, біз күліп маз боламыз», - дейді. Бұл әрине, дұрыс емес. Баланың сөзін мұқият бақылап, оның дұрыс сөйлеуіне бағыт беріп, жәрдемдесіп отыру керек.

Екінші кезең баланың 2-3 жастағы кезі. Бұл жастағы бала алғашқы жеке буындар мен сөздерден шағын сөйлем құрап айта бастайды. Өз ойын басқалараға толық айтуға әрекеттенеді.

Бала есейе бастаған сайын оның ақыл-ойы жетіле түседі. Түрлі білім дағдылары қалыптасады. айналасындағы заттар мен құбылыстарды бағдарлап тану нәтижесінде сөздік қоры жедел дами түседі, грамматикалық түрде жүйелі сөйлейтін болады.

Әйгілі психологтар, әдіскер ғалымдар 3-4 жастағы балалардың сөздігі 1000-1200, ал 6-7 жастағы балаларды 3000-4000-нан астам сөздік қоры болады дегенді айтпады. Бұл пікірдің дәлдігін біздің зерттеу нәтижеміз дәл дәлелдеді түсті.

Сөйлеу тілі мен сөздік қорының жетілуіне байланысты бұл жастағы балалар айналасындағы адамдармен тікелей қарым-қатынасқа түседі. Төңіректегі өмір құбылыстарына назар аударып, оны танып білуге әрекеттену нышаны басталады. Ата-анасымен серуенге шықса, дүкенге не киноға барса, көзі шалған заттың бәрін сұрағыштап, «ол не, бұл не?» деп тақылдайды. Бала табиғатына тән осы ерекшеліктер туралы ұлы ақын Абай былай дейді: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары... Біреуі білсем екен деп, не көрсе соған талпынып, жалт-жұлт еткен болса, оған қызығып, аузына салып дәмін татып көріп, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да тұра жүгіріп, біреу күлсе де, біреу жыласа да тура жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?», деп, ол неге үйретеді?, «бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем

екен, үйренсем екен дегендік?»).

Мектеп жасына дейінгі баланың тағы бір ерекшелігі оларды еліктеу, қиялдау басымболады. Сол себепті айналадағы құбылыс пен ересектердің іс-әрекеті балалардың бақылауынан мүлт кетпейді. Бақылаған заттардың елеусіз ерекшелігіне дейін бірден байқап, тез қабылдайды. Олай болса, әрбір ата-ана баланың осындай даму ерекшелігін ескеруге тиісті. Оның заңды сұрақтарына құлақ асып, үнемі жауап беріп отулары керек.

Ойымыз дәлелді болу үшін мысал келтірейік. Алма 3 жаста. Ол бала бақшасында тәрбиеленеді. Күн сайын бақшадан қайтқанда анасы онда не істегенін, қандай ойын ойнағанын сұрайды. Анасы: - «Бүгін бақшада не істедіңдер?» - деп сұрағанда, Алма: - «Біз қуыршақпен ойнадық. Тұраш тәте үлкен қуыршақ әкелді. Мама, олұйқтайды, жылайды. Оның көйлегі өте жақсы. Көк лентасы бар. Сандалы көк.»- деп жауап береді.

Тіл – адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы болғандықтан, тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі де ерекше. Сондай-ақ тіл ұлт мәдениетінің басты көрсеткіштерінің бірі екені белгілі. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының белгілері көрініс табады.

Ал тілді, тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы жанұядан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жеткізілуі тиіс.

Баланың тілін дамытуда халық қазынасы – ауыз әдебиетінің орны ерекше. Аз сөзбен көп мағына беретін мақал-мәтел, ертегілер, эпостық шығармалар ғасырлар бойы ауыздан-ауызға таралып, жинақтала келе, бүгінгі ұрпақтың рухани азығына айналуы тиіс [12, 3].

## АУДАРМА МЕН АУДАРМАНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Макатова Айгерим Жангереевна, Карлгашев Манас Серикович, Бобоев Мухторджон Маруфджонович, Менглибаева Гулназ Жалгасбаевна, Совитова Асем Сериккызы**

*Бакалавриат, мамандығы: «Аударма ісі»*

*Қазақ-Орыс халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би көш., 52*

Бұл мақалада прагматикалық бейімделу мәселесі қарастырылады. Бұл аударманың ең күрделі және аз дамыған аспектілерінің бірі. Сонымен қатар қазіргі аудармашы жұмысындағы ең өзекті құрал бола отырып.

*Түйінді сөздер:* Прагматикалық бейімделулер, трансформациялар, эквиваленттілік, трансформация, реципиент, коммуникативтілік, ниет, фондық білім, мәтіннің прагматикалық әлеуеті, аударма техникасы, бастапқы тіл (БТ), аударма тілі (АТ).

---

## PRAGMATIC ASPECTS OF TRANSLATION AND INTERPRETATION

**Aigerim Zhangereevna Makatova, Manas Serikovich Karlgashev, Mukhtorjon Marufjonovich Boboev, Gulnaz Zhalgasbaevna Menglibaeva, Asem Serikkyzy Sovitova**

*Bachelor's Degree, Major: "Translation Studies"*

*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, Aiteke Bi str. 52*

This article deals with the problem of pragmatic adaptation. It belongs to one of the most complex and least developed aspects of translation. At the same time being the most important tool in the work of the modern translator.

*Keywords:* pragmatic adaptations, transformations, equivalence, transformation, recipient, communicativeness, intention, background knowledge, pragmatic potential of the text, translation techniques, source language (SL), the translating language (TL).



Проблема прагматической адаптации относится к одним из самых сложных и наименее разработанных аспектов перевода. При этом, являясь наиболее актуальным инструментом в работе современного переводчика. В данной статье мы будем опираться на работы отечественных и зарубежных ученых в различных областях лингвистики: В.Н.Комиссаров(в первую очередь), Л.С. Бархударов, А.Д.Швейцер, И.С.Алексеева, Т.А.Казакова, А.Паршин, А.Нойберт.

### **Понятие «прагматическая адаптация» в переводоведении**

Всякий текст коммуникативен. Любой текст содержит информацию, некоторые сведения, передаваемые от Источника к Рецептору. Задача переводчика состоит в нахождении той интенции, т.е. уяснения намерения автора оригинала, в отношении языка перевода, которая будит в рецепторе эхо оригинала. «Информация» должна быть понятна рецептору. Воспринимая полученную информацию, рецептор тем самым вступает в определенные личностные отношения к тексту, называемые прагматическими отношениями. Такие отношения могут иметь различный характер. Они могут иметь преимущественно интеллектуальный характер, когда текст служит для рецептора лишь источником сведений о каких-то фактах и событиях, его лично не касающихся и не представляющих для него большого интереса. В то же время полученная информация может оказать на рецептора и более глубокое воздействие. Она может затронуть его чувства, вызвать определенные эмоции, побудить к каким-то действиям. Способность текста производить подобный коммуникативный эффект, называется *прагматическим аспектом* или *прагматическим потенциалом* текста. Рассматривая прагматический аспект, Л. С. Бархударов указывает на важность учета прагматического фактора. Учет данного фактора может выражаться в: *добавлении, опущении, замене, генерализации, конкретизации*. Опираясь на примеры Комиссарова, что указаны в его работе при разъяснении видов прагматических адаптаций, тем не менее, в отличии от В.Н.Комиссарова, Бархударов не называет их «прагматическими адаптациями». Он называет их «переводческими приемами».

Во время перевода, переводчик применяет прагматические адаптации исходного текста, то есть вносит некоторые поправки на определенные различия (социально-культурные, возрастные, психологические) между рецепторами переводного текста и текста оригинала. Но, прежде чем говорить о необходимости применения «прагматических адаптаций», следует разграничить два понятия, которые часто взаимозаменяются. Эти два понятия непосредственно связаны с преобразованием текста – прагматические адаптации и трансформации. Некоторые авторы приравнивают адаптации и трансформации, а также обобщают их такими словами как «преобразования» и «переводческие приемы»(Например, Л.С.Бархударов). На первый взгляд, казалось бы, функция у них одна и та же – преобразовать текст так, чтобы он был максимально понятен рецептору. Однако, трансформации в этом плане применяются с тем, чтобы текст перевода максимально точно передавал информацию исходного текста. Прагматические адаптации же, направлены на то, чтобы текст сообщения был прагматически адекватен и понятен рецептору перевода, который принадлежит к иному языковому коллективу, к иной культуре. Иными словами, применяя прагматические адаптации, переводчик учитывает именно тот факт – кому адресовано сообщение, его психологические и социально-культурные отличия.

В своей работе Л. С. Бархударов отождествляет(т.е. признает их одинаковыми) понятия «преобразования» и «переводческие трансформации». Все виды трансформаций он сводит к «четырем элементарным типам»: *перестановки; замены; добавления; опущения*. Далее более подробно рассматривает каждый из них. Данная классификация является приблизительной и условной, однако большинство лингвистов придерживаются именно ее.

И. С. Алексеева абсолютно солидарна с классификацией переводческих трансформаций Л. С. Бархударова, однако в качестве дополнительных комплексных преобразований, которые должны рассматриваться отдельно, выделяет: *антонимический перевод, компенсация и описательный перевод*. Т.А.Казакова в своей работе в главе «Виды преобразования при переводе» пишет о приемах, которые только при дальнейшем более подробном рассмотрении называет «трансформациями» (переводческими приемами). С точки зрения Т.А. Казаковой, существуют три основных группы приемов: *лексические, грамматические и стилистические*. Она классифицирует межъязыковые преобразования по принципу уровней языка. Соответственно, в группе Лексических приемов наиболее распространенными являются: *транслитерация/транскрипция, калькирование, семантическая модификация, описание, комментарий, смешанный перевод*. К Грамматическим приемам относятся такие преобразования как: *грамматическая замена, расширительный прием (распространение, добавление, присоединение и т.п.), функциональная замена, грамматические трансформации, антонимический перевод, нулевой перевод*. Стилистические приемы перевода употребляются при условии, когда стилистические отмеченные единицы текста оригинала служат объектом перевода. Такие приемы включают в себя: замена словесного состава, замена образа, замена тропа (или фигуры речи), изъятие переносного значения, дословный перевод (с комментариями или без). А.Паршин же, в свою очередь, разделяет понятия прагматических адаптаций и трансформаций более четко. Он пишет, что прагматическая адаптация текста выходит за рамки перевода. Здесь речь идет не о переводе-результате, а о переводе-процессе создания текста, который был бы коммуникативно равноценным оригиналу. Классификацию прагматических адаптаций автор не предлагает и ни на чью не опирается. А.Паршин называет трансформации переводческими (межъязыковыми) преобразованиями, «с помощью которых можно осуществить переход от единиц оригинала к единицам перевода в указанном смысле».

А.Д.Швейцер также занимался изучением прагматических адаптаций и прагматического аспекта в целом. Он считает необходимым «внесение определенных поправок на социально-культурные, психологические и иные различия между получателями оригинального и переводного текста». А.Д.Швейцер дает следующее определение: «Прагматическая адаптация – это преобразование исходного высказывания с учетом передачи его прагматического значения». На наш взгляд, данное определение недостаточно полное, так как самое главное – это добиться реакции со стороны рецептора, а об этом в определении ничего не сказано. Мы выяснили, что В. Н. Комиссаров больше всех уделил должное внимание вопросу прагматических адаптаций, по сравнению с другими лингвистами, и, один из немногих, кто подробно представил классификацию адаптаций, которую мы рассмотрим в следующем пункте. Именно этого автора мы и будем придерживаться в дальнейшем. В. Н. Комиссаров предлагает следующее определение: «Прагматическая адаптация перевода – изменения, вносимые в текст перевода с целью добиться необходимой реакции со стороны конкретного рецептора перевода» (как и говорилось выше). Следует отметить, что именно это определение чаще всего используется в работах других лингвистов.

Прагматические адаптации необходимы, так как в каждом языке мира есть названия предметов и явлений, а представители языковой общности имеют на них определенные ассоциации. И, если происходит так, что эти особые ассоциации не передаются или как-либо искажаются во время переводческого процесса, то прагматические потенциалы оригинала и переводного текста не будут совпадать даже при эквивалентном переводе. Переводчик непременно должен обладать определенными знаниями из области культуры и истории. Такие знания помогут ему верно передать смысл оригинала сообщения, интерпретировать

смысл исходного сообщения и адаптировать таким образом, чтобы получатель сообщения воспринял информацию, в соответствии со своими фоновыми знаниями.

Впервые важность данного элемента отметили переводчики Библии. Когда начались многочисленные миссионерские поездки по всему миру, для распространения Евангелия. И, однажды, встал вопрос: как перевести для жителей Сенегала, которые ни разу в жизни не видели снег? Как перевести восемнадцатый стих первой главы из книги Исайя из Библии: “though your sins are like scarlet, they shall be as white as snow”. Было произведено много попыток перевести словосочетание “as white as snow”. И, наконец, решение было найдено: «Белый, как оперенье белого лебедя». До сих пор этот случай является одним из самых ярких примеров, когда текст перевода был адаптирован к фоновым знаниям рецептора.

О подобных изменениях, вносимых переводчиком в переводной текст, с целью добиться необходимой реакции со стороны рецептора перевода, А.Нойберт, немецкий переводовед, пишет: «обязанность переводчика предпринимать такие “изменения”, чтобы получился текст Б, который ориентирует получателя руководства об эксплуатации машины, говорящего на переводимом языке(ПЯ) так же, как текст А – говорящего на исходном языке(ИЯ). В результате будут *пропуски, дополнения, перестановки, перенесение акцентов и т.д.*, которые, если их дословно перевести обратно, могут показаться говорящему на (ИЯ) коверканием, искажением, недопустимым добавлением, многословием, пропусками, изменением привычной классификации». Такая операция нужна для того, чтобы переводимый текст оказал то же самое прагматическое воздействие на получателя сообщения, какое в свою очередь исходный текст оказал на своего получателя. Речь идет не только об эмоциональном воздействии, а в большей степени об ясном понимании содержания передаваемого сообщения читателем. Это и есть главная задача переводчика. Таким образом, главная цель переводчика – достичь адекватного коммуникативного эффекта. Данное понятие обозначает максимально аналогичное воздействие на получателя сообщения, а без применения прагматических адаптаций, в большинстве случаев, это практически невозможно.

#### Список использованной литературы:

1. Бархударов 1975 с Бархударов Л.С. Язык и перевод. Вопросы общей и частной теории перевода. М.: Международные отношения, 2008. Комиссаров 2016
2. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). М.: Высшая школа, 2013. Комиссаров 2013
3. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. М.: ЭТС, 1999. Нойберт 1978 4. Нойберт А. Прагматические аспекты перевода// Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике: Сб. статей. М.: Международные отношения, 1978. Латышев 2008
5. Латышев Л.К. Технология перевода. М.: Академия, 2008.

## АҚТӨБЕ ӨңІРІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ЭТИМОЛОГИЯ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Мендіғали А., Муратова М., Ташенова Г., Кайрбай А.**  
*«5B020500-Филология» мамандығының 4-курс студенттері*

**Умбеталина Зоя Бабрашовна**  
*филология ғылымдарының кандидаты, ҚОХУ доценті*  
*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52;*

Мақалада топонимдердің халықтық этимологиясы және оның Ақтөбе өңірі топонимдеріндегі көріну ерекшеліктері қарастырылған.

*Түйінді сөздер:* жер-су атаулары, халықтық этимология, Ақтөбе өңірі топонимдері, географиялық нысан.

---

## ОСОБЕННОСТИ НАРОДНОЙ ЭТИМОЛОГИИ ТОПОНИМОВ АКТЮБИНСКОГО РЕГИОНА

**Мендигали А., Муратова М., Ташенова Г., Кайрбай А.**  
*Студенты 4 курса специальности «5B020500-Филология»*

**Умбеталина Зоя Бабрашовна**  
*кандидат филологических наук, доцент КРМУ*  
*Казахско-Русский Международный университет, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52*

В статье рассмотрена народная этимология топонимов и особенности ее проявления в топонимах Актыубинской области.

*Ключевые слова:* топонимы, народная этимология, топонимы Актыубинской области, географический объект.

---

## PECULIARITIES OF THE FOLK ETYMOLOGY OF THE TOPONIMES OF THE AKTOBE REGION

**Mendigali A., Muratova M., Tashenova G., Kairbay A.**  
*4th year students of the specialty «5B020500-Philology»*

**Umbetalina Zoya Babrashovna**  
*candidate of philological sciences, associate professor of KRIU*  
*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52*

The article considers the folk etymology of toponyms and the features of its manifestation in the toponyms of the Aktobe region.

*Key words:* toponyms, folk etymology, toponyms of the Aktobe region, geographical feature.

Кез келген жер-су атауларын зерттегенде, ең алдымен оның түпкі мәнін, шын мағынасын, шығу тегін анықтап алғымыз келеді, яғни этимологиясын анықтап алуды қажет деп есептейміз келеді. Алайда, көптеген топонимдерге байланысты халықтық этимология қалыптасқан, ол бойынша жергілікті жер-су атауларының түсініктемесі өте қарапайым,

кейде аңғал, кейде тіпті бастапқы мағынасына керегар да болып жатады. Олар ғылыми тілде халықтық (жалған) этимология деп аталады да, жергілікті халыққа түсініксіз географиялық атауларды сөздер арасындағы дыбыстық ұқсастықтан туындайтын және сөзді мағыналық ассоциациялар негізінде түсіндіруден тұратын жапылама тілдік құбылыс болып табылады және сөздің фонетикалық және оның морфологиялық өзгеруімен қатар жүреді. Мұндай түсініктемелер тарихи-географиялық жағдайлар мен тіл білімінің заңдылықтары ескерілмей жасалады. Бұл топонимнің мәнін қайта пайымдауға әкеледі. Яғни, халықтық этимологияны халықтың топонимикалық шығармашылығының бір үлгісі деп айтуымызға болады.

Түпкі мәніне келсек, халықтық этимология топонимдік трансформацияның бір түрі ретінде мағынаны қайта пайымдау болып табылады. Жер-су атауларының мән-мағынасын қайта пайымдау процесінің өзіне тән ерекшеліктері бар және кез келген сөз шығармашылығы сияқты ол да жер-су атауларын тарихи-географиялық және лингвистикалық зерттеу барысында назардан тыс қалмай, бірге қарастырылуы керек. Топонимдер туралы жергілікті аңыздар белгілі бір жер-су атауларының шығу тегін халық көзқарасы тұрғысынан түсіндіретін халықтық этимология туындысы, өнімі болып табылады.

Қай халықты алмайық, оның тұрмысы, болмысы, тарихы жермен байланысты. Жер-су атаулары халықтың басынан өткерген қандай да бір оқиғаның болу себебін, өткен жерін, қашан болғанын меңзеу арқылы тарихи дерек көздерінің сырын танып білуге көмектеседі, сондықтан да жер-су атаулары «жердің тілі» болумен қатар, халықтың өткенін баяндар «шежіре кітабы», «халық жады» да. Олай болса, халықтың басынан өткергендері оның ауызша, жазбаша әдебиетінде, ән-жырында көрініс тауып отыратын жер-су атауларында бейнеленіп, бұл топонимдер жергілікті жердің тарихи деректерінен мәлімет беретін ақпараттық қызмет те атқарады.

Өткен ғасырдың аяқ шегіне қарай жалқы есімдерді, жер-су атауларын тарихи-мәдени жағынан зерттеу нысаны етуші зерттеушілердің қатары көбейе түсті. Жер-су атаулары, жоғарыда айтқанымыздай, халықтың өткен тарихы мен таралу аймағынан, мәдени, сауда орталықтары мен ел тарихына қатысты оқиғалардан хабардар етеді.

Зерттеуіміздің нысаны болып отырған жер-су атауларын жақ-жақты қарастыруымызға, түрлі зерттеу әдістерінің көмегімен зерделеуімізге топонимдердің өзіндік ерекшелігі, шынайы құбылыстарды сипаттау мен атау қабілеттері зор ықпал етті.

Қазіргі лингвистиканың зерттеу нысанына ілігіп, өзекті мәселелері ретінде ерекшеленіп отырған бір тақырыбы - әлемнің топонимдік бейнесі. Жер-су атауларының тарихи-мәдени, этномәдени маңыздылығы айрықша.

Еліміздің, оның ішінде Ақтөбе өңірінің әрбір жер-су атауларына негіз болған және ұмыт болып бара жатқан топонимдік аңыздар, жергілікті халықтың топонимдік білімдері негізінде сол атаулардың уәжін анықтау, сонымен қатар осындай аңыздар мен түсінік, болжамдар, интерпретациялар арқылы халықтың қарапайым метатілдік санасын айшықтау осындай зерттеулердің қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Республикамыз жаңа тарихи кезеңге аяқ басып, қайта түлеудің айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алуды міндеттеген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауда: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз», – деп көрсетіліп, біздің қоғамның және әрбір

қазақстандықтың санасын жаңғыртудың алты бағыты ұсынылып, алты міндетті жүзеге асыру алға тартылған болатын. Сол міндеттерінің бірі – «Туған жер» бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты: «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс». Бұл жергілікті жер-су атауларын тілдік тұрғыдан зерттеудің практикалық, тәрбиелік, рухани, ұлттық және танымдық маңыздылығының өте жоғары екенін көрсетеді.

Жергілікті жер-су атауларының берілу себебін, ол атаулардың географиялық нысанмен байланысын анықтауға барлық дерлік метатілдік сана иелері тырысады. Бұл үдеріс көп жағдайда географиялық нысанмен тікелей қатынасқа түскенде, яғни сол аумақта болғанда, атауды бірінші рет естігенде немесе тақтайшадан оқығанда орын алады. Субъектінің топонимдік атау жайында білетін ақпаратын немесе оған қатысты өзге де ақпаратты меңгеруін анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік.

Өлкеміздің *Ақтөбе, Ақшатау, Саралжынды, Мұғалжар, Ембі, Обалыкөл, Шалқар, Жаркөл, Қандыағаш, Ойыл* топонимдері бойынша сауалнама алынды. Жалпы алынған мәліметтерге сәйкес ең жоғары метамәтінге *Ақтөбе* топонимі ие болды, ал *Ақшатау, Жаркөл* атаулары ең төменгі көрсеткіш танытты. Ал *Қандыағаш* атауы бойынша «Естімедім» деген жауап болды. *Жаркөл, Саралжынды* топонимдері бойынша жауап берушілердің басым көпшілігі кестені жауапсыз қалдырған.

1) *топонимдерді сипаттау*: Атауларды сипаттау кезінде жауап берушілердің көпшілігі жастар арасындағы хит-әннің белгілі сөзі: *Ақтөбеде жоқ-жоқ* (АВ 22, Ақтөбе) қолданған, сауалнамаға қатысушылардың кейбіреулері Шалқар ауданының атауын Шалқар радиосының атауымен байланыстырған: *Шалқар радиосы* (АВ 22, Шалқар). Топонимдерді сипаттаған кезде, көбіне оларды омонимдес сөздермен берген: *Жарымай қалған көл* (АВ 13, Жаркөл); (АВ 22, Жаркөл), *Обал болған көл* (АВ 22, Обалыкөл); (АВ 21, Обалыкөл); немесе орыс тілінде берілген нұсқасын көрсеткен: *Беловатая гора* (АВ 17, Ақшатау); *Мугоджары* (АВ 17, Мұғалжар).

2) *деректер келтіру*. Атауларға дерек келтірген кезде жауап берушілер көбінесе елдімекеннің құрылу жылдарын, бұрынғы атауларын көрсеткен. Сондай метамәтіндерден ерекшеленгендері мыналар: *Ақтөбе жері негізінен «табын» руынан шыққандар осы аймақта өмір сүрген* (АВ 09); *Ойыл сөзі моңғолдың «Уйл» сөзінен шықты деген дерек бар. «Уйл» сөзімірім деген сөз. Кейінірек «Ойыл» сөзіне өзгеріп кеткен* (АВ 09);

3) *атауларға байланысты аңыздар келтіру*. Жергілікті бұқара халық арасында жер-су атауларының тарихы да, адам сенгісіз оқиғалар да аңыз түрінде сақталған. Мәселен: *Аңызға байланысты көлді жарып тұратын жарлар бар шығар* (АВ 03, Жаркөл); *Жайықтағы өзен. Аңызға байланысты. Өзен, бәлкім, ойық шығар* (АВ 03, Ойыл); *Менің ойымша белгілі бір аңызға байланысты қойылған атау. Саралжынды!!!* (АВ 01, Саралжынды); *Аңызға байланысты қойылған Шығыс Каспийдегі өзен* (АВ 03, Саралжынды); *Аңызға байланысты шыққан болар. Бірақ қандай екенін білмеймін* (АВ 03, Ембі).

4) *берілген атауларға байланысты логикалық болжам*. Атауды өзінің географиялық нысанымен байланыста талқылау логикалық болжамға әкеледі, мысалы: *Ойылдың жері ойық-ойық, мүмкін содан болар* (АВ 29, Ойыл); немесе өзге атаулармен байланыстыру: *Сарылжын, қорғалжын деген секілді бір шөп түрлері секілді* (АВ15, Саралжынды).

Өмірде орын алған салт-дәстүр, наным-сенімдерге негізделіп, қалыптасқан менталитетке сәйкес атауларды сипаттау да логикалық болжамға жатады: *Менің ойымша, бұл жерде жиі сәтсіз жағдайлар боп тұрған, соны келтіру ниетімен «Обалы» сөзін қосып айтқан* (АВ 02, Обалыкөл); *Атаудың шығу тарихын, аңызын білмеймін. Бірақ, өз пікірімше,*

бір кезеңде осы суда көп адам, жануар батып өлген болар (АВ 29, Обалыкөл); Қызыл жапырақты ағаштар немесе тарих бойында өзіне көп қан, соғыс жүктеген талды мекен (АВ 20, Қандыағаш); Менің ойымша, өзен бұрын болмаған. Содан кейін жер қыртыстарының арасынан жар пайда болған. Сол жар бойында өзен пайда болған (АВ 02, Жаркөл).

5) лингвистикалық болжам. Атауды тілдік заңдылықтар тұрғысынан қарап талдау лингвистикалық болжамға әкеледі: *Менің ойымша, грамматикасы дұрыс емес* (АВ 01, Қандыағаш); *Көл атауы, көлге қатысты анықтаушы сын есімдер ретінде «айдын», «шалқар» сөздері көптеп қолданылады айдын көл, шалқар көл, т.б.* (АВ 06, Шалқар); *Бұл фонетикалық өзгеріске ұшыраған ат деп ойлаймын. «Сары ақ жығылды» деп ойлаймын* (АВ 02, Саралжынды);

б) *эпонимдік теңеу*. Саралжынды топониміне қатысты эпоним кісі есімі мен «жынды» сөзінің тіркесуіне теңеген жауаптар кездеседі: *Сарал атты жынды өмір сүрген өзен шығар* (АВ 07); *Сара деген жынды қыз өмір сүрген шығар* (АВ 22). Ал Шалқар атауын өмірде болған ақынға теңеген: *Ертеде осы маңда атақты бір ақын шыққан. Аты Шалқар болған. Сондықтан сол елді Шалқар деп атап кеткен* (АВ 05).

7) *дыбыстық ұқсату*. Дыбыстық ұқсатуда Обалыкөл атауын «обал болу» тіркесімен байланыстырып : *Обал сөзін обал болмасын деп қойған екен деп ойлаймын* (АВ 03); (АВ 04); (АВ 05); (АВ 07); (АВ 13); (АВ 20); (АВ 21); (АВ 22); (АВ 29) десе; кейбіреулері бұл атауды «оба» деген аурумен байланыстырады: *Оба деген ауру бар соған байланысты көл жанындағы тұрғындар обамен ауырған шығар* (АВ 04); (АВ 25); (АВ 28); және аударған: *Светлинские озера* (АВ 17). Жарлы көлін «жарымаған» сөзімен: *Жарымаған көл* (АВ 22); (АВ 07); (АВ 13); (АВ 14); және «жар болу» етістігімен келтірген: *Жар болған көл* (АВ 21). Саралжынды гидронимін «Сары ақ жығылды» (АВ 02); *өсімдік атауы* (АВ 04); (АВ 14); (АВ 15); *сарқылған* (АВ 06); *жынды* (АВ 13); (АВ 21); (АВ 07) сөздерімен берген.

8) *этнонимдік теңеу*. Этнонимге қатысты бір ғана болжам берілген: *Мұғал жары дегенді білдіретін шығар, мұғал сөзі мағынасы жойылған сөз немесе тайпа не ру атауы болуы мүмкін* (АВ 18, Мұғалжар).

Жалпы алғанда, Ақтөбе облысы атауларына сипаттау мен логикалық болжам жасау әрекеттері тән. Бұл облыс атауларының жалпы халыққа танылуы жайынан хабар беріп қана қоймай, атаулар жайлы ақпараттың қарапайым метатілдік сана бейнесінде қалыптасуын аңғартады. Қазақ тілінің топонимика саласы жекелеген аймақтардың жер-су аттарын зерттеу кезеңін аяқтап, терең теориялық немесе жалпы Қазақстандық ауқымды мәселелерді қарастыруды қолға алды. Қазіргі кезеңдегі кешенді зерттеу жұмыстарына топонимикалық атлас жасау, жер-су аттарының этимологиялық сөздігін құрастыру, лингвистикалық тұрғыдан талдау, қазақ топонимдерінің типтік ерекшеліктерін анықтау секілді көлемді істер жатады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, Ақтөбе өңірінің топонимдерін қайта пайымдау қисынға келетіні, келмейтіні бар, алайда қызықты аңыз-әңгімелерге толы. Мұндай аңыздарды жинақтап, жүйелеу фольклоршы-этнограф мамандарының міндеті, әйтсе де кей жағдайларда халықтық этимология топонимдердің бастапқы мағынасын ұсына алады, осыны ескеруіміз керек. Топонимистер көбінесе бұл қатардағы аңыз-әңгімелердің ғылыми негіздемесінің жоқтығын ескеріп, оларға өте сақтықпен қарайды және жер-су атауларын зерттеуде оларды негізге алып, қарастыра бермейді. Дегенмен, осы айтылғандардың барлығынан мынадай қорытынды жасауға болады: жергілікті топонимдердің шынайы, дәл мағынасын анықтау мақсатындағы зерттеу жұмыстарын жүргізгенде халықтық этимологияны да назардан тыс қалдырмауымыз қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пангереев А.Ш. Жер-су атаулары және ұлттық руханият. Монография.- Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2018. – 314 б.
2. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013 – 432 б.
3. Борибаева Г.А. Қарапайым метатілдік сана бейнесіндегі топонимдік рефлексия. Монография. – Алматы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2018. – 323 б.
4. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингво-концептологиялық негіздері. Алматы: «Арыс», 2007. – 280 б.
5. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттарының сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1987. – 256 б.



## АҚТӨБЕ ӨңІРІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Мендіғали А., Муратова М., Ташенова Г., Кайрбай А.**  
*«5B020500-Филология» мамандығының 4-курс студенттері*

**Умбеталина Зоя Бабрашовна**  
*филология ғылымдарының кандидаты, ҚОХУ доценті*  
*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52;*

Жер-су атаулары жайдан-жай пайда бола салмайды, оны сол жердің жергілікті халқы береді, сондықтан топонимдер сол жердің өткен тарихы, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі, табиғат жағдайы мен атау нысандарының ерекшеліктері туралы белгілі бір ақпарат береді. Бұл нысандарды зерттей отырып, жер-су атауларының беретін лексикалық мағыналары туралы, олардың пайда болу және даму тарихынан мол деректер ала аламыз.

Мақала Ақтөбе өңірінің жер-су атауларын зерттеп, олардың топонимжасамдық, лингвистикалық ерекшеліктерін сипаттауға арналған.

*Түйінді сөздер:* сөзжасам ережелері, лингвистикалық ерекшеліктер, топоморфема, топонимжасам, оронимдер, гидронимдер, жер-су атаулары.

---

## ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТОПОНИМОВ АКТЮБИНСКОГО РЕГИОНА

**Мендигали А., Муратова М., Ташенова Г., Кайрбай А.**  
*Студенты 4 курса специальности «5B020500-Филология»*

**Умбеталина Зоя Бабрашовна**  
*кандидат филологических наук, доцент КРМУ*  
*Казахско-Русский Международный университет, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52;*

Топонимы возникают не просто так, их даёт народ, проживающий в данной местности, поэтому они несут определённую информацию, связанную с историей и бытом людей, природными условиями, особенностями того или иного объекта. Изучая топонимы, мы сможем узнать их лексические значения, историю их появления и развития.

Статья посвящена изучению, описанию топонимобразовательных и лингвистических особенностей топонимов Актюбинского региона.

*Ключевые слова:* правила словообразования, лингвистические особенности, топоморфема, топонимобразование, оронимы, гидронимы, топонимы.

---

## THE NATURE OF PSYCHOLOGISM IN FICTION

**Mendigali A., Muratova M., Tashenova G., Kairbay A.**  
*4th year students of the specialty "5B020500-Philology"*

**Umbetalina Zoya Babrashovna**  
*candidate of philological sciences, associate professor of KRIU*  
*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52;*

Toponyms do not arise just like that, they are given by the people living in a given area, therefore they carry certain information related to the history and life of people, natural conditions,

features of an object. By studying toponyms, we can learn their lexical meanings, the history of their appearance and development.

The article is devoted to the study, description of the toponym-forming and linguistic features of the toponyms of the Aktobe region.

*Key words:* word formation rules, linguistic features, topomorpheme, toponym formation, ornonyms, hydronyms, toponyms.

Ақтөбе облысы аумағының жер-су атаулары отандық ғылымның күрделі және қызықты мәселелерінің бірі ретінде енді ғана ғылыми зерттеулердің зерттеу нысаны болып келе жатыр. Өңірдің жер-су атауларына жан-жақты ізденістер жүргізу өлке тарихына, оның жер-атауларының шығу тәркіне этимологиялық, лингвистикалық зерттеу жүргізу бір жағынан, кейінгі ұрпақ алдындағы парызды өтеу әрі осы өлкенің перзенті ретіндегі борышты адал атқару болса, екінші жағынан, бұл бағыттағы терең ізденістер ғылыми маңызы бар көптеген күрделі міндеттерді шешуге ықпал етеді.

Ақтөбе облысы жер көлемі жағынан Қазақстан бойынша екінші орында тұрған Қазақстанның Батыс өлкесінің, кеңірек алып қарасақ, Арал-Каспий өңірі аумағының маңызды ірі облыстарының бірі болып табылады. Бұл – Еуропа мен Азия континенттерінің ортасында тұрған дәліз, оларды белгілі бір дәрежеде жалғастыратын, түйісетін жер.

Ақтөбе облысының жер бедері соншалықты сан алуан: бұл жерде тау, үстірт, жота, шоқылар да, өзен, сай, көл, бұлақтар да аз емес. Ірілі-ұсақты елдімекендер, қоныстар, жайылымдар да жетерлік. Өлке аумағындағы жер-су атаулары құрылымы, мағынасы, жасалу жолдары, этимологиясы жағынан да әр түрлі. Жер-судың сан атаулары саяси-элеуметтік жағдайлардың әсерінен және қоғам дамуының түрлі кезеңдеріне сәйкес солармен бірге түрлі өзгерістерге ұшырап келеді.

Жер-суды, елдімекендерді белгілі бір сөзбен, ұғыммен атап, ат беру халық шығармашылығының бір үлгісі іспетті. Сайын далада еркін жүріп, өлке табиғатының өзіндік ерекшеліктерін жете білген бабаларымыз әр атауды жер-су мен елдімекеннің өзіндік сипатын, жер жағдайынан, оның өткен тарихынан, халықтық таным-түсінігінен дерек, ақпарат берер белгі ретінде пайдаланды. Сондықтан да атауы сол жердің белгілі бір ерекшелігіне орай қойылған топонимдер - шынында да, сол жердің не сол төңіректің жер рельефі, флорасы мен фаунасы, табиғи қазынасы, халықтың өткені туралы ақпарат беретін таптырмас құралы, халық жадының өшпес ізі.

Үздіксіз өзгеріп жатырғанымен, тарихи жер-су атауларынан ұлттық, тілдік ерекшеліктерді айқын көруге болады. Халықтық сипаттағы жер-су атаулары жас ұрпақтың отаншыл, елжанды, ұлтжанды болып өсуіне де тигізетін ықпалы зор, ұлттық сананы жаңғыртуға, оятуға, рухани және мәдени тамырдан нәр алуға септігін тигізер факторлардың бірі. Қазіргі қоғамымызда осы мақсатта жер-су атауларын бұрынғы қазақы қалпына келтіру, яғни бұрынғы тарихи-географиялық атауын қалпына келтіру, жер-су атауларын, топонимдерді ғылыми ізденіс нысанына айналдыру басты мәселелердің біріне айналып отыр. Топонимдерді зерттеудің қазіргі тіл білімі, тарих және география ғылыми салалары үшін ғылыми және теориялық, сондай-ақ қолданбалы маңызы айтарлықтай.

Жер-су атаулары бір күнде пайда болған жоқ, олар бір тарихи кезеңнің де жемісі емес, бірнеше ғасырдың, бірнеше дәуірдің жемісі. топонимдер халықтың тарихынан, өмір сүру салтынан, тыныс-тіршілігінен, шаруашылық саласынан, қоршаған ортасының табиғат ерекшеліктерінен мол дерек береді дейтініміз де сондықтан. Әрбір жер-су атауының өзіндік тарихы терең, сондай-ақ мағыналық аясы кең.

Ақтөбе облысы аумағындағы жер-су атауларының лингвистикалық ерекшеліктерін сөз еткенде басты назарға алатынымыз мынау: өңірдегі жер-су атаулары, құрама топонимдердің бәрі де тіліміздегі сөзжасамдық заңдылықтарға бағынады және соның

негізінде сөзжасам әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асады. Тіліміздегі сөзжасам заңдылығынсыз ешқандай жаңа сөз жасалмайды, дәл осылайша жер-су атаулары да, тіл біліміндегі сөзжасам ережелеріне сәйкес құралып, жасалады. Тілдегі сөздік қорды жаңа атау, жаңа ұғыммен толықтыратын негізгі тілдік құбылыс сөзжасам екені белгілі, алайда бұл тілдік құбылыстан басқа тілден тыс сыртқы факторлар да бар, мәселен, жаңа ұғымның, түсініктің пайда болуы, жаңа бір нәрсенің жаңадан пайда болып, дүниеге келуі, осыған сәйкес оған атау, ат беру. Бұл сыртқы факторлар тілмен бейнеленіп, тілдің ой, санамен, ұғыммен байланысының көрсеткіші қызметін атқарады. Бұл жерде әңгіме сыртқы факторлардың бірі жер-суға, елді мекендерге ат беруде болып отыр. Қазақ тіліндегі сөзжасамның ерекшеліктері егжей-тегжейлі зерттеген Н.Оралбай және Ж.Балтабаева, К.Құрманәлиев сынды көрнекті ғалымдар: «Тілдің сөзжасамдық заңдылықтары, әдіс-тәсілдері көне замандардан бері қолданылып, дамып, іріктеліп, түрлі өзгерістерді басынан өткізіп, қазіргі қалыпқа түсіп, әбден қалыптасқан. Тілде жаңа сөз кездейсоқ, қалай болса солай жасала бермейді. Ол тілде қалыптасқан заңдылықтар арқылы жүзеге асады» - деген тұжырым жасайды [1, 4 б.].

Қазақ тіліндегі -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті сөз тудырушы жұрнағын топонимжасамға белсене қатысатын ең өнімді топоморфема деп айтуымызға болады. Бұл Ақтөбе өңіріне қатысты жер-су атауларынан да мол көрініс береді. Мәселен, *Құрайлы, Миялы, Қияқты, Қоғалы, Жиделі т.б.*

Ақтөбе аумағы - еліміздің өзге өңірлері сияқты жылдың төрт мезгілін де бірінен соң бірін өз ерекшеліктеріне сәйкес түгел анық өткеретін аймақ. Жер-су атауларында жыл мезгілдерінің өзгерістеріне сай табиғат құбылыстары ерекшеліктерінің орын алуы топонимдердегі халықтың атаулардың бір қыры болып табылады. *Мұзбел* (Мұғалжар ауд. тау атауы), *Желдісай* (Әйтеке би ауд. сай атауы), *Желқұм* (төбе, Шалқар ауд. төбе атауы), *Суықтөбе, Суықбеттау* (Ырғыз ауд. тау атауы), *Желөткен* (Алға ауд. қоныс атауы) атауларын табиғат құбылыстарына байланысты қалыптасқан жергілікті халықтық атаулар ретінде танимыз. Құрамында тау сөзі кездесетін жер-су атауларының өзге аймақтардан айырмашылығы жергілікті атаулардағы тау әрдайым айта қоярлықтай биіктікті көрсете бермейді, негізінен жер бедеріндегі ерекшеліктерді төбе, шоқы, қыр, қыраттармен салыстырмалы түрде ажырату үшін қолданылған.

Топонимдердің құрамына енетін апеллятивтер аталушы нысанның табиғи ерекшеліктерін (жер бедері, өсімдіктер, топырақ т.б.) білдіреді. Ақтөбе облысының географиялық атауларының мемлекеттік каталогын негізге отырып, саз, құм, ақ, бор, шағыл сөздерінің топонимжасам белсенділігі жоғары екенін байқадық. 141 атауды құрайтын бұл топонимдер негізінен бор шөгінділерін сипаттайтын тау жыныстары бар аумаққа тән. Бұлардың басым көпшілігі жер үсті қабатындағы нысандардың, нақтысы, таудың, қыраттың, шоқының атаулары болса, 11% - ойконимдер, яғни елді мекен атауларын құрайды. Солардың ішінде саз сөзімен – 8%, ақ, бор сөзімен - %, құм сөзімен - % ойконимдер жасалған: Боржер, Ақтас, Ақтау, Құмсай, Ақшат, Сазды т.б.

Өңір аумағындағы топонимдер қатарынан ең көп кездесетіні оронимдер мен гидронимдер екенін аңғардық: олар облыс аумағындағы жер-су атауларының жетпіс пайыздайын құрайды. Тағы бір ерекшелік, көптеген күрделі жер-су атаулары халықтың байырғы көл, өзен, су, тау сөздерімен бірігу арқылы жасалған. Облысқа қарасты Ырғыз ауданындағы *Шөмішкөл, Байтақкөл, Тайпақкөл, Құмкөл, Қармақкөл, Алабұзакөл* (Ырғыз ауд.) және *Бөкенкөл, Айыркөл, Қызылкөл, Қамыстыкөл* т.б. құрамында көл сөзі бар су көздерінің халықтық атаулары негізінен оның күнделікті тіршілікте шаруашылық жүргізудегі маңызын, пішінін, ауданын, су құрамын ескере отырып берілгенін байқатады. Жергілікті су көздерінің халықтық атауларының бірқатары *құдық, шыңырау, қауға* сөздерінің қатысуымен жасалған, бұл алдымен, олардың халық шаруашылығындағы маңызынан хабар береді, екінші жағынан, бұл атаулардың жер асты суларына қатыстылығын

аңғартса керек. Бұндай топонимдер облыстағы әр аудан аумағында кейде бір емес, сан мәрте қайталанып келеді. Мәселен, *Қосқұдық* (15 рет), *Қарақұдық* (63 рет), *Сайқұдық* (30 рет), *Көлқұдық* (26 рет), *Сорқұдық* (23 рет), *Қауғалы*, *Басшыңырау*, *Шыңырау*, *Шыңырауқұдық*, т.б. Ал *Сорқұдық*, *Дөңгелексор соры*, *Доңызтау соры*, *Қосбұлақ соры*, *Алтайсор соры* сияқты гидронимдер еліміздің осы аймағының үлкен бөлігінің топырақ жамылғысының ерекшелігін, яғни өсімдіктер өспейтін не өте аз өсетін шөлейт, сортаң жерлерді сипаттаудан пайда болған атаулар екені анық.

Біршама жер-су атауларда жергілікті жердің табиғат ерекшелігі мен жан-жануарлар дүниесін мәлім ететін *қарағай*, *тораңғы*, *арша*, *қызылқайың*, *қандыағаш*, т.б. ағаш атауларын да, *құллан*, *қабан*, *сайғақ*, *құндыз*, т.б. жануарлар атауларын да көптеп кездестіруге болады: *Шеңгелдіқұдық*, *Тораңғылқұдық*, *Қарағайлы*, *Қандыағаш немесе Түлкібас*, *Борсықсай* *Қасқырсай* *Қояншоқы* *Қоянбұлақ* т.б.

Ақтөбе өңірі пайдалы қазбаларға кенде емес аймақ болғандықтан, мұндағы жер-су атауларының бірқатары пайдалы қазбаларды сипаттауы табиғи нәрсе. Бұл аймақта мұнай, никель, мыс, хром, алтын, фосфориттер, гипс, құм-қиыршық тастары, қоңыр көмір, т.б. өндірілетіні белгілі. Осы жерде айтпағымыз, кен байлықтарына қатысты қалыптасқан топонимдерді үш топқа бөліп қарау орын алған: біріншісі, қазба байлығын нақты атап көрсететін немесе оның синонимін беретін атаулар; екінші топқа пайдалы қазбаларды жанама түрде көрсететін топонимдер; үшінші топқа топоним атауындағы сөздердің шығу тегі ешбір қазба байлығына қатысы жоқ топонимдер. Облыс аумағындағы *Кенқияқ*, *Мысқазған* топонимдері тура кен байлығын нұсқап, нақты атап сипаттайтын атаулар ретінде белгілі. *Кенқияқ* топонимі сол жерде өндірілетін мұнай кенішіне байланысты пайда болса, *Мысқазған* атауы Шалқар ауданындағы бұлақ атауы ретінде сақталған. Сол бұлақтың оңтүстігіне қарай 3 шақырым жерде осы аттас ежелгі мыс кеніші болғанын, бұл кеніштен ірі көлемдегі мыс рудасынның өндірілгенін өлке аумағындағы қазба жұмыстары дәлелдеген. *Мыңшұқыр*, *Шұқыр*, *Шұқыртау*, *Шұқыроба* атаулары хромит кен орындарын сипаттаса, *Хромтау*, *Никельтау* атаулары хром, никель кен байлықтарын өндірумен байланыстырылатын топонимдер қатарына жатады. Облыс аумағындағы кен орындарынан ақпарат берер топонимдер қатарына *Бақыртау*, *Жақсымай*, *Көктау* атауларын да қосар едік.

Өңірдегі жер-су атауларының енді бірқатары этноним мен анротопонимдерден жасалған топонимдер.

Қорыта келгенде, әр өңір аумағындағы жер-су атауларын тілдік ерекшеліктері жағынан қарастырып зерттеу сол өңірде тіршілік етіп, ұрпақ өсірген жергілікті халықтың тарихы, айналысқан кәсібі, сол төңіректің жер бедері, топырағы, өсімдіктер және жануарлар әлемі, шаруашылығы, қазба байлығы, табиғаты жайында дәлелді, нақты, айқын ақпарат береді, жалпы туған жерді тануға бағытталған ғылыми-практикалық және қолданбалы маңызы зор ғылыми негізді қорытынды жасауға мүмкіндік тудырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев М., Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 365 б.
2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Арыс, 2002. – 330 б.
3. Нұрмағанбетұлы Ә. Жер-судың аты - халықтың хаты. – Алматы, 1994.
4. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы, 1985.
5. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. – Ақтөбе, 2007.

**«СЫНИ ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ  
СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ»**

**Муханбетова Ж.Б., Абылова А. С., Абылова А.Ж., Кеңесбай І.А., Коспанова Г.К.**  
*6B01311 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының  
3 курс (3жылдық) студенттері*

**Давлеткалиева Е.С.**

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау технологиясы арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру әдістермен сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру және дамыту мәселесі қарастырылған.

*Түйін сөздер:* сыни ойлау технологиясы, интерактивті технология, интербелсенді әдіс, топтық әдіс, тренинг, математикалық есеп

---

**«ПОВЫШЕНИЕ АКТИВНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ  
ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ»**

**Муханбетова Ж.Б., Абылова А. С., Абылова А.Ж., Кеңесбай І.А., Коспанова Г.К.**  
*Студенты 3 курса (3 год) по ОП 6B01311 – «Педагогика и методика начального обучения»*

**Давлеткалиева Е.С.**

*Кандидат педагогических наук, доцент  
Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52*

В статье рассматривается проблема формирования и развития критического мышления младших школьников методами повышения активности учащихся через технологию критического мышления.

*Ключевые слова:* технология критического мышления, интерактивная технология, интерактивный метод, групповой метод, тренинг, математическая задача

---

**«INCREASING THE ACTIVITY OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH THE  
TECHNOLOGY OF CRITICAL THINKING»**

**Mukhanbetova Zh.B. Abylova A. S. Abylova A.J., Kangaroo.A. Kospanova G.K.**  
*3rd year students (year 3) on OP 6B01311 – "Pedagogy and methodology of primary education"*

**Davletkalieva E.S.**

*Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor  
Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52*

The article considers the problem of formation and development of critical thinking skills by methods of increasing the activity of students through the technology of critical thinking of Primary School students.

*Keywords:* critical thinking technology, interactive technology, interactive method, group method, training, mathematical problem

Инновациялық тәсіл оқу процесіне – тіршілік және әрекет етудің даму динамикасы ерекшелігіне, дистанциялық оқудың өзгешелігіне және жеке тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің талаптары мен әлеуметтік пайдалы білім алуына, сеніміне, мінез-құлықтың сапасы мен өзгешелігіне, тәлім тәжірибесі мен қатынасына негізделген жаңалық енгізуге бағыттайды [1].

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму процесін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Ал бұл, педагог жұмысындағы артықшылық жанама педагогикалық ықпал жасауға берілетіндігін білдіреді: тікелей жасалатын әдістерден, лозунгтардан және үндеулерден бас тартылады, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан желуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді. Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Бұл өзара әрекеттестіктің ерекшелігі мыналардан тұрады:

- білім субъектілерінің бір мағыналық кеңістікке келуі;
- күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылу.

Интербелсенді оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардыңосыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекстеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде оқушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзінде дамытады, оны қызметтестік пен кооперацияның әлде қайда жоғары нысандарына ауыстырады. Сондай-ақ, интербелсенді әдістердің мәндік

ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі [2].

Қытайдың бір нақыл сөзінде: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табады.

Интербелсенді әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толық қанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интербелсенді оқытуда оқытушы мен оқушының өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады.

Педагог өзі арқылы оқу ақпаратын жіберетін, өзіне тән фильтр рөлінен бас тартады, және жұмыста ақпарат көздерінің біреуінен көмекші рөлін атқарады. Интербелсенді оқыту интенсивті оқытуда да кеңінен қолданылады. Бұл әдістерді игеру және қолдану үшін,

оқытушыға топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін білу қажет. Интербелсенді оқыту өзара түсінікті, өзараәрекеттестікті, өзара байытуды қамтамасыз етеді. Интербелсенді әдістер ешқандай жағдайда да дәрістік материалдардың орнын ауыстырмайды, бірақ оны жақсы меңгеруге септігін тигізеді, және ең маңыздысы: пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады [3,4].

Интербелсенді оқыту әдістеріне білім алу және оны дамыту процесіне белсенді ат салысуға тарту жатады: 1 Кестеде интербелсенді оқытудың әдістері көрсетілген.

1 Кесте. Интербелсенді оқыту әдітері

«Ми штурмы» (шабуыл)	Шағын-лекциялар
Топтардағы жұмыс	Бақылау парағы немесе сынақ
Рөлдік ойын	Ойын жаттығулары
Жобаны әзірлеу	Жағдайлық тапсырмаларды
Сапаршыны (визитерді) шақыру	Сарапшы топтарының пікірсайыстары
Сұхбаттар	Сахналау
Жағдайдан жеңілу	Оқушының рөліне ену
Сюжеттік суреттерді талқылау	Сұрақ – Квиз (бақылау) және т. б.

Интербелсенді әдіске, сондай-ақ, әр түрлі көмекші құралдарды пайдалана отырып: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдылар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.т. таныстырулар жатады. Сонымен қатар, оқу процесіне топтық пікірсайыстар, жазбаша мазмұндамалар және шығармалар, сұхбаттар, жастарды «тең – теңімен» қағидаты бойынша құрдастарымен жұмыс істеуге оқыту, бейнефильмдер мен бейнесюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды өткізу.

**«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі)** – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек.

**«Ми шабуылы»** хабарландыруды анықтау керек болғанда және/немесе қатысушылардың белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Өткізу алгоритмі:

- қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру;
- осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау;
- айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек).

Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез-келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шыкса, солай жазылады).

- барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек, және қатысушылардың сөзінен сізге жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек;

- қатысушылардан, олардың пікірі бойынша алынған нәтижеден қандай қорытынды

жасауға болатынын және тренингтің тақырыбымен байланысты оның қалай болатынын сұрай отырып жұмысты аяқтау қажет.

«Ми шабуылы» аяқталғаннан кейін (көп уақытты алмай, орташа 4-5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және келесілерін таңдау қажет. «Ми шабуылы» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

- даулы мәселелерді талқылау;
- талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
- қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау;
- дәрісханалардың дайындығы мен хабарландырылуын анықтау.

**Шағын топтардағы жұмыс.** Алдын ала сақтандыру оқуы процесін оқушыларға шамамен жобалап құру қажет. Аталған жағдайда ең тиімдісі топтарда жұмыс істеу. Мұндай жағдайда оқытушы диагностика мен мониторингті қамтамасыз етеді, оқу-жаттығу ортасын ұйымдастырады, алғашқыда басқа ресурстар болмаса қолдау (кеңес, нұсқаулар береді) көрсетеді. Ұқсастығын немесе белгілі бір құбылыстардың айырмасын жариялау қажет болса, жұмыстың мұндай нысаны қолданылады, қатысушылардың әр түрлі топтарының бір және сол мәселеге қатынасынан анықтайды.

**Рөлдік ойын.** Рөлдік ойын - бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы.

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖҰМБАҚТАРДЫҢ РӨЛІ**

**Рамазан А.Қ., Оразова М.Н., Серикова А.С., Тажмуратова Л.К., Таухабаева И.М.**  
*6B01211 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 3 курс (3 жылдық) студенттері*

**Кусайнов А.К**

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Мақалада жұмбақ – халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрінің бірі және барлық жұрттың фольклорына ортақ түр. Әуелгі туысы арғы, ерте заман болғанымен, жұмбақ бергі заманда да, тіпті бүгінгі біздің дәуірімізде де керекті қасиетін жойған жоқ. Қай кезді алсақ та, жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық арасында бағалы болған. жұмбақты халықтың өзге тапқырлық сөздері қатарында саяси құрал есебінде тап жауына қарсы қолданған орындар да аз емес.

*Түйінді сөздер:* жұмбақ, дидактикалық ойын, тіл дамыту, белсенді сөйлеу, сөздік қор

---

**Роль загадок в формировании словаря детей дошкольного возраста**

**Рамазан А.Қ., Оразова М.Н., Серикова А.С., Тажмуратова Л.К., Таухабаева И.М.**  
*Студенты 3 курса (3 года) по ОП 6B01211 – «Дошкольное обучение и воспитание»*

**Кусайнов А.К.**

*Кандидат педагогических наук, профессор  
Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52*

В статье загадка - один из древнейших видов народных произведений и общий для фольклора всех народов вид. Предыдущий род, предки, ранних, хотя во время существования-загадка, как в нашу эпоху, и даже сегодня не потеряла необходимых свойств. Как бы то ни было, загадка была ценной в народе как острое, искрящееся слово. в числе прочих находчивых слов загадочного народа немало и мест, использованных в качестве политического инструмента против классового врага.

*Ключевые слова:* загадка, дидактическая игра, развитие речи, активная речь, словарный запас

---

**THE ROLE OF RIDDLES IN THE FORMATION OF THE VOCABULARY OF  
PRESCHOOL CHILDREN**

**Ramazan A.K., Orazova M.N., Serikova A.S., Tazhmuratova L.K., Tauhabaeva I.M.**  
*3rd year students (3 years) on the educational program 6B01211 – "Preschool education and upbringing"*

**Kusainov A.K.**

*Candidate of Pedagogical Sciences, Professor  
Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52*

In the article, the riddle is one of the oldest types of folk works and is common to the folklore

of all peoples. The previous genus, ancestors, early ones, although during its existence it is a mystery, as in our era, and even today it has not lost the necessary properties. Anyway, the riddle was valuable among the people as a sharp, sparkling word. among other resourceful words of the mysterious people, there are many places used as a political tool against the class enemy.

*Key words:* puzzle, didactic game, language development, active speech, vocabulary

Жұмбақ – адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр. Жұмбақ жанры дүние жүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде бар.

Жұмбақ – адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр.

Жұмбақ жанры дүние жүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде бар. Бұл жанрға Аристотель “Жұмбақ – жақсы жымдасқан метафора” деп анықтама берген. Жұмбақ әдебиеттің ежелгі үлгілерінде, ауыз әдебиетінде жиі кездесетіндіктен оны ғылымда “фольклорлық жанр”, “халықтық поэзияның шағын түрі” деп санау орын алған. Алайда, қазіргі заман әдебиеті өкілдерінің, әсіресе, балалар әдебиеті авторларының шығармаларында Жұмбақтар топтамасы жиі кездеседі. Сондықтан оны тек фольклорлық жанр аясында шектеуге болмайды.

Ғалымдар Жұмбақтың әуелгі тегі тыйым сөздермен және табумен төркіндес деп есептейді. Бағзы дәуірлерде адамдар айналадағы өктем күштерден сақтанғандықтан, өзара шартты сөздермен, астарлы тіркестермен тілдескен. Жұмбақ кейінгі даму барысында табу мен тыйым сөздерден жіктеліп, бөлініп шыққан. Қазақ Жұмбақтары ежелгі дәуірде туып, қазіргі кезеңге дейін ұзақ даму жолынан өтті. 13 ғасырдың 2-жартысы мен 14 ғасырдың басында құрастырылған қыпшақ тілінің сөздігі “Кодекс Куманикусте” көптеген Жұмбақтар берілген. Ондағы Жұмбақтардың құрылымы, табиғаты қазіргі қазақ Жұмбақтарына ұқсас. Мысалы, Сенде, менде жоқ, Сенгір тауда жоқ, Өте берік таста жоқ, Қыпшақта жоқ (құс сүті). Сонымен қатар Махмұт Қашқаридің “Түрік тілінің сөздігінде” де қазіргі қазақ Жұмбақтарының алғашқы үлгілері кездеседі. Қазақ халқы Жұмбақты адамдардың білім деңгейін, парасатын аңғартатын үлкен өнер деп есептеген, сондықтан жар таңдаған жастар, ақындар, ел ішіндегі шешен, би, т.б. данагөй, қадірменді адамдар бір-біріне Жұмбақ жолдап, ақыл-ой сынасып, таным салыстырған. Жұмбақ қара сөз түрінде де, өлең түрінде де, ақындық айтыс түрінде де кездеседі. Жұмбақ бейнелі суретпен айтылады. Мысалы, “Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау” (жұмыртқа), “Отқа жанбас, суға батпас” (мұз). Заттың сапасына (“Бауыздасаң, қан орнына су ағар” – қауын), қызмет-қимылына (“Жанды сағат айқай салат” – есек) қарай құрылатын Жұмбақтар көп. Кейде Жұмбақ тікелей ашық сұрау түрінде айтылады. Жұмбақ шешендік сөздермен де (“Ағат деген немене? Сағат деген немене?”), мақал-мәтелдермен де (“Сырты жылтырауық болғанмен, іші қалтырауық”) жанасымды.

Қазақ әдебиетінде ақындардың ауызша, жазбаша жұмбақ айтыстары көп кездеседі (мысалы, Жігіт пен қыздың жұмбақ айтыстары, Сапарғали мен Нұржанның айтысы, т.б.). Жұмбақтың композициялық құрылымы, әдетте, екі бөлікті болып келеді, бірінші бөлікті Жұмбақтың байлауы, екінші бөлікті Жұмбақтың шешімі деп атайды. Жұмбақта заттың түрі-түсі, көлемі, қасиетімен қатар, оның атқаратын қызметі немесе қимыл-әрекеті де айтылады. Жұмбақ – таным құралы, сондықтан бір құбылысты түрлендіре құбылту арқылы әр тарап, сан қырынан тануға болады. Кейде байламның барлық қасиеттері толық суреттелмей, бір ғана белгісі айтылуы мүмкін. Сондықтан Жұмбақ шешуін табудың ауыр-жеңілдігі нысан суретінің қаншалықты толық, дәл берілуінде. Жұмбақты шешу – сипаттамадан соң сыңар бейнеден байламды табу арқылы жүреді. Сипаттамада байламның белгілері айтылады, осы белгілерге қарап нысанды ойша кескіндеу, елестету, мәтінді ести отырып, ұқсастырылған

нәрсе мен байлам арасындағы байланысты зерделеу процесі өрбиді. Жұмбақта белгілі бір өлеңдік қалып сақталмайды. Оның ырғақтық-ұйқастық құрылымы сан алуан жолдармен өрнектеледі. Жұмбақ жанрына тән басты ерекшелік – көлемі шағын, құрылымы жұп-жұмыр, шымыр болып, аз сөзбен көп нәрсені айта білуге бейімділік. Жұмбақ сөйлемдері көбінесе қысқа, жинақы келеді, кейде образбен өрілген кішкене ғана ұғымды білдіретін сөйлем, не сөз тіркесі түрінде кездеседі. Жұмбақтың ең басты поэтикалық құралы – метафоралық тәсіл. Жұмбақта тұспалдап айтылатын нәрселер дайын, ап-айқын күйінде көрінбей, емеурінмен елес береді. Тұспалдау арқылы байламның сыңар бейнесі сомдалады, оның бейнесі басқа құбылысқа көшіріледі. Жұмбақтар түрлі жағдайларды суреттеуді мақсат етпейді, оқиғаларды да баяндамайды, тек әр түрлі заттар мен құбылыстардан образдарға нақыш боларлықтай өрнектер табады.

Жұмбақтың тілдік өрнектерінде халықтың тарихи-қоғамдық өміріндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешеліктерді танытатын, солардан туындаған нақыш-өрнектер, ауыстырулар өте мол. Көбінесе көзбен көріп, қолмен ұсталған, тұтылған заттар тұспалдауға, жасыруға желі болады. Метафораларға ұйытқы, тірек сөздер алуан түрлі, олар сан-саналы табиғат құбылыстарына, тұрмыс пен шаруашылық, әдет-ғұрып, қоғамдық қатынастарға байланысты лексиканы қамтиды. Жұмбақ нысанасына айналған байламдар өмірдің барша құбылыстарын тақырып ете алады. Мысалы, аспан әлемі, табиғат құбылыстары, жер, хайуанаттар, құстар, жәндіктер, адам, үй жабдықтары, киім-кешек, тамақ-сусын, ыдыс-аяқ, өнер, шаруашылық, іс-құралдары, жол, қатынас, техника, оқу-білім, ойын-сауық, ән-күй, уақыт, дін, т.б. Сонымен қатар кейінгі кезде Жұмбақтардағы дәстүрлі тақырыптардың арнасы оқу-білім, ғылым мен техника

дамуына байланысты толыға түсті.

Ы.Алтынсарин өз шығармашылығында жұмбақтарға арнайы тоқталған. Қазақ жұмбақтарын жинау ісі 19 ғасырдың 2-жартысында басталып, 20 ғасырда одан ары жалғасты. Қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетін жинақтап, алғаш рет жіктеп көрсеткен Ш.Уәлиханов, сондай-ақ, ағартушы Ауыз әдебиетін зерттеуші орыс ғалымы А.В. Васильев, сондай-ақ қазақ ғалымдары С.Аманжолов, Т.Жанұзақов, Қ.Саттаровтардың құрастыруымен қазақ Жұмбақтары жинағы бірнеше мәрте кітап болып шықты. Өзінің бастау көзін, өсіп-өркендеу жолын фольклор қойнауынан алатын Жұмбақ қазақ жазба әдебиетінде жалғасын тапты. Жазба әдебиеттің көрнекті өкілдері Абай, Шәкерім, С.Торайғыров, т.б. Жұмбақ жанрында қалам тартты. Қазақ әдеби жұмбағының өсіп қалыптасуына М.Жаманбалинов, Ж.Смақов, М.Әлімбаев, Қ.Ыдырысов, Қ.Мырзалиев, К.Баянбаев, Қ.Шұғаев, Ә.Ысқабаев, т.б. ақындар қомақты үлес қосты. Қазіргі уақытта Жұмбақ қазақ әдебиеттану ғылымының арнаулы нысаны ретінде зерттеліп келеді.

Балалар басылымдары – «Балдырған» мен «Қазақстан пионері» (кейін Ұлан), «Ақ желкен», «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ», «Бала би», «Балапан» т.б дүниеге келіп, мыңдаған балғындарға ұсынылып жатқан шақта, «сол туындылардың асылы қандай, жасығы қандай, бүгінгі балғындарға не ұсынып отыр, көркемдік ерекшеліктері көңілдегідей ме, балаларды отаншылдық, ұлттық рухта тәрбиелеуге сүбелі үлес қосып келе ме, әлде жұмбақ жазуға қаламгерлеріміз іші пысқанда немесе қолы тигенде ғана ат ізін сала ма?» деген сыңайдағы сауалдар күн тәртібінде екені талассыз.

Өйткені, жұмбақтың балалар үшін өмір танытқыштық мәні, соған сәйкес тәрбиелік мәні де айрықша. Бағзы замандағы жұмбақтар адамзат баласының дүниені тану, тіршілік ету үдерісінде ынталы ойынан, талапшыл қиялынан туындағаны белгілі. Өмірлік таным-тәжірибеге, көркемдік таным-тәжірибеге «өз» үлесін қосып, рухани өсуге ықпал етіп келе жатқаны айқын.

Балалар әдебиеті – әдебиетіміздің тамырын тереңге жайған өзіндік саласы болса, жұмбақ – сол әдебиеттің көркемдік нысанасы мен бейнелік әлемі өзгеше, шағын жанры.

Жұмбақтың қуаты мен қызығын, қадірін терең сезінген әдебиетіміздің алыптары өз кезінде бұл салаға мүмкіндігінше көңіл бөліп, фольклор үлгілерін, оның ішінде жұмбақтарды да жинауы және жариялауы – кейінгі ұрпақ үшін де тағылымды, қызықты құбылыс. Мәселен, сонау жиырмамыншы жылдары балалар әдебиетіне де қалам тартқан М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин сынды қаламгерлеріміз халық жұмбақтарын жинап жарияласа, одан кейінгі кезеңдерде де бұл талап толастаған жоқ.

Әдеби жұмбақтардың жанр ретінде аяғынан тік тұрып кетуіне тікелей ықпал еткен – балалар басылымдары. «Осы басылымдар балаларға не ұсынып отыр, сыр-сипаты қандай?» деген сауалдар ертеңін ойлайтын кім-кімді де селсоқ қалдырмаса керек. Осы тұрғыдан алсақ, «Балдырған», «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ», т.б балалар басылымдарында жарық көрген жұмбақтардың саны да, сапасы да әртүрлі екеніне көз жеткізу қиын емес. Егер халық жұмбақтарына зер салсақ, негізінен көзге шалынған жаратылыс құбылыстары, тұрмыс-тіршілікте тұтынған заттар, еңбек құралдары болып келетінін аңдау оңай. Заман ағымына сай жұмбақтардың тақырыбы, нысандары өзгеріп отырды. Қазіргі әдеби жұмбақтардың тақырыбы сан алуан. Кешегі жұмбақ та, бүгінгі жұмбақ та қалай дегенде де кәдуілгі тіршілікпен сабақтас. Мысалы:

Алыста бір қара тұр, көресің бе?

Жаны жоқ қимылдауға денесінде.

Сүйегі ішіндегі бақша-бақша,

Бар екен жалғыз көзі төбесінде.

(Шешуі: киіз үй). (Қазақ жұмбағы. Құраст. С.Аманжолов 1993, 53-бет).

Киіз үй өз заманында тіршіліктің қажетін өтегені мәлім. Мұндай мысалдардан халықтың тұрмыс-тіршілігінен ғана емес, таным-түсінігінен де, салт-дәстүрінен де азды-көпті хабар аласыз. Сонымен бірге қай дәуірде дүниеге келгенін де шамалаймыз. Біз келтірген мысалда ұйқастар төрт буынды яғни толымды ұйқас. Демек, біріншіден техникасы жағынан ойдағыдай. Екіншіден жұмбақты шығарушы тыңдаушыға қарата: «Көресің бе?!», – дейді. Диалогқа жауап беруге шақырады, назарыңды еріксіз аудартады. «Бір қара», «жаны жоқ», «қимылдауға», «сүйегі», «ішіндегі», «бақша-бақша», «жалғыз көзі», «төбесінде» – осының бәрі киіз үйдің поэтикалық белгілері. Бұған «алыста» деген нұсқау мен «көресің бе?» деген сұрақты, «бар екен» деген белгісіз автордың аңғаруын қосқанда, бұл туындының «айдалада ақ отау, аузы мұрны жоқ отау» немесе «кішкентай ғана тостаған, мені көтеріп тастаған» немесе «кішкене ғана тостаған, айдалаға тастаған» деген секілді екі тармақты, айтуға да, жаттауға да, шешуге де жеңіл, «шайнауға оңай» жұмбақтарға қарағанда, күрделірек екенін сезіну қиын емес.

Ғылым мен техника дамыған сайын адам баласының өмір сүру мәдениеті жоғарылаған кейінгі кезеңде көптеген өзгерістер болғанын жұмбақтардың тақырыбынан, мазмұнынан көреміз. Заман ағымымен келген жаңалықтарды, ғылым мен техника атауларын жасыруда ізденіс бар. Бүгінгі техника жетістіктерін арқау еткен туындылар баршылық. Мәселен, Ескен Елубаевтың жұмбақтарына зер салайық:

Қалтамдағы бұйыммен,

Алыс-жақын, қиырмен,

Хабарласам шұғыл мен.

(Шешуі: Ұялы телефон).

Немесе:

Қағазсыз да қаламсыз,

Жазып алып жатады,

Еш қиналмай алаңсыз. (Шешуі: диктофон)

Бұл мысалдардың мазмұны бүгінгі тіршілігімізге сай болғандықтан, балалар үшін тартымды, қызықты. Айтуға да, жаттауға да жеңіл. Бүгінгі балалар өмір сүріп отырған ор-

таның ерекшелігін сипаттайтын жаңа мағына, жаңа нышан бар. Балдырғанға да, жеткіншекке де қызықты. Ә.Ысқабайдың «Ақ желкен» журналында жариялаған (2004, №10, 19-бет) мынадай жұмбақтары бар:

Белін бұған,  
Қоқысты қуған. (Шешуі: сыпыртқы).  
Күндіз сөйлеп тынымсыз,  
Түні бойы тұр үнсіз. (Шешуі: радио).

Бұл жұмбақтар да балалардың айтып жүруіне қолайлы. Әрі қысқа, әрі бейнелі. Фольклор жұмбақтарына тән ерекшеліктер әдеби жұмбақтарға да тән. Атап айтқанда, біріншіден нақтылықтың, деректіліктің басымдығы, екіншіден нәрселерді жекелеп, бөліп айтуы, үшіншіден сыртқы белгісіне, көрінісіне қарауы, төртіншіден атқаратын қызметін аңғартуы бар. Сондай-ақ бір-біріне жақын заттарды жұптап, қосақтап айту да кездеседі. Енді тақырыбы тұрғысынан ұқсас келетін, мазмұны бөлек жұмбақтарға келейік. Су көлігі – қайыққа қатысты әртүрлі тұспалдар бар. Мәселен, белгілі балалар ақыны М.Әлімбаевтың жұмбақтарын оқиық:

Аяқсыз, жалғыз десең де,  
Тұлпарым менің іргемде.  
Қазықтан бауын шешем де,  
Жетемін қиыр түрлі елге.  
(Шешуі: қайық).

Немесе:

Жеккені жоқ,  
Доңғалақсыз қызық арба,

Көрген адам сайран салар, қызығар да. (Шешуі: қайық). («Балдырған», 2008, №5, 2-бет).

Осы екі мысалда қайықты сипаттау екі түрлі. Зордың күшімен қиыстырылған жұмбақтың тілі тұтқыр келеді. «Іргемде» мен «түрлі елге», «десең де», «шешем де» сөздері шумақ жасау үшін, ұйқас жасау үшін алынғандай. Өйткені, мұнда бала үшін ең қызықтысы қайықтың аяқсыз болуы ғана, қалғаны бәлендей қажет емес. Әрі қайықта немесе тұлпарда бау бола ма екен деген дүдәмәл ойда қалдық. Екінші мысалда да «қайықты» арбаға балаудың қисыны келмейді. Арба болса, доңғалағы болуы міндетті. Арба дегенше, қорап десе ұтымдырақ сияқты. Соңғы тармақтың мазмұны да, тілі де балғындарды қызықтыра қоймас.

Жұмбақ баланың жас ерекшелігіне үйлесуі шарт. Кейбір жұмбақтарда тұрпайылау тіркестер кездеседі. Мәселен:

Ұрықсыз өсетін орман,  
Ырықсыз өсетін орман.  
(Шешуі: шаш). (М.Әлімбаев. «Балдырған» 2008, №2, 23-бет).

Көрмеген ешкім,  
Дәмін татып.  
Қара орман асты,  
Ұйыған қатық.

(Шешуі: адам шашы). (Ә.Ысқабай. «777 жұмбақ». 1994, 68-бет).

Немесе:

Әшекейлі күбіні,  
Үюлі тұрған шөмеле,  
Кигіздім биік төбеге.  
(Шешуі: сәукеле).

Берілген үш жұмбақтағы шашты меңзейтін «қара орман», «үюлі тұрған шөмеле»

деген тіркестер баланың көңіліне жылы ұшырай қоймас «ырықсыз» – дерексіз ұғым балғындарға ауырлау. Ал, шөмеле деген соң, «үюлі тұрған» деу артық. Ал, миды ишаралаудағы «ұйыған қатық», «дәмін татып» деген сөздер тіпті дененді түршіктіреді. Қажетсіз, сәтсіз анықтамалардан гөрі айшықты теңеулер табылмады ма деген ойға қаласыз. Қазақтың ұлттық бас киімі – сәукеле күбіге ұқсамайды. Қыздың бұрымын «үюлі шөмеlege» теңеу қолайсыз. Сәукеле киген қыздың бұрымы болады. Ал бұрым шөмеlege ұқсай қояр ма екен?! Мұндай тіркестер көзге қораштау, естігенге біртүрлі, ұйқасқа қарай жазыла салды деуге болмас. Алайда, келешек ұрпақты тәрбиелеп отырғандықтан, әр сөзге мән бере қарауымыз керек сияқты.

Жалпы, жұмбақтар айшығымен, астарымен әдемі, жаттауға сұранып тұрған туындылар екені айдан анық. Сондықтан жұмбақ ұтқырлықты, логиканы қажет етеді. Соған орай, жұмбақ жасырудың өзіндік тәсілдері мол. Жасыратын зат не құбылысты жанды, жансыз заттарға теңеу т.б. Кейде табу мүмкіндігі аз жұмбақтар болады. Мысалы, «Өзіне ауа, жетсе дауа» (жауабы: өкпе) деген секілді.

Балаларға арналған журналдарда ойлы, салмақты жұмбақтар да кезде седі:

Салмағын да шамалайсың,

Аумағын да шамалайсың,

Толғантады ақырын,

Өзендей жағалайсың. (Шешуі: адамның ойы).

Тұтастай алғанда әдеби жұмбақ саласында мол табыстарымен қатар, сәтсіздіктер де аз емес. Ол қандай сәтсіздіктер? Қазір авторлар мен басылымдар үнемі биік талап деңгейінен көрінеді деу қиын. Әдеби жұмбақтардың қалыптасуына, өсіп дамуына фольклор өзіндік ықпалын тигізгенін бірнеше арнаға бөлген дұрыс. Бірінші, халық аузындағы ежелден келе жатқан жұмбақтар ауызша туып, ауызша тарап, ауызша сақталған соң көп нұсқалық немесе ұқсастықтар көп болуы заңды. Ал, жазба әдебиет өріс алған кезде авторлық жұмбақтар дербес, дара шығармашылықтың жемісі болуы керек емес пе?! Халық жұмбақтарының ізімен, тәсілімен бұрынғы туындыларды қайталайтын немесе бірден еске салатын әдеби жұмбақтар ақындарымыздың жетістігі ме, әлде кемшілігі ме?! Мұның өзі – жеке, үлкен мәселе.

Сонымен, жұмбақ – адамзат баласының дүниетанымын кеңейтуге, ойын ұштауға, тапқырлық пен ұтқырлыққа баулитын балалар әдебиетінде ойып тұрып орын алатын ерекше жанр. Бала тәрбиесіне өзіндік үлесі бар жанр үлгілерін кәдеге жаратып, ұлттық рухани байлығымызды еселеу бүгінге де, болашаққа да керек-ақ. Ұлт болашағы – жаңа жас буын болса, ең әуелі ұрпақ тәрбиесіне баса көңіл аудару – заман талабы. Шәкәрімнің «Жұмбақ ермек үшін, уақыт өткізу үшін айтылмайды, адам баласының тапқырлық, сезімталдық қасиетін ұшқырлау үшін тәрбиелік мақсатқа айтылуы қажет, сондықтан оның айтылуы мен шешілуі де өзара дәл келуі керек» деген пікірі бүгінгі үшін де ескірмегенін ескерсек дейміз.

Жұмбақ – халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрінің бірі және барлық жұрттың фольклорына ортақ түр. Әуелгі туысы арғы, ерте заман болғанымен, жұмбақ бергі заманда да, тіпті бүгінгі біздің дәуірімізде де керекті қасиетін жойған жоқ. Қай кезді алсақ та, жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық арасында бағалы болған. жұмбақты халықтың өзге тапқырлық сөздері қатарында саяси құрал есебінде тап жауына қарсы қолданған орындар да аз емес.

Сырт қарағанда, соңғы уақыттарда жазба әдебиет күшеюімен қатар, «Жұмбақ азайған шығар, жаңадан жасалмайтын шығар» деген ойлар болушы еді. Анығында бұл теріс боп шықты. Жұмбақ қазақ халқының арасында да және Союздың барлық басқа халықтарының арасында да әлі күнге тыңнан туып, молайып, дамып келеді.

Олай болса, халықтың жұмбақ деген фольклор қорын жинап басып, тексеріп тану –

ғылымдық зор міндет болады.

Бұрынғы халық нені жұмбақ еткен, қазірдегі халықтың көзін тартып, көңілін бөлген заттары не? Осы жайларын салыстырып қарағанда, мән-мазмұнын ғылым жолымен түсініп алуға да үлкен мағына бар.

Жалпы, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы – дәні тәрізді. Бұл жақтарынан тексеріп тану да ғылымдық міндет.

Қазақ жұмбақтарын ертеде П.М. Мелиоранский, А.В. Васильев, А.Лютшь, А. Алекторов, Ә. Диваев сияқты ғалымдар әр кезде жинап, газет-журналдарда жариялаған. Бұл жұмыстарды 1930 жылдардың орта кезінде біздің белгілі филолог ғалымымыз, қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері Сәрсен Аманжолов (1902-1958) ғылыми түрге келтіріп, 1940 жылы жинақ етіп шығарды. Бұл шынында қазақ жұмбақтарын жинап, зерттеудегі алғашқы маңызды еңбек. Одан бері Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институтында жұмбақтардың жаңа үлгілері, әсіресе социалистік салт-сана, тұрмысқа, техниканың дамуына байланысты жұмбақтар мол жиналып отыр. Қазақ жұмбақтарының жинақ болып, толықтырылып, екінші рет баспа жүзіне шығуы – біздің әдебиетіміз бен ғылымымызға қосылатын құнды қазына екендігі даусыз.

Бұл жинақты қазақ тіліндегі жұмбақтардың түрін көрсете алатын кітап етуге тырыстық, сондықтан да барлық жұмбақтарды мазмұндарына қарап тақырыптық жіктерге бөлдік. Бұл жинақтағы тақырыптар: аспан, жер, хайуан, адам, т.т., барлығы 20 тақырып. Сондай тақырыптардың ішінде баяғы ескі замандағы шыққан жұмбақтармен қатар бүгінгі колхозшы, жұмысшы, оқушы жұртшылығымыздың жас-кәрісі шығарған жаңа техника, жаңа тіршілік жайындағы жұмбақтар да аралас келеді. Қазақ жұмбақтарының алғашқы бір тобы осылайша, қолда бары іріктеліп бір жинақ боп шықса, кейінгі келесі топтары аудан-ауданнан жиналған қалпынша басылса дұрыс болады. Ол кезде ғылым жолымен әр саладан салыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік көбейеді. Енді біраз сөзбен бұрынғы ескі жұмбақ деген фольклордың қандай жайды сөз қылатынын айтып өтейік. Жалпы алғанда, жұмбақ адамның дүние тану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіреді. Жұмбақтың көлеміне кіретін заттар: табиғат жайы, адамның денесі, хайуанат пен есімдік, бақташы, егінші елдің еңбек процесі, еңбек құралы, техника жайы сияқтылар болады. Жұмбақтар еңбекші халықтың өміріне, тұрмысына жанасатын жақтарынан қана алады. Жанды затты алса, өзімен көп кездесетін қасқыр, түлкі, қоян тәрізді алынады. Малдың төрт түлігі бірдей көп айтылады. Ұсақ жәндіктер, паразиттер, шыбын-шіркей сияқтылар және солармен адамның алысуы айтылады.

Жыртқыш аңның кейбірі қой малына қастық ететін қылығымен алынады. Жұмбақтың кейде бір емес, бірнеше нәрсені санап, кеңірек қамтып келетіні де бар. Бірақ бұл ұдайы кездесетін жай емес. Көбінесе жұмбақ, жалпылап айтқанда, жекелеп, бөлшектеп және дәлдеп тұрып айтуды тәуір көреді. Шаруашылық түрлері мен заттарды бас-басына анықтап атап айтқанда, соның әрқайсысының ұсақ бөлім-бөлшектеріне де айрықша көңіл бөледі. Мысалға сиырды алсақ: жұмбақ сиырдың өзін сөз қылумен қатар, мүйізін де, сүтін де, емшегін де айрықша жеке-жеке сөз қылады.

Төсек астында төрт бауырсақ.

(Сиырдың емшегі)

Жұмбақ өзге фольклорға қарағанда бітімі бөлек, ерекше затты, деректі сөз. Сол деректілікке сүйенетіндіктен, жұмбақ әр заттың жаңағыдай бөлім-бөлшектеріне көбірек көз салады. Халық өзінің күнделікті жағдайындағы бар заттарды көбірек жұмбақ етеді. Мысалы, ауылдағы шаруаның қолына ұстайтын аспап-құралының ішінде жұмбақ етілмейтіні жоқ. Және неше саққа мінгізіп, неше алуан етіп жұмбақтайды. Сол ретте ер-тұрман, әбзел, қауға, құдық, арба, шана сияқтылар талай-талай жұмбақ етіледі.

Кішкене ғана тостаған,



Лақтырып мені тастаған.

(Үзеңгі)

Ізі бар, қадамы жоқ аяғының,  
Тимейді ұшы жерге таяғының.  
Қос қолды хайуанға арта салып,  
Салады әуезіне баяғының.  
(Арба)

Мұның барлығы да өте деректі нәрселер. Осы сияқты адамның өзін жұмбақ еткенде де құр «адам» деп, кесек тұлғасын бір-ақ алып, айтып қоймайды. Оны бар мүшелерін түгел санап, жеке-жеке жұмбақ етеді.

Ал енді, мен берейін жұмбақ сайлап,  
Дүлдүлді сахараға қойдым байлап;  
Бұлбұл құс отырады үйде сайрап,  
Бір гауһар қолымызда тұрған жайнап.  
Жел сокса, жанып кетер өрттей қаулап,  
Ақылпаз болсаң асқан, терең болжап,  
Не нәрсе осы айтқаным, мәнісін тап?

Шешуі:

Болғанда ақыл дариян, кеудең – дүлдүл,  
Күңіреніп сайрап тұрған тілің – бұлбұл.  
Қойыныңнан шыққан гауһар екі кезің,  
Соққан жел – дауылпаздай айтқан сөз дүр.  
Дарияның жанып өткен құрақтары  
Адамның қатты шыққан ашуы дүр.

Жұмбақ өзінің сөз қылған затын әр алуан түрде суреттейді. Кейде нәрсені көзге көрінген көрінісіне қарап сипаттаса, кейде сол нәрсенің құлаққа естілетін дыбысына қарай бейнелейді.

Қараша тауым қарлы болды,  
Бір жауса кетпейтұғын зәрлі болды.  
(Шаштың ағаруы)

Бұл – түске қарап айтқаны. Ал:  
Әуеден күбі түсті,

Күбінің түбі түсті – дегені – күннің күркіреуін дыбыс белгісімен суреттегені. Жұмбақтың көп кездесетін тағы бір ерекшелігі – заты жақын нәрселерді қосарлап, парлап айту. Қол мен аяқ, қыс пен жаз, күн мен түн, күн мен ай деген сияқты.

Біреудің бір ұлы бар және қызы,  
Біледі ол екеуін дүниежүзі.  
Ұйықтайды ұлы түнде, қызы – күндіз,  
Жүргенде білінбейді басқан ізі.  
(Күн мен ай)

Дүние тану жолдарын еңбегіне байланыстырып, осыдан барып қорытынды жасайтын халық, көп жұмбақты нәрселердің неден істеліп, неден пайда болғанын айтуға арнайды. Барлық халықтардың жұмбақ атаулысында әсіресе айқын көрінетін бір ерекшелік: нәрселерді қызметіне қарай сипаттауы болады.

Әй, керемет бір ит бар,  
Үй бағады, үрмейді,  
Аяғы жоқ, жүрмейді,  
Ұлықсатсыз ол иттен  
Адам үйге кірмейді.

(Құлып)

Әсіресе осы ерекшелігі адамның өз мүшелерін жұмбақ етуде көп байқалады. Бір нәрсенің қайдан пайда болғанын, неден істелгенін айтып және өзінің не міндет атқарып, не жұмысқа арналғанын көрсету арқылы жұмбақ сол нәрселердің барлық жайын баян етеді. Нәрсенің барлық болмысының диалектикасын білдіреді.

Есікте жасауыл бар екі қатар,  
Барғанда ұрып-соғып қан қақсатар.  
Ол адам жәбірленіп тұрғанында,  
Біреу кеп ар жағынан әрі тартар.  
Азып-арып онан соң қинар жанын,  
Кездіріп талай өзен, сайдың бәрін.  
Ләззатын сол сайлары алып қалып,  
Шығарып тастайды екен ғазиз тәнін.  
(Тамақ, асқазан)

Кейде осы реттен жұмбақ бір нәрсенің тіршілігіндегі барлық ұзын жолын әдемі баян етеді. Мысалы: адамның өмірін:

Танертең төрт аякпен,  
Түсте екі аякпен,  
Кешке үш аякпен жүреді, –  
(Еңбектеу, жастық, кәрілік) деп суреттейді.

Осындай жұмбақтың сөз қылған жайларын алсақ, ол, бірден, нәрсені анықтап атап айтады, екінші, қайдан шыққан нәсілін айтады, үшінші, оның атқаратын міндетін айтады, болмысының диалектикасын баяндайды және жұмбақ нәрселерді қосып, парлап, бір-біріне жасайтын қарым-қатынасы арқылы суреттейді. Осы жайлардың барлығын ақындық сөзбен, теңеу, салыстырумен келтіреді.

Жалпы, жұмбақ деген фольклор түрі қай жұртта болса да оншалық терең зерттеліп, жете танылған түр емес. Сондықтан бұндағы қоғамдық сырды, мазмұнды орнымен толық бағалаған еңбектер жоқтың қасы. Ал анығында, ескі жұмбақтың өзіне қарасақ та, солардың көпшілігін шығарушы, айтушы еңбек иесі екені ап-айқын тұр. Бақташы, егінші, неше алуан кәсіпшілер өздерінің күндегі айналысып жүрген заттарын сөз қылады.

Халықтың жұмбақ ішіндегі сөз қылған заттары әрдайым бірқалыпты, қатып тұрған зат болмайды. Бір нәрсені істеуші, бір міндетті атқарушы, үнемі қозғалыс, қимыл, әрекет үстіндегі заттар болады. Бұнда да көп мағына бар екені даусыз. Дүниені еңбек арқылы танитын еңбек адамы өзінің бұйым заттарын да, маңайдағы жанды-жансыз дүниені де осындай әрекеті арқылы таниды. Сол арқылы еске алады. Бұл жағынан қарағанда, бірталай жұмбақтар адамның табиғат, тіршілік жөніндегі бұрынғы ескі түсінігі мен кейінгі замандардағы кең ақылға байланысты түсінігінің екі арасындағы айырмыштарды көрсетеді. Көп елдердің ай, жұлдыз, жер мен көк жайындағы ертелі-соңғы жұмбақтарын қарасақ, баяғы заманнан бері қарай адам баласының жалпы тарихы басып өткен әлденеше шаруашылық, қоғамдық сатылардың ізін байқаймыз. Бір кезде айды айғырға, жұлдызды үйірге теңесе, тағы бір жұмбақта: «Көп бауырсақ ішінде бір қалаш» дейді, немесе: «Жабық астында жарты күлше» дейді, кейде айды «сары поднос» деп те жұмбақтайды. Бұл бір мысалдың өзі де қазақ халқының тіршілігіндегі шаруашылық сатыларын білдіреді.

Кейде осымен қатар табиғат көріністерін адамның өз тіршілігіндегі туысқандық, қандастық жігімен салыстыру да кездеседі. Ондайда әке мен бала, шеше мен қыз, аға мен қарындас, ұл мен қыз деген сияқты егіз екі жайлар қосарланып жүреді. Жоғарыда күн мен айды бір ұл, бір қызбен шендестіру осының мысалы. Бұрынғы кездегі қоғамдық тіршіліктің сорақы белгілеріне мысқыл, мазақ сөздерді көп айтатын сыншыл, сергек ойлы халық кейде дін иелерін де қатты мазақтайды.

Қу ағаштың басында  
Құтырған адам айқайлайды.

Бұл – азан айтқан мәзінді ажуалау. Зат атаулының барлығын еңбек жағдайымен, еңбекке байланысты бітім-тегімен байланыстыра қарайтын халық, жұмбақ атаулының мазмұнын өзі шешіп береді. Жұмбақтың қоғамдық, тарихтық, мәдениеттік негізін сол еңбекке байланысты болған іргесіне, төркініне қарап талқылау керек.

Көп елдің жұмбақтарында ұқсас келетін түрі де бар. Ол бұрынғы өткен шақтағы шаруашылық, қоғамдық құрылыстары ұқсас болғандықтан. Сонымен қатар бүгінгі жаңа жұмбақтардың ішіндегі теңеу, салыстырулардың ұқсас кеп отыратыны тағы бар. Мысалы, жаңа жұмбақтарда трактор мен паровозды өгізге, тұлпарға теңестіру, аэропланды құс деп сыпаттау халықтар тіршілігіндегі шаруашылық іргенің бір негізге құрылғандығынан.

Қай елдің тарихын алсақ та, жұмбақтың бұрынғы кездерде өзінше үлкен орын алғанын байқаймыз. Кейде бүкіл бір ертеке жұмбақтан туады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып келетіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болған. Ескі грек жұртының атақты Эдип жайындағы қайғылы дастаны Сфинкстің жұмбағынан басталады. Бұрын қазақта күйеу таңдаған дана қыз жұмбағын шешкен кісіге тием деп серт береді. Бертін келе жұмбақ қазақ ақындарының айтыс өлеңінен көп-көп орын алатын болған. Мәселен, Әсет пен Рысжанның, Нұржан мен Сапарғалидың айтыстары жұмбақтасу түрінде жырланған. Жалпы, жұмбақ деген сөз түрін халықпен бірге, сол халықтан шыққан ақындардың көп пайдаланатынын көреміз. Жұмбақтың ішіндегі ақындық, көбінесе, едәуір күшті ақындық болады. Сондықтан ақындар жұмбақ үлгісімен жыр айтуды әдейі таңдамалы есебінде қолданады.

Қазақ ақындарының жұмбақты жақсы бағалауы арқасында біздің көп жұмбақтарымыз өлең боп айтылады. Жұмбағы ғана өлең емес, шешуі де өлеңмен келетін жұмбақтар осы жинақтың ішінде де толып жатыр. Жұмбақ халық сүйетін, көпке жайылғыш сөз болғандықтан, бұл түрді қанаушы таптың пайдаланғысы келгені де бар. Олар өз мүддесі үшін, халықты алдау үшін дін, құдай, көк өгіз, пайғамбар, патша, сұлтан, төре деген сияқтыларды көп тықпалады.

Біздің уақытымызда жұмбақ өз бағасын жойған жоқ. Жұмбақты мектеп балалары тілге ұста болу мақсатымен оқиды, жаттайды. Жастар ойын-сауық кештерінде әлі де ермек етеді. Ата-ананың жас балаға беретін тәрбиесінде де баланың ойын тапқырлыққа баулу үшін де жұмбақтың көп пайдасы бар. Жалпы Одақ көлемінде шығатын газет пен бірталай журналдарда жұмбақтың көп орын алатыны бар.

Тіпті бүгінгі қала мен колхоз тіршілігінде көпке мәлім, көпке жәрдемші болған өнер туындысының аталмай қалғаны жоқ деуге де болады. Бұл жай жұмбақтың қазір де ерекше қаулап өсіп, молайып келе жатқанын көрсетеді. Социалистік дәуірдегі советтік халық әдебиетін, фольклор түрлерін бұрынғыдан анағұрлым дамытып, өсіре түсетіндігіне бұл жұмбақтар мысалы өте бір айқын, даусыз айғақ.

Жоғарыда айтылған ғылымдық негізгі ерекшеліктерінен басқа, бізде жұмбақтардың өлеңді түрі көп. Бұл жай қазақ жұмбақтарының поэзиялық бітімін айрықша зор проблема ретінде зерттеп, талдауды қажет етеді. Біз бұл жайдағы тексерулер мен қорытынды пікірлерді қазақ тіліндегі жұмбақтар көбірек жиылып, молырақ басылуымен қатар жүргізбекпіз.

Ю. Г. Илларионова мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жұмбақтарды таңдағанда олардың жас ерекшеліктерін, даму деңгейін, өмірлік тәжірибесін, сондай-ақ белгілі бір талаптарды ескеру қажет екенін атап өтті. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жұмбақтарға қойылатын ең маңызды талап-олардың қол жетімділігі. Балаларға дерексіз ұғымдар, мысалы, ежелгі рәсімдер мен әдет-ғұрыптар, уақыт, өмір және өлім туралы жұмбақтар қиын. Балаларға түсіну мен байқау үшін қол жетімді заттар мен құбылыстар

туралы жұмбақтар жасау керек және олардың айналасындағы шындыққа деген қызығушылығын, оған мұқият қарауды, көкжиегін кеңейтуді, өмір туралы түсініктерін тереңдетуді қалайды. Бұл адам туралы, оның жұмысы жасаған заттар, тірі және жансыз табиғат туралы жұмбақтар.

Жұмбақтарды шешудің негізі заттар мен құбылыстар туралы толық идеялар болып табылады, сондықтан жұмбақтарды таңдау кезінде балалардың ұжымдық және жеке тәжірибесін ескеру қажет.

Бала үшін жұмбақтың болуы көркем образдың күрделілігіне, оның қандай экспрессивті құралдармен жасалғанына байланысты. Егер сурет сөзбен тікелей мағынада жасалса, онда болжау мүмкіндігінше жеңілдейді. Балалар сонымен қатар көркем салыстыру әдісін қолдана отырып, жұмбақтарды сәтті шешеді, егер бұл салыстыру жақын болса, егер бұл салыстыру сөйлеу тәжірибесінде қолданылса, түсінікті болады. Метафоралық жұмбақтар балаларды түсіну үшін ең қиын, оларда сөздер бейнелі мағынада қолданылады.

Оларды болжау оңай емес, өйткені олар жеткілікті өмірлік тәжірибеге, дамыған көркемдік қойылымға, сөздердің әртүрлі мағыналарын түсінуге және көңілді әзілге сезімталдыққа арналған. Балалар көбінесе жұмбақтардың аллегориялық тілін түсінбейді және оларға дұрыс емес жауаптар береді. Балалармен жұмыс істеуге арналған жұмбақтар мазмұны, логикасы, формасы бойынша көңілді, шыншыл, сауатты, көркемдік жағынан толық болуы керек.

Мектеп жасына дейінгі балалар тірі және жансыз табиғатпен танысады, жануарларға, құстарға, жәндіктерге, олардың әдеттеріне бақылау жасайды, өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылайды, жемістер жинайды, тұқымдар күннің әртүрлі уақыттарында, жылдың әртүрлі уақыттарында ауа-райының өзгеруін атап өтеді. Балалар жануарларға, өсімдіктерге қамқорлық жасайды, табиғатта, күнделікті өмірде және осы іс-шаралар мен осы бақылаулар барысында табиғатта болып жатқан заттардың көптеген қасиеттерін, заңдылықтарын түсінеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар бірнеше жұмбақтарды болжай алады.

Қанатсыз ұшады,

Жоқ, аяқты жүгіреді,

Без от жанып,

Жарасыз ауырады. (Жел, бұлт, күн, жүрек).

Аға мектепке дейінгі балалар бар неғұрлым кең ұсынылған жануарлар әлемі туралы, еңбек, адамдар, табиғат құбылыстары. Бұл жұмбақтар тақырыбын кеңейтуге мүмкіндік береді. Балалар бейнелі өрнектердің мағынасын түсіне бастайды, сондықтан жұмбақтар тақырыптың нақты белгілерін көрсетпеуі мүмкін, тек олардың бейнесін жасайды.

Қыз зынданда отырады, ал көшеде өрілген. (Сәбіз).

Жұмбақтар кеңінен қолданылады, олардың "декодталуы" қате салыстыруларды біртіндеп алып тастауға негізделген:

Қарға емес, қара,

Бұқа емес, мүйіз,

Қанаттарымен, құс емес. (жүк).

Бұл жаста ұзақ сипаттамасы бар әдеби жұмбақтар, сондай-ақ дамыған байқау қажет болатын жұмбақтар қолданылады.

Жас-ораққа ұқсас,

Өмір сүріп айналады. (Ай, ай).

Жұмбақтарды әдеби викториналарда, жиындарда және ойын-сауықтарда қолдануға болады. Сіз сондай-ақ ертегілердің жұмбақтары сияқты жұмыс түрін пайдалана аласыз. Бұл

сабақта топта оқыған ертегінің мазмұнын бекітуге ғана емес, сонымен қатар балалардың жадын, қиялды ойлауын, логикалық ойлау элементтерін (салыстыру, талдау, синтез) дамытуға көмектеседі.

Қиял-ғажайып жұмбақтан кез-келген сабақты ертегіден бастауға болады (көркем әдебиетпен танысу, сурет салу, модельдеу, аппликация, музыка, дене шынықтыру сабақтары), бұл ертегі кейіпкерін шақыруға жақсы мотивация болады және балаларды тез тапқырлыққа тексереді. Жұмбақтарды ертегі кейіпкерінің өзі немесе балалар жасай алады. Сабақтың әр бөлігі жұмбақтан басталуы мүмкін, бұл оның мазмұнын кезең-кезеңімен ашуға ықпал етеді. Балалар жұмбақтарды жеке-жеке немесе хормен болжай алады. Жеке болжау балаларды міндетті түрде ынталандыруды қамтиды. Бұл жағдайда сабақ барысында топтың барлық балалары мақтауға ие болуы маңызды. Жұмбақтарды тапқанда, Сіз "көмектесудің" педагогикалық әдісін қолдана аласыз: балалар "білмейтін, қабілетсіз" ойыншыққа жұмбақтарды табуға көмектеседі. Сәттілік жағдайы балаға өзіне сенімді болуға көмектеседі. Ертегідегі жұмбақтар сыныпта да, ойын-сауықта да, балалардың еркін іс-әрекетінде де қолданылады.

Осылайша, жұмбақтар ақылды, этикалық, моральдық, демек, олар әр түрлі жастағы балалардың ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесіне тиісті әсер етеді. Сөздік жұмыс мәселелерін шешуге арналған жұмбақтардың мағынасы өте зор, өйткені жұмбақтарда сөздердің кең спектрі, түрлі-түсті метафоралар ұсынылған.

6 жас үлкен мектепке дейінгі жас деп аталады. Бұл уақытта балалардың сөйлеуін дамытуда айтарлықтай өзгерістер байқалады. Үлкен топта сөздік жұмысында сөздерді дұрыс түсінуге, оларды қолдануға және белсенді сөздікті одан әрі кеңейтуге ерекше назар аударылады.

Ана тілінің лексикалық жүйесінің қалыптасуы біртіндеп жүреді, өйткені барлық балалар семантикалық бірліктер мен қатынастарды сәтті игере бермейді. Сыныпта, ойын барысында мұғалім балаларға әр заттың, оның қасиеттері мен әрекеттерінің өз атаулары бар екенін көрсетуі керек.

Мұны істеу үшін балаларға заттарды маңызды белгілері бойынша ажыратуға, оларды дұрыс атауға, заттардың ерекшеліктерін көруге, тән белгілері мен қасиеттерін, сондай-ақ адамның, жануарлардың, ойыншықтардың және т. б. қозғалысына байланысты әрекеттерді көрсетуге үйрету керек.

Лексикалық идеяларды дамыту үшін заттардың атауларын, оның қасиеттері мен ойындардағы әрекеттерін бекіту өте маңызды, мысалы: "қандай пән?", "Айтыңызшы, не істей алады?». Заттың көрінетін және жарқын белгілерін (түсі, пішіні, өлшемі) бекітуден объектінің қасиеттері мен қасиеттерін, сондай-ақ оны басқа заттармен салыстыруға көшу қажет.

Лексикалық қорды дамыта отырып, мұғалім балаларды анонимді және синонимдермен таныстырады, жалпылама ұғымдарды түсіну мен қолдану қабілетін қалыптастырады, объектілерді салыстыру, тұтас және бөлшектерді байланыстыру қабілетін дамытады.

Балалардағы лексикалық идеялардың дамуы балаларды сөздердің мағынасын түсінуге, оны семантикалық мазмұнмен байытуға бағытталған.

Балалардың зат есімдерінің, олардың қасиеттерінің, қасиеттерінің, іс-әрекеттерінің (зат есімдер, сын есімдер, етістіктер) сөздігінде белсендіру жұмыстары жалғасуда. Жалпыланған ұғымдар нақтыланады (ойыншықтар, киім, жиһаз, көкөністер, ыдыс-аяқ). Балалар ойыншықтардың, жануарлардың қозғалысымен байланысты әрекеттерді атай алады, берілген сөздердің анықтамаларын таңдай алады (қар, қар ұшқыны, қыс).

Балалар жұмбақтардың мағынасын түсінуді, заттарды өлшемі, өлшемі бойынша

салыстыруды үйренеді, объектіге әрекеттерді ғана емес (суару ..., үтік ..., балға ... қажет...), сонымен қатар белгілі бір әрекетке арналған заттарды (сіз суаруға болады ... гүлдер, бақшадағы төсектер; үтіктеуге болады ... көйлек, шалбар ... киім). Сонымен қатар, кеңістіктік қатынастарды білдіретін сөздерді дұрыс қолдану бойынша жұмыс жүргізілуде.

Балалар мағынасы жағынан жақын және қарама – қарсы сөздерді (синонимдер мен антонимдер) ажыратуға және таңдауға үйренеді, мысалы: балалар, балалар, ұлдар мен қыздар; тәтті – ащы, ескі-жаңа.

Мектеп жасына дейінгі бала өз өміріндегі оқиғалар туралы, жануарларды немесе оларды алмастыратын ойыншықтарды сипаттай білуі керек, суретте немесе суреттер сериясында бейнеленген оқиға туралы сөйлесе алады. Ол таныс мәтінді қайталай алады.

Жеке сөздерді түсіндіруден лексикалық идеяларды дамыта отырып, балалар сөз тіркестерін, содан кейін сөйлемдерді құрастыруға көшеді, соңында олар көптеген сөздермен әңгімелер құрастыру тапсырмасын орындай алады, яғни үйренген лексикалық дағдыларды дәйекті сөйлеуге көшіру.

Балаларда жаңа сөздің нені білдіретінін білуге, біреудің сөйлеуінде бейтаныс сөздерді байқауға, сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құруға үйрету керек (Ойындар "не болады?", "Не істей алады... жел, боран, күн?»). Сонымен қатар, сіз балаларда көп мағыналы сөзді түсінуді, әртүрлі сөздердің үйлесімділігін бағдарлауды дамыта аласыз (адам, автобус, пойыз, сағат, мультфильм туралы "жүреді" деп айтуға болады).

Балалар мағынасы жағынан жақын және қарама-қарсы сөздерді (синонимдер мен антонимдерді) ажырата және таңдай білуді үйренеді. Мысалы: балалар, балалар, ұлдар мен қыздар; тәтті—ащы, ескі—жаңа.

Көп мағыналы сөздермен (аяқ, қалам) танысқан кезде көрнекілікті (суреттер, иллюстрациялар) пайдалану қажет. Мысалы, суретте "ине" деп аталатын заттарды табу (тігін, медициналық, кірпі инесі, шырша, қарағай).

Көп мағыналы сөздің әртүрлі мағыналарында бағдарлауды бекіту үшін балаларға қол жетімді сөйлеудің әртүрлі бөліктеріндегі сөздерді ұсынуға болады (жатып, құйып, ұрып-соғу; аяқ, мұрын, найзағай; күшті, әлсіз, өткір).

Өмірдің бесінші жылынан кейін балалармен сөйлеу жұмысында лексикалық ұғымдарды дамыта отырып, ассимиляцияланатын грамматикалық құбылыстардың шеңбері кеңейеді (көрнекі материалсыз).

Ана тілінің сөздік қорын меңгеру оның грамматикалық құрылымын игерудің, үйлесімді монологиялық сөйлеуді дамытудың, сөйлеудің дыбыстық жағын тәрбиелеудің қажетті шарты ретінде қарастырылады. Тілдің бірлігі ретінде сөздің ажырамас қасиеті-оның мағынасы. Сөздердің мағыналарының алуан түрлілігін түсіну адамда көптеген жылдар бойы дамып келеді, сондықтан оны қолданудың семантикалық дәлдігін қамтамасыз ету үшін баланы бір сөздің әртүрлі мағыналарымен таныстыру қажет. Баланың контекстке, сөйлеу жағдайына сәйкес сөздер мен сөз тіркестерін қолдана білу қабілеті келісілген мәлімдемені құру кезінде тілдік құралдарды еркін таңдау, сөздерді еркін пайдалану және мағынасын байланыстыру дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Балалар заттардың сөздік белгілерін (атауларын) оларды қоршаған шындықпен танысқан кезде меңгереді. Алайда, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қоры сандық өсуді ғана емес, сонымен қатар сапалы жетілдіруді қажет етеді (сөздердің мағынасын нақтылау, синонимдерді, антонимдерді, көп мағыналы сөздерді қолданудың семантикалық дәлдігі, бейнелі мағыналарды түсіну).

Сөздік жұмыстың негізгі міндеттерінің бірі-сөздік қорын байыту, кеңейту және жандандыру, оның негізі баланың тілдік санасына сөздердің тақырыптық топтарын, синонимдік қатарларды, антонимдік жұптарды, көп мағыналы сөздерді енгізу болып табылады.

Балалармен синонимдік жұмыс (мағынасына жақын сөздерді таңдау) сөздердің тақырыптық топтарын ассимиляциялаумен байланысты (қозғалыс етістіктері: жүру, жүру, тоқу, қырыну және т.б.: немесе сөйлеуді білдіретін етістіктер: айтты, сұрады, жауап берді, айқайлады).

Антонимдермен жұмыс (қарама-қарсы мағынасы бар сөздер) балалармен фразалар мен сөйлемдерді құрастыру кезінде жүзеге асырылады. Балалар мақал-мәтелдерден антонимдерді табады. Көп мағыналы сөздерге антонимдерді таңдау балалардың сөз туралы түсініктерін кеңейтеді, оның мағынасын нақтылауға көмектеседі. Қарама-қарсы мағынадағы сөздермен тіркестерді таңдағанда, балалар сөздің түсініксіздігін тереңірек түсінеді.

Сөздің полисемиясын мектеп жасына дейінгі бала белгілі бір тақырыптық мағынасы бар таныс сөздермен көрсетеді (қалам, ине, найзағай және т.б.), көп мағыналы сөздермен сөйлемдер құра отырып, балалар сол немесе басқа сөздің мағынасын басшылыққа алатындығын көрсетеді. Көп мағыналы сөздермен жұмыс келесі бағыттарда жүруі мүмкін: сөзді атау, оған белгілер мен әрекеттерді таңдау – сөз тіркестерін, содан кейін сөйлемдерді құрастыру және дәйекті мәтінде көп мағыналы сөздерді қолдану.

### Пайдаланған әдебиетер тізімі:

1. «Қазақстан-2030» стратегиясы, 1997.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік міндетті білім беру стандартының жобасы. - Астана, 2006.
3. Қазақстан Республикасындағы этностық-мәдени білім беру тұжырымдамасы. - Алматы, 1996.
4. Александренков Э.Г. Этническое самосознание или этническая идентичность // Этнографическое обозрение. - 1996. - № 3. - С. 13-23.
5. Абильдин Ж.М. О логическом учении аль-Фараби. – Алматы: Наука, 1982, - 199 с.
6. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М., 1983. – 412 с.
7. Козлов В.И. Проблема этнического сознания и ее место в теории этноса // Советская этнография. – 1974. - №2. – С. 32-38.
8. Күшербаев К.Е. Этнополитика Казахстана: состояние и перспективы. –Алматы: Институт развития Казахстана, 1996. – 227 с.
9. Нысанбаев А.Н., Тайжанов А.Т. Этнокультурные традиции в духовном наследии М.О.Ауэзова. – Алматы, 1997. – 176 с.
10. Поршнева Б.Ф. Принципы социально-этнической психологии. – М., 1966. – 126 с.
11. Снежкова И.А. К проблеме изучения этнического самосознания у детей и юношества // Советская этнография. – 1982 - №1. – С. 81-85.
12. Сулова Э.К. Воспитание у детей этики межнационального общения. – М., 1994.

## ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Рахметалиев А.С., Габитқан А.О.**

*5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының студенттері*

**Кусаинов А.К.**

*п.ғ.д., профессор*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Мақалада жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңында жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізі ұстанымдарын айқындап берді Олар: Қазақстан Республикасының барлық адамзатының білім алуға тең құқылығы, әрбір адамзаттың интеллектуалдық дамуы, психо - физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылуы. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

*Түйінді сөздер:* құндылық, азаматтық құндылық патриотизм, атамекен, ұлттық мәдени-тарих.

---

## ФОРМИРОВАНИЕ ГРАЖДАНСКИХ ЦЕННОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ САМОПОЗНАНИЯ

**Рахметалиев А. С., Габитқан А. О.**

*Студенты по специальности 5B012300 – «Социальная педагогика и самопознание»*

**Кусаинов А.К.**

*п.ғ.д., профессор*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52*

В статье говорится, что воспитание молодого поколения творческой личностью, глубоко понимающей историю своего народа, традиции, знания языка, человеческой культуры, человеческих качеств-это требование жизни, потребность общества. Закон Республики Казахстан Об образовании определил основополагающие принципы государственной политики всестороннего образования и воспитания подрастающего поколения: равное право всего человечества Республики Казахстан на образование, интеллектуальное развитие каждого человечества, психо-физиологические и личностные особенности, широкий доступ к всем уровням образования для населения. То есть в законе Об образовании, исходя из права каждого гражданина на образование, возникает необходимость всестороннего охвата процесса обучения, воспитания, развития, формирования дидактических условий в воспитании у учащихся уважения и формирования национальных ценностных качеств.

*Ключевые слова:* Ценность, гражданская ценность, Патриотизм, национальная культура, история.



## FORMATION OF CIVIC VALUES OF STUDENTS IN SELF-KNOWLEDGE LESSONS

**Rakhmetaliyev A. S., Gabitkan A. O.**

*Students majoring in 5B012300 – "Social pedagogy and self-knowledge"*

**Kusainov A.K.**

*P.G.D., Professor*

*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.*

In the article, it is necessary to educate the younger generation as a creative person with a deep understanding of the history of their people, free, customs, knowledge of the language, human culture, and human qualities. The law on education of the Republic of Kazakhstan defines the basic principles of the state policy of comprehensive education and upbringing of the younger generation: the equal right of all mankind of the Republic of Kazakhstan to education, intellectual development of each humanity, psycho-physiological and personal characteristics, wide access to all levels of education for the population. The law of Education, based on the right of every citizen to receive education, requires a comprehensive coverage of the process of Education, Education, Development, and formation of didactic conditions for the formation and respect of national value qualities in a student.

*Key words:* value, civic value patriotism, Atameken, national cultural history.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңында жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізі ұстанымдарын айқындап берді.[1.6] Олар: Қазақстан Республикасының барлық адамзатының білім алуға тең құқылығы, әрбір адамзаттың интеллектуалдық дамуы, психо - физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылуы. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Оқушы бойына ұлттық құндылықтарды және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерді қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, сал - дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн.Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттер ұлттық тәрбиемен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихы тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халық мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттың) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан.

Ал, ұлттық тәрбие мен жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерінің мәселесі – адамзат тарихынан өн - бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бұл адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып Қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және жалпы адамзаттық қасиеттерді жатқызамыз. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың «Қалың елім Қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескерте келе былай деп жазды: «Біз арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім»-деген.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Оқушының жалпы адамзаттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілдік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайлығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Әрбір ұлттың ұлттық тәрбиеге (халық педагогикасына) байланысты дамып, қалыптасқан. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрінен құралады.[4]

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады».

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адам құндылығының өзегін құрайтын және зерттейтін саланы аксиология деп атайды. Аксиология ("axia" – грекше "құндылық", "логос" – ілім, ғылым) құндылық ұғымына тұңғыш анықтаманы философтар (Лотце, Коген) берген. Аксиологияның ғылыми тұрғыда дамуына үлес қосқан философтар Гегель, Кант, Ницше, Кассирер және т.б. Мәселен, Э.Кассирер "құндылық" – бұл адамның ішкі дүниесінен тыс, мәңгі идеалды әлем" – деп түсіндіреді. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: "Құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық" – деген ұғымды білдіреді. Қазақ кеңес энциклопедиясында: "Құндылық-объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым", -деп атап көрсетеді.

«Құндылық» жайлы жазылған философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге талдау, құндылық категориясының бірнеше компоненттері бар екенін көрсетті. Мысалы құндылық компоненттеріне: жалпы адамзаттық құндылықтар, жоғары сапа деңгейіндегі кезеңдік құндылықтар (кеңес дәуірінде, тәуелсіз елімізде), адами құндылықтар, ұлттық құндылықтар және т.б.

Құндылықтар тақырыбы бүгінгі күннің мәселесі деуге болмайды, бұл адамзат тарихындағы сонау ұлы ойшылдар (Сократ, Аристотель, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қожа-Ахмет Иассауи, Ахмет Иүгенеки, М.Қашқари, Ө.Тілеуқабылұлы т.б.)[8] мен ағартушылар (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев), ғалым-педагогтар (Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев т.б.)[9] еңбектеріндегі рухани-адамгершілік ойларын уағыздап, қазақ халқының қоғамдық, рухани, мәдени өмірінен орын алуын мұрат тұтты.

Сократтың "игілік" деген ұғымды жеке бөліп, оған ерекше мән беруі құндылықты болмысқа жақындатқаны (С.Нұрмұратов). Сократ заманынан бастау алған "құндылық" мәселесі ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылым ретінде дараланып, көбіне философиялық сипатта қарастырылып келеді. Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданылды. Құбылысты, затты жағымды бағалау адам үшін құнды игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіреді. Рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін ғылым ретінде этиканы белгілеген. Аристотельдің пайымдауында «этиканың мақсаты – таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық

зерттеулер рухани-адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани-адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді» - дейді

И.Кант және Г.Гегель немістің ұлы пәлсапашыларының танымдары бойынша құндылықтар ұғымына зейін қойып, талдаулар жүргізген. Мысалы, И.Кант аксиологиялық түсініктерді қалыптастыру үшін қоршаған әлемді ойша нақты және идеалды деп екіге бөлген. Адам алдына қойған мақсатына жету үшін ол Факторлардың ықпалына, мәнділігіне қатысты болады деген ойларда болған.

Осы арқылы оқушының мәдениетті, білімі кеңейеді. Оқушының мәдениетті болуы үшін ұлттық мәдениетті ұштастыруы қажет. Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепшілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеру - тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Қай кезеңнің болсын келелі мәселесі бола білген адамгершілік тәрбиесін әр уақыттың өзінің дана ойшылдары ғұлама ғалымдары еңбектеріне арқау еткен.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасындағы "Білім туралы" Заң. – Алматы: "Юрист", 2003. – 22 б.
- 2 Әбдіқалық А. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты: саяси талдау //Саяси ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореф. -Алматы, 2008.)
- 3 Райков Г.И. Формирование гражданских ценностей молодежи в процессе создания многопартийной системы современной России: автореф. дисс. канд.социол. наук. - Тюмень, 2004. б. Салганова Е.И. Гражданская культура учащейся молодежи: социологический анализ: автореф. дисс. канд.социол. наук. -Екатеринбург, 2008
- 4 Арынгазин К.М. Развитие педагогики путем совершенствования теоретико-методологической смысловой основы: автореф. ... д.п.н.: 13.00.01: - Алматы, 2001. - С.45.
- 5 Батталханов Е.З. Формирование гуманистического мировоззрения учащейся молодежи как социально педагогическая проблема: автореф. ... д.п.н.: 13.00.01. - Караганды, 2002. - С.41.
- 6 Кертәева К.М. Дамыта оқыту идеясын жүзеге асыру // Қазақстан мектебі. - 2002.- №6.- Б.3-7.
- 7 Меңлібекова Г.Ж., Л.Навий Монғолияның Баян-Өлгий аймағындағы білім берудің ұлттық жүйесінің құрылуы және оның даму сатылары // ЕАГИ хабаршысы. - Астана, 2006. - №2. – Б. 184-190

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ**

**Сатыбалдина Шынар Маратовна, Жансугирова Жибек Амангельдиевна,  
Рыспаганбетова Гульмира Муратовна, Токсанбаева Жаннұр Төреғалиқызы**  
*«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының білім алушылары*  
*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының техникалық еңбек дағдыларын қалыптастырудың тәрбиелік мәнінің ерекшеліктері көрсетілген.

*Түйінді сөздер: техникалық еңбек, еңбек, тәрбие, даму, қабілет*

---

## **ПРИБЛИЖЕНИЕ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К ТЕХНИЧЕСКОМУ ТРУДУ**

**Сатыбалдина Шынар Маратовна, Жансугирова Жибек Амангельдиевна,  
Рыспаганбетова Гульмира Муратовна, Токсанбаева Жаннұр Төреғалиевна**  
*Обучающиеся образовательной программы «Педагогика и методика начального обучения»  
Казахско-Русский международный университет;  
030006, г. Актөбе, ул. Айтеке би, 52*

В данной статье отражены особенности воспитательного значения формирования технических трудовых навыков младших школьников.

*Ключевые слова: технический труд, труд, воспитание, развитие, способности*

---

## **INTRODUCTION OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS TO TECHNICAL WORK**

**Satybaldina Shynar Maratovna, Zhansugirova Zhibek Amangeldievna, Ryspaganbetova  
Gulmira Muratovna, Toksanbayeva Zhannur Toregalievna**  
*Students educational program "Pedagogy and Methods of Primary Education"  
Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52*

This article reflects the features of the educational significance of the formation of technical labor skills of younger schoolchildren.

*Keywords: technical work, labor, education, development, abilities*

«Еңбек туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында: «Еңбек міндеттерін адал орындауға, еңбек тәртібін сақтауға-қауіпсіздік және санитария жөніндегі қағидалардың талаптарын орындауға міндетті» және «өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға құқығы бар» делінген. Егер солай болса, онда баланың қарапайым еңбек міндеттері мен құқықтары, еңбек ережелері туралы білімінің өсуі еңбекке баулудың мазмұнына тікелей байланысты [1].

Бұл бағытта мектептен бастап баланың жеке қасиеттерінің жаңа өндірістік және нарықтық экономикалық қатынастарды игеруге дайындығы, бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби икемділігі, өзгерген жағдайларға тез бейімделу қабілеті, шығармашылық қабілеттері сияқты алғышарттарын көрсетуге тиіс

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби жетілдіруге бағытталған білім беруді ақпараттандыру» деп аталатын білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Осы міндеттерді орындау білім берудің барлық салаларында жұмыс істейтін мамандарға жүктеледі [2].

Сондықтан, оқу-тәрбие жұмысында оқытудың тиімді әдістерін қолдана отырып, қазіргі нарықтық қатынастармен байланысты оқушылардың еңбексүйгіштігін тәрбиелеу міндеттері қарастырылған. Осы міндеттерді шешу үшін бастауыш сынып оқушыларына білім беру мен тәрбие негіздерін қалыптастыру мазмұнын жаңарту, білім деңгейін жоғары деңгейге көтеру бастауыш сынып мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктейді.

Еңбек – адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек – өмірдің кілті, адамның бақыты. Еңбек өмір сүру құралы ғана емес, нағыз жаратылыс, қуаныш көзі болуы керек. Оқушыларды еңбектің негізгі түрлерімен таныстыра отырып, мектеп олардың қоғам игілігі үшін жұмыс істей білуіне тәрбиелейді [3].

Техникалық еңбек дағдыларын қалыптастыру процесінде адам өзінің және бүкіл қоғам мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін материалдық және рухани құндылық жасайды.

Шығармашылық жұмыс процесінде адам өзінің күштері мен қабілеттерінің өлшемін анықтайды. Адам өз жұмысының әлеуметтік маңыздылығын қаншалықты терең түсінсе, соғұрлым оның жұмысы нәтижелі болады, соғұрлым ол өзінің бақыты үшін күреседі. Дұрыс жолға қойылған еңбек дағдыларын тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдарлау, мектеп оқушыларының қоғамдық, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға саналы көзқарасты тәрбиелеудің, тұлғаның адамгершілік және зияткерлік қалыптасуының шығармашылық дамуының таптырмас құралы болып табылады.

Жасөспірімдерді техникалық еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады. Бұл балаларды еңбекке психологиялық және практикалық дайындау; оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбек мәдениеті дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың уәждемесін, қабілеттерін, шығармашылығын дамыту [4]

Осы міндеттерге сәйкес бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу мақсаты:

- техникалық еңбекке деген сүйіспеншілік пен еңбек адамдарына құрмет көрсету;
- оқушыларды қазіргі заманғы өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің, құрылыстың, қызмет көрсету саласының негіздерімен таныстыру, оқу және қоғамдық пайдалы жұмыс процесінде олардың техникалық еңбек дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру;

- саналы кәсіби дайындыққа ұмтылу, - деп мектеп ережелерінде келтірілген [5].

Балаларды техникалық еңбекке психологиялық және практикалық дайындау оқушыларды пайдалы техникалық еңбекке дайындыққа және талап қоюға тәрбиелеу, техникалық еңбекті өз бетінше, өз еркімен орындауға үйрету болып табылады. Бұл өте күрделі процесс. Мұнда оқушылардың мінезі, әдеттері, сезімдері, дағдылары қалыптасады, олар өз міндеттерін ішкі сезімдердің қамқорлығымен орындайды. Мысалы: балалар адамдардың табысты жұмысы үшін немесе адал еңбеккерлердің есебінен өмір сүргісі келетін адамдарды ұнатпайды, өсек көреді, олармен күресуге дайын. Бұл процесс екі фактордың бастамасы бойынша жүзеге асырылады:

Объективті фактор – қоғамның материалдық-техникалық базасын және жаңа қоғамдық қатынастарды құру. Осының негізінде әдет-ғұрыптар, моральдық нормалар бекітілген.

Субъективті фактор – адамның еңбек құндылығын терең түсінуі және ішкі сезімдердің қамқорлығымен өз міндетін орындау.

Жұмыс істеуге тырысу тек техникалық еңбекке дағдылану ғана емес, бұл адамгершілік тәрбиенің жоғары деңгейі, техникалық еңбек процесіне деген құштарлық, жұмысқа дайын болу.

Ең бастысы – балаларды бірінші сыныптан бастап, ал отбасында-бала кезінен бастап техникалық еңбекке дайындауды бастау, оларға еңбек адамды күшті және бақытты етеді, оған техникалық еңбек түрлерін тартады.

Осылайша, тәрбие жұмысының бүкіл жүйесі оқушылардың техникалық еңбекке психикалық және практикалық дайындығы мәселелерін шешуге бағытталуы керек.

Оқушылардың ұжымдық техникалық еңбек дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор. Ұжымдық жұмыста балалардың қабілеттері, таланттары толық ашыла бастайды, ұжымдық өмірде моральдық әдістер мен дағдылар қалыптасады. Еңбекте достық, жолдастық өзара көмек және жауапкершілік нығайтылады. Әркімнің іс-әрекеті ұжымдық өмір нормалары тұрғысынан бағаланады.

Техникалық еңбек мәдениетіне дағдыландыру – басты мәселелердің бірі. Техникалық еңбек мәдениетінің көрсеткіші: жұмысты сапалы және тиімді орындау, уақытты ұтымды пайдалану, техникалық еңбек құралдарына, әртүрлі материалдарға құндылық қатынасы. Техникалық еңбек мәдениеті жариялылықты, бастаманы, тәуелсіздікті, жұмысты демалыспен ұштастыра білуді, алдағы жұмыстың негізгі кезеңдерін белгілеуді, техникалық еңбек процесін талдауды және құжаттарды дұрыс ресімдеуді қамтиды [6].

Техникалық еңбек адам қызметінің негізгі түрі ретінде адам сезімінің ең жоғары формасы болып табылады. Балаларда бұл сезімдерді уақтылы тәрбиелеу – мұғалім мен балалармен жұмыс істейтін ата-аналардың міндеті. Егер бастауыш мектепте баланың еңбекқорлығы тәрбиеленбесе, онда кейінгі жылдары бұл жұмыс қиын болады. Техникалық еңбек қызметі баланың жалпы дамуына ықпал етеді, оның мүдделерінің өрісін кеңейтеді, ынтымақтастық сапасын тудырады. Еңбекқорлық, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарау, борыш сезімі, өзіне деген сенімділік, мақсатқа жету еркі сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

Кішкентай бала туылғаннан бастап адам жеке тұлғаға айналады. Адам баласына тән барлық қасиеттер белгілі бір жұмыс арқылы игеріледі. Бұл техникалық еңбек, ақыл-ой еңбегі болуы мүмкін. Техникалық еңбек тәрбиесінің алдында үлкен міндет, бірнеше түрлі мақсаттар тұр. Сондықтан біз педагогикалық еңбегімізде оқушыларды техникалық еңбекке тәрбиелеуде келесі мақсаттар қойдық.

1. Баланың техникалық еңбекке қабілеттілігін дамыту және жетілдіру, техникалық еңбекке деген сүйіспеншілікті ояту.

2. Өздігінен білім алу және техникалық еңбек қызметі дағдылары.

3. Баланың өзін-өзі тануға қабілетті екенін, неге қабілеті бар екенін жетілдіру және оның қоғамда жүзеге асырылуына ықпал ету.

4. Баланың техникалық еңбекке қабілеттілігін, икемділігін қалыптастыру.

Баланы әлі келетін техникалық еңбекке тарту ересектердің жұмысымен таныстыру жеке тұлға етіп қалыптастыруға, ізгілік және ерік-жігер қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Балалардың мүмкіндіктерінің артуына байланысты техникалық еңбек қызметі, көлемі, мазмұны және орындалу тәсілі күрделене түседі. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды техникалық еңбекке тартудағы мұғалім мен ата-аналарға арналған міндеттер:

- техникалық еңбек мәдениетін тәрбиелеу (мақсат қоя білу, жұмыс барысын жоспарлау, материалдар мен жабдықтарды таңдау, оларды дұрыс орналастыру);

- техникалық еңбекке оң көзқарасты қалыптастыру (өз еркімен жұмыс істеу, оң нәтижеге қол жеткізу, табысқа жету);

- техникалық еңбектің тиімді тәсілдерін қолдану; қауіпсіздік және жеке гигиена ережелерін сақтау;
- жұмыс орнында тәртіпті сақтау, материалды үнемдеу (кабинетте, өз партада тазалықты сақтауға үйрету);
- мұғалімнің тапсырмаларын нақты бірізді орындауға жаттығу;
- ұжымдық техникалық еңбекке қатысу, бастамашылық, техникалық еңбекте шығармашылық өз ойын білдіру;
- оң күш-жігер мен нәтижелерді, өзара әрекеттесу тәжірибесін ынталандыру [7].

Бастауыш сынып оқушыларын техникалық еңбекке тәрбиелеу процесінде тек қол еңбегімен шектелмейді. Оқушыға техникалық еңбектің өмірлік қажеттілігі қаншалықты екенін, қандай орын алатындығын, ол үшін не істелетінін, жасау технологиясын, қол еңбегі нәтижесінде пайда болған тақырыптың философиялық терең мағынасын жеткізуге тырысу қажет. Енді өз тәжірибемнен мысал келтірейін. Кіші оқушыларды еңбек сабақтарында оқыту және тәрбиелеу процесінде белгілі бір өнер туындысын жасау қажет. Біріншіден, оқушыларға теориялық білім беру керек. Теорияда біз келесі тәсілді ұсынамыз:

1. Затты дайындау технологиясы.
  2. Затты жасау операциялары.
  3. Заттарды дайындауға арналған құралдар және оларды қолдану тәсілдері.
- Екінші-теория негізінде алынған білімді практикалық практикаға енгізу:
1. Өзіндік жұмыс.
  2. Жұмысты сәтті, шығармашылықпен орындау.
  3. Ой еңбегін дене еңбегіне айналдыру.

Әрине, балалар физиологиясы техникалық еңбек арқылы дамиды. Сондықтан техникалық еңбекті дұрыс ұйымдастыру – мұғалімнің бірінші міндеті. Оны ұйымдастырған кезде келесі мәселелерге назар аудару керек:

- Баланың жеке басын дұрыс қалыптастыру үшін жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру. Құралдарды қолдану тәсілдерін дұрыс меңгеру;
- Еңбек сабақтарында гигиеналық тазалықтың сақталуын үнемі қадағалау;
- Балаларды көбірек қозғалыс белсенділігін қажет ететін техникалық еңбек түрлерімен таныстыру;
- Еңбекті тым көп жасатып, баланың организмін қалжыратып алмау;
- Техникалық еңбек тәжірибесі арқылы баланың бұлшық еті мен рухани күшінің үйлесімді дамуына ықпал жасау [8].

Балаларды техникалық еңбекке тәрбиелей отырып, ата-аналар оларды тек өзі үшін ғана емес, жалпы игілік үшін еңбек етуге, еңбекке құрметпен қарауға, еңбек үрдісінің әсемдігін, қуанышты ләззатын сезініп, түсіне білуге үйретті.

Қазақ халық педагогикасы бабалар мен жастарды еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге әндер де, үлкендердің іс-әрекетін бейнелеп көрсететін және балаларды болашақ еңбекке даярлайтын ойындар да көптеп саналады. Ал бұл ойындардың, шығармалардың жасөспірімдерді еңбекке тәрбиелеуде тигізер әсері мол. Сондықтан бастауыш мектеп пәндері мазмұнын балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелейтін материалдармен толықтырып отыруы қажет.

Білім негізі бастауышта демекші, балаларды жастайынан еңбекке баулу болашақ алдындағы борышымыз.

Еңбек сабақтарының үрдісін жетілдіру оқушылардың еңбекке зерттеу және шығармашылық қатынасын қалыптастырады. Оқушылар мектепте алған білімдерін пайдаланып, әр түрлі өсімдіктерді өсіреді, тәжірибелер жасайды, практикалық дағдылар мен түрлерін кейбір мамандықтардың түрлерін меңгереді.

Осындай шығармашылық жұмыстың барысында ана тілі, еңбек, сурет, пәндері бойынша оқушылардың білімі болып, тереңдейді, ғылыми-зерттеу ісіне машақтанады, олардың кәсіптік бағдары тәрбиеленеді. Қорыта айтқанда, еңбек сабақтарының педагогикалық тиімділігі, олардың білім және тәрбие беру мәнділігінде.

Пән үйірмелеріндегі сабақтар оқушыларды еңбекке баулиды, олардың шығармашылық ойларының дамуына мүмкіндік туғызады. Әрбір оқушының үйірме сабақтарында еңбекке шығармашылық қатынасы байқалады, олар еңбегін ұйымдастыру тәсілдерін іздестіреді, ғылыми зерттеу дағдыларына әдебиеттермен жұмыс істеу, жазып алу; бақылау мәліметтерді жинақтай білу т.б. төселеді.

Осыған орай, мұғалімдер мен ата-аналар оқушыларға үнемі, бірізді педагогикалық пікір айтып, кеңес беріп отырса, олардың мамандықты таңдауда бірте-бірте шабыты, қызығушылығы артады.

Өзіне-өзі қызмет ету - еңбек тәрбиесінің қажетті элементтерінің бірі. Балалар өзіне-өзі қызмет ете отырып, әр түрлі еңбек әрекеттерін орындаудың тәсілдерін үйренеді, өздерінің жауапкершілігін сезінеді, бұл менің адамгершілік борышым дейді, сонымен бірге олар үлкендердің еңбегін бағалайды, олардан үлгі алады.

Мектеп жағдайында өзіне-өзі қызмет ету – оқу құралдарын, кабинеттерді, мебельді сынып бөлмесін, мектеп үйін жөндеу, спорт алаңдарын, шеберханаларды, мектеп үйлерін жинау т.б.

Жанұяда өзін-өзі қызмет етудің түрлеріне төсек-орынды, пәтерді жинау, киім аяқ-киім және басқа үй тірліктерін тазалау, кір жуу, үтіктеу, киімді жамау, тамақ дайындау. т.б. жатады.

Мектеп және жанұя алдындағы басты міндет - бұл өзіне-өзі қызмет етудің берік жүйесін жасау, тұрмыстық еңбекті әр адамның күнделікті өмір игілігіне айналдыру қажет. Әсіресе мұндай әр түрлі тұрмыстық еңбекті орындаудың барысында оқушылар арасында байқалатын ақ саусаққа, мәуетекілікке, жас шонжарларға жол бермейді.

Оларға дұрыс бағыт беру мұғалімдердің, ата-аналардың және әрбір жанұя мүшелерінің адамгершілік борышы.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Айдар Халықтық педагогика негізінде еңбек тәрбиесін ұйымдастыру.- //Қазақстан мектебі. 7,8-99 38.
2. Ә. Төлеуова Еңбек арқылы жеке бастың дамуы. – Бастауыш мектеп № 8-9-99 53.
3. Ә.Төлеуова Еңбек арқылы жеке бастың дамуы. //Бастауыш мектеп № 8-9-99, 536
4. Бабаева С.Б.Бастауыш мектеп педагогикасы /Алматы. –Дарын. -2006.-350б.
5. Досымбаева Э.Еңбекке баулу жолдары //Сыныптан тыс жұмыстар.-2009.-№7.-22-23б.
6. Күнпейіс Ж.Қ. Жәнібек Ұ. Еңбек тәрбиесі арқылы мектеп оқушыларын шығармашылыққа баулу жолдары //Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің республикалық конференция материалдары. -2012.-25 қазан.
7. Табылбаева Е. Оқушыларды еңбекке тәрбиелеудің негізі //Бастауыш мектеп.-2011.-№4.-11-12б.
8. Төлеуова Ж. Еңбек тәрбиесінің ерекшелігі //Сынып жетекшісі.-2005.-№12.-23-24б.



## КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН СЫРТҚЫ ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ЖАНДАНДЫРУ

**Сәрсенова Мәдина Қалдыбайқызы, Тындырганова Лаура Кобыландиевна, Нуртлеуова  
Жаркинай Назарбаевна, Сырлыбаева Жадыра Айтқалиқызы**

*«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының білім алушылары*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Бұл мақалада қоршаған ортамен таныстыруда бастауыш сынып балаларына экологиялық тәрбие беру арқылы танымдық қызығушылығын қалыптастыру жолдары көрсетілген.

*Түйінді сөздер:* қоршаған орта, танымдық іс-әрекет, кіші мектеп жасы

---

## АКТИВИЗАЦИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ЗНАКОМСТВО С ОКРУЖАЮЩИМ МИРОМ

**Сарсенова Мадина Калдыбаевна, Тындырганова Лаура Кобыландиевна, Нуртлеуова  
Жаркинай Назарбаевна, Сырлыбаева Жадыра Айтқалиевна**

*Обучающиеся образовательной программы «Педагогика и методика начального  
обучения» Казахско-Русский международный университет; 030006, г. Актобе, ул. Айтеке  
би, 52*

В данной статье показаны пути формирования познавательного интереса детей младших классов через экологическое воспитание при знакомстве с окружающей средой.

*Ключевые слова:* окружающая среда, познавательная деятельность, младший школьный возраст

---

## ACTIVATION OF AWARENESS-RAISING ACTIVITIES OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN THROUGH AWARENESS OF THE SURROUNDING WORLD

**Sarsenova Madina Kaldybayeva, Tindyrganova Laura Kobylandievna, Nurtleuova Zharkinai  
Nazarbayer na, Syrlybayeva Zhadyra Aitkalievna**

*Students educational program "Pedagogy and Methods of Primary Education";  
Kazakh-Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi str., 52*

This article shows the ways of forming the cognitive interest of elementary school children through environmental education when getting acquainted with the environment.

*Keywords:* environment, cognitive activity, primary school age

Білім беру мен оқыту теориясының әдіснамалық негізі - таным теориясы және бала тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілімі болып табылады. Бастауыш сынып балаларының танымдық қызығушылығын қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып саналады.

Еліміздің психология және педагогика саласындағы ғалымдардың, мамандардың назарын аударып отырған мәселелердің бірі – балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру болып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес мектептегі, мектептегі оқыту мен тәрбиелеу маңызы түбегейлі өзгеріп, бірінші кезекке бұрынғыдай баланы пәндік білім, білік және дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, баланың оқу-танымдық қызығушылығын дұрыс және тиімді ұйымдастыру негізінде жеке бас тұлғасын қалыптастыру мақсаты алға қойылып отыр. Білім беру және оқыту теориясының балаларды оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі – оқу танымдық қызығушылық пен саналылық. Бұл талаптың орындалуы бастауыш сынып балаларының оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды [1].

Бастауыш сынып балаларының белсенді танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі балалардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады.

Даму дегеніміз, ең алдымен, адам организміндегі физиологиялық және психологиялық сапалық өзгерістер. Даму - жеке адамды жетілдірудің өте күрделі және диалектикалық үрдісі, Ал жеке тұлғаның дамуына балалардың оқу-танымдық белсенділігін арттыру қазіргі заман талабына сай оны оқу үрдісінде жетілдіру болып есептеледі.

Оқу-танымдық қызығушылық – баланың оқуға, білімге, ғылымға деген ынта-ықыласы мен құштарлығының ерекше көрінісі. Қызығушылық баланың әрекеті және пәнімен қосылғандағы дәрежесін анықтайды. Қызығушылықтың ең жоғарғы көрінісі: баланың алған тәрбиесін, білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуінде.

Қызығушылыққа байланысты әлеуметтік-педагогикалық көзқарас ежелгі дәуірден бастау алады. Оның көрнекті өкілдеріне ежелгі грек ойшылдары Сократ, Платон, Аристотель жатады. Олар белсенді және өз бетімен білім алуының маңыздылығын, жетістіктері мен өзін-өзі тәрбиелеудің маңызды екендігін негіздеген. Олардың пікірінше өзіндік іс- әрекет нәтижесінде балада қанағаттану, қуаныш сезімі оянып, білімді игеруге белсенділігі артады. Бұл пікірлер көптеген ғасырлар бойы педагогтердің талдау нысанасы болды.

Мұндай психологиялық-педагогикалық көзқарасты Ы.Алтынсаринның, К.Ушинскийдің еңбектерінде көре аламыз. Ы.Алтынсарин оқыту арқылы өз бетінше білім көтеруге жол бастауда, ой-әрекетін жаттықтыруда мұғалімнің, оқытушының оқу-тәрбие жүйесіндегі рөліне айрықша орын берді. Ы.Алтынсаринның пікірінше, педагогтердің жұмысындағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің, оқытушының ең жақсы оқыту, тәрбиелеу әдістерін таба білуінде. [2]

К.Ушинский оқу-танымдық қызығушылық мәселесіне мән беріп, «өз бетінше жұмыс – оқытуды жетістікке жеткізудің бірден-бір жолы» деп есептеді.

Ол оқытушының жұмысын ескере отырып, баланың қызығушылығын дамыту мақсатында ұйымдастырылған дербес бақылау мен тәжірибе өткізу. көрнекіліктер дайындау сияқты жұмыстардың маңыздылығына тоқталды. К.Ушинский педагогикалық ғылымда алғаш рет балаларлардың өзіндік жұмысына философиялық және психологиялық-педагогикалық талдау жасайды.

Қоғам дамуының жаңа кезеңінде қоғамның барлық саласында күрделі өзгерістер жүрді. Қоғамның оқу-ағарту, білім беру саласындағы өзгерістер жеке тұлғаны қалыптастыруға, оқу үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді іздестіруге, баланың шығармашылық,

рухани, дене мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік ұстануға бағытталады [3].

Қазіргі кезеңде баланың оқу-танымдық қызығушылығын дамытудың тиімді жолдарының бірі – баланың өзіндік жұмысы. Т.Сабыров, М.Құдайқұлов, А.Әбілқасымованың жастардың өздігінен білім алу әрекеті жайлы, С.Ұзақбаева, Б.Мұқанова, А.Ильясова.О.Сыздықов, т.б. оқыту мәселесін жетілдіру жөнінде жазған еңбектері т.б. [4]

Бастауыш сынып балаларын өзара қарым-қатынасына тән белгі – олардың достығы, әдетте өмірдің сыртқы мақсаттары мен кездейсоқ мүдделер ортақтастығына негізделеді..

Психологиялық көзқарас тұрғысынан ұжым – баланың қоғамдық байланысы қалыптасатын, оның психикалық дамуы жүретін қоғамдық организм. Кез келген ұжымның оны әлеуметтік орта ретінде, тәрбие шарты және т.б. ретінде сипаттайтын белгілермен бірге балар ұжымында біз кемелденіп бітпеген, қалыптасып келе жатқан жеке адамдармен істес боламыз.

Балалар ұжымының айрықша ерекшелігі – ересектердің балаларды біріктірген кезде, олардың қатынастарын құрған кезде көздеген мақсаттарының бағыттылығында.

Балалар ұжымын ұйымдастыруда балалардың өздерінің қарым- қатынасқа деген қажетсінуі мен үлкендер алға қойған міндеттердің арақатынасы ерекше маңызды... балаларды қоғамдық маңызды міндеттерді шешуге белсенді қатыстыра отырып, ұжым жеке адамды дамыту үшін кең мүмкіндік ашатын қарым-қатынастардың сан түрлі формаларына өріс жаюын қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда балалардың ұжымды тек сырттай лайықты деп қабылдамауының психологиялық маңызы зор [5].

Балалар ұжымының әлеуметтік-психологиялық ерекшелігі мынада: үлкендер ұйымдастырған балалар бірлестіктері қоғамның осы типке тән қарым-қатынастардың үлгісін жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан да ұжым ішіндегі балалардың өзара қарым-қатынасының олардың жеке басын қалыптастыру үшін шешуші маңызы бар. Дамыған ұжымға баланың қарым- қатынасының өріс алған жүйесі, оның басқа адамға ерекше қарым-қатынасы іс-әрекет пен балалардың қарым-қатынасының сипатын сапалы өзгертуге негізделген ұзақ үрдіс.

Дамыған ұжым өзінен-өзі дүниеге келмейді. Оның қалыптасуы, дамуы бастауыш мектепте басталады, ал түп тамыры одан да гөрі ертерек неғұрлым сәбилік шақта болады. балалар ұжымын дамыту дәрежесі балалардың өзара қарым-қатынастарының дамыту деңгейлерімен және сипатымен анықталады. Балалардың қарым-қатынасының өріс алған жүйесін құрудың негізі – танымдық іс-әрекетін мақсатты бағытта ұйымдастыру болып табылады.

Бастауыш сынып балалары ұжымының тәрбиелеу мүмкіндіктері мыналармен байланысты:

- 1) балалар әрекетінің мазмұнымен;
- 2) бұл ұжым қаншалықты таным іс-әрекетінің субъектісі ретінде болатындығымен;
- 3) танымдық іс-әрекет процесінде ұйымдастырылатын барлық қарым-қатынастардың жүйесімен айқындалады.

Барлық ұжым мүшелеріне әрбір бала үшін орнықты жағдай туғызатын қамқорлық қарым-қатынас ұйымдастыру аса маңызды іс.

Бастауыш сынып балаларын ұжымдық танымдық іс-әрекеттерде ұйымдастыру – ол аса маңызды мақсаттардың бірі. Мұны жүзеге асыру балаларды қарым-қатынастыққа, еркіндікке, шығармашылыққа, жинақылыққа, танымдық-шығармашылық деңгейін көтеруге, қабілеттерін дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптасуына, толыққанды ұжымның құрылуына үйретеді, бейімдейді. Осының барлығының негізінде әрбір баланың меніз-құлқы өзгеріп, ерік-жігер мен ақыл-ой қабілетінің даму дәрежесі жоғарылап, шығармашылығы артып, қабілеті көтеріледі. Ұжымдық танымдық іс-әрекеттер балаларды ізденімпаздыққа, санылы

түрде мақсат қоюына, өздерінің іс-әрекеттерін бағыттап отыруға тәрбиелейді. Ұжымдық танымдық қызығушылық белсенділікпен тығыз үш байланыста болады. Танымдық қызығушылықтың негізгі бөлігін мынадай белгілі шарттар мен көрсеткіштердің жиыны арқылы көрсетуге болады [6].

Сонымен танымдық қызығушылық балаға бірден-бір әсер ететін түрткі, яғни баланың ұжымда жұмыс істей алуына өзіндік үлесі зор ұжымдық таным теориясының психологиялық негізінде жеке адамның жан-жақтылығы, қызығушылығы, қарым-қатынас деңгейі, ес, сөйлеу, ұйымдастырушылық қабілеті, өз ойын еркін жеткізе алуы, жігерлігі, белсенділігі, іс-әрекеті, сондай-ақ психикалық процестеріне, таным процестеріне ерекше көңіл бөлініп қарастырылды. Бастауыш сынып балалары ұжымы – мектептің ұйымдасқан бір формасы. әрбір бала осы ұжымның мүшесі, сондықтан да бастауыш мектептегі ұжымдық іс-әрекеттің мақсатын таңдауға нақтылы қатысып, оны өмірде іске асырып, көпшіліктің пікіріне ұйымдастырып оқыту қажет. Сондықтан да ұжымдық таным іс-әрекеттерін әрбір сабақта, сабақтан тыс уақытта пайдалану маңызды екені бәрімізге айғақ.

Ұжымдық танымдық іс-әрекеттердің ұйымдастырылуы ең алдымен балалардың белсенділігіне байланысты. Бастауыш сынып балаларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың барлық түрлері, балаларда қалыптасатын танымдық дербестіктің бөліктері ескеріледі. Балалардың танымдық дербестігін ұйымдастырудың негізгі құралы – балалардың танымдық іс-әрекетін жандандыру болып табылады.

Танымдық белсенділіктің қалыптасуының дәрежесі баланың әр түрлі тапсырманы орындауымен, жұмыс істеу алу қабілетімен, жұмыс істей алу деңгейімен анықталады.

Балалардың эстетикалық талғамын меңгертіп, орнықтыруда табиғаттың әсер-ықпалы мол. Табиғаттың әсемдігін сезіп, қабылдай білу дағдысы бала бойында өзінен-өзі жетіліп, бекімейтіні белгілі. Баланың әсемдікке құштарлығын ояту, оны дамытып белгілі бір мақсатқа бағыттап отыру оқытушы шеберлігіне байланысты. Балалар қоршаған орта әсемдігін өз бетінше жиі байқай бермейді. Бұл үлкендердің табиғатқа деген аялы көзқарасынан, әсемдікті сезіп, бағалай білуінен үйрену, табиғат тамашасын солармен бірге бірігіп бақылау арқылы жүзеге асып отырады. Олар сонымен бірге табиғаттың поэтикалық бейнесінен, әртүрлі бояу, формаларынан, дыбыстарынан әсер алып, қуанышқа бөленеді. Балаларды табиғаттағы құбылыстармен таныстырып қоймай, әдемілікті зер салып байқауға, күн сәулесінің шуағын, жаңбырдың нұрын, орман құстарының сайраған үнін зерделеп түсінуге баулығанда ғана экологиялық тәрбие мәселесі мақсатты жүзеге асары сөзсіз.

Бүкіл дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына зор үлес қосқан Әл-Фараби өзінің педагогикалық мұрасында жас ұрпақтың эстетикалық ұғымын сезімін қалыптастыруда үш нәрсені:

Баланың ішкі ынта-ықыласы, әдемілікке қызығушылығы, табиғи қабілетін; ұстаз-оқытушының шеберлігі, ар тазалығы шәкірт алдындағы адал жауапкершілігін;

Тәрбие процесінің алатын орнын басшылыққа апып тәрбие жұмысында барлық уақытта жоғары мұрат-мақсат, іскерлік, ұйымшылдық, қызықтырушылық және әділеттілікті бағалау қатар жүруі шарт деген ой айтады.

Қоршаған ортамен таныстыру, экология негіздері бағытындағы экологиялық тәрбие жұмысын еңбек түрлерімен байланыстыра жүргізу (өсімдіктерге су күйіп, жапырақтардың шаңын сүрту, құстарға жем шашып, торларды тазалау) балаларды еңбекке машықтандыруға септігін тиігізеді. Балалардың күнделікті табиғат бұрышындағы еңбек түрлерін бақылап қана қоймай, өздерінің де еңбектің жеңіл түрлерімен айналысуы барысында табиғатқа жауапкершілікпен қарау дағдылары қалыптасады, өсімдікті жұлмау, құстарды қорғау сияқты жағымды іс-әрекеттері арқылы өз істерінің нәтижесін байқау, оған деген шаттану қызығушылық сезімдері дамиды.

Демек, баланың жеке басынан еңбекке бейім болып өсуі, оны күнделікті қарапайым еңбек түрлеріне жас кезінен қатыстыра білуімізге байланысты. Осылайша бала өзінің жас шамасына сәйкес ұйымдастырылған еңбек түрінен қуаныш, ләззәт алуы қажет.

Экологиялық тәрбие тек адамдардың сезіміне ғана емес, оларды біліміне де сүйеледі. Табиғаттың өзі де өзгеріске ұшырайды. Әйтсе де адамдардың экологиялық заңдылықтарды ескерместен, табиғатты ойланбастан және жауапсыз өзгертуге бой алдырмауы қажет. Егер адамдардың іс-әрекеті осы заңға сәйкес жүргізілсе ғана «осы кезге дейін жиі болып тұрғандай» адамның табиғатты өзгертуі бүлдірудің емес, қайта оны сақтаудың әдісі болып табылады.

Бастауыш мектептерде экологиялық тәрбиенің мақсаты, балаларға қоғам мен табиғаттың, адам мен қоршаған ортаның өзара үйлесімді дамуын бала түсінігіне сай ұғындыру. Баланың іс-әрекетін, табиғатқа қатынасын, көзқарстарын сенімін, қарапайым, ғылыми негізде әсер ету жауапкершілігі болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2003. – 128 с.
2. Қ.Е.Исламова. Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми практикалық негіздері. –Алматы.2001.140б.
3. Ә.Садықов. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. - Алматы: Мектеп, 1969-156б.
4. С.Қалиев. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. -Алматы:Рауан, 1998-128б.
5. .Я.Альбрехта. Ознакомление с окружающим миром как учебный предмет для шестилетних детей. -Вильнюс, 1984-221с.
6. С.А.Веретенникова. Бастауыш сынып балаларын табиғатпен таныстыру. -Алматы: Мектеп, 1983-248б.

## ОРЫС ПОСТМОДЕРНИЗМІНІҢ ЭСТЕТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Абазова Анжелика Ерлановна**

*5B020500 «Филология» білім беру бағдарламасының білім алушысы;  
Қазақ – Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52*

Бұл мақалада Постмодернизм өнері дүниежүзілік соғыстан кейін қазіргі уақытқа дейін дамыған көркемдік эстетикалық ағымдардың жиынтығын қамтиды.

*Түйінді сөздер:* Постмодернизм, зерттеуші, әдебиет, философия, сана.

---

## ОСОБЕННОСТИ ЭСТЕТИКИ РУССКОГО ПОСТМОДЕРНИЗМА

**Абазова Анжелика Ерлановна**

*Обучающаяся образовательной программы 5B020500 «Филология»  
Казахско – Русский Международный университет; 030006, Ақтөбе, Әйтеке би, 52*

В данной статье отражены особенности эстетики русского постмодернизма, включающего в себя совокупность художественных течений, которые развивались после мировой войны до настоящего времени.

*Ключевые слова:* Постмодернизм, исследователь, литература, философия, сознание.

---

## FEATURES OF THE AESTHETICS OF RUSSIAN POSTMODERNISM

**Abazova Angelika Erlanovna**

*Students of the educational program 5B020500 "Philology"  
Kazakh – Russian International University; 030006, Aktobe, Aiteke bi, 52*

This article reflects the features of the Art of postmodernism includes a set of artistic trends that have developed since the World War to the present.

*Keywords:* Postmodernism, researcher, literature, philosophy, consciousness.

Большинство исследователей, выстраивавших траектории художественных циклов в истории европейской культуры, помещали искусство XX века с теми или иными оговорками в точку замерзания, деструкции, кризиса. В его основе лежит некий глобальный разрыв с предшествующими тенденциями искусства. Отмена канонов, многоголосие различных тенденций, не уступающих друг другу в значимости, мировоззренческое стремление человека стать равным Богу хотя бы в искусстве вылились к концу века в совершенно новый подход к жизни, творчеству, получивший в критике и философской литературе название постмодернизма. Несмотря на элитность, сложность, труднодоступность новых тенденций, они весьма привлекают внимание как западных, так и отечественных культурологов, литературоведов, философов. Объяснить это можно тем, что постмодерн не ограничивается присутствием в каком-либо виде искусства, например, в кино, литературе, музыке или телевидении. Это явление более глобальное, существующее как отдельное мировоззрение, философия, постепенно принимающая массовые формы, проникая в сознание общества. И, как результат, проявление этого мировоззрения в культуре, искусстве и других сферах жизни.

Искусство постмодернизма охватывает всю совокупность художественных течений, развивавшихся после мировой войны до настоящего времени. Как художественное явление,

постмодернизм был зафиксирован и рассмотрен на Западе. Его теоретиками выступили такие исследователи, как Л.Фидлер, Ж.Делез, Ф.Гуаттари, Р.Барт, М.Фуко, Ж.Деррида, Ж.-Ф.Лиотар. Каждый из них, анализируя новые тенденции, выделил свои особенности, а в целом их исследования составили хоть и не конкретную, но довольно подробную картину особенностей западного или классического постмодернизма. Большинство их наблюдений относятся к литературе и тексту, как ее продукту.

В нашей стране феномен постмодернизма также нашел свое место. Правда, здесь существовали совсем другие предпосылки, условия возникновения и развития постмодернистских тенденций, несмотря на то, что основными образцами, оказавшими влияние, были тексты западных писателей. В связи с этим, а так же учитывая особенный менталитет, традиции и мировоззрение, будет закономерно предположить некоторые отличия российского постмодернизма от западного. Эта проблема уже рассматривалась немногочисленными исследователями, такими, как А.Генис, И.Ильин, В.Курицин, В.Лавров, М.Липовецкий, Г.Л.Нефагина, С.Рейнгольд, К.Степанян, М.Эпштейн. Судя по их исследованиям и наблюдениям за современной русской культурой, можно сделать вывод о все возрастающей роли тенденций постмодернизма в нашей жизни. В литературе это проявляется более концентрированно и ярко, поэтому на ее примере вполне можно рассмотреть особенности русского постмодернизма, его роль в культуре и перспективы развития.

В связи с этим мы признаем необходимость изучения постмодернизма, как явления культуры в общеобразовательных и высших учебных заведениях. Все вышесказанное обусловило выбор вопроса исследования на материале «Постмодернистские тенденции в современной прозе (А.Битов, В.Пелевин).

Предметом исследования явились романы: А.Битова «Пушкинский дом» и В.Пелевина «Омон Ра», как тексты, относящиеся к разным этапам русского постмодернизма.

Цель исследования заключается в анализе черт постмодернистической эстетики в этих произведениях и на основе полученных результатов выявление особенностей русского постмодернизма по сравнению с западным.

В соответствии с данной целью были определены следующие задачи исследования:

- проанализировать критическую литературу по исследуемой теме и выяснить основные теоретические положения русского постмодернизма;
- проанализировать вышеназванные произведения с точки зрения постмодернистской эстетики и выяснить их особенности;
- выявить особенности русского постмодернизма по сравнению с западным;
- предположить перспективы развития постмодернизма в России.

Методологическую основу исследования составляют монографические труды по теории и истории постмодернизма, раскрывающие причины его возникновения; философские основы и критические литературоведческие статьи, посвященные конкретным постмодернистским произведениям и особенностям русского постмодернизма.

Исследование проводилось поэтапно:

- первый этап: изучение состояния вопроса в критической, литературоведческой литературе, овладение основными категориями постмодернистской эстетики, знакомство с текстами изучаемого периода;
- второй этап: определение целей, задач исследования, анализ изучаемых текстов;
- третий этап: обработка и анализ полученных данных, проверка теоретических и практических положений исследования, оформление результатов работы.

Научная новизна и теоретическое значение исследования заключается в раскрытии особенностей современных тенденций в развитии русской литературы, учитывая, что эта область мало исследована.

Практическая значимость исследования состоит в анализе произведений с точки зрения эстетики постмодернизма, что входит в программу вузовской образовательной программы «Филология: русская филология».

Структура исследования: дипломная работа состоит из введения, двух глав, заключения и использованных источников литературы.

Глава I. Постмодернизм как эстетическая теория II половины XX века.

1.1. Место и время постмодернизма в мировом искусстве.

Пути и тенденции развития мировой культуры XX века своими противоречиями и парадоксальными явлениями породили широкий диапазон оценок: от наименования их деструкцией, кризисом культуры (О.Шпенглер, Н.А.Бердяев) до понимания их как новаторских экспериментов, рождения новой души культуры (Х.Ортега-и-Гассет).

Все эти мнения, несмотря на противоречия, склоняются к одному: XX век знаменует собой существенный перелом в истории человечества и формах его культурной деятельности. Мы фиксируем не просто границу в смене картин мира, а некий глобальный разрыв с предшествующими тенденциями искусства, причем новые поиски не укладываются в единую формулу, не сводятся к единому стилю. Основным направлением, приводящим к этому выводу, является постмодернизм.

Характеризуя постмодернизм, стало традиционным выводить его из противоречий с модернизмом – в связи с похожестью и неудачностью термина. Модернизм изначально указывал на все новое, стремление к новому, которое отрицало старое, классическое искусство, отталкивалось от него, спорило с ним, проявляя собой диалектическое противоречие. Модернизм признавал целостную иерархию, заявляя о приоритете нового над старым, сравнивая себя со старым.

Постмодернизм возник не после модернизма – философии XIX в., а рядом с ним. Уже в XIX в. современник и ученик Гегеля, датский ученый Кьеркегор, выступил против притязаний разума. В это же время Ш.Бодлер, по сути, сформулировал стратегию культуры постмодерна. Художнику предлагалось завоевывать пространство и время будущего, не ориентируясь при этом на какие бы то ни было указания, нормы, образцы; он просто рвался к новому, не зная при этом ни пути, ни ориентиров. Таким образом, постмодерн отказался от иерархии, оценок, какого бы то ни было сравнения с прошлым. Это подчеркивает отсутствие всякой связи его с модерном. Поэтому не совсем верно выстраивать хронологическую цепочку модерн – постмодерн.

По мнению У.Эко, принципиальное различие этих явлений в том, что модернизм, открещиваясь от прошлого, «...разрушает образ, отменяет образ, доходит до абстракции, безобразности, чистого холста, дырки в холсте, сожженного холста. Но наступает предел, когда авангарду (модернизму) дальше идти некуда, поскольку им выработан метаязык, описывающий его собственные невероятные тексты (то есть концептуальное искусство). Постмодернизм – это ответ модернизму: раз уж прошлое невозможно уничтожить, ибо уничтожение ведет к немоте, его нужно переосмыслить, иронично, без наивности» [6].

В XX веке разрушение старой картины мира проявилось во всех областях культуры и науки, которые вышли на новый уровень познания. Возникает новое чувство жизни, новое чувство времени, приводящие к рождению нового качества интеллекта. Научные открытия порождают большое количество новых вопросов. Весь узел проблем эпохи, ускоряющийся темп жизни утверждает «рациональное недоверие к рациональному». Этот принцип жизни и культурного бытия уничтожал любые авторитеты. Новая картина мира еще более обезоружила человека, поставив его перед множеством нерациональных факторов, управляющих миром. А новая форма культурного самосознания привела к смене собственно художественного видения мира.



Именно в этот период оказалась востребованной философия постмодернистических мыслителей: Кьеркегора, Ницше, Паскаля. Их учения привлекли также внимание З.Фрейда, М.Хайдеггера, Ж.Деррида.

Таким образом, в начале XX века постмодернизм получил толчок в развитии в контексте мировой культуры.

Постмодернизм – явление, первоначально появившееся и теоретически оформившееся в западном искусстве. Среди литературоведов термин впервые применил Ихаб Хасан в 1971 году, первый манифест постмодернизма получил Лесли Фидлер, а в 1979 году вышла книга Ж-Ф.Лиотара «Постмодернистское состояние», в которой философски осмысливается состояние мира в период развития средств массовой коммуникации, способствующих замене реального мира компьютерной иллюзией.

